

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ

А 2008

351 к



ДРАМАТУРГИЯ



# НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ

---



**«Нобель сыйлығының лауреаттары»**  
сериясы қоғамдық кеңесінің мүшелері

---

*Юсупов Кеңес (төраға)*  
*Абдрахманов Сауытбек*  
*Асқаров Әлібек*  
*Ақтаев Сарбас*  
*Әбдіков Төлен*  
*Әкімжанов Мәткәрім*  
*Бельгер Герольд*  
*Жұмабаев Әбілмәжін*  
*Мұхтар Құл-Мұхаммед*  
*Сағындықова Нағима*  
*Сатыбалдиев Ерлан*  
*Серікқалиев Зейнолла*  
*Степанова Лидия*  
*Шәкеев Нұрғазы*  
*Ысмағұлов Жұмағали*

# ДРАМАТУРГИЯ

---



**"АУДАРМА" БАСПАСЫ**  
**АСТАНА – 2007**

ББК 84 Қаз 7-6

Д 69

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МІНИСТРАЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Драматургия.

Д 69 Аударған *Қалихан Ысқақ*.

Астана: Аударма, 2007. — 304 бет.

ISBN 9965-18-190-X

Бұл кітапқа әр елдің Нобель сыйлығына ие болған драматургтерінің пьесалары еніп отыр. Әрине, біздің ұлттық сахнамыздың икеміне үйлесетіндері де бар, ескіргендері де бар. Бүгінгі драматургия стиль, форма жағынан да заманға лайық ықшамдалып қалғанын ескерсек, көбі қазіргі сахнаға сыя бермеуі мүмкін. Бірақ кезінде бүкіл Еуропаның театрларын репертуармен ұстап тұрған, орта ғасырлық көпе дәстүрді бұзып, жанрды жаңартқан атақты қаламгерлердің туындылары көркем әдебиет ретінде тамаша оқылады, саяси, әлеуметтік болмыстың сырын ашуға келгенде тамсанарлық үлгі.

А  $\frac{4702250000 - 198}{00(05) - 07}$

ББК 84 Қаз 7-6

© Ысқақ Қ., 2007

© «Аударма» баспасы, 2007

© Қазақстанның кітап графикасы суретшілерінің қоғамдық бірлестігі, 2007

ISBN 9965-18-190-X



*ХОСЕ ЭЧЕГАРАЙ-И-  
ЭЙСАГИРРЕ*

**Данышпан Галеотто**

*ГЕРХАРТ ГАУПТМАН*

**Күн батар алдында**

*ХАСИНТО-БЕНАВЕНТЕ-И-*

*МАРТИНЕС*

**Оспақ ойын**

*ЮДЖИН О'НИЛ*

**Шырмауық астындағы шырғалан**

*СЭМЮЭЛЬ БЕЕКЕТ*

**“Годоны күте-күте...”**

*ДАРИО ФО*

**“Байы бар, басы бос”**



1991 0233

ББК 84 Қаз 7

2007

графика

КОСТАМАН



**ХОСЕ ЭЧЕГАРАЙ-И-  
ЭЙСАГИРРЕ**  
(1832-1916)

*Испан драматургі,  
1904 жылғы Нобель  
сыйлығының иегері*

**ҚЫСҚАША  
МАҒЛУМАТ**

*Хосе Эчегарай 1832 жылы Мадридте туған. Балалық шағы бір кезде Сервантес пен Лопе де Вега қоныс еткен ескі кварталда өтті. Негізгі мамандығы — математик, өз заманының аса көрнекті математигі атанды. 1864 жылы Испания корольдік академиясының мүшесі болып сайланған.*

*Театрға бала кезінен әуес Эчегарай драматургияға 1874 жылы “Чек кітапшасы” атты пьесасымен келген. Алғашқы туындысынан бастап-ақ атағы шығып, 1904 жылы испан жазушыларынан бірінші болып Нобель сыйлығын алды.*

*Драматургінің 1881 жылдан бастап аруағын көтерген оның “Даньшпан Галеотто” пьесасы. Сол кездегі натуралистік драманың өлгісі ретінде пьеса бүкіл Еуропаның сахнасын шарлап шықты. Автор, өмірдегі ұсақ-түйектің іркіле келедірі зауалға айналатынын негізге алған, басты кейіпкер — қалыптасқан дәстүрді бұздырмайтын, бұзғанды зұлымдықпен жазалайтын топас тобыр.*

*Жеңгіштіктің символы болған Галеоттоның есімі бізді серік романдарына (рыцарские романы) жетелеп, королева Джиневраны Ланселот серімен табыстырған қызметшісі еске салады. Эчегарай пьесасындағы Галеотто — екі жасты еріксіз қосақтаған арсыз қоғам, ауыздықсыз өсек.*

## ДАНЫШПАН ГАЛЕОТТО

### ПРОЛОГ

Оқиға Мадридте өтеді. Кабинет. Сол жақта балкон. Он жақта есік. Ортада стол. Стол үстінде қағаз, кітаптар, шырақ жанып тұр. Оң жақта диван. Түн. Эрнесто стол басында жазу үстінде.

Э р н е с т о: Қойдым!.. Түк шығатын емес!.. Бос өуре! Ойым анық, образдар миымда сайрап тұр. Құлағымда қиналған айқай, күрсініс, дарақы күлкі... Көз алдымда өңшең бір өлермендер! Жан-жағымнан кимелеп әкетіп барады: Осы кезде сәті келген шығар деймін де, қаламға жүгірем, көңілім көкжиекте, құлағым түрік, жүрегімді басып қағазға еңкейемін... бірақ амал қанша! Елес жоғалып, тұлға тұтылып, күнреніс те, күрсініс те тына қалады!.. Әлгі кимелеген өлермендер де ғайып болған. Жым-жырт. Дым жоқ! Ой қашқан, қалам қозғалмайды, қағаз өлі апшақ!.. Ендеше мұны да құртайын!.. *(Қағазды жыртып лақтырады. Пауза)*. Ал құрттық?! Енді не? Біреудің көріп қалмағанына да шүкір! Көрінгенге күлкі, көргенсізге мазақ болмай тұрғанда!.. Жоқ... Жығылған күреске тоймас! Мүмкін оң жамбасқа кеп қалар!

Дон Хулиан көрінеді. Үстінде фрак, білегінде пальто. Есік көзінде тоқтайды.

Д о н Х у л и а н: Эрнесто.

Э р н е с т о: Дон Хулиан!

Д о н Х у л и а н: Назарыңды бөлдім бе?

Э р н е с т о: О не дегенің, Дон Хулиан! Төрлетіңіз! Айтпақшы Теодора қайда?

Д о н Х у л и а н: Ішке кіреді.

Д о н Х у л и а н: Біз жаңа ғана театрдан келдік. Теодора Мерседеспен жоғары көтерілді, мен сенің бөлмеңнен шамды көріп, түнің тыныш болсын деп айтуға бұрылдым.

Э р н е с т о: Театрда жұрт көп болды ма?

Д о н Х у л и а н: Қашанда солай ғой. Сені қайта-қайта сұрап, келмегеніңе өкінісіп жатыр.

Э р н е с т о: Неменеге елжіресе қапты?

Д о н Х у л и а н: Оған несіне шамданасың? Занды нәрсе ғой. Қалай, оңашаны оңды өткіздің бе?

Э р н е с т о: Оңған ештеңесі жоқ. Шамам келгенше шабытымды шақырдым-ау, бірақ қасарысып ол да жоламай-ақ қойды!

Д о н Х у л и а н: О несі екен?

Э р н е с т о: Есесіне бір жаңалық аштым.

Д о н Х у л и а н: Қандай?

Э р н е с т о: Мен дарынсыз екем!

Д о н Х у л и а н: Сол да жаңалық боп па?

Э р н е с т о: Солай боп тұр!

Д о н Х у л и а н: Қашаннан бері сен шамаңа сенбейтін болғансың? Әлгі маған айтқан хикаяң қырсығып шықпай жатыр ма?

Э р н е с т о: Өйткені бас кейіпкер сахнаға сыймайтын болды.

Д о н Х у л и а н: Жаратқан жар болсын! Алыптар туралы мифологиялық драма жазып жатқаннан саумысың?!

Э р н е с т о: Менің бас кейіпкерім — бүкіл өлем! Соны сахнаға сыйғызып көр!

Д о н Х у л и а н: Бүкіл өлем! Әрине, өлемді сахнаға сыйғыза алмайсың.

Э р н е с т о: Енді түсінген шығарсыз?

Д о н Х у л и а н: Алынбайтын қамал жоқ!

Э р н е с т о: Айтыңызшы, сіздіңше драмалық шиеленісті тудыратын не?

Д о н Х у л и а н: Драмалық шиеленістің не екенін мен білмеймін, бірақ маған ұнайтыны махаббат жайындағы хикаят, өсіресе бақытсыз болса тіпті тамаша, ал мұратына жеткендерді осы отбасынан-ақ күнде көріп жүрмін ғой.

Э р н е с т о: Тамаша! Бірақ менің драмамда махаббаттың шатағы мүлдем жоқ!

Д о н Х у л и а н: Пәлі, мұның болмаған екен! Ендеше сенің пьесанның ешкімге қажеті жоқ!

Э р н е с т о: Әңгіме сонда. Сіз менің ойымнан дәл шықтыңыз!

Д о н Х у л и а н: Мен сенің басыңды қатырайын деп тұрғаным жоқ. Не істеу керектігін өзің де білесің. Мейлі, пьеса алғашында зеріктірсін, тартпасын... бірақ аяғында бүрк-сарқ жарылмай ма...

Э р н е с т о: Мүмкін... шымылдық жабылған соң.

Д о н Х у л и а н: Демек, нағыз драма сенің пьесан біткен соң басталмақ па?

Э р н е с т о: Дәл солай!..

### Бірінші көрініс

Дон Хулианның қонақ бөлмесі. Төр жақта шынылы есік, қарсыда ас бөлменің есігі. Сол жақта балкон, оң жақта екі есік және диван, қарсысында журнал столы мен аласа кресло. Жиһаз бай өрі өсем. Бесін уақыты.

Теодора балкон алдында, Дон Хулиана диванда ойланып отыр.

Т е о д о р а: Кешкі шапақ қандай тамаша! Көгілдір аспан, көшкен бұлт неткен ғажап! Мүмкін, ақындар мен аталарымыз айта беретін болашақтың сұлбасы көкжиектің кемеріне жазылып та жатқан шығар. Егер көк күмбезіне адам тағдыры жарқыраған жұлдыздармен жазылатыны рас болса, дәл осы кеште бізге арнаған парағы ашылар болса... бізді бақытты болашақ күтіп тұрмасына кім кепіл! Рас па, Хулиан? (*Бұрылып қарайды*). Не ойлап отырсың? Бері келші, қарашы! Неге сонша бейғамсың?!

Д о н Х у л и а н: Немене?

Т е о д о р а: Сен тіпті тыңдамай отырсың ғой! (*Қасына барады*).

Д о н Х у л и а н: Менің есіл-дертім сенсің ғой, Теодора, бірақ, кейде шаруаның қамынан шаршайтыным да рас.

Т е о д о р а: Шаруасы құрысын! Сол шіркін сенің маған деген назарыңды, махаббатыңды да бөліп-жарып кетеді. Хулиан, саған не болған? (*Аса бір мейірмен*) Әлде бір нәрсені уайымдап отырсың ба? Сенің жабығатын кезің сирек еді ғой. Не болды, жаным? Айтшы. Егер сенің бақытың мен болсам, қайғыңның жармысын маған қый.

Д о н Х у л и а н: Теодора, бар қуанышым сен тұрғанда ол қайдағы қайғы? Бетіндегі қызыл шырай — денсаулықтың белгісі, жанарыңдағы жарқыл от — жаныңның пәктігі де! Сенің ой-күйіңнің биі мен екенімді білемін! Пенде біткеннің ең бақыттысы мен екендігіме шаруа қамы қайдан бөгет болсын?!

Т е о д о р а: Ақша мәселесінде қиындық туды ма?

Д о н Х у л и а н: Ақшадан менің ұйқым да, күлікім де бұзылмайды. Ақшаны жатырқап та, ақшадан жеркөніп те болғам, бірақ сол неме саулап кеп кебежеме кептеледі де жатады. Мен баймын. Хулиан де Гарагарса көз жұмғанша

Жаратқан мен тағдырына дән риза, ең дәулетті демесе де, ең сенімді банкир деген атақты менен ешкім тартып алмайды.

Т е о д о р а : Ендеше не уайымың бар?

Д о н Х у л и а н : Қайырымдылық. Бұл — көнеден мирас боп келе жатқан қасиетті парыз.

Т е о д о р а : Білемін.

Д о н Х у л и а н : Солай ма?

Т е о д о р а : Сен Эрнестоны ойлап отырсың ғой.

Д о н Х у л и а н : Дәл таптың.

Теодора: Байғұс бала! Кеңпейіл, жомарт, жаны жайсаң!

Д о н Х у л и а н : Тура өкесіне тартқан. Адалдықтың айнасындай өулие жан!

Т е о д о р а : Сондай ынталы! Жиырма алты жасында білмейтіні жоқ!.. Тіпті таңқаларлық!

Д о н Х у л и а н : Тек аспандап жүріп пендешілік тірлікке отыға алмай ма деп қорқамын. Ал ақыл тереңдігін өлген соң үш жүз жылдан кейін бағалайтын өдетіміз.

Т е о д о р а : Бірақ, сен оған көмектесетін шығарсың?

Д о н Х у л и а н : Әрине. Оның өкесіне деген борышымды ұмытсам қарабет болғаным да. Мен үшін дон Хуан де Аседо атағын да, дәулетін де, тіпті өмірін де құрбандыққа шалған жоқ па! Ар алдындағы парызымды өтеу үшін, егер қажет болса, оның баласына қасық қаныма дейін қиюға бармын.

Т е о д о р а : Жаса, Хулиан! Сен қашанда осындайсың!

Д о н Х у л и а н : Ол әлі бала ғой, біз оның болашағын ойлауымыз керек. Менің уайымым болса, тек осы. Сен бұлтты, күннің қызыл шапағын қызықтап тұрған кезде мен осыны ойлағанмын.

Т е о д о р а : Бұдан артық оған не жақсылық жасамақсың? Екі туып, бір қалғанымыздай бірге тұрғанымызға жыл толды. Тіпті сенің ұлың, менің бауырым болса да дәл осындай күтпес едік.

Д о н Х у л и а н : Бұл аз.

Т е о д о р а : Аз?.. Меніңше...

Д о н Х у л и а н : Сен бүгінді ойлайсың, мен ертеңіні ойлаймын.

Т е о д о р а : Ертеңіні? Эрнестоның болашағы менің көз алдымда. Ол жар тапқанша бізбен бірге тұрады.

Үйлендіреміз. Сен оған дәулетіңнен бөліп бересің. Жас жұбайларға жеке баспана қажет. Балалы-шағалы болады. Біз де қарап жатпаспыз. Қызымызды Эрнестоның ұлына қосармыз.

Дон Хулиан : Е-е, сенің арманың осы екен ғой!  
(Күледі).

Теодора : Сен ертеңіні айттың, менің де ойлағаным сол. Бұдан басқа болашақты көріп тұрғаным жоқ.

Дон Хулиан : Медальдің екі беті бар, Теодора. Пана болу бір басқа, жантарту екі басқа. Байқаймын, менің жанашырлығыма ол қорланатын сияқты. Ол өзімшіл, әрі төкаппар, сол жалған сезімнен оны құтқару керек. Эрнесто үшін бәрін де жасаймыз, тек соны сезіп қалмасын.

Теодора : Сонда қалай?

Дон Хулиан : Әлі көрерсің... Өне өзі де келе жатыр.

Теодора : Ақырын сөйле.

Эрнесто келеді.

Дон Хулиан : Қош келдің?

Эрнесто : Дон Хулиан... Теодора... *(Салқын сөлем беріп, бей-жай столға барып отырады).*

Дон Хулиан : Саған не болды? *(Қасына барады).*

Эрнесто : Жәй, өншейін.

Дон Хулиан : Мазан кетіп отыр ғой.

Эрнесто : Менің мазамды алатын кім бар!

Дон Хулиан : Әлде біреу кейітті ме?

Эрнесто : Ешкім де.

Дон Хулиан : Әлде менің сауалым көбейіп кетті ме?

Эрнесто : Сіздің бе? *(Орнынан тұрып, кілт бұрылып).*  
Жоқ. Сұрайтын жөніңіз бар. Менің ішімде не барын сіз білесіз. Иә, абыржып жүргенім рас. Кешіріңіз, Дон Хуан. *(Теодораға)* Сеньора, сіз де. Мен жақсылықты бағаламаған кісәпірмін. Шындығында мен сіздің қайырымыңызға да, мейіріңізге де тұрмаймын. Осындай әке, осындай төтей тұрғанда мен өзімді бақытты санауым керек еді, сөйтсе де... түсінесіз бе, менің тіршілігім жалған. Мен мұнда мүсәпір ретінде тұрып жатырмын!

Теодора : Бұл қай сөзің?..

Эрнесто : Теодора!

Теодора : Бізді ренжітіп тұрсың.

Э р н е с т о : Бірақ бұл шындық.

Д о н Х у л и а н : Мұның бекер. Егер осы үйде бір мүсәпір болса, ол менмін.

Э р н е с т о : Дон Хулиан, мен бала емеспін, өз нанымды өзім тауып жеуім керек. Бұл төкашпарлық па, өлде ақымақтық па? Білмедім. Дегенмен өкемнің айтқаны есімде: “Қолыңнан келген істі біреуге тапсырма, өзің табатын нәрсені басқадан сұрама” деуші еді.

Д о н Х у л и а н : Демек, менің игілігім сені қорлайды екен ғой? Жұрағатыңды жырынды кредитор санағаның ба?

Т е о д о р а : Сені адастырып жүрген ақылың. Мұндайда жақсы ақылшы – жүрегің.

Д о н Х у л и а н : Менің өкем мүсіркеуді танаудан шертіп бермеген.

Т е о д о р а : Ол кездегі достық басқадай еді ғой.

Э р н е с т о : Теодора!

Т е о д о р а : *(Күйеуін мезген)*. Сен мұны түсін.

Э р н е с т о : Мен безбүйректің! *(Қатты толғанып)*. Кешіріңіз мені Дон Хуан.

Д о н Х у л и а н : *(Теодораға)* Мынаның басы айналып кеткен бе?

Т е о д о р а : *(Хулианға)* Әбден шатасқан екен.

Д о н Х у л и а н : Рас айтасың. Ақылғөй де аяқтағы суға тұншығып өледі.

Э р н е с т о : Мен өмірді білмеймін, одан өз соқпағымды да тапқам жоқ. Бірақ сеземін... іздеумен жүрмін. Теңіз тұрмақ, қақтың суына да тұншығып өлуім мүмкін. Теңіз толқынымен арпалысуға болады, ал қақтың шалшығына қалай жүзерсің? Егер мен өмірден түңілер болсам, жалғыз ғана тілегім, жалғыз ғана арманым – жасымай, қорланбай кетсем. Қастасымды бетпе-бет көріп, қасқайып тұрып қарсыласып кетсем. Бәріне көндім, тек мынау сасық ауаның көңірсігін жұтпасам болды!

Д о н Х у л и а н : *(Теодораға)* Айттым ғой, мұның есі ауысқан!

Т е о д о р а : Эрнесто, сен не деп тұрсың?

Д о н Х у л и а н : Мұның бұл өңгімеге қатысы қанша?

Э р н е с т о : Уайым-қайғысыз менің осында қалай тұрып жатқаным жайында жұрттың не көкитінін де білемін.

Ертеңгісін Теодора мен Мерседеске ілесіп көшеден көлденең өтсем де, қоныс-жайыңызды адақтап аңға шықсам да, сіздермен жағаласып дастарқанға отыра қалсам да өркімнің көкейінде: бұл кім өзі деген сауал тұрады. Туысқан ба? Жоқ. Хатшы ма? Жоқ! Компаньон ба? Мүмкін, бірақ, мұның да жетісіп тұрғаны шамалы. Мінеки, сыпсың сөздің сиқы осы!

Дон Хулиан : Жоқ, мүмкін емес!

Эрнесто : Өкінішке қарай солай!

Дон Хулиан : Ең болмаса біреуінің есімін аташы.

Эрнесто : Бірақ...

Дон Хулиан : Тек біреуінің!

Эрнесто : Жарайды, оны алыстан іздеудің қажеті жоқ.

Дон Хулиан : Анықтап айт.

Эрнесто : Дон Северо.

Дон Хулиан : Менің інім бе?

Эрнесто : Иә, сіздің ініңіз. Сосын оның мейірімді мекиені донья Мерседес. Тағы ма?.. Пепито. Ал енді не айтар екенсіз?

Дон Хулиан : Текті адам тексіз тобырдың сөзін қаперіне алмайды. Өсек өшіккен сайын өршелене тойтарыс беру керек!

Эрнесто : Өсекшінің тілі жылан ба, әлде дуалы ма? Жендет пе, әлде қиянатқа жерік пе? Әділет үшін өшкерелей ме, әлде содан ләззат ала ма? Осы жағы жұмбақ, Дон Хулиан. Оны уақыт пен тіршілік көрсете жатар.

Дон Хулиан : Мен сенің пәлсапаңнан ештеңе ұқпадым. Мүмкін, қызулықтан туған сандырақ қиял шығар. Бірақ мен сені сөкпеймін. Саған бас бостандығы керек қой, солай ма?

Эрнесто : Солай.

Дон Хулиан : Ендеше, орайы келіп тұр. Менде хатшы жоқ еді, соны Лондоннан алдырмақ болғанмын. Бірақ, маған қолайлысы – өкенің қамқорлығынан қашып, кедейліктің қамытын киген, жалғыз жалақыны місе тұтастын парықсыз ғой деймін.

Эрнесто : Дон Хулиан!

Дон Хулиан : *(Кекесін аралас)* Мен іскер де, қатал адаммын, ақшаны бекерге шашпаймын. Мен сенің дымың-



ды қалдырмай қақтаймын, күніне он сағат бойы тырп етпей стол басында отырасың, ерте тұрып, кеш жатасың, менің қатыгездігімнің қасында Северо жол қалады. Жалпақ жұрттың көзінше менің менмендігім сені мес қылады! Дегенмен, Эрнесто... *(Екпінін басып, дауысы өзгеріп, құшағын жаяды)* сені балам деген сезімді көңілімнен сызып тастай алмаймын!

Э р н е с т о : Дон Хулиан! *(Құшақтайды)*.

Д о н Х у л и а н : Келістің бе?

Э р н е с т о : Иә! Не істесеніз де мен көндім!

Т е о д о р а : Ақыры тентек терісіне сыйды-ау!

Д о н Х у л и а н : Сонымен, осылай шештік *(Оң жақтағы бірінші есікке беттейді)*. Табан астында Лондонға хат жазып, өуреге салғанымға кешірім өтінем де, ағылшынның қызметінен бас тартамын. *(Қайтып келеді де оңашалан)*. Бұл алғашқы бастамасы... Мезгілі жеткенде маған компаньон *(еншілес)* боласың.

Т е о д о р а : Құдай үшін, қорқытпашы!

Дон Хулиан жайдары жымыып, Эрнестоға қарай-қарай оң жақтағы есікке кіріп кетеді.

Э р н е с т о : Мені қинайтын мұның жомарттығы. Оны қалай өтемекпін? *(Кейісті қабақпен диванға кеп отырады. Теодора қасына келеді)*.

Т е о д о р а : Қалай деймісің? Саған деген көңіліміз баяғыдай, ақ пейілімізді тосамыз, Хулиан сені ұлым десе, маған бауырымдайсың.

Мерседес пен дон Северо сахнаның төрінен шығады да баспалап кеп тоқтайды. Күнгірт. Балкон ала-бұлдыр, Теодора мен Эрнесто соған қарай беттейді.

Э р н е с т о : Мейіріміңізде шек жоқ!

Т е о д о р а : Балақай! Енді уайымдағанды қой!

Э р н е с т о : Қойдым!

М е р с е д е с : *(алыстан сыбырлап)* Тас қараңғы ғой!

Д о н С е в е р о : Мерседес, кеттік.

М е р с е д е с : *(кіре беріп)* Жан жоқ қой!

Д о н С е в е р о : *(тоқтатып)* Біреу бар сияқты.

Екеуі аялдап, жан-жағына қарасады.

Э р н е с т о : Мынау ғайыптан келген бақытқа мың дүркін өмірімді қияр едім! Маған ренжімеңіз, мен сырымды

айта бермейтін жанмын, бірақ, сүйе де білемін, сүйкімсізді сүзе де білемін!..

Мерседес : Екеуі не десіп тұр?

Дон Северо : Түсініксіз бірдеме.

Эрнесто мен Теодора балконда әңгімелесіп тұр.

Мерседес : Мынау Эрнесто емес пе?

Дон Северо : Түсінікті болды! Тағы да табыса калыпты. Сөздерін көрмейсің бе!

Мерседес : Рас, Северо, іс насырға шапқан сияқты. Жұрт баяғыдан күңкілдесіп жүр!

Дон Северо : (*ілгері аттан*) Бүгіннен қалдырмай Хулианға бөрін ақтарамын!

Мерседес : Неткен арсыздық! Жап-жас басымен!

Теодора : Сен бізді тастап кетпексің бе? Хулиан бұған көне қоймас.

Дон Северо : (*Мерседеске*) Естідің бе? (*Дауыстан*) Теодора! Қонақты осылай қарсы алатын ба еді?!

Теодора : (*Балконнан шығып*) Дон Северо!.. Қош келіпсіз!..

Мерседес : Сіздер әлі түстенген жоқсыздар ма? Мезгілі өтіп кетті ғой.

Теодора : А, Мерседес!

Мерседес : Бұл біз ғой, Теодора!

Дон Северо : (*Өзіне өзі*) Мүләйімсуін қара!.. Мынау қараңғыда нағып отырсыздар?!

Теодора стол үстіндегі қоңырауды алып қағады.

Дон Северо : Қызметін адал атқарған жүзі жарқын адамдар жарықтан жасқанбайды.

Қызметшілер шырақ алып келіп қойып кетеді. Сахна жарық тартады.

Теодора : Өте дұрыс айтасыз.

Мерседес : Бұл қашанда қателескен емес!

Дон Северо : (*Өзіне өзі күбірлен*) Мынау жылайын деп тұр ғой. Сәбидің, болмаса ғашықтардың ғана көңілі бос! (*Эрнестоның қасына барып қолын береді де қадалып қарайды. Теодора мен Мерседес өз беттерімен сөйлесіп тұрған*) Хулиан қайда жүр?

Теодора : Хат жазып отыр.

Дон Северо : Мен соған барайын. Дастарқан дайын ба?

Т е о д о р а : Сәл кешігеді.

Д о н С е в е р о : (*Кетіп бара жатып*) Егер менен басқа біреу болғанда...

Әйелдер диванда. Эрнесто жеке тұр.

М е р с е д е с : Сіз бүгін бізге соққан жоқсыз ба?

Э р н е с т о : Жоқ!

М е р с е д е с : Пепитоға ше?

Э р н е с т о : Оған да барғам жоқ!

М е р с е д е с : (*Теодораға сыбырлап*) Саған оңаша айтар өңгімем бар.

Т е о д о р а : Айта бер.

М е р с е д е с : Мынаны бір жаққа жіберші.

Т е о д о р а : Эрнесто, Пепитоға барып келші... Король театрындағы ложаның абонементін жаңартты ма екен, біліп қайт.

Э р н е с т о : Мен кеттім (*шығып кетеді*).

Т е о д о р а : Ол не құпия болды екен? Тезірек айт!

М е р с е д е с : Теодора, өзің білесің, біздің күйеулеріміз ағайынды адамдар. Фамилиямыз да бір... Осыған дейін батпай жүр едім, бірақ бүгін Северо қоймады: “Бұдан әрі төзім жетпейді” — деді. — “Ағамның ары былғанды, маған да оңай емес. Сыпсың сөз көбейіп, кекесін күлкі, шатыраш көздер намысыма тиді. Мұны тоқтатпаса өсек өрттей қаулайтын түрі бар” — деді.

Т е о д о р а : Ол неткен өсек?

М е р с е д е с : Жел тұрмаса шөп басы желбіремейді...

Т е о д о р а : Жел тұрды деп, шөп басы желбіреді деп біз де желігіміз бе?!

М е р с е д е с : Неге түсінбей отырсың?.. Байғұс, құлдың мазағына, күннің күлкісіне айналды.

Т е о д о р а : Кім?

М е р с е д е с : Сенің күйеуің.

Т е о д о р а : Айтқанның аузы күйіп, күлкісі көмір болсын!

М е р с е д е с : Теодора, сен әлі тым жассың. Жастың жаңылыс басуы көміл. Бірақ артынан өкінесің. Сен әлі де түсінбей отырсың ба?

Т е о д о р а : Жоқ-ө! Өсек мен туралы болмаған соң түсініп қайтейін!

Мерседес : Әңгіме бір оңбайтын жігіт, ұятсыз әйел жайында.

Теодора : *(Күдіктеніп)* Олардың аты-жөні жоқ па еді?!

Мерседес : Олардың аты...

Теодора : *(Мерседесті тоқтатып)* Солардың аты-жөні неме қажет!..

Мерседес : Жігіт – жылпос, жырынды, бір сәттік ләззат үшін әйелді бүкіл өмірін төркі егуге итермелеп отыр. Күйеу мазақ, отбасына қасірет, жұртқа жексұрын болды деген осы!.. Ондайларды ардың атымен құдай қарғайды!.. *(Теодора Мерседестен ығысып диванның екінші жақ басына жылжиды. Мерседес әдейі сүйкеніп жабыса түседі)*. Теодора, келші, құшақтайын! *(Өзіне өзі)* Бейшара, обал болды-ау! *(Дауыстап)* Ол адам саған тең емес!

Теодора : Не деп отырсың?! Кімді айтып отырсың?!

Мерседес : Эрнесто.

Теодора : Ах! *(пауза)* Демек, әйел мен ғой? Солай ма? *(Мерседес мақұлдап басын шұлғиды. Теодора атып тұрып)* Ашулансаң да енді менің айтқанымға құлақ сал! Кімнің пасық екенін білмеймін, өсекті таратқан адам ба, әлде соны маған жеткізген сен бе. Арамдық құсқанның аузына қан толсын! Өтіріктің лебі қашанда сасық, жеркенішті, осы естігенім қайтып есімде қалмасын! О, Жаратқан, үш ұйықтасам ойымда болсашы! Бақытсыз байғұсты бауырымдай жақсы көруші едім. Хулиан оның жалғыз жанашыры... *(кідіріп Мерседеске қарайды да, теріс айналады. Өзіне өзі)* Жоқ, осының көзінше Эрнестоны мақтауым керек. Құдай-ау, мүләйімсуге мәжбүр болдым ба?.. *(Толқып)*.

Мерседес : Болды. Сабыр ет!

Теодора : Өсек өзегімді өртеді-ау, көңілімді құлазытты... Жырқылдақ жұртқа жыр болдым ба?!

Өксіген бойы креслоға сұлық түседі. Мерседес жұбатқан болады.

Мерседес : Мен мұны күткен жоқ едім... Кешір, жыламашы... Тіпті ойламаппын... Білемін, сенің өткеніңе өкпе жоқ... Бірақ, мойындауың керек, Хулиан екеуің аңғалдық жасадыңдар да өсекке жол бердіңдер. Жасың жиырмада, Хулиан қырыққа келді. Эрнесто қияли, күйеуің жұмыс-

басты, күн сайын біргесіндер... Жұрт серуенде де, театрда да сендерді көреді... Әрине, күдіктің өзі әбестік, бірақ осының өзі-ақ жетіп жатыр! Бетіңе айтайын, қазіргі заман аңғалдықты да кешірмейді.

Т е о д о р а : Сенің айтуыңша Хулиан...

М е р с е д е с : Иә, Хулиан жұртқа күлкі болды. Ал сен...

Т е о д о р а : Мені қоя тұршы! Хулианды айтсай! Сондай кенпейіл, жомарт жан! Егер осыны естісе ғой...

М е р с е д е с : Естіді. Қазір оның қасында Северо отыр.

Т е о д о р а : Солай ма?

Д о н Х у л и а н : *(Есіктің ар жағынан)* Доғар!

Т е о д о р а : О, Жаратқан!

Д о н Х у л и а н н ы ң д а у ы с ы : Кет қасымнан!

Т е о д о р а : Тезірек кетелік!

М е р с е д е с : *(Бірінші есіктен сығалап)* Иә, тез кетелік!

Т е о д о р а : *(Тоқтан)* Мен неге қашамын? Кінәм қанша?! Жала жазықсызға күйе жағады, ұятыңды жалаңаштап, қиуасыздан қиянат жасайды! Менің жүрегім қорқынныштан қысылып барады. *(Алдыңғы есіктен дон Хулиан, оған еріп дон Северо шығады)*. Хулиан!...

Д о н Х у л и а н : Теодора! Бері келші! *(Ентелеп келіп құшағына алады)*.

Сахнада төртеуі: Мерседес, Теодора, дон Хулиан, дон Северо.

Теодора мен дон Хулиан құшақтасқан қалпы.

Д о н Х у л и а н : Бір ретке кешірейін, егер бұдан былай *(Теодораны нұсқап)* мұны жылататын болса... ант етемін — қайтып менің босағамды аттамайды! Мейлі, туған бауырым болса да!..

Пауза. Дон Хулиан Теодораны жұбатумен тұр.

Д о н С е в е р о : Мен жұрттың айтқанын жеткіздім.

Д о н Х у л и а н : Жала!

Д о н С е в е р о : Мүмкін.

Д о н Х у л и а н : Мүмкін дегеннің ар жағы да мүмкін тұрған жоқ па!

Д о н С е в е р о : Қайталауға мүмкіндік бер.

Д о н Х у л и а н : Көшенің нөжісін көрпеме өкеп таптауың жетіспеп еді!..

Дон Северо : Амалым қанша.

Дон Хулиан : Аузыңды тый!

Дон Северо : Екеуіміздің аты-жөніміз ортақ емес пе.

Дон Хулиан : Ендеше бүгіннен бастап еншіміз бөлек деп есептерсің!

Дон Северо : Намыс қайда?!

Дон Хулиан : Бұл жерде менің әйелімнің де тұрғанын ұмытпағаның жөн! *(Пауза)*.

Теодора теріс айналып тұқырайып қалған. Дон Хулиан оған қадала қарап тұр. Эрнесто мен Пепито қатар кіреді.

Эрнесто : *(Теодора мен дон Хулианға сынай қарап. Өзіне өзі)* Екеуі де... көміл солай. Пәле басталмаса нағылсын... *(Пепитоға қарап)* Мына делқұлы айтып еді-ау... Демек бұл жалғыз емес!

Пепито : *(Таңырқап қарайды)* Сәлеметсіздер ме! Түскі ас таяп қалды, дәм тәтті болсын! Теодора, мінеки билеттеріңіз. Дон Хулиан...

Эрнесто : *(Дон Хулианнан сыбырлап сұрап)* Теодораға не болған?

Дон Хулиан : *(Ашуын баса алмай)* Осы менің әйелімде шаруаларың қанша?!

Эрнесто : *(Теріс бұрылып)* Сұмырайлар!

Пепито : *(Шешесіне Эрнестоны мезген)* Араласар кез жетті. Бүгін мынаның көзінше Теодораға өзіл тастап едім, мені өлтіріп қоя жаздады!

Эрнесто : Дон Хулиан, мен сіздің ұсынысыңызды ойға салып көрдім... Айтарға сөз жетпейді... Сіздің жомарт екеніңізді білемін, қадіріңізді бағалаймын... дегенмен сол қызметтен бас тартқым келіп тұр.

Дон Хулиан : Неге?

Эрнесто : Мен табиғатымнан ақынмын, арманшылмын. Тіпті әкем де мені іскерлікке тарта алған жоқ. Мен тынышсыз, өрі бірбеткеймін. Мақсатым — қызық қуу, саяхат.

Дон Хулиан : Аяқ астынан бұл неткен саяхат? Сен бізді тастап кетпексің бе? Саяхатқа қаражатың қайда?

Дон Северо : Барсын, басы ауған жаққа. *(Дон Хуанға)* Тарығып қалмас үшін сен оған қалағанынша қаражат беруге тиіссің.

**Эрнесто:** *(Дон Североға)* Мен қайыр сұрап тұрғаным жоқ. *(пауза)* Бірақ кетуім керек. Әрине, қоштасу қиын, мүмкін қайтып жолықпаспыз да. *(Дон Хуанға)* Кәне, қауышып қоштасалық. *(Ерекше толқын)* Достық дөнекері осымен шорт үзілсін. Кешіріңіз, егер тік кетсем!

**Дон Северо:** Екеуінің сүзіле қалғанын, үзіле қалғанын қарашы!..

**Теодора:** *(Өзімен өзі)* Жаны неткен таза!

**Эрнесто:** Дон Хулиан... Бұл соңғы кешірім сұрауым! *(Қарсы жүріп қолын ұсынады, дон Хулиан оны құшағын алады).*

**Дон Хулиан:** Жоқ, бұл соңғы емес, өншейін, екі бірдей тектінің ағынан жарылып амандасқаны. Мен бұдан былай саяхат дегенді естімейтін болайын.

**Дон Северо:** Демек, бұл кетпейтін болды ғой?

**Дон Хулиан:** Ешқашан! Мен балалықтың еркелігіне бола айтқанымнан қайтпаймын! Оның үстіне өсектен қорқып өртке қарай жүгірген қорлық емес пе!

**Дон Северо:** Хулиан...

**Дон Хулиан:** Жетті, дастарқанға жүгініңдер!

**Эрнесто:** Әке, мен бара алмаспын.

**Дон Хулиан:** Барасың! Теодораға қолыңды бер.

Эрнесто Теодораға қарап кейін шегінеді. Теодора да қымсынып кейін ығысады.

**Дон Хулиан:** Әдепті бұзбандар. *(Аз қипақтап Эрнесто Теодораға жақындайды, Теодора оның қолынан алып ілгері жылжиды — екеуі де қатты қысылған, бір-біріне қарауға жоқ).* Пепито, анаңа қолыңды бер! *(Пепито Мерседесті алып жүреді)* Ал ағайынды екеуіміз қатар кіреміз... Мейлі, отбасының дастарқаны бокалдың сыңғыры мен жан жадыратар көңілге толсын. Көре алмаған көп дұшпанның іші күйсін! Мынау үйдің қабырғасы шыны болса игі еді, көрсін біздің тіршілікті бәрі де! Көзі жетсін менің жалаға жасымайтынды. Арсыз жұрт алдымен артына қарап алсын! Кеттік!..

**Теодора:** Мерседес...

**Мерседес:** Теодора...

**Теодора:** Төрлетіңіз...

**Мерседес:** Алдымен сіздер...

**Теодора:** Жоқ, алдымен сіздер...

Мерседес пен Пепито асханаға қарай беттейді де, Эрнесто мен Теодора қаққан қазықтай, ойлы жүзбен әлі тұр. Эрнесто өйелден көз алмайды.

Д о н Х у л и а н : Эрнесто қадалып қапты, Теодора жылғауға шақ тұр. *(Эрнесто мен Теодора алдыңғы екеуінің соңынан жылжиды. Теодора теңселіп барып, орамалмен көзінің жасын сүрткен).*

Д о н Х у л и а н : Екеуі сыбырласқан сияқты.

Д о н С е в е р о : Ол да мүмкін.

Эрнесто мен Теодора сәл аялдап, арттарына бір қарайды да ілгері жылжиды.

Д о н Х у л и а н : Қайырылып қарасты ғой! Олары несі?

Д о н С е в е р о : Есің енді кірді ме!

Д о н Х у л и а н : Жоқ, мен жынданатын шығармын! Жала деген жалманыңнан түсіреді-ау, тура қақ жүректен!

Екеуі де асханаға беттейді.

### Екінші көрініс

Кішкентай ғана сиықсыз да сұрықсыз бөлме. Сахна төрінде және оң жақта балкон. Кітап қоятын шкаф, стол, кресло. Столда дон Хулианның шағын портреті, екінші рама бос, сосын Дантениң “Қүдіретті комедиясы”, шашылып жаққан қолжазба. Бірнеше орындық. Күндіз.

Дон Хулиан, дон Северо және қызметші келеді.

Д о н С е в е р о : Дон Эрнесто үйде ме?

Қ ы з м е т ш і : Жоқ, бүгін ол ертесімен кетіп қалған.

Д о н С е в е р о : Оқасы жоқ, күтеміз. Кешікпей келер.

Қ ы з м е т ш і : Егер қажетім болса, мен есік көзіндемін. *(кетеді).*

Д о н С е в е р о : *(Жан-жағын барлап)* Тым кедей тұрады екен.

Д о н Х у л и а н : Онан да нашар демейсің бе!

Д о н С е в е р о : *(Барлық есікті ашып қарап)* Пөтерінің түрін: кірер ауыз, түнемел, кабинет — бары осы!

Д о н Х у л и а н : Қатыгездік, өшпенділік, нақақтан жала, қиянат толып жатыр!

Д о н С е в е р о : Менің қолым демексің бе?



Мерседес пен Пепито асханаға қарай беттейді де, Эрнесто мен Теодора қаққан қазықтай, ойлы жүзбен әлі тұр. Эрнесто өйелден көз алмайды.

Д о н Х у л и а н : Эрнесто қадалып қапты, Теодора жылауға шақ тұр. (*Эрнесто мен Теодора алдыңғы екеуінің соңынан жылжиды. Теодора теңселіп барып, орамалмен көзінің жасын сүрткен*).

Д о н Х у л и а н : Екеуі сыбырласқан сияқты.

Д о н С е в е р о : Ол да мүмкін.

Эрнесто мен Теодора сәл аялдап, арттарына бір қарайды да ілгері жылжиды.

Д о н Х у л и а н : Қайырылып қарасты ғой! Олары несі?

Д о н С е в е р о : Есің енді кірді ме!

Д о н Х у л и а н : Жоқ, мен жынданатын шығармын! Жала деген жалманыңнан түсіреді-ау, тура қақ жүректен!

Екеуі де асханаға беттейді.

### Екінші көрініс

Кішкентай ғана сиықсыз да сұрықсыз бөлме. Сахна төрінде және оң жақта балкон. Кітап қоятын шкаф, стол, кресло. Столда дон Хулианның шағын портреті, екінші рама бос, сосын Дантенің “Құдіретті комедиясы”, шашылып жаққан қолжазба. Бірнеше орындық. Күндіз.

Дон Хулиан, дон Северо және қызметші келеді.

Д о н С е в е р о : Дон Эрнесто үйде ме?

Қ ы з м е т ш і : Жоқ, бүгін ол ертесімен кетіп қалған.

Д о н С е в е р о : Оқасы жоқ, күтеміз. Кешікпей келер.

Қ ы з м е т ш і : Егер қажетім болса, мен есік көзіндемін. (*кетеді*).

Д о н С е в е р о : (*Жан-жағын барлап*) Тым кедей тұрады екен.

Д о н Х у л и а н : Онан да нашар демейсің бе!

Д о н С е в е р о : (*Барлық есікті ашып қарап*) Пәтерінің түрін: кірер ауыз, түнемел, кабинет – бары осы!

Д о н Х у л и а н : Қатыгездік, өшпенділік, нақақтан жала, қиянат толып жатыр!

Д о н С е в е р о : Менің қолым демексің бе?

Д о н Х у л и а н : Иә, сенің қолың! Бәрі де менің арыма қадалған арамның өсегінен басталды. Мұны үйден қуған мен де қорқақ, қызғаншақ, пәтуасыз бейшара боп шықтым! Бұл тектілік танытты, мен пұшайман болдым! Жақсылыққа жамандықпен жауап бердім! Менде дәулет аста-төк, шіріген баймын, ал соның қайдан келгенін сен білемісің?!

Д о н С е в е р о : Жоқ, білмеймін.

Д о н Х у л и а н : Мінеки, бір ауыз сөзге келмей, досын жоқ-жітіктің жылымынан суырып алған патша пейілдің теңдессіз жанашырлығына деген қарымтаның түрі мынау!

Д о н С е в е р о : Бірақ сен сол парызымды өтеймін деп арыңнан да, барыңнан да, бақытыңнан да айырылып қала жаздаған жоқпысың. Осыдан артық не керек? Бөріне де тоқтам бар; кісілікке де, кісәпірлікке де. Эрнесто тым тәкаппар, бірбеткей... саған көнбестен мынау үңгірге келіп тығылды. Бұған кім кінәлі?

Д о н Х у л и а н : Бөрің де! Тілдерің сүйрендеп, саусак шошайтпай әркім өз жөнін білгенде осылай болар ма еді?! Айтшы, көне, мен өзімнің қасиетті борышымды ақтаймын деп оны баламдай көрсем, әйелім бауырындай сыйлағанға кімнің қимасы қышыпты?! Серуенге шыққанда, театрға барғанда менің жас әйелімнің қасында сымбатты көркем жігіт жүрсе несі айып, одан арамдық іздеудің не қажеті бар еді?! Әйел мен еркекке дәнекер тек төсек деп кім айтты? Тіпті солай болғанның өзінде, менің қорланған арымды қорғауға біреудің қақысы қанша, менде де қол, менде де қару бар емес пе!?

Д о н С е в е р о : Әрине, сенікі дұрыс, бөтеннің араласқаны арсыздық. Бірақ мен сенің туған бауырыңмын ғой, қалай шыдармын?

Д о н Х у л и а н : Ал сен үй ішінде дауыл тұрғызбай жайлап қана өзіме айтсаң қайтетін еді?!

Д о н С е в е р о : Мен қызулық жасадым. Кінәмді мойындаймын. Өкінем! (*Жаны ашығансып, мүләйімсіп қасына барады*). Бірақ, сен кінәлі емессің, Хулиан.

Д о н Х у л и а н : Жоқ, кінәлімін! Мен жалаға жаным шырқырап, жұрт көзінше: “бекер” деп айқайлаймын, ал ішімдегі ит: “рас болса ше?” — деп ұлиды! Мен өзімді өзім қинаймын. Өзіммен өзім арпалысам. Күрсінген жүрекке күдік кеп жара салады!

Д о н С е в е р о : Сен сандырақтап тұрсың!

Д о н Х у л и а н : Жоқ, мен саған ағымнан жарылып тұрмын, бауырым. Сенің ойыңша, мен қанша тоқтатқанмен Эрнесто бәрібір кететін еді деп тұрсың ғой? Оның кетуіне себеп болған, менің ішімдегі ит: ұстама, артынан есігінді тарс бекіт деп қыңсылады. Аузым басқаны айтып, ойым он сақта жүрді. Аузым: “Эрнесто, кетпе!” – деді. Ойым: “кел-месе екен!” – деп тұрды. Ол өтірік көлгірсіген жоқ, мен екіжүзді болдым. Жоқ, Северо, адал адам мұндай арамдыққа бармайды! (*Шаршап, креслога сұлық отыра кетеді*).

Д о н С е в е р о : Жары жас болса, жаны тірінің бәрі осыған өзір. Оның үстіне әйел арманшыл келеді емес пе...

Д о н Х у л и а н : Теодора жөнінде аузыңды ашпа! Айнаға тым таяп барсақ, оның бетін сасық демімізбен былғауымыз мүмкін, ал оның жүзінен жыланның тілі сумандамай мөлдір аспанның нұры шашырауы тиіс!

Д о н С е в е р о : Мүмкін, солай шығар.

Д о н Х у л и а н : Іштей арпалысым мені қатты өзгертті. Бүгін мені мұң басты, өзімді өзім тежедім. Баяғы Хулиан жоқ. Әйелім мені көрген сайын: “Хулианға не болды” – дейтін шығар. – “Қалайша мен оның сенімінен жүрдай болдым? Ойыңда нендей жаман ниеті бар екен?” – дейтін болар. Екеуміздің ортамызға қара тікен түсті. Сол біздерді қашықтатып барады. Баяғы жарасымды сырластық жоқ, күлкі қашты, үніміз мұңға толы. Менің көңіліме өділетсіз күдік ұялады. Теодораны қайғы мендеді. Мені қорлады, ол да қорланды, әйелдік қадіріне дақ түсті. Мінеки, жеткен жеріміз!

Д о н С е в е р о : Бұл құрудың нышаны. Құтылу керек бұдан.

Д о н Х у л и а н : Ендігі әрекет бос өуре. Оның күнәдан пәк екенін де білемін. Күдіктенемін деп жүріп, оның көз алдында менің абыройым айрандай төгілді, бүгін болмаса ертең сол күдігім шындыққа айналса ше? (*Дон Североны қолынан ұстап өршелене, қызғанышын жасыра алмай булығып сөйлейді*). Мен – қызғаншақпын, мен – қаскөймін, мен – қатыгезбін, ал ол – мейірімді, кеңпейіл, сүйкімді де жайсаң жан! Оның иығына әулие қонақтаған! Мен жоғалтқан бүкіл қасиет соған барып қонды! Оның үстіне мынау

өсек! Қазір олардың: “біз ғашық емес едік қой!” деп айтуларына қақылары бар. Бірақ, бүгін азарда-безер болғанымен ертең дүние өзгермей ме?!

Д о н С е в е р о : Олай болса Эрнестоның кеткені дұрыс қой.

Д о н Х у л и а н : Мен соған тосқауыл болуым керек.

Д о н С е в е р о : Бекер. Буэнос-Айреске барамын деп пе еді? Қайда кетсе онда кетсін!

Д о н Х у л и а н : Егер ол кетсе, мен Теодораның көз алдында бейшара мырық боп қаламын! Ері әйеліне жеркөшікті болғаннан жаманы жоқ. Көзі қасымда болғанымен, көңілі соған ере кетеді. Түсінемісің, егер мен оның жүзінен жастың ізін көрсем, соны жоқтап жылап отыр деп білемін де мына өз қолыммен түншықтырып өлтірем!

Д о н С е в е р о : Енді не істеу керек?

Д о н Х у л и а н : Төземіз. Мейлі, абырой төгілген екен, аяғы бізді қорлаған жалақорды тапсын!

Д о н С е в е р о : Біреу келе жатыр-ау деймін. *(Сахна төріне қарай жылыстап кетеді).*

Пепито келеді.

Д о н С е в е р о : Сен де осында ма едің?

П е п и т о : *(Өзімен өзі)* Бұлар да біліп қойды ма?! *(Дауыстап)* Жиналып қалыппыз ғой! Сәлем, көке! Сәлем, папа! Эрнестоны күтіп отырған боларсыздар?

Д о н С е в е р о : Енді кімді деп едің?

Д о н Х у л и а н : Бұл тентектің не істеп жүргенін естідің бе?

П е п и т о : Елтеп...

Д о н С е в е р о : Ертең сағат нешеде?

П е п и т о : Бүгін, ертең ол жолға жүрмек. Сіздер білмейтін бе едіңіздер?

Д о н Х у л и а н : Білеміз. Сонсоң да біз жолды да, жекпе-жекте де тоқтатуға келіп отырмыз.

П е п и т о : Жұрт көзінше шапалақпен тартып жіберіпті.

Д о н С е в е р о : Кімді кім?

П е п и т о : Эрнесто Небрэданы.

Д о н Х у л и а н : Енді қайтсін! Небрэда шамына тиген соң жан шыдай ма!.. Шатақ неден шыққан? Естуімше, кінәлі Небрэда деседі.

П е п и т о : Эрнесто ертең Мадридтен жүрмек екен, жолдама хат алу үшін кафеге, Луис Алкарасқа барса керек. Шарап үстінде гуілдесіп отырған есіріктер бір әйелдің сыртынан өсек айтыпты. Небрета оның атын да атапты-мыс. Сонан Эрнесто оны бас салған. Бар кілтипан осы. Бүгін екеуі сайыспақ. Қайда екенін білмеймін.

Д о н Х у л и а н : Әйелдің аты Теодора ғой? Бұлар бізді қолжаулық қылғанын қоймады-ау!

Д о н С е в е р о : Хулиан!

Д о н Х у л и а н : Сабыр сақтау керек... Бірақ менің төзімім таусылды. Енді мен намысқа шабамын! (*Інісінің қолынан ұстап*) Северо, сен маған серік боласың ба?

Д о н С е в е р о : Әрқашан!

Екеуі сертгескендей қол алысады.

Д о н Х у л и а н : Жекпе-жек қашан?

П е п и т о : Сағат үште.

Д о н Х у л и а н : Өлтірем! Мен оны өлтірем! (*Дон Североға*) Кеттік! Кек аламын, Хуан Аседо ұрпағының өмірін сақтап қаламын! (*Пепитоға*) Секунданттар кім?

П е п и т о : Алкарас пен Руэда.

Д о н С е в е р о : (*Хулианға*) Есің дұрыс па?! Неменеге қуандың?!

Д о н Х у л и а н : Үш ай бойы мен запыран жұттым, ақыры міне, жалақормен бетпе-бет кездесетін болдым!

Дон Хулиан мен дон Северо кетеді.

П е п и т о : Көкеміз не десе де Теодора секілді сұлу мен арманшыл сері жігітті бір шаңырақтың астына қамау есуастық! Бірін әпкем, бірін әкемдей жақсы көремін деп ант-су ішкенмен мені алдай алмайсың! Жас та болсам әйел мен еркек арасындағы бауырмалдыққа өз басым сенбейді. Мейлі, ол ғалым, философ, математик, физик болсын-ақ, бірақ еркек емес пе! Егер мына қабырғаларға тіл бітсе Эрнестоның бүкіл құпиясын сайрап берер еді-ау... Мінеки, дон Хулианның портреті, екінші рама бос тұр. Бұрын мұнда Теодораның суреті бар еді. Неге алып тастады екен? Сыпсың сөзден қашқаны ма? Егер рамадан шығып жігіттің жүрегінен орын тапса тіпті масқара! (*Столга отырып тінте бастайды да Дантенің кітабын қолына алады*). Данте. “Қүдіретті комедиясы” мұның ең сүйікті кітабы. Қашан келсең де беті ашық және Франческоның хикаясы...

Балконға қарай беттейді, осы кезде Эрнесто келіп оны сыртынан бақылап тұрады.

Э р н е с т о : Бірдеме таптың ба?

П е п и т о : О, Эрнесто!.. Жай, әншейін, кітапты ақтарып... Сен ұлы ұстазыңнан шабыт шақырғаннан саумысың?!

Э р н е с т о : Ештеп.

П е п и т о : Сөз жоқ, ұлы шығарма! Әсіресе Франческо хикаясы...

Э р н е с т о : Мұның ұлы екенін сен бүгін білдің бе?

П е п и т о : Жалпы білем ғой... Тек мына бір жерін түсінбедім... Былай деп жазыпты... Франческо мен Паоло ғашықтар жайлы хикаятты оқып отырып, автор Ланселот пен королева Джиневраның махаббатын мадақтаған тұсында бозбала Франческоның ернінен сүйіп алды. Данте эпизодты: “сөйтіп, кітап Галеоттоның қызметін атқарды” деп аяқтапты. Галеотто деген кім? Пьесаңның атын да осылай қойғаныңа қарағанда жақсы білетін сияқтысың.

Э р н е с т о : Галеотто Ланселот пен королеваның арасында жеңгетайлықта жүрген. Сондықтан оның есімі ғашықтардың дәнекері ретінде кейіпкерге айналды.

П е п и т о : Түсіндім. Бірақ біздің тілімізден лайықты басқа сөз таппадың ба?

Э р н е с т о : Неге табылмасын. Біреудің тағдырымен зұлымдық үшін ойнайтын адамдар да бар. Галеоттолар қашанда табылады. Кейде оның ролін қалың тобыр да атқара береді. Галеоттоның ең зауалы осы! Өмірде жамандық атаулы ойларына кіріп те шықпаған әйел мен еркек болады. Бірақ күндердің күнінде екеуі лас қылыққа батыпты деген лақап естиді. Ал өзін білесің, өсектен өлермен жұрттың бетін қайтару мүмкін емес. Жала – жақсылықты қор етеді, адамшылық парызды жаныштайды! Міне, жаланың аты – Галеотто!

П е п и т о : Сенің пьесаң да осы туралы ма?

Э р н е с т о : Солай.

П е п и т о : Түсінсем бұйырмасын, Небретамен сайысқа түсер алдында осыншама бейғам болармысың. Дайындалғаның жөн еді ғой.

Э р н е с т о : Егер оны мен өлтірсем – тобырдың ұтқаны; ал ол мені өлтірсе – менің аруағымның тасқаны!

П е п и т о : Сонымен, бүгін ғой?

---

- Э р н е с т о : Иә, бүгін.  
П е п и т о : Қала сыртында ма?  
Э р н е с т о : Жоқ.  
П е п и т о : Үйде ғой?  
Э р н е с т о : Иә.  
П е п и т о : Қай үйде?  
Э р н е с т о : Осы маңда. *(Салқын да бейгам)* Иен үй, үлкен зал, әрі жарық. Ешкім естімейді, көзден таса.  
П е п и т о : Біреулер келген сияқты. *(Сұраулы кейінте)* Секунданттар ма?  
Э р н е с т о : Мүмкін.  
П е п и т о : Әйел дауысы секілді... *(есікке таяп)*.  
Э р н е с т о : Неге жібермей тұр? *(Ол да есікке таяп)*.  
Қ ы з м е т ш і : *(Эрнестоға)* Сізді сұрайды.  
Э р н е с т о : Кім?  
Қ ы з м е т ш і : Әйел.  
Э р н е с т о : Ғажап!  
Қ ы з м е т ш і : Жылап тұр.  
Э р н е с т о : Жас па?  
Қ ы з м е т ш і : Білмедім. Кірер ауыз күңгірт, оның үстіне бетін бүркеп алыпты. Сыбырлап қана сөйлейді, түсіну қиын.  
Э р н е с т о : Кім болды екен?  
П е п и т о : Кім де болса сені көргісі келгені де... Кедергі болмайын.  
Қ ы з м е т ш і : Шақыруға рұқсат па?  
Э р н е с т о : Шақыр.  
Пепито қызметшімен шығып кетеді.  
Э р н е с т о : Әйел дейді?.. Кім болды екен?..  
Сахна төрінен Теодора көрінеді. Жақындауға жасқанғандай, Эрнесто соған бұрылады.  
Э р н е с т о : Сеньора, менде шаруаңыз бар ма еді?  
Т е о д о р а : *(Бетіндегі торды серпіп тастап)* Эрнесто, кешір.  
Э р н е с т о : Теодора!  
Т е о д о р а : Менің мұным әдепке сыймайтын шығар...  
Э р н е с т о : Мен... мен білмедім... не қызмет көрсетсем екен... Не деп тұрмын?.. Кіріп жайғаса беріңіз! Әдептен озым деп несіне жасқанасыз?
-

Т е о д о р а : Несіне жасқанам... Бәрі де өтті-кетті. Кезінде қысылмай-ақ, қызармай-ақ сізбен қолтықтасып та жүрдік... Сіз ертең Америкаға жүреді деп естідім де... Кейде кеткен адамның қайтып оралмайтыны да бар. Сөйтіп дос-жараннан да айрыламыз... Кешегі күн болса жасқанбай-ақ Хулианның көзінше құшақтасып қоштасар едім... Қазір екеуіміздің ортамызда ор тұр.

Э р н е с т о : Дұрыс айтасыз, сеньора. Енді біз бауырларша бас салып құшақтаса да алмаймыз, қол ұсынудан да қалдық. Біз бір-бірімізді жек көруге тиіспіз.

Т е о д о р а : *(Таңырқан)* Жек көру? Неге?

Э р н е с т о : Ой, пәлі! Мен солай дедім бе?

Т е о д о р а : Солай дедіңіз.

Э р н е с т о : Көңіліңізге алмаңыз! Теодора, қажет болса мен сізге қу жанымды да қиямын!.. Сіз үшін құрбан болу... мен үшін па-парыз *(пауза)*. Сіздің маған жасамаған жақсылығыңыз қалмады! Сіз мені жек көруге тиіссіз, Теодора. Ал мен... жек көре алмаймын...

Т е о д о р а : *(Мұңайып)* Рас, сіз үшін мен біраз жас төктім... *(Аса бір мейіріммен)*... бірақ сізге мен еш кінә тақпаймын. Сізді сөгуге ешкімнің қақысы да жоқ. Жұрттың бізге жала жапқанына сіз неге кінәлі боласыз? Сол жалаға Хулиан жазбай сенсе, сіздің жазығыңыз қанша? Ол мені күдігімен қорлағаны үшін бе?

Э р н е с т о : Мен де соны түсінбеймін. *(Қатты өкініп)* Сіздей әйелге күмән келтірген адамды кешіруге болмайды!

Т е о д о р а : Сол үшін де Хулиан бар қымбатынан айрылды.

Э р н е с т о : *(Хулианды ақтауға тырысып)* Оның орнында сүйе білген адамның кез келгені күдіктенер еді. Қызғанышсыз махаббат та жоқ. Адам шіркін құдайға да күдікпен қарайды. Кім дәулетті болса қалтырауық келеді. *(Өршелене түсіп)* Егер ғайыптан тайып мен сіздің күйеуіңіз болсам, туған бауырымнан да қызғанар едім. *(Дабырлаған дауысты естіп Теодора шығар ауызға барады)*. Жүрегі құрғырдың тереңінде не гөп жатыр?! Жала деп жар салып тұрып, ар жағым...

Т е о д о р а : Біреулер келген сияқты.

Э р н е с т о : Секунданттар болмасын?.. *(Есікке таяп)* Әлі ерте ғой.



Т е о д о р а : *(Үрейленіп)* Бұл Хулианның дауысы... *(Оң жақтағы есікке кіргісі келеді. Эрнесто оны әдеппен тоқтатады).*

Э р н е с т о : Егер сол болса, пәктігімізге көзі жетсін. Егер өлгі... бізге күйе жаққандар болса *(есікті нұсқап)* онда жасырынудың тіпті қажеті жоқ!

Т е о д о р а : Жүрегім тулап кетті ғой!

Э р н е с т о : Кетіп қалды-ау деймін. Мүмкін қорыққанға қос көрінген шығар? Құдай үшін, Теодора...

Т е о д о р а : Эрнесто, мен сенімен әңгімелесем деп едім, уақыттың зырлап бара жатқанын қарашы... Мен бәріне қанықпын, қабырғама бататыны мен үшін қатерге бас тіккеніңіз.

Э р н е с т о : Мен Небрэданы өлтіруге тиіспін. Ол бізге күйе жаққысы келді, енді өзі қанға боялады.

Т е о д о р а : Мұның арты тағы да шатақ қой.

Э р н е с т о : Мүмкін.

Т е о д о р а : *(Жақындап келіп сыбырлап қана)* Ал Хулиан ше?

Э р н е с т о : Хулиан?

Т е о д о р а : Біліп қалса ше?

Э р н е с т о : Білсін.

Т е о д о р а : Кім маған ара түссе, сол мені сүйеді деп ойлайды ғой.

Э р н е с т о : Кімде түйір намыс болса, әйелге ара түсуге міндетті. Ол туысы ма, досы ма, ғашығы ма, бәрібір... Мен жекпе-жекте неге қаладым? Сіз үшін!.. Сізге нақақтан жала жабылды, маған осы да жеткілікті!

Т е о д о р а : *(Қолын қысып)* Мұныңызды ерлік деуге де, серілік деуге де болады. Бірақ осымен-ақ сіз Хулианды қорлайсыз.

Э р н е с т о : Қалайша?

Т е о д о р а : Жәбірленген мен, жәбірлеушіні жазалаған күйеуім емес, сіз екенін жұрт білсе, дүние тағы да бүлінді дей беріңіз. Сондықтан тоқтатыңыз.

Э р н е с т о : Жоқ, неде болса мен ол сұмпайымен кездесем!

Т е о д о р а : Менің күйеуім қорқақ емес.

Э р н е с т о : Сіз мені дұрыс түсінбедіңіз. Жекпе-жектің немен бітерін күні бұрын ешкім білмейді. Егер Небреда жеңер болса, Хулиан емес, мен өлейін!

Т е о д о р а : Сіз бе? Жок!

Э р н е с т о : Егер тағдырда солай жазылса, менің өлімім ешкімді өксітпейді.

Т е о д о р а : *(Өксігін зорға тоқтатып)* Құдай үшін, ондай жаманшылыққа жорымаңыз!

Э р н е с т о : Артымда мен не қалдырмақпын? Дос-жаран ба? Махаббат па? Дым да жоқ. Мені жоқтайтын да пенде жоқ!

Т е о д о р а : *(Көзінің жасын тоқтата алмай)* Бүгін түнімен... сіз үшін жаратқанға жалбарыңдым... Ал сіз ешкім жоқ дейсіз... Мен сізді өлімге қимаймын.

Э р н е с т о : Кез келген үшін жалбарынуға болады. Тек жалғызын ғана жоқтайды.

Т е о д о р а : *(Таңырқап)* Эрнесто!

Э р н е с т о : *(Басын төмен салып, Теодораға қарамауға тырысады)*. Менде ес жоқ! Сөзімді тыңдама!

Пауза. Екеуі де тым-тырыс, бір-біріне қараудан қаймыққандай.

Т е о д о р а : Біреулер осында келе жатыр-ау деймін.

Э р н е с т о : Иә, есік сыртында әлдекімдер бар сияқты.

Т е о д о р а : *(Есікке таяп тың тыңдайды)* Қазір кіреді.

Э р н е с т о : Мұнда кір! *(Түнемелдің есігін нұсқайды)*.

Т е о д о р а : *(Табалдырық алдында тоқтап, өтінішпен)* Жекпе-жектен бас тартыңыз!

Э р н е с т о : Мен оған шапалақ жұмсадым ғой.

Т е о д о р а : Ендеше қашыңыз! Мен үшін, өзіңіз үшін, құдай үшін! Мыналар сізге келіп тұр!

Э р н е с т о : Әлі уақыт болған жоқ! Тезірек!

Т е о д о р а : Солай ма. *(Шығып кетеді)*.

Э р н е с т о : Биді бейпіл бастаса, шындық артын қысады!

П е п и т о : *(Сахна төрінде, баскиімсіз, қатты абыржыған)*. Жеттім-ау әйтеуір! Эрнесто! Эрнесто!

Э р н е с т о : Не бөлді?

П е п и т о : Сұмдық! *(Аптығып)*

Дон Хулиан жекпе-жекті біліп қап осында келген еді, сені таппады да секунданттарды ертіп Небретаға барған.

Э р н е с т о : Неге?

П е п и т о : Әнеки, осында әкеле жатыр!

Э р н е с т о : Немене, олар сайысып па еді?

П е п и т о : Иә! Қазір көресің ғой!

Сахна түкпірінен Северо мен Руэда көрінеді. Екеуі ауыр жаралы дон Хулианды көтеріп келе жатады.

Э р н е с т о : Дон Хулиан! Қамқоршым! Досым! Әке!  
(*Дауыстан қарсы жүгіреді*)

Д о н Х у л и а н : (*Әзер сөйлеп*) Эрнесто!

Д о н С е в е р о : Тездетелік!

Э р н е с т о : Әке!

Д о н С е в е р о : Қатты қиналды.

Э р н е с т о : Мен үшін бе?

Д о н Х у л и а н : Мүмкін.

Э р н е с т о : Кешіріңіз (*Дон Хулианның қасына келіп, тізе бүгіп отырады да қолынан ұстайды*)

Д о н Х у л и а н : Қажеті жоқ. Сен өз борышыңды атқардың, мен өз парызымды орындадым.

Д о н С е в е р о : Бұған жату керек (*Дон Хулианның қасынан кетеді, оның орнына Пепито келеді*).

П е п и т о : (*Оң жақтағы есікті нұсқап*) Мұнда апаралық.

Э р н е с т о : Мен Небретаны өлтіруім керек! (*Есікке жүгіреді*). Мен оны өлтірем! Бұл менің міндетім!

- Д о н С е в е р о : Түнемелге апарыңдар.

Э р н е с т о : (*Кілт тоқтап, үрейлі*) Қайда?

Д о н С е в е р о : Түнемелге.

Э р н е с т о : Болмайды! (*Жүгіріп келіп есікті бөгейді. Жұрт аң-таң*).

Д о н С е в е р о : Мұның не?

П е п и т о : Жынданған шығарсың?!

Д о н С е в е р о : Көрмей тұрсың ба? Жүріп кетуге шак қалды!

Д о н Х у л и а н : Рұқсат етпей ме? (*Бойын жиып Эрнестоға таң қалып та, үрейленіп те қарайды*).

Р у э д а : Түсінбей тұрмын.

П е п и т о : Мен де.

Э р н е с т о : Әлсіреп барады... күдікпен кетіп барады...  
Әке!..

Д о н С е в е р о : Қозғалдық! Көтеріңдер! (Эрнестоның  
ту сыртынан есік ашылып, Теодора көрінеді).

Э р н е с т о : Әттеген-ай!

Д о н С е в е р о : Бұл да осында ма еді?!

Р у э д а : Соның өзі ғой.

Т е о д о р а : Хулиан! (Жүгіріп кеп құшақтайды)

Д о н Х у л и а н : (Кеудесінен итеріп, бежірейін қарай-  
ды, бар күшін жинап орнынан тұрады). Бұл кім?! Теодора!..  
(Есінен танып сұлық түседі).

### Үшінші көрініс

Бірінші көріністегі сахна. Түн. Шам жанып тұр.

П е п и т о : (Есіктен тың тыңдайды да ортаға шығады)  
Ақтық демі жеткен шығар. Сорлы дон Хулиан! Халі тым  
нашар. Безбеннің бір басында – ажал, екінші басында да  
ажал, намыс өлтіретін болды. Екеуі де тұңғиық. Мен де  
Эрнесто секілді қияли боп барамын ба. Қияли болмасқа  
шараң бар ма, бірде қырғын, бірде өлім, сатқындық пен  
аярлық көз алдыңда лек-лек өтіп жатса! Құдай-ау, бұл өзі  
күн бе, түн бе?! Тағы не болар екен?.. Бұл кім?

М е р с е д е с к е л е д і .

М е р с е д е с : Северо қайда?

П е п и т о : Ағасының қасында. Оны жақсы көретінін  
білетін едім. Бірақ дәл осындай деп...

М е р с е д е с : Хулиан қалай?

П е п и т о : Қиналып жатыр. Үн жоқ. Біресе қырылдап,  
қарлыққан дауыспен Теодораны шақырады, біресе “Эрнес-  
то” деп төсекте дөңбекшиді. Сосын сеспей серейеді де қала-  
ды, екі көзі аспанда, маңдайын суық тер жауып, құдды  
үзіліп кететін тәрізді. Кенет от боп жанып, аласұрады да  
сандырақтап бірдемелерді айтады, тұрмақ болады. Көзіне  
бірдеңе елестейтін болар.

М е р с е д е с : Әкең не дейді?

П е п и т о : Ол да кек аламын деп кіжінеді. Оның да  
аузында Теодора мен Эрнесто. Құдай кездестіре көрмесін.  
Көрсе, оны ұстап тұру қиын.

М е р с е д е с : Сенің өкең мейірбан ғой.

П е п и т о : Ашу үстінде аюдай. Теодора қайда?

М е р с е д е с : Жоғарыда. Осында келгісі бар. Жылап отыр.

П е п и т о : Магдалина секілді деші.

М е р с е д е с : Күлме! Ол әлі уыздай жас қой.

П е п и т о : Күнөсіз, ары таза, монтиған уыздай жас дон Хулианның ажалына жететін болды! Егер ол әлі уыздай жас болса, есейе келе кім болмақ? Құдай сақтасын!

М е р с е д е с : Оның кінәсі жоқ. Бәрі сенің ақын, арманшыл деп жүрген оңбаған досыңнан! Сол кінәлі!

П е п и т о : Дауым жоқ.

М е р с е д е с : Өзі қаңғырып қайда жүр?

П е п и т о : Айтқанындай қаңғырып жүр. Албаты көше кезіп, ұяттан қашып құтылмақ.

М е р с е д е с : Сонында ұят бар ма екен?

П е п и т о : Мүмкін.

М е р с е д е с : Байғұс Хулиан!

П е п и т о : Қатыгез тағдыр!

Қызметші кіреді.

Қызметші : Дон Эрнесто келіп тұр

М е р с е д е с : Бетсіз!

П е п и т о : Не істейміз?

М е р с е д е с : Кірсін (*қызметші кетеді*).

П е п и т о : Мен оны қуып шығамын!

Мерседес креслода, Пепито қасында түрегеп тұр. Эрнесто кіреді, оның ишаратына ешкім жауап бермейді.

Э р н е с т о : (*Өзімен өзі*) Өшпенді көз, қасарған жүз, мылқау қарсылық. Жазықсыздан енді мен бұларға арсыздықтың құбыжығындай көрінем... Иттен жаман болыппынау...

П е п и т о : Рұқсат болса...

Э р н е с т о : Шығып тұр демексің бе?

П е п и т о : (*Кілт өзгере қалып*) О не дегенің? Сұрайын дегенім... Рас па, сен өлгі... Небрэданы...

Э р н е с т о : (*Басы салбырап, міңгірлен*) Рас.

П е п и т о : Қалай болды?

Э р н е с т о : Ашумен бардым... Екінші қабатқа көтерілдік... екі жігіт... екі куәгер... екі шпага... сарт-сұрт... бақ етті... қан... осымен бітті!..

---

Пепито : Керемет болған екен! Мама, естідің бе?

Мерседес : Тағы да қантөгіс!

Пепито : Небреда жазасын алыпты!

Эрнесто : *(Жақынырақ келіп)* Мерседес, бір ауыз сөз! Дон Хулиан қалай? Дәрігерлер не дейді? Менің де қайғыдан көкірегім қарс айрылатынын білсеңіз ғой...

Мерседес : Оның жарақаты аса қауіпті. Кеткеніңіз жөн болар.

Эрнесто : Мен оны көргім келеді.

Мерседес : Кетіңіз!

Эрнесто : Кете алмаспын.

Мерседес : Ұятсыз!

Эрнесто : *(Пепитого)* Ал сіздер не күтіп едіңіздер? *(Мерседеске)* Кешіріңіз, сеньора. Қай қырымнан қарасаңыз да мен баяғы Эрнестомын!

Мерседес : Құдай үшін, Эрнесто!

Эрнесто : Адамды аяқпен таптап, азғын деп қылмысқа итеріп жатқанда арпалыстан түк те шықпайды... Бірақ мен қайтпаймын, ақыры абырой мен махаббаттан айрылған соң қарасын көрмесем де қара зұлыммен айкасқа түсем! Менде аянатын ештеңе қалған жоқ, қуанышсыз өмірдің де құны адыра қалсын! Мен тек үміт бар ма, білейін деп едім... Бар болғаны осы! Тек осы ғана! Беттен ұратын қымбат лөззат емес шығар?!

Мерседес : Ендеше тыңдаңыз. Айтуынша... төуір дейді.

Эрнесто : Рас па? Алдап отырған жоқсыз ба? О, мейіріңізге рақмет! Егер рас болса? Рас па? О, Жаратқан, сақтай көр! Оны тағы да бақытқа кенелт! Кешірсін мені! Көруге жазсын, Жаратқан! *(Креслоға сұлық түсіп, бетін басып жылайды)*

Мерседес : *(Орнынан тұрып, баласына)* Егер өкен ести қалса... жетіп келер *(екеуі Эрнестоның қасына келеді)*. Сабыр етіп, берік болыңыз!

Пепито : Ер адамға жылаған жараспас. *(Өзімен өзі)* Мына қияли азап болды-ау, біресе жылайды, біресе кісі өлтірем деп кісінейді!..

Эрнесто : Иә, мен балаша жылап отырмын, өйелдерше өксимін, бірақ қара басым үшін қайғырып отырған жоқ-

пын. Хулиан мен Теодораның қайғысы жаныма батады. Солардың басынан үшқан бақыты, кірлеген аты, төгілген абыройы батады; Мейіріне, қамқорлығына құлдық ұрудың орнына қасіретке себепкер болғанымға жылап отырмын! Өзімнің адыра қалғыр тағдырыма налимын! Егер өткеннің өкініші жаспен жуылар болса, менің қаным көз жасы боп төгілер еді!..

М е р с е д е с : Жетті!

Э р н е с т о : Үш адамның атына жаламен күйе жағылды! Үш адам жұрт көзіне жексұрын болды! Үш адамның ары тапталып, болашағына балта шабылды!

М е р с е д е с : Сабыр етіңіз, Эрнесто.

Э р н е с т о : Жоқ! Енді бұға беруге болмас! Естімеген жұрт жоқ. Бәрі сан-саққа жүгіртеді: біреулер – Хулиан бізді төсектен ұстап алыпты деседі, менің қояншығым ұстап, оны ауыр жарақаттасам керек; біреулер – екеумізді жекпе-жекке шығыпты деп бөседі; енді біреулер – Хулиан Небретамен сайысып жатқанда мен пәтерімде оның әйелімен... Жоқ, мұндай пасықтыққа аузым бармай түр! Ең масқарасы, арам жұрттың ұртындағы мәкүрігі адал жүректі әйелдің, бейкүнә екі бірдей азаматтың бетін былғағаны.

М е р с е д е с : Өкінішті-ақ, бірақ ошаққа от түспесе түтін шықпайды ғой.

П е п и т о : Дегенмен, Теодораның сенің түнемеліңнен шыққаны шындық емес пе.

Э р н е с т о : Ол жекпе-жекте тоқтатамын деп келген.

М е р с е д е с : Эрнесто, кетіңіз. Северо көріп қалып жүрер.

Э р н е с т о : Несі бар, көрсе көрсін! Қорыққан ғана қашады. Қорқатыны – өсекшіл. Мен қорқатын дәнеме жоқ!

П е п и т о : *(Елегізін)* Мен тықыр естіп тұрмын.

М е р с е д е с : Сол ғой!

П е п и т о : Жоқ, Теодора.

Э р н е с т о : Теодора? Мен оған жүздесуім керек!

М е р с е д е с : *(Қатаң)* Эрнесто!

Э р н е с т о : Мен одан кешірім сұраймын!

М е р с е д е с : Сіз не айтып тұрғаныңызды да білмейсіз.

Э р н е с т о : Білемін!.. Мен ол үшін намысымды да, арымды да, жанымды да қияр едім!.. Әттең арамызда қанта-лаған қалың тұман! *(Бүйірге жылыстап кетеді)*

---

М е р с е д е с : Мені оңаша қалдыр да өзің әкеңе бар. Мен бұл шырғалаңның шындығына жетуім керек!

Пепито кетеді. Теодора келеді. Дон Хулианның есігінің алдына тоқтап, көзінің жасын сүртеді, тың тындайды.

М е р с е д е с : Теодора!

Т е о д о р а : (*Қарсы жүріп*) Сен бе едің?

М е р с е д е с : Берік бол. Көз жасыңмен қайғыны жеңе алмайсың.

Т е о д о р а : Халі қалай? Шыныңды айтшы.

М е р с е д е с : Тәуір боп қалды.

Т е о д о р а : Тірі қала ма?

М е р с е д е с : Үміт бар.

Т е о д о р а : О, Жаратқан! Оның орнына мені ал!

М е р с е д е с : (*Авансценаға жетелен*) Сен салмақты едің ғой. Жылағаның — өкінгенің де.

Т е о д о р а : Иә. Мен әдептен оздым. (*Mercedес разы емес*). Кеше сен маған жекпе-жек туралы айтып едің, соны естудің өзі маған қаншалық ауыр тиді. Байғұс Эрнесто менің намысымды қорғаймын деп өлімге де бас тікті. Сонша неге қадалдың? Әлде маған сенбей тұрсың ба?

М е р с е д е с : Эрнестоға қауіп төнгенде қатты алаңдадың ғой?

Т е о д о р а : Небреда оңай жау емес!

М е р с е д е с : Әйтеуір Хулианның кегі қайтты. Небрелданы өлтіріпті. Сенің зарың құдайға жетсе керек.

Т е о д о р а : Өлтірген Эрнесто ма?

М е р с е д е с : Иә.

Т е о д о р а : Тектілік, ерлік деп осыны айт!

М е р с е д е с : Бөрі осыдан басталады.

Т е о д о р а : Сен тағы да бастадың ба?

М е р с е д е с : Сен оны біржола ұмыта алмайтын сияқтысың.

Т е о д о р а : Сенің сөзіңнен бір нәрсеге көзім жетті — сен маған ана да, апа да, абысын да емессің, нағыз албастының өзісің! Қайта-қайта қақсайтының — жарыңа деген махаббатың суыды, басқаны бауырыңа басқың келеді! (*Дон Хулианның бөлмесін нұсқап*) Мен оның жанарынан бір ғана жылт еткен тіршіліктің ұшқыны үшін шыбын жанымды қияр едім. Бірақ сендер оны менен айырдыңдар! Қазір мен



оның қасында көз жасымды көл қылып, ағынан ақтарылып отырсам, маған деген күдігінен ада-күде арылар еді. Егер мен оны сүйгенім рас болса, мен үшін жанпида еткен адал да мәрт көңілді жеткіншекті неге жек көруім керек?! Жаптым жала, жақтым күйе деген қиянатшыл жұрт мен туралы аузына келгендерін көкуде. Кейде, мүмкін дұрыс дүрлігетін шығар деп те ойға қаламын. Мүмкін сол бір арам сезім менің көңілімде жүрген шығар, бір күні бұрқ етіп жалын атпасына кім кепіл?!

М е р с е д е с : Сен шыныңды айтып тұрсың ба?

Т е о д о р а : Мерседес, сені қалай сендірсем екен?! Мұндай сауалға бұрын шамданған болар едім, ал қазір өзім де күдіктенем. Кім қорлыққа көнсе, соның соры қалың! *(Бетін басып креслоға отыра кетеді).*

М е р с е д е с : Жылама! Жыламашы! Ол сенің көз жасыңа тұрмайды.

Т е о д о р а : Құдай-ау, тағы да сол жыр!

М е р с е д е с : Менің бар білетінім, ол сені сүйеді.

Т е о д о р а : Не дейді?

М е р с е д е с : Жаңа ғана сен үшін жаным құрбан дегенді ант-су ішіп айтты. Сені көрем деп еді, зорға тоқтаттым.

Т е о д о р а : Ол осында дедің бе?.. Эрнесто! Сен бұл жерден кетуің керек!

М е р с е д е с : Тсс... келе жатыр.

Т е о д о р а : Маған оның қажеті жоқ! Мені Хулиан күтіп жатыр!

Э р н е с т о : Теодора!

М е р с е д е с : Мен сізге кетіңіз деп едім ғой. Теодора сізді көргісі де келмейді.

Т е о д о р а : *(Мерседеске сыбырлап)* Мені жалғыз қалдырма!

М е р с е д е с : *(Ол ды сыбырлап)* Қорқасың ба?

Т е о д о р а : Жоқ! *(Кетіңіз дегендей белгі береді. Мерседес оң жақтағы екінші есікке кіріп кетеді).*

Э р н е с т о : Маған бұл жерден кет деп бұйырған *(Пауза. Екеуі бір-біріне тіктеп қарай алмай үнсіз тұр).* Сіз де мені қуасыз ғой? *(Теодора тұқырайып басын изейді).* Қиналмаңыз, онсыз да кетемін. Бұл қорлығыңызға да шыдармын.

Т е о д о р а : Қорлық?! Сізді ренжіту ойымда да жоқ!

Э р н е с т о : Солай ма?!

Т е о д о р а : *(Теріс бұрылып)* Қош болыңыз... Бақыттан басқа тілерім жоқ!

Э р н е с т о : Қош болыңыз, Теодора. *(Теодора бұрылмаған қалпы. Эрнесто екі-үш қадам аттап, тағы кері қайтады. Теодора оның аяқ тықырын естіп, тіксініп тұр, бірақ бұрылмаған қалпы)* Егер мен сізге андаусызда қиянат жасаған болсам, ойланбай-ақ ақтық деміммен ақталған болар едім, онда мына ақ жүзіңізді, ағыл-тегіл көз жасыңызды маған көру қайда! *(Теодора басын көтеріп, оған таңырқай қараған)*.

Т е о д о р а : *(Өксігін басып, өзімен өзі)* Мерседес қателеспепті!.. Қалайша мен аңғармай жүргем?!

Э р н е с т о : Кешіріңіз, енді қош болыңыз!

Т е о д о р а : Қош!.. Бізге батқан бүкіл қиянатыңызды кешірдім!..

Э р н е с т о : Қандай?

Т е о д о р а : Өзіңіз айтқан.

Э р н е с т о : Япырмау, неткен кейісті қабақ, неткен кекшіл жанар?!.

Т е о д о р а : Кетіңіз!.. Күйеуім әл үстінде... *(Теңселіп, орындықтың арқалығына жармасады. Эрнесто көмектеспек болған)*.

Э р н е с т о : Теодора!

Т е о д о р а : Жоламаңыз!.. Қол тигізсеңіз – қорлағаныңыз!

Э р н е с т о : Теодора! Мен де кетермін, қайтып сізді көрмеспін! Бірақ бұл мен үшін жарық дүниемен қоштасумен бірдей! Тым құрыса, кешірдім деген бір сөзіңіз көкейімде кетсін де! Абыройдан айрылмаған, арымның таза екеніне сіз сенсеңіз болды! Сіз үшін жаным да, қаным да құрбан деген пақырың пәк перизатты қорлауға дәті қалай барсын! Теодора!

Т е о д о р а : Қоштасалық, Эрнесто.

Э р н е с т о : Кейіс қабақ қоштасуға жарамас!

Т е о д о р а : Өтінемін... Хулиан қиналып жатыр...

Э р н е с т о : Мен ше?

Т е о д о р а : Сіз бе?

Э р н е с т о : Хулианға жеңіл. Оны жарасы қинады, менің жаным қиналды!

Т е о д о р а : Ренжіткен болсам, кешіріңіз.

Э р н е с т о : Ренжу — кешірімге тұрмайды. Маған қымбаты — шындық! *(Теодораның алдына тізе бүгіп, қолынан ұстайды. Осы кезде Хулианның бөлмесінен Дон Северо шығады).*

Д о н С е в е р о : Оңбайтындар!

Т е о д о р а : Дон Северо!

Д о н С е в е р о : Сөгіп тастауға сөзім жетпей тұр! Оңбаған!.. Жоғалыңыз!

Э р н е с т о : Мынау шаңырақты, мына Теодораны сыйлағандықтан ғана жауап бергім келмейді!..

Д о н С е в е р о : Үндемей үйдей пәледен құтылу да үлкен ерлік!

Э р н е с т о : Сіз түсінбедіңіз: үндемегеніме — менен құтылдым деменіз.

Д о н С е в е р о : Сонда кетпейін деп тұрсыз ба?

Э р н е с т о : Егер Теодора кумаса — мен кетпедім! Иә, мен қарамды батырмақ едім, бірақ періште ме, жоқ пері ме, мені ұстап қалды.

Д о н С е в е р о : Онда қызметшілерді шақырамын!

Э р н е с т о : Тырп етіп көріңіз! *(Дон Североға ұмтылады. Теодора араға түседі).*

Т е о д о р а : Эрнесто! *(Дон Североға бұрылып)* Сіз алдымен шаңыраққа қараңыз! Күйеуімнен басқа, менен басқа мұны бұл үйден ешкім қуа алмайды! *(Эрнестоға жылы сөйлеп)* Мені сыйласаңыз, менің қайғымды түсінсеңіз...

Э р н е с т о : *(Жүзінде қуаныш)* Сіз мені ақтап тұрсыз ба?..

Т е о д о р а : Өтінем сізден... *(Эрнесто инабатпен иіліп, есікке беттейді).*

Д о н С е в е р о : Сіздің өктемдігіңіз мына нойыстан да асып түскені менің намысыма тиіп тұр! *(Эрнесто бірнеше қадам басып аялдайды да амалсыз ілгері аттайды)* Сен сорлы маған қарсы тұратын кім едің?! Тымпиып жүріп тілін шықты ма?! Етегінен қағынған қар! *(Эрнесто кілт тоқтайды).* Хулианның қаны шашыраған мынау шаңырақтан сенін көлеңкеңді де көрмейін деп қумақ болған мен едім. Не бетіңмен қайтып келдің?! *(Иығынан алып сілкіді).*

---

Э р н е с т о : Тарт қолынды, жексұрын! *(Ара түсуге жүгіреді).*

Д о н С е в е р о : Сен әлі осында ма едің?!

Э р н е с т о : Иә! Мен әлі өлгем жоқ! Әйелге тіл тигізген жексұрынды жер қылмай кетпеспін! *(Дон Североны жүлқылай бастайды).*

Д о н С е в е р о : Оңбаған!

Э р н е с т о : Сен ана сыйлап көріп пе едің?! Бұл сенің ананның қасында періште!

Д о н С е в е р о : Осыны сен айтып тұрмысың?

Э р н е с т о : Сен құдайға сенемісің? Сенемісің деймін?! Ендеше алтарьдің алдына шөккендей Теодораның тізесін құш! Шөк дедім ғой! *(Зорлап Теодораның алдына тізесін бүктіреді).*

Т е о д о р а : Өтінем. Кетіңізші. *(Жалтақтап Хулианның есігін нұсқайды да Эрнеστοны сахнаның төріне қарай жетелейді).*

Хулиан шығады. Мерседес оны сүйеп тұр.

Д о н Х у л и а н : Құшақтаса қалыпты!.. Арсыздар!.. Северо, бұлар мені алдапты!.. Арсыздар! (Мерседес пен дон Северо оны креслоға отырғызды) Көрдіндер ме!.. Қауыша қалыпты!.. Теодора!

Т е о д о р а : Хулиан!

Д о н Х у л и а н : Келші маған! *(Теодора жүгіріп келіп оның құшағына жығылады, Хулиан бауырына қысады)* Көрдіндер ме, алдап жатыр! Алдайды! Мен мұны өлтіруім керек еді... ал мен... аймалап, мадайынан сипап отырмын... *(Эрнеστοны нұсқап).* Ал, сен ше...

Э р н е с т о : Сеньор!

Д о н Х у л и а н : Мен мұны жақсы көруші едім!.. Жағынды ашпа, жақында! *(Эрнеστο қасына келеді. Теодораға)* Сен қайтсең де өлі мендікісің!

Д о н С е в е р о : Хулиан!

Д о н Х у л и а н : Сөйлеме! *(Теодораға)* Білем, сен мұны сүйесің. Бүкіл Мадрид біледі!

Э р н е с т о : Әке, бұл жалған!

Т е о д о р а : Жала!

Д о н Х у л и а н : Жалтаруын бұлардың! Көзінді бақырайтып қойып!

Э р н е с т о : Бекер күдіктенесіз. Алдымен мені тыңдаңыз, сеньор.

Дон Хулиан : Тағы да жалған айтып жұбатайын деп тұрсың ғой.

Эрнесто : Теодораның ары таза!

Дон Хулиан : Мен саған сенбеймін!

Эрнесто : Әкемнің аруағымен ант етем!

Дон Хулиан : Аруақты қорлама!

Эрнесто : Сонда не талап етпексіз?

Дон Хулиан : Шындықты!

Теодора : Енді қайттік, Эрнесто?

Дон Хулиан : *(Екеуіне күдікпен қарап)* А! Келісіп алмақсындар ғой! Көріп отырмын!

Теодора : Көрген жоқсыз. Аuruыңыз айтып тұр!

Дон Хулиан : Иә, ауру менің көзімді ашты! Эрнесто! Бермен кел! Жақында! Тағы да... *(Эрнесто жақын келіп басын иеді. Теодора түрегеп тұр, Эрнесто жүгініп отыр)*.

Эрнесто : Кешіріңіз.

Дон Хулиан : Кешірім сұрағаның — кінәнді мойындағаның!

Эрнесто : Жоқ!

Дон Хулиан : Бір-біріңе тура қарандаршы!

Дон Северо : Хулиан!

Дон Хулиан : Қорқасындар ғой! Тым құрыса туысқандық жанашырлық та жоқ па? Көз — көңілдің айнасы. Достықтың жарқылы, әлде махаббаттың жалыны бар ма екен, көрейін. Бері жақындандар! *(Теодораны тізерлетіп, екеуі бір-біріне қадала қарасады)*.

Дон Хулиан : Көріп отырмын, ғашықсындар! *(Эрнестоға)* Сен өмірмен қоштас!

Эрнесто : Әзірмін!

Теодора : Хулиан!

Дон Хулиан : Ара түстің ғой? Солай ма?

Дон Северо : Құдай үшін!

Дон Хулиан : Аузыңды ашпа! *(Эрнестоға)* Достың түрін! Ұлдың кейпін!..

Эрнесто : Әке!

Дон Хулиан : Арсыз, арамза!..

Эрнесто : Адаспа, әке!

Дон Хулиан : Мен мынау жазықсыз қолыммен жазанды беремін, қазір... *(Шапалақпен ұрады)*.

Э р н е с т о : Ах! (Бетін басып кейін шегінеді).

Т е о д о р а : Масқара! (Бетін басып, оң жақтағы креслоға құлайды).

Д о н Х у л и а н : Жазасын тартты.

М е р с е д е с : Сабыр ет!

Д о н С е в е р о : Хулиан, кетелік.

Д о н Х у л и а н : Кеттік! (Дон Северо мен Мерседестің сүйемелімен бөлмесіне қарай жүре беріп, Теодора мен Эрнестоға айналып тағы бір қарайды). Анау екі арсыздарға қараңдаршы!.. Жарым деп жүрсем... Маған қарағысы да келмейді... Жылап тұрған жоқ па!.. Мені ойлап емес... Менің өлетінімді ойлап тұрған жоқ!..

Д о н С е в е р о : Хулиан!

Д о н Х у л и а н : Қош, Эрнесто!

Дон Хулиан, дон Северо, Мерседес шығып кетеді. Эрнесто орындыққа келіп отырады, Теодора түрегеп тұр. Пауза.

Э р н е с т о : Арым таза еді — аңғарған кім?

Т е о д о р а : Парызымды адал атқардым — бағалаған кім?

Э р н е с т о : Қатыгез тағдыр!

Т е о д о р а : Зұлым тағдыр!

Э р н е с т о : Қағынған тағдыр!

Т е о д о р а : Сорың қалың екен!

Д о н С е в е р о : (Бөлменің ішінен) Бауырым!

М е р с е д е с : Кім бар?!

П е п и т о : Жүгірсеңдерші!

Эрнесто мен Теодора атып тұрып бір-біріне сүйеніп тұрып калады.

Т е о д о р а : Қиналып жатыр-ау...

Э р н е с т о : Ақтық демі шығар?..

Т е о д о р а : Баралық!

Э р н е с т о : (Тоқтатып) Бізге болмайды.

Эрнесто сахна ортасында, Теодора есік көзінде, ар жағынан шыққан дон Северо мен Пепито оның алдын бөгейді.

П е п и т о : Қайда барасыз?

Т е о д о р а : Мен көріп қалайын деп едім.

Д о н С е в е р о : (Ұлына) Мына әйелге бұл үйде орын жоқ! Кетсін көзіме көрінбей! Әйтпесе мен өлтірем!

Т е о д о р а : Мен оны көріп қалайын да!

Дон Северо : Бақида кездесерсің!

Пепито : *(Теодораға жақтасып)* Әке!

Дон Северо : Ары жүр!

Теодора : Көре алмай қалғаным ба...

Дон Северо : Ал, көр!.. *(Теодораны Хулиан жатқан бөлменің босағасына әкеліп, портьерді көтереді)*.

Теодора : *(Кейін шегініп)* Хулиан! *(Есінен танып құлайды)*.

Дон Северо : *(Баласына)* Лақтырып таста далаға!

Эрнесто : *(Теодораны арашалағандай)* Неткен қатыгездік!

Дон Северо : Айтқанымнан танбан!

Эрнесто : Мен Америкаға кетемін!

Дон Северо : Кетсең жолың өне!

Эрнесто : Сен мұны қусаң, мен тастамаймын! Ала кетемін!

Дон Северо : Жарыған екенсің! *(Теодораға жақын-дайды)*.

Пепито : *(Кес-кестен)*. Әке!

Эрнесто : Қол тигізуші болма! Енді бұл мендік! Бәрің жиылып ойлағандарың осы еді! Мен де көндім осыған! Жазықсызды жаламен қуалап, менің құшағыма әкеліп тықты! Теодора, кеттік! *(Тұрғызып, құшағына алады)*.

Дон Северо : Оңбаған!

Пепито : Жексұрын!

Эрнесто : Ойлағандарың орындалды!.. Ессіз махаббат деп көкіп едіңдер! Иә, мен Теодораны көміл сүйемін! Қайнатындар өсекті, мен сол өсекті өмірдің шындығына айналдырам! *(Теодораны қасақана аймалай бастайды. Пепито мен дон Северо авансценада есеңгіреп тұр)*. Егер біреу: шын ба деп сұрай қалса, жеңгетайлық жасаған біз едік дендер! Ұялмандар! Өсектің өртің жібергеннің бәрі де бізге жеңгетай болған! Теодора, кеттік! Енді бізді ешкім ажырата алмайды! Бізді де, жалашыл жұртты да Жаратқанның соты шешсін!

*Шымылдық*

**ГЕРХАРТ  
ГАУПТМАН**

Неміс драматургі,  
1912 жылғы Нобель  
сыйлығының лауреаты.  
(1862-1946)

**ҚЫСҚАША  
МАҒЛУМАТ**

Герхарт Гауптманның балалық, жастық шағы алыс түспірде, кезінде атышулы тоқымашылар котерілісі болған Силезия провинциясында өтті, кейін "Тоқымашылар" (1892) дейтуғын драмасын котеріліс куәгері — атасының аруағына бағыштаған еді. Оның драматург ретіндегі атақ-даңқы да осы пьесасыман әйгілі болды.

1912 жылы Нобель сыйлығына ие болған елу жасар жазушы ұлт классигі атанып та үлгерген. Әдеби орта, сыншы қауым заманында оны Гетенің дәрежесіне көтеріп қойған еді.

Бүгінде Гауптман творчествосы қанша-

лықты көнерді дегенмен сол биіктен әлі түсе қойған жоқ. Өмірінің соңғы кезінде ол бір сөзінде: менің дәуірім 1870 жылдан басталып, Рейхстагтың ортелуімен аяқталды дегені бар. Бұл дәуір — "темірдей канцлер" Бисмарк пен рейхсканцлер Адольф Гитлер заманымен шектесіп жатыр. 50 пьеса, осынышама прозалық туындысы мен поэтикалық шығармасында Гауптман өз уақытының реалистік образдарын түлгалап, ұлттық әдебиеттің талассыз беделі болып қалды. Орыс жұртында оның творчествосына жете мән бергендердің қатарында Л. Н. Толстой, А. П. Чехов, М. Горький, Л. Андреев, М. Волошин, Н. Мерезковский, В. Брюсовтар бар.

"Күн барар алдында" (1932) атты әлеуметтік драмасы Гитлердің кімет басына келуінен бір жыл бұрын жазылып, сол жылы сахнаға шыққан еді. Гауптман өзінің ұзақ өміріндегі бар түйгені зерттеген өмір шындығын әлеуметтік тұрғыдан қортандылап, буржуазиялық гуманизмнің түйіққа тірелгенін, қымбат деген гуманитарлық байлықтың тарихи бір циклде күйреп біткенін айшықтады. Автордың бұл пьесасын кезінде К. С. Станиславский, В. С. Мейрхольд, Е. В. Вахтангов, тағы да басқа атақты режиссерлер қойған. Кейбір қайталаулары ештеңе ықшамдалып қазақ сахнасында М. Әуезов театрында жүріп жатыр.



## **КҮН БАТАР АЛДЫНДА**

*Бес көріністі драма*

### **К Е Й І П К Е Р Л Е Р :**

1. **Маттиас Клаузен** - құпия коммерцияның кеңесшісі, 70 жаста, сыптай мырза.
2. **Вольфганг Клаузен** - оның ұлы, 42 жаста, филология профессоры, сініртек саркідір.
3. **Эгмонт Клаузен** - (үй іші Эгерт дейді). Құпия кеңесшінің кенжесі, 20 жаста, сымбатты, спортсмен.
4. **Беттина Клаузен** - құпия кеңесшінің қызы, 36 жаста, сәл қисайып жүреді. Ақылы асып тұрмағанмен сентиментальді.
5. **Оттилия** - құпия кеңесшінің қызы, 27 жаста, тартымды әйел, жалпы жұрттан айырмашылығы шамалы.
6. **Эрих Кларрот** - Оттилияның күйеуі, 37 жаста. Клаузен фирмасының директоры. Дәрекі, пысық, интеллектіден құралақан.
7. **Лаула Клотильда Клаузен** - Вольфангтің әйелі, 35 жаста, бет-ауызы сүйкімсіз, күшігендей мойыны сорайған. Дәрекі, сырт пошымы да оңып тұрған жоқ.
8. **Штейниц** - санитар кеңесші, 50 жаста, отбасының дәрігері, Клаузендердің дос-жараны, бойдақ, дәулетті, дәрігерлік қызметті қойған.
9. **Ганефельдт** - өділет кеңесшісі, жылпос адам, 44 жаста.
10. **Иммос** - пастор.
11. **Гейгер** - Кембриж университетінің профессоры, құпия кеңесшінің ескі досы.

12. Доктор Вуттке - Клаузеннің хатшысы, 45 жаста, аласа, торсықтай тоқ адам, көзілдірікті.
13. Әбиш-Бағбан - 50 жаста.
14. Фрау Петерс - Бағбанның қарындасы, 45 жаста.
15. Инкен Петерс - Оның қызы, көмелетке енді толған. Сымбатты.
16. Вингер - құпия кеңесші Клаузеннің жеке малайы
17. Обер-бургомистр

## 1-акт

### *Бірінші көрініс*

#### 1-эпизод

Құпия кеңесші Маттиас Клаузеннің қаладағы кабинеті мен кітапханасы. Каминнің жоғарғы жағында көрікті қыздың портреті. Қабырғаларда кітап сөрелері. Қарама-қарсы екі есік, балконға шығатын шынылы тағы бір есік. Еденде бірнеше глобус тұр, бір столда микроскоп. Балкон жақтағы шыныдан ағаштардың басы көрінеді. Жаз айы. Уақыт сағат бір.

Беттина Клаузен келеді, соңында профессор Гейгер.

**Гейгер** : Анаңыздың дүниеден өткеніне үш жыл, содан бері мен мұнда болған емеспін.

**Беттина** : Алғашқы жылы өкеме өте қиын болды, тіпті есін жия алмай қалды.

**Гейгер** : Мінеки, өмір қайта тірілді - бақта той, бақытқа толы сонау бір күндерді еске салады.

**Беттина** : Иә, өкем өмірге қайта оралды!

Әндімелесе жүріп баққа шығады. Арттағы есіктен Вольфганг Клаузен мен оның әйелі Паула Клотильда шығады.

**Вольфганг** : Осы жаңа ғана өкемізге қаланың құрметті азаматы деген грамота тапсырды.

Паула Клотильда : (жорта мән бермегендей). Бұл туралы әңгіме баяғыда тарап кеткен. Онда тұрған не бар?! (Балконға шығып). Анау, осы үйдің күйеуі Кламрот кімді айналдырып жүр?

Вольфганг : Білмедім. Маған бұл үйдің малайлары да шетінен бөтен.

Паула Клотильда : Ал мен білем. Шешесі жесір. Бройхта тұрады. Нағашысы қорғанның бағбаны. Аты осының Инкен Петерс пе еді. Бұларды көзден таса қылмау керек!

Вольфганг : Соның бәрін қайдан білесің?

Паула Клотильда : Заң кеңесшісі Ганефельдт бар емес пе. Бройхтағы имение менгерушісі. Айтпақшы, естуімше, әкелерің ара-тұра сонда барып тұрады деседі ғой?

Вольфганг : Барса ше? Оны маған несін айтып тұрсың?

Екеуі кетеді. Доктор Штейниц пен доктор Вуттке келеді. Ілесе Маттиас Клаузен, Гейгер, обер-бургомистр, Вольфганг Клаузен, Эрих Кламрот, Беттина, Паула Клотильда, Оттилия Кламрот, Ганефельдт кіреді.

Эгмонт : Папа, Құрметті азамат деген атағың құтты болсын! (*Әкесінің маңдайынан иіскейді*).

Клаузен : Ий, айналдым Эгерт, мырзалар жомарттық жасап маған қала басқармасындағы ең зор атақты бере салды ғой. Бірақ, бір өкініші, осы мереке менің қартайғанымды айғақтап тұрған жоқ па.

Обер-бургомистр : Мырзам, сіздің шырайыңыздан әлі жастықтың лебі кеткен жоқ!

Клаузен : Бұл көпшігіңіз менің досым Гейгерге жарасатын шығар. Кембриджден менің туған күніме еру боп кеп отыр.

Гейгер : (*Шынымен*). Тіліміз тасқа! Тіл-көзден аулақ!

Обер-бургомистр : (*Айнала шолып*). Іскер адамның кабинеті дегенге сенбейсің. Мынау ғалымның құжырасы ғой!

Клаузен : Мойындаймын, іскер адамға үйлеспейтін қылықтарым көп-ақ. Сіздерді ұрық-шарқыммен таныстырайын. (*Вольфгангті нұсқап*). Өмірде менің қолым жетпегенді осы тындырды. Бұл бокмұрын қазір профессор!

Паула Клотильда : (*Ганefeldке сыбырлап*).  
“Боқмұрын” дейді! Жетістірді! Құлағыңызға жаққан шығар?

Клаузен : Ал мынау Эгмонт. Біз Эгерт дей саламыз. Жасы жиырмада, жалғаннан жауыр боп үлгерген жоқ. Бірақ, бұл үшін қам жемеймін. Миғұла болмаса, бұдан естиарлық қашпас!

Обер-бургомистр : Сіздің осы ұлыңыз болмағанда қала тіршілігі ұйықтап қалғандай еді, “мерседесімен” күйіндай ұшқанда біз жын қаққандай бәріміз терезеге жүгіреміз.

Клаузен : Ал мынау менің қызым Беттина.

Обер-бургомистр : Қайырымдылық қоғамында аты өйгілі.

Клаузен : Менің Беттинамның жүрегі сондай нәзік. Жаным күйзелгенде анда-санда ғана келіп тұратыны бар. Ал мынау менің кенже қызым Оттилия. Сәби кезінде ата-анасының азабы еді, өсе келе, өйтеуір ақыл кірген сияқты, зайыбы Кламрот мырзаны таныстырып жату қажет емес шығар.

Кламрот : (*Ептеп шамырқанып*). Әрине, жарымның аты озса менің қажетім қанша. (*Оттилия сасқанынан күйеуін жеңінен жұлқиды*). Не боп қалды? Мен шынымды айтып тұрмын ғой, Оттилия. (*Эгмонт жақындайды*).

Клаузен : Иә, сіз қашанда сөйтесіз ғой.

Обер-бургомистр : Директор Кламрот мырза жібектей жігіт қой, сыпайы турашылдығы бүкіл қалаға белгілі. Құпия кеңесші мырза, мынау қабырғадағы портрет неткен ғажап!

Клаузен : Сіз бұл бөлмеде бұрын болмап па едіңіз? Марқұм менің әйелімнің портреті, сонау бөде кезіндегі Фридрих Август Каульбахтың салғаны.

Гейгер : Мен көрген дүниедегі ең көрікті бикеш осы еді.

Беттина : Байқадыңыздар ма, мырзалар, анау бұрыштағы көбелекті көрдіңіздер ме? “Бұл менмін, мен сіздің бүкіл өміріңіздің жолбикесі боламын” деп мамама суретшінің өзі айтып еді.

Клаузен : Құрметті игі-жақсылар, мерекенің толқынына бір сүңгіп қайтсақ қайтеді! Баққа шығалық.

Барлығы баққа кетеді.

Инкен Петерс, оның соңынан шешесі кіреді.

2-эпизод

**И н к е н :** *(Қысылып, айналасына алақтап).* Мама, айтшы, біз осы қайда тұрмыз?

**Ф р а у П е т е р с :** Асықпасаңшы. Еремін деп өкпем өшті.

**И н к е н :** Мама, тарасып жатқан сияқты ма?

**Ф р а у П е т е р с :** Албасты қуғандай асығатының не? Гажап қалатыным, құпия кеңесші нөкерімен баққа шықса болды, сен тұра қашасың.

**И н к е н :** Онда майысып сәлем беретін жас бикештер менсіз де толып жатыр. Айналасына қатындардан қамал соққан құпия кеңесшіні қайтейін!

**Ф р а у П е т е р с :** Біздің міндетіміз оны құттықтау еді, себепсізден секендеп тұра жөнелу - өдепке сыймайды. Ең болмаса фрейлейн Бетгинамен қоштаспадың ба. Ол шіркін шын көңілімен сенімен ұзақ сөйлесті ғой.

**И н к е н :** Таусылмайтын сұраққа тақылдап жауап бергеннен басқа түк болған жоқ. Құдды емтихан тапсырғандай. Тіпті баға да қойды. Батылсың, іскерсің деп бір мақтаған болды, машинистка, тігінші, тәрбиешісің деп еді. Әр мамандық сайын бір мақтау, бірақ одан жаныма ілкімдей мейек қонған жоқ.

**Ф р а у П е т е р с :** Инкен, осы сенің қырсық мінезің-ай!

**И н к е н :** Оның үстіне өлгі директор Кламрот мырзаның билейік деп жабысатыны бар! Жеркенішті! Сыбырлағанда құлағыңды жеп қоя жаздайды. Ал дым сезбейтін қатыны оған құдайдай шоқынады. Адамша сөйлесіп, биге шақыратын жалғыз пенде Эгмонт Клаузен. Мұның есігі қайда? Тек далада ғана жаным жәй табады. *(Тысқа беттей беріп Паула Клотильда мен Ганефельдке соқтығысып қалады).*

**Г а н е ф е л ь д т :** Қайда асығып барасың, періштем?

**И н к е н :** О, Ганефельдт мырза! Сіздің осында екеніңізді білмеп едім.

**Г а н е ф е л ь д т :** Бүкіл қала мерекеде жүр! Оның үстіне, Клаузеннің отбасымен ежелгі байланысым бар. *(Паула Клотильдеге)* Сударыня, мүмкін сіз білмейтін де шығарсыз, дәл осы бөлмеде сіздің зайыбыңызбен балалық дәуренім өтіп еді *(Инкенге)* сізге көңілді болды ма?

П а у л а К л о т и л ь д а : Солай шығар! Сіз тамаша билейді екенсіз. Мен қызыға қарап тұрдым.

И н к е н : Мәз емес... әншейін, үй-ішіндегі тыпыр ғой.

Г а н е ф е л ь д т : Инкен, сіз кімнің алдында тұрғаныңызды білесіз бе? Доктор Вольфгангтің жары, құпия кеңесші мырзаның келіні. Қазіргі мен басқаратын, сіздер паналап отырған Броих мекенінің бір кездегі қожайыны еді.

П а у л а К л о т и л ь д а : Менің әкем генерал екенін өле-өлгенше ұмытқан жоқ. Содан ба кешірілмейтін қателіктер жасады, әсіресе қартайғанда. Әйтпесе осы күнге дейін Броихте отыратын едік... Шалдарды көзден таса қылуға болмайды!

Г а н е ф е л ь д т : (*Фрау Петерске*). Сізге мереке ұнады ма?

Ф р а у П е т е р с : Тамаша болды! Жылдар бойы естен кетпес.

П а у л а К л о т и л ь д а : (*Фрау Петерске*). Қызыңыз қайда қызмет істейді?

И н к е н : Мама, өзім-ақ жауап берейін. Егер, сударыня, білгіңіз келсе, мен қазір ешқайда қызмет істемеймін. Бірақ, меңгеруші Ганефельдт мырзаның көмегімен мамам екеуіміз бос оранжереяда балалар бақшасын ұйымдастырдық. Менің нағашым Броихте бағбан.

П а у л а К л о т и л ь д а : Демек, сіз бала бақшасының жетекшісі болдыңыз ғой.

И н к е н : Иә. Сол үшін қажетті емтихан да тапсырдым.

П а у л а К л о т и л ь д а : Табысыңыз қанша?

И н к е н : (*Жорта күлген болады*). Он алты тентек — әрқайсысынан аптасына екі маркадан.

Г а н е ф е л ь д т : Балақай, сіз бүгін тым шыдамсызсыз.

И н к е н : Қоштасуға рұқсат етіңіз. (*Иілін, кетуге ыңғайланады*).

Кенет есік аузында Эгмонт шыға келіп жолын бөгейді.

Э г м о н т : Менімен тангоны тағы бір билемей ешқайда кетпейсіз.

И н к е н : (*Күліп*). Мама, мені тыста күтерсің. Мен тұтқынға түстім.

Инкен мен Эгмонт кетеді.

3-эпизод

Ганефельдт: Қалай, сізге ұнады ма?

Паула Клотильда: Шынымды айтсам, мұның бары не, жоғы не! Маған ұнаған жоқ.

Ганефельдт: Несі жақпай қалды?

Паула Клотильда: Алдымен әйелдік қасиет жоқ.

Ганефельдт: Байғұс баланы қорладыңыз ғой. Расында мұндай биязы, мұндай сүйкімді әйел заты бұл маңда жоқ.

Паула Клотильда: Өз тәжірибеңізден білетін болдыңыз ғой?

Ганефельдт: Иә, тек сіз ойлағандай емес. Оның тәрбиесінде тинамдай мін жоқ. Рас, бүгін бір нәрсеге кейіп жүр. Айтпақшы, отбасының қандай қасіретке тап болғанын бейшара қыз білмейді. Инкеннің әкесі тергеу кезінде нақақ кінәға шыдай алмай түрмеде өзіне өзі қол қатып өліп кетті.

Штейниц: (*Осы уақытқа дейін байқалмай отырған*). Бақытсыз есалаң! Кейін кінәсіз екені тоқсан процент дәлелденді ғой!

Ганефельдт: (*Оны енді ғана байқап*). Ах, сіз осында ма едіңіз?

Штейниц: Мен өз шаруаммен отырмын.

Паула Клотильда: (*Шошынып*). Түрмеде өзін-өзі өлтірген?! Онда бір сұмдық іс болғаны да! Сіз қалай дейсіз, қайын атам мұны біле ме? Егер білмесе, айту керек қой.

Штейниц: Меніңше, оның еш қажеті жоқ сияқты.

Беттинаны ертіп құпия кеңесші Клаузен келеді. Соңында Гейгер, Вольфганг Клаузен, Эгмонт Клаузен, Кламрот әйелі Оттилиямен. Соңында көрі қызметкер Винтер.

Клаузен: Барлықтарыңа разымын, разымын достарым, балаларым! Мынау мерекемен мерейімді өсіріп тастадыңыздар!

Беттина: (*Көңілі босап, жұрт естісін дегендей*). Мен білсем, мамам көктен бізді байқап тұрған шығар-ау!..

Клаузен: Сонымен тағы да рақмет, рақмет, мырзалар! Кешкі аста кездесерміз.

Беттина: Кешір, папа, бүгін кешкісін ратушта банкет бар ғой.

**Клаузен :** Рас-ау! Онда басқа бір күнде кездесерміз. Барлығы да амалсыз кете бастайды. Гейгер мен Беттина қалады. Винтер дастарқан жасай бастайды.

**Беттина :** Әке, сізге ештеңе керек жоқ па?

**Клаузен :** Еш нәрсенің қажеті жоқ.

**Беттина :** Егер қажет болсам, мен мына музыка бөлмесінде боламын. (кетеді).

**Тым-тырс.** Джаз да тоқтаған. Сахнадан бірнеше адам өтеді. Инструмент көтерген музыкант т. б. Винтер шампан құяды.

**Клаузен :** Винтер, барлық есікті бекітіп, біреуін ашық қалдыр да өзің соған кесе көлденең жат!

**Гейгер :** Мұндай салтанат қашанда юбилярға емес, қонақтар үшін жасалады.

**Клаузен :** Келгенің үшін қатты разымын.

**Гейгер :** Жә, о не дегенің, сабақты ине сәтімен деген. Мен елге қашанда қуана-қуана жүгіремін... Оның үстіне бұл таптырмайтын сылтау болды. Қызың меруерттен қымбат. Қыздарың иіліп тұр.

**Клаузен :** Қызым маған ылғида түсін жорытады, түсінде мені өулиенің кейпінде көреді екен. Марқұм әйелім екеумізді.

**Гейгер :** Иә, Беттина діншіл ғой. Анасының өлімі қатты әсер еткен де.

**Клаузен :** Қызымның айтуынша, біздің некеміз ешқашан үзілмеген, марқұм әйеліміз екеуміз қазір де некелі қосақпыз.

**Гейгер :** Бұл да сенің қайғыңды кемітейін дегені ғой.

**Қағыстырып ішеді.** Клаузен тұрады.

**Клаузен :** Әйелімді жерлеген соң, мынау иен үйде, үй емес-ау, қараң қалған дүниеде қапалықпен қайғы кешкен күндерімді саған айтсам деп тұрмын.

**Гейгер :** Қатты қиналды деп естідім.

**Клаузен :** Ол рас. Жардан айрылған соң жарымжан боп сандалып қалдым.

**Гейгер :** Құдайға шүкір, құрдымнан шығыпсың!



К л а у з е н : Десең де болады, демесең де болады. Мен өлі де өмірде жоқ секілдімін. Кейде айналама қарасам, мынау тіршіліктің маған тинамдай қатысы жоқ сияқты. Оның үстіне жалғыздық.

Г е й г е р : Жалғыздық? Қызық екен: осы жаңа ғана мерекелі дырдудың ортасында болған жоқсың ба?!

К л а у з е н : Менің жалғыздығымды бөліп-жаратын салтанаттың дырдуы емес, сенсің, жарқыным Гейгер!

Г е й г е р : Сен маған ұнамай тұрсың, Маттиас!

К л а у з е н : (*Жақын тұрған шахмат тақтасына қол артын*). Мына шахмат тақтасына көңіл бөлші. Осыны таңнан қара кешке дейін, тіпті түсімде де ойнадым, бүкіл өмірім шахмат ойыны секілді. Мына піл, ат, пешкалар өнер туындысы, бірақ мәнісі осында ма? Шындығы — фигура да, тақта да тек миында. Ең қиын деген партияны да оймен шешесің, ал фигураларды тірі жан, тірі адамдар деп есепте.

Г е й г е р : Егер жаныңды қинаса, ал дағы төңкере сал. Онсыз да айқын партияны аяғына дейін ойнаудың қажеті қанша?!

К л а у з е н : (*Орнынан тұрып*). Міне, дәл солай етем, Гейгер! Быт-шытын шығарып, осымен өткен өмірімді біржола өшірмекпін! Содан *tabula rasa* жасаймын.

Г е й г е р : *tabula rasa*, жалған дүниеде сендей табысты ғұмыр кешкен тірі жан жоқ еді ғой?

К л а у з е н : Төңкере сал дегенді өзің айттың ғой! Маған сенсең, өлгі дырду да, менің бүкіл айналам — балалар, анау сурет, мынау кілем, орындық, жозың да, өткен өмірім де — мен үшін боқ дүние!

Г е й г е р : Демек, бөрінен баз кештім деші?

К л а у з е н : Тек бір партияны аяқтасам болды. Себебі, жақын-жұрағаттарым менің жаналғышыма айналып, ажалымды асыға күтпесе екен деп ойлаймын.

Г е й г е р : (*Әлі де өзілге жығып*). Сонда сен тіршілік етпеген жанбысың? Жарық дүниеге жаңа келгендей сөйлейсің.

К л а у з е н : Солай екені рас. Мұның да шындығы бар. Айтшы, бақтағы сайраншыл тобыр ішінде бір әйел заты назарыңа түспеді ме?

Г е й г е р : О, өрине!

---

К л а у з е н : (Гейгерге жақындап). Бүгін осыдан артық ештеңе айтпаймын. Ал ертең екеуміз қала сыртындағы иен жатқан шағын қорғанның бағына барамыз. Сонда көресің де менің жан-дүниемнің күйзелісін түсінесің...

### *Екінші көрініс*

#### 4-эпизод

Броих қорғанының паркі. Бағбанның шағын үйі, плюш басқан беседка, су құятын бөшке. Оранжерея. Калиткалы шарбақ. Алыстан деревня шіркеуінің ұшар басы шошаяды. Бағбан Эбиш беседкада отыр. Ойын балаларының дауысы естіледі. Фрау Петерс келеді, қолында тоқыма біз бен шүйке.

Ф р а у П е т е р с : Лауридис, егер Инкен жуырда келмесе, балаларға сен қарай тұрасың.

Э б и ш : Бұл бірінші рет емес қой. Анна, мен меңгеруші Ганефельдтен күдікті бір хат алдым.

Ф р а у П е т е р с : О неткен хат?

Э б и ш : Ол мені осы жерден ауыстырғысы келеді.

Ф р а у П е т е р с : Меңгеруші сені ауыстырмақ па? Сонда қайда жібермек?

Э б и ш : Әлдебір имениеге. Польшаға.... Жалақысы мол, жұмысы жеңіл, баспанасы жақсы деп жазады.

Ф р а у П е т е р с : Ал сен ше?

Э б и ш : Менің зауқым жоқ. Осында қалғым келеді.

Ф р а у П е т е р с : Немене, меңгерушінің миы ауысқан ба?

Э б и ш : Мен де түсінбедім.

Ганефельдт келеді, үстінде жазғы костюм. Жеңіл.

Г а н е ф е л ь д т : Машинамен өтіп бара жатып тоқтап едім. Күн қайырымен, Эбиш жарқыным. Не жаңалық? Жалғыз сұрақ: менің хатымды алдыңыз ба?

Э б и ш : Иә, алдым.

Г а н е ф е л ь д т : Асығыс шаруа емес, тек соған қалай қарайсыз?

Э б и ш : Меңгеруші мырза, мен осында қалғанды калар едім.

Г а н е ф е л ь д т : А, солай ма? Үлкен жалақы қызықтырмай ма?

Э б и ш : Бауыр басып қалған мекен. Өлмегенге өлі балық.

Г а н е ф е л ь д т : Ал, қымбаттым, сіздің тоқтамыңызды толық түсіндім. Енді бізді бес минутқа оңаша қалдыра тұрсаңыз қайтеді.

Э б и ш : Оған сөз бар ма, меңгеруші мырза. (*Тез кетеді*).

Г а н е ф е л ь д т : Әуелі сізге бір сұрақ: ағаңызды басқа жерге ауыстырмақ болған менің ұсынысымды білесіз бе?

Ф р а у П е т е р с : Мен мұны ширек сағат бұрын ғана естідім.

Г а н е ф е л ь д т : Әңгімелеселік.

Ф р а у П е т е р с : Біздің бақта тамаша шабдалы пісіп тұр.

Г а н е ф е л ь д т : Ниетіңізге ризамын. Маған ештеңенің қажеті жоқ. Уақытым және тығыз, бөгде құлаққа шалынуы мүмкін, бұл жұрт естімейтін әңгіме.

Ф р а у П е т е р с : Сіз менің үрейімді ұшырдыңыз ғой, меңгеруші мырза.

Г а н е ф е л ь д т : Күдіктенетін еш қауіп жоқ, фрау Петерс, іс насырға шапқан жоқ. Менің бұл миссиямның неге байланысты екенін сезетін шығарсыз?

Ф р а у П е т е р с : Жоқ, бұйырмасын.

Г а н е ф е л ь д т : Мен сіздің Инкенді қаладан көрдім. Келіп отырғанымның да бір себебі осы. Бұл әңгімеге қызыңыздың қатыспағаны жөн.

Ф р а у П е т е р с : Бірақ оның өз басына өзі ие екенін де білесіз ғой.

Г а н е ф е л ь д т : Ананың борышы — баланың басын бері қарату, егер оның бақытын ашар болса. Айтыңызшы, сіздің күйеуіңіз неден өлді?

Ф р а у П е т е р с : Ол түрмеде өлді. Өзіне өзі қол қатып. Осыдан соң көшуден зерезеп болғам. Оның қызметін басқа жерге ауыстырған еді, жол-жөнекей фургондағы жүгіміз өртеніп кетті, қауіпсіздендіру сыйлығын алу үшін әдейі өртеді деген өсек тарады. Бұл өтірік жала!

Ганефельдт: Кешіріңіз, жараңызды тырнайын деген жоқ едім. Енді ғана есіме түсіп тұр, өуелде қалай ойыма келмеген.

Фрау Петерс: Оқасы жоқ. Жанашырдың бәріне жасырмай айтып жүрмін. Біздің арымыз таза. Ұяты мен обалы сот мантиясын киген қасапшыларда.

Ганефельдт: Сот та пенде ғой, қателесуі мүмкін. Рұқсат болса: ағаңызды жайлы жерге ауыстыруға сіз де қарсысыз ба?

Фрау Петерс: Иә, қарсымын. Онда бауырымыз екеуміз қоштасуға тура келеді. Ал Инкен екеуміз жұртта қаламыз.

Ганефельдт: Сіз мына үйді айтып тұрсыз ба?

Фрау Петерс: Жоқ-ө, осы маңда дегенім ғой.

Ганефельдт: Егер сізге ірі сома ұсынса да қызыңыз екеуіңіз бұл өңірден кетпейсіз бе? (*Фрау Петерсті қолтығынан алып*). Тек жұмған аузыңызды ашпаңыз!

Фрау Петерс: Мен айтқанымнан танған емеспін.

Ганефельдт: Сонымен, тағы сұраймын: егер сізге қырық мың марка берсе, қызыңызды алып осы маңнан жоғаласыз ба?

Фрау Петерс: Мұныызды қалай түсінсек екен, кеңесші мырза?

Ганефельдт: Сізден алдымен құпияны ашуыңызды талап етем.

Фрау Петерс: Таяқ жеген адам бақырып барқадар таппайтын болар.

Ганефельдт: Ақшаны беретін Клаузен отбасының жұрағаттары. Қажет болса қаржыны аямайды. Олар мынау өсектен құлақ кесті құтылғысы келді.

Фрау Петерс: Ол неткен өсек.

Ганефельдт: Сіз естіген жоқсыз ба? Онда тіпті жақсы! Құдай қаласа, Инкен бір түннің ішінде дәулетті қалыңдық боп шыға келеді. Дәл бүгін жауабын бер деп сізді қинамаймын. Бәріміз де пендеміз ғой, фрау Петерс. Ойланыңыз! Ақша деген — ақша. Орайы келгенде орып қалыңыз. Сөті түсе бермейді. Соқыр болмаңыз!

Фрау Петерс: Егер мұны қызым естисе айға шапқиды.

Ганефельдт: Қыз құлағына алтын сырға!

Фрау Петерс: Оған ақшаны қайдан алдым деп қалай айтам?

Ганефельдт: Мұрадан байыдым дерсіз... Бұл туралы да ағаңызбен ақылдасыңыз.

Фрау Петерс: Қызымның қандай жауап қайтатарын айтайын ба: “Мені кәрі қыздың қатарына қоспақсың ба?” дейтіні хақ.

Ганефельдт: Инкен қатты сөзге бармас.

Фрау Петерс: Ол бұдан да жуанын шығарады. Суға секіруге де бар: намысқа келгенде ол әкесінен де асып түседі.

Ганефельдт: Сонымен, фрау Петерс, мен айтарымды айттым. Сіз Кламрот мырзаның қандай адам екенін білесіз ғой. Мен профессор Вольфганг Клаузенмен мектепте бір партада отырғам; қатынының аузына саусағыңды сала көрме! Жасыратыны жоқ, төбеңізден қара бұлт төніп келеді!

Фрау Петерс: Сонда бұл құпия кеңесшінің тапсырмасы емес қой? Туысқандарының ойынша ол Инкеннен іргесін аулақ салады дегені ме?

Ганефельдт: Кім күшті, гөп сонда... Міне, Инкен де келді. Сау болыңыз. Қалай шешсеңіз де мейліңіз.

### 5-эпизод

Ганефельдт кетеді. Инкен шығады. Аттаған сайын бір тоқтап, қораптан бір нәрсе алып жейді, бейғам, маңайына мән беретін емес.

Фрау Петерс: Мынау қымбат кәмпитті қайдан алдың? Қайда жүрсің? Кешіктің ғой.

Инкен: Иә, сәл кешіктім. Дәмін көрші. (*Қорапты ұсынып*).

Фрау Петерс: Мұны қайдан алдың? Сенің қалтаңның шамасына шақ емес қой!

Инкен: Екі қадақ. Ақшасы да удай, мама!

Фрау Петерс: Пұлын төлеген кім?

Инкен: Эгмонт Клаузен, құпия кеңесшінің кенже ұлы. Кондитер дүкенінің қасынан жолықты. Өте бір сүйкімді балақай!

Ф р а у П е т е р с : Мен саған қанша айттым, сыйлағанды сықпырта берме деп!

И н к е н : Сенің айтқаның құпия кеңесші болатын.

Ф р а у П е т е р с : Құпия кеңесшіден де, оның отбасынан да.

И н к е н : Саған мен де ескерткем, ешнәрседен қауіптенбе деп. Құпия кеңесші сүйкімді адам, бір ауыз тіл қатуға жасқанады. Ал мен одан сыйлықтың көкесін күтіп жүрмін.

Ф р а у П е т е р с : Бері келіп бір минутқа отыршы.

И н к е н : Ой, мама, сен тағы да әлгі бір өсек туралы құлағымды шірітетін болсаң отырмай-ақ қойдым. Не ойласаң да еркін білсін, менің ешқандай көмегім жоқ.

Ф р а у П е т е р с : Инкен, сенің не істемек ойың бар?

И н к е н : Әрқилы. Рас-өтірігін кейін біле жатармыз.

Ф р а у П е т е р с : Оған қарағанда сен сәбисің ғой, оның жасы жетпісте.

И н к е н : Байқауымша, менің жастығымнан жасып жүрген ол жоқ.

Ф р а у П е т е р с : Несіне жасысын, ниеті жаман бұқа бұзаумен түнейді. Бірақ естияр жұрт ескертусіз қалдырмас, жетпістегі шал жетілмеген жасқа исініпті деген естір құлаққа жат емес пе!

И н к е н : Жетілмеген жас? Қымбатты мама, сен мені білмейді екенсің.

Ф р а у П е т е р с : Мүмкін. Мен расында түсінбеймін. Сен танитын жас жігіттер аз ба, дәрігер де, заңгер де саған жүрегін ұсынды. Кешір, солардың бөрінен тулақ боп қалған кепкен шал артық болғаны ма?!

И н к е н : Солай ма?! Ендеше, сол маған жар болмаса жарылып өлем!

Ф р а у П е т е р с : *(Есі шығып)*. Астапыралла! Инкен, мұндай есерлігінді енді қайтып естімейтін болайын! Ол сенімен әншейін ашына болғысы келеді. Ондай көрі жынның күнөкарлығын мен білмейді дейсің бе?!

И н к е н : Мама, жәй отырып сөйлесейікші. Сен менің ішіме кіріп-шыққан жоқсың. Ал құпия кеңесші жөнінде мүлдем бейхабарсың, әйтпесе жаңағыдай жалған сөзді айтпас едің. Ал менің түйгенім не? Құпия кеңесшінің қасиетімен өмірге мен қайта келдім. Жүзге жетсем де мен оның жүзін

ұмытпас едім. Менің тергенім, оның маған бергені, оны енді ешқашан жоғалта алман!

Фрау Петерс: Ол саған сонда не берді?

Инкен: Оны енді балық, не бақа сияқты столға қоя алмайсың.

Фрау Петерс: Инкен, екеуіміз қылжақсыз сөйлесеміз деген сияқты едік қой?

Инкен: Жаратқан мені бүгін Клаузендермен жарылқады. Әуелі Эгмонтпен жолғасып көмпит алдым. Осылай келе жатып әлгі қисық бөксе Беттина байқұсты көрдім. Білем, ол менің дұшпаным. Неге екені де айдан анық. Әкесінің сүйерге де, сүйенерге де тұрарлық тамаша адам екенін біледі, сонсоң да араға мен киліксем айрылып қалам ба деп қорқады.

Фрау Петерс: Қызым, сен атақ дертіне шалдыққан екенсің.

Инкен: Сенсең де, сенбесең де одан енді ештеңе өзгермейді.

Фрау Петерс: Фрейлейн Беттина сенен қызғанады. Құпия кеңесшінің сүйікті қызынан тырнаққа тұрмайтын жабайы қыздың бағы озып кетеді деп қызғанады.

Инкен: Жә, мама, мұнымен бетімді қайтара алмайсың. Саған ашық айтайын: қызыңның бой жеткені соншалық, сенің билігіңнен шығып кетті.

Фрау Петерс: Бұл енді саған да, маған да жақсы. Тағы бір сұрақ: құпия кеңесші саған неке туралы мезірет білдірді ме?

Инкен: Жоқ, өйткені оның қажеті не. Айтпақшы, шоколадтан соң менің тамақ жегім кеп тұр. Барып нан кесіп алайыншы. *(Беседкаға кіріп столдағы наннан кесіп алады)*. Мама, айтшы, менің өкем түрмеде өлді ме?

Фрау Петерс: Қызым, сенің есің дұрыс па?

Инкен: Әлде алдын ала қамайтын абақтыда өлді ме?

Фрау Петерс: Инкен, асылық айтып қайтесің.

Инкен: Қауіпсіздік сыйлығын заңсыз алмақ болды деген айыпқа намыстанып өзіне өзі қол қатқан жоқ па.

Фрау Петерс: Мұны саған жеткізген кім?

Инкен: Мама. Сен мені әлі бала деп ойлайсың ба? Қиналмай-ақ қой. Мен мұны баяғыда-ақ сезгем.

---

**Ф р а у П е т е р с :** Тірідей жерге кірдім-ау! Мұндай сұмдыққа кімнің дәті барды екен?!

**И н к е н :** Бәрі мына хаттан басталды. *(Қол боқшасынан хат алып ұсынады).*

**Ф р а у П е т е р с :** Кімнің хаты?

**И н к е н :** Иесі белгісіз. Ашуланбай оқып шық. Атағымыз аймаққа жайылыпты! Құлақ естіп көз көрмейтін жерге кетпесек болмас!

**Ф р а у П е т е р с :** Жалған! Сен мұны көктен саудың ба? Көп жыл бұрын басымызға түскен қаралы күн жайында кезі келгенде айтармын. Бірақ өкең күнәдан пәк еді.

**И н к е н :** Білем. Мен хатты доктор Штейнице көрсеткем. Бүгін ертеңгісін оның қабылдауында болып едім, оның да айтқаны осы.

**Ф р а у П е т е р с :** Иә, доктор Штейниц өкеңді білетін. Онымен дәмдес болғандардың бір бума хаты менің қобдиымда сақтаулы. Бәрі де өкеңнің ондай қылмысқа бармайтынын айтады. Құпия кеңесші мұны біледі деп ойлайсың ба?

**И н к е н :** Штейництің айтуынша білетін көрінеді. Әйтпесе оған жеткізу менің міндетім еді.

**Ф р а у П е т е р с :** *(Басын ұстап үйге жүгіреді).* Инкен, төңірегіміз толған дұшпан!

Инкен балаларға деп нан турап жатады. Калиткадан білдірмей кірген Клаузен болған оқиғаны көзімен көрген. Ептеп қана жақындап келеді. Инкен байқап қалады.

## 6-эпизод

**И н к е н :** Құпия кеңесші мырза? Әлде елес пе?

**К л а у з е н :** Өкінішке қарай, расында менмін. Қуанып тұрсыз ба, әлде шошып қалдыңыз ба?

**И н к е н :** Шошынсам да қуанғаннан болар. Сонымен шын болады ғой. Ал мен бірнеше күнге ауыз бекітсем бе десем...

**К л а у з е н :** Ораза тұтатын адамға ұқсамайсыз.

**И н к е н :** Мен қаладан жаңа ғана оралып едім. Қаладан соң қашанда араным аш қасқырдай ашылатын әдеті.

**К л а у з е н :** Амал қанша, тағы да жетіп келдім, іштей ойлап тұрсыз-ау: мынау жетпістегі азаптан жеті күнге болса да құтыла алмадым-ау деп!



И н к е н : (Жалбыран). Сіз біреудің ойын оқуға шорқақ екенсіз. (Стол мен орындықтың шаңын сүртіп жатады). Сіздің келгеніңіз менің төбемнің көкке жеткені.

К л а у з е н : (Пальтосын, цилиндрін, қолғап пен трості столға артып). Менің де сезімім сондай. Аяғым бақшаға аттап кіруі мүң екен, жаным жай тауып сала берді. Менің күнім сізге табынышты екен.

И н к е н : Сізді қинайтын осы ма? Азаптан арыла алмай жүрмін деңізіші.

К л а у з е н : Арылғым келмейді.

И н к е н : Мұныңыз сіздің досыңызға онша ұнамайды. Мені кейде солай атайтын едіңіз ғой. Жә, көңіл көтерелік. Мынадай күнде кейіс қабақ — күпірлік.

К л а у з е н : Өмірден романтика қашқалы қашан, ал сіздің айналаңызда сол шалқып тұрған тәрізді.

И н к е н : Сіз осыны жиі айтасыз. Бірақ бұдан маған келіп-кетер ештеңе жоқ.

К л а у з е н : (Столдың карсы бетінен қолын созып). Балақай, мен дегенде шыдамды болшы... сәл де болса.

И н к е н : Шыдам! Әттең, бар кілтипан шыдамда болса ғой...

К л а у з е н : Әрине сонда: төзім, төзім!

И н к е н : Оған дейін жер көшер, болмаса үкім кесіліп, ту сыртымнан түрменің қақпасы қаңқ етіп жабылып қалып жүрмесе?..

К л а у з е н : (Күрсініп). Ах, Инкен, пенде деген қашанда екіжүзді емес пе.

И н к е н : (Пауза). Мен көргеннен-ақ бір кінараттың болғанын сезіп едім. Әлде менен жасырғыңыз келді ме?

К л а у з е н : Дұрыс айтасыз. Енді екеумізге жасыратын ештеме қалған жоқ.

И н к е н : Сонымен, созбай турасын айтыңызшы.

К л а у з е н : Болашақты болжай білсем, түсіндіріп те жатпас едім. Екеумізге белді бекем бұғанымыз жөн шығар, соқпақтың екі тармағы бар, соның бірі ерікті түрде бұл фанимен қоштасу.

И н к е н : Ең жеңіл жол деңізіші.

К л а у з е н : Не айтып тұрсың? Күнаһар болма, Инкен! Мен жас болсам жаныңа жұмақ орнатар ем.

И н к е н : Жазымыш жасқа қарайтын ба еді.

К л а у з е н : Саған деген махаббатымды сыйлар болсаң, соңғы жолыма көлденең тұрма!

И н к е н : (*Көзіне жас алып*). Білгі да менің құлағымда тұратын жаңғырық: жалғыздығына жанаспа, жолын кеспе, соқпағына таласпа, тыныштығына қол сұқпа...

К л а у з е н : Сіз мені түсінгіңіз келмей тұр! Менің тағдырыма ортақ болуға қақыңыз жоқ. Мен осыны айтуға келіп едім.

И н к е н : Бұған да себеп, менің әкемнің ақылға салмай ақырғы жолды тандағаны ма?

К л а у з е н : Екінші жолы — бақыттан бас тартып, тағдырдың салғанына көнсем деп тұрмын. Дүние көз алдымда жайнап сала берді.

И н к е н : Бұл өлімнен бетер жаныңды жаралайтын қиянат болар еді.

К л а у з е н : (*Дауысында діріл*). Бұл мүмкін бе? Сіз сияқты сәбиге мен сияқты жасамысты жақсы көруге бола ма?

И н к е н : Жоқ-ө, о не дегеніңіз? Мен сізді жаратпаймын.

К л а у з е н : (пауза). Бұйрық бер де жетелей бер. Екеуміздің арамызда шешілмеген ештеңе қалған жоқ. Инкен, соның белгісі болсын, мына жүзікті саусағыңа ки (*жүзікті кигізеді, қыз оған ернін тигізеді*). Бұл жүзікті Беттина шешесінің қобдишасынан таппапты, бүліктің басы да осыдан. Екеумізді мәңгілік қосатын да осы жүзік болсын! (*Тұрады*). Сонымен бір-бірімізге тірекіміз! Бақиға дейін!..

### Үшінші көрініс

#### 7-эпизод

Бірінші көріністегі үлкен бөлме. Бір шеттегі столға дастарқан жайылып, тоғыз адамға аспап қойылған. Винтер келеді, салфетка үлестіреді. Мысықша басып Эрих Кламрот кіреді.

К л а м р о т : Винтер!

В и н т е р : Құлағым сізде, директор мырза!

К л а м р о т : Құпия кеңесшінің кабинетіндегі кім?

В и н т е р : Доктор Вуттке болар.

К л а м р о т : Біз машинадан түсіп жатқанда Вуттке үйден шығып бара жатқан. Мынау әйелдің дауысы ғой.

В и н т е р : Мүмкін фрейлейн Беттина әкесіне кірген шығар.

К л а м р о т : Есің дұрыс па! Беттинаның шырылдақ дауысын мен күншіліктен танымын.

В и н т е р : Кешіріңіз, директор мырза, онда мен құпия кеңесшіде кімнің отырғанын білмедім.

К л а м р о т : Білмедім? Соған сенеді деп тұрмысың? Бұл үйде бүрге түшкірсе де сенен қағыс қалмайды.

В и н т е р : Бұл менің құлағыма тым артық көпшік!

К л а м р о т : Осы жаңа ғана Штейниц машинаға қара жамылған бір әйелді мінгізіп жатты. Оның кім екенін де білмейсің бе?

В и н т е р : Әрине, тап басып айта алмаймын.

К л а м р о т : Мұндай жылпостығыңмен жаушы болатын түрің бар ғой. Ендеше, кім екенін мен айтайын. Ол Инкеннің шешесі Петерс болатын.

В и н т е р : Ол да мүмкін.

К л а м р о т : Ал Инкен Петерстің өзі құпия кеңесшінің кабинетінде. Енді жасырмай айт: бұл тігінші осында аптасына неше дүркін келеді?

В и н т е р : Ол келсе, менен рұқсат сұрамайды. Ең соңғы рет оны құпия кеңесшінің жетпіс жылдығында ғана көрдім.

К л а м р о т : Кабинетте отырған сол емес пе?

В и н т е р : Мүмкін. Егер директор мырза солай жорыса тәжікелесіп жатпаймын. *(Кетеді)*.

К л а м р о т : *(Соңынан айқайлап)*. Ей, сұржылан! Сенің жылпостығыңа бола сағаттың тілі теріс айналмас! *(Бөлмеде арлы-берлі жүріп, столға келіп аспаптарды саусағымен санай бастайды, қайта санап, басын шайқайды)*.

Қол ұстасып Беттина мен Оттилия кіреді.

Б е т т и н а : Басымыз қосылғанына қуаныштымын. Ай сайынғы осы дәстүрлі дастарқанды әкемнен бекерге талап еткем жоқ қой.

К л а м р о т : (Әйелдерге жақындап). Білесіздер ме, өкелеріңіздің кабинетінде Инкен Петерс отырған сияқты.

Б е т т и н а : (Сұрланып). Оны кім айтты? Мен бұған сенбеймін!

К л а м р о т : Дауысынан таныдым. Мен қасынан өткенде есікте саңылау бар еді.

Б е т т и н а : Инкен Петерс әкемнің туған күнінен соң мұнда болған емес. Бұл қай келісі? Дәл бүгін, отбасының отырысында.

К л а м р о т : Мәнісі көп болуы мүмкін... оны ойлаудың өзі сұмдық.

Б е т т и н а : Кешіріңіз, мен Винтерге барайын. (Кетеді).

К л а м р о т : Оттилия, бері келші (столға шақырып), мында қанша аспап бар?

О т т и л и я (санап). Бір, екі, үш... тоғыз ғой.

К л а м р о т : Отбасымызда қанша ауыз бар?

О т т и л и я : (Әркімді отырғызғандай). Әкем, Беттина, мен, сен — төртеуіміз, Эгерт, Вольфганг және оның Клотильдасы — жетеу. Мұнда Штейниц, папамша айтсақ, “бордақы” отырады, әкеміз оны тастамайды.

К л а м р о т : “Бордақыңды” албасты бассын! Мынау тоғызыншы аспаппен кімді жемдемек?

О т т и л и я : Білмедім.

К л а м р о т : Біліп тұрсың, бірақ айтқың келмейді.

О т т и л и я : Құдай ұрсын, білмеймін, әкеміз бізді өйтіп қорлай қоймас!

К л а м р о т : Құдайдың ұрғанынан не пайда? Қиын қылғанда мен тайып тұрамын. Онсыз да уақытым жоқ!

О т т и л и я : Өзің айтып едің ғой, отбасының берекесі үшін дастарқанда отыруға міндеттімін деп.

К л а м р о т : Иә, мен отыруым керек, өйткені, болашаққа қауіпшен қараймын. Жаман айтпай жақсы жоқ. Жамандықтың алдын алмаса болмайды.

О т т и л и я : Тек сен кейімеші, Эрих.

К л а м р о т : Қапырықтан тұншығып барам. Баққа кеттім. (Кетеді).

О т т и л и я : Эрих, қашпашы! Өтінем!

Беттина қайтып келеді.

**Беттина** : Әкемде өлдебір өйелдің отырғанына сенгім келмейді. Бірге жүрші. Мен бөлмеме барайын. Егер сенің күйеуіңнің айтқаны рас болса, мені іздемей-ақ қойсын. *(Күйгелектеніп кетіп қалады).*

8-эпизод

Паула Клотильда талғамсыз үлкен букетті фрау Клаузеннің портретінің астына апарып қояды.

**Паула Клотильда** : Ең өуелі менің сүйкімді де ардақты енемді еске алайық.

**Беттина** : Көңілімді босаттың-ау, қайырымды Паула!

**Паула Клотильда** : *(Портретке көзін қадап).* Қашанда жебей жүр! Жебеп жүр! Сенің рухың берекеміздің пірі болсын!

**Вольфганг** : Не боп қалды? Беттина, сен неге капалысың?

**Беттина** : Ештеңе болған жоқ, Вольфганг! Түк те болған жоқ!

**Вольфганг** : Осында келсем менің де көңілім бұзылады. Келмеуім керек еді. Мұндай қырсық атмосфера ғалымның тыныш тірлігіне зиян!

**Оттилия** : Алдымызда ел естімеген қорлық тағы да күтіп тұр. Мынау столдағы артық аспап кімге қызмет етер екен?

Винтер келеді.

**Вольфганг** : Винтер, мүмкін сіз айтарсыз, доктор мен бізден басқа да тағы кімді күтіп едіңіздер?

**Винтер** : Профессор мырза, ол жағын айта алмаймын. Аспап өуелде он еді, сосын құпия кеңесші біреуін алдырып тастады. Тағы да біреу артық қой деп едім, құпия кеңесші мырза: “артық ештеңе жоқ! Аузыңды жап!” - деп айғай салғаны. *(Шығып кетеді).*

**Паула Клотильда** : *(Тыпырышып ары-бері жүреді).* Жетпегені тігіншімен табактас болу еді!

**Вольфганг** : Катаржанның қызымен қатар отыру масқара ғой! Менің қызмет бабыма қырсығы тиеді.

**Беттина** : Жо-жоқ! Әкеміз бізді бұған мәжбүр етпес!

Эгмонт кіреді.

Э г м о н т : Не болды? Мырзалар, араның ұясындай гүлдеп кеттіңіздер ғой?! Бақ ішінде еліріп Эрих Кламрот жүр, мұнда сіздерді жын ұрды ма?

В о л ь ф г а н г : Құрметтім құлды да құрық тигендей мөңкітетін қылық болады!

О т т и л и я : Мынау тоғызыншы аспаптың столда неге жатқанын сен білесің бе?

Э г м о н т : Мүмкін Инкен Петерс келетін шығар. Әлде ол осы үйде ме екен?

П а у л а К л о т и л ь д а : Сен осыны түк болмағандай айтып тұрсың ба, қымбаттым?

Э г м о н т : Енді қалай айтушы еді?

П а у л а К л о т и л ь д а : Сен ештеңе түсінбепсің. Қағынды уақыт келе жатыр, сүйкімді балақай, ертең сол тігіншіні мама деп жүрмегін.

Э г м о н т : Сенің фантазияң Дантені де жол қалдырады. Айтар ақылым — от алып қамысқа түспе.

П а у л а К л о т и л ь д а : Көрі Петерстің байы тергеу абақтысында өлген. Өзіне өзі қол қатыпты. Жуырда Ганефельдт сот тергеуінің материалдарымен танысқан екен. Теміржол инспекторы көш үстінде өз дүниесін өзі өртеп жіберіпті. Бірақ оны істеген әйелі деседі. Жалғыз куәгер, сорлы байы жантәсілім етпегенде ендігі каторгада жүретін бе еді.

Э г м о н т : Мен Ганефельдтен көрі Штейницке көбірек сенемін. Ол фрау Петерстің еш кінәсі жоқ деп отыр.

П а у л а К л о т и л ь д а : Фрау Петерс Штейництің қолындағы қуыршақ. Оның да өз есебі бар. Ал біздегі ақпар мүлдем басқа.

Штейниц келеді.

Ш т е й н и ц : Егер мен осы жерде артық болсам, ерінбей есікті нұсқаңыздар.

Э г м о н т : Доктор, сіз дер кезінде келдіңіз. Менің қымбатты жеңгем жаңа ғана фрау Петерстің төбесінен біраз мадақ сөзін төгіп еді.

Паула Клотильда : Менің бар айтқаным документте жазылған дәлелді дерек.

Штейниц : Документте не жазылыпты? Нені дәлелдепті?

Вольфганг : Паула, соны қозғап қайтеміз?

Эгмонт : Жеңемнің айтуынша өртті жіберген фрау Петерс көрінеді. Ал күйеуі әйелін құтқару үшін өзін-өзі өлтірсе керек.

Штейниц : Соңғы кезде, әлдекімдер қадірлі фрау Петерсті базардың былапыт боқтығымен балағаттап, иесіз хатпен қорқытатын болыпты. Соның бірін маған көрсетіп еді. Адамның арамзалығына айғақты жинап жүретін едім, айтпақшы, сол менің қалтамда-ау деймін. *(Қалтасынан хатты алып Паула Клотильдаға ұсынады)*. Мінеки, егер көргіңіз келсе.

Паула Клотильда : *(Сөл сескеніп, себебі өзі жазған)*. Мұны мен қайтемін?

Штейниц : Автордың осы шимай-шатпағы сіздің пікіріңізбен дәп түсіп жатыр.

Паула Клотильда : Бұл неге “шатпақ” болады? Мұны кім жазды екен?

Штейниц : Білмедім. Иесі жоқ қой.

Паула Клотильда : Мұндай нәрсені отқа лақтыра салу керек қой. *(Каминге лақтырмақ болады, бірақ хат жерге түсіп қалады)*.

Штейниц : Фрау Петерс жөніндегі қате пікіріңізді де өстіп лақтыра салсаңыз жақсы болар еді. Ал хатты мен сақтауым керек *(хатты көтеріп)*. Мүмкін, фрау Петерсті ақтауға жарап қалар.

Паула Клотильда : Жарай ма, жарамай ма, онда шаруам жоқ.

Эгмонт : *(Оттилияға)*. Құдай үшін, жоқтан өзгеге шу көтермендерші. Инкеннің дастарқандас болғанында не тұр, ас бәрімізге де жетеді.

Оттилия : Сен естідің бе? Енді папамның есінің дұрыстығына менің күмөнім бар.

Эгмонт : Мен тағы не естуім керек еді?

Оттилия : Әкеміз мамамның қымбат бұйымдарын шашып жатыр. Әлгі Инкен оның жүзігін, білезігі мен

моншағын тағып жүр... Егер күйеуіме айтсам ғой, тас-талқан болады. (*Жүгіріп күйеуін іздеп кетеді*).

**В о л ь ф г а н г :** Доктор, ашығын айтыңызшы, өкемнің Цут көлінен көне сарайды сатып алып, Берлин архитекторына жаңартуға тапсырма бергені рас па?

**Ш т е й н и ц :** Ондай өңгіменің болғанын естігем. Құпия кеңесші қартайған шағында тыныш түкпірді жайлап жатсам дегені бар.

**Э г м о н т :** Штейниц ағай, өкем мамамның қымбат заттарын Инкенге тарту еткенін сіз де құптамайтын шығарсыз?

**Ш т е й н и ц :** Онда менің шаруам қанша? Клаузен отбасының ішкі жұмысына араласпайтынымды баяғыдан білесіз.

**Э г м о н т :** Сөз жоқ — өкем алжыған! Анамыздың суретін жаба салу керек.

Кламрот пен Оттилия келеді.

**К л а м р о т :** Бұл шектен шыққандық! Атадан қалған мұраны тексізге таратып! Ақылдан адаса бастаған шығар!

**В о л ь ф г а н г :** (*Штейницке*). Айтыңызшы, сарай саудасын тоқтата тұруға бола ма?

**К л а м р о т :** Заң бізге ондай рұқсат бермейді, өлдебір төтенше жағдай болмаса.

**В о л ь ф г а н г :** Мен өкемді есі ауысқан деп есептеймін!

**П а у л а К л о т и л ь д а :** Мынау аспаптарды балконнан лақтырғым кеп тұрғанын қарашы!

Винтер келеді.

**В о л ь ф г а н г :** Дұрыс айтасың. Винтер, мынау табақты, пышақ пен айырды, бәрін алып кет. Отбасының дәмінде сегіз-ақ жанбыз!

**В и н т е р :** Кешіріңіз, бұйрықты қайтемін?

**В о л ь ф г а н г :** Егер өкетпесеңіз, бұларды өзім лақтырамын! Қасарыссаңыз, кейін қапысын тауып алдыңа келтірем!

Винтер аспаптарды алып кетеді.

---



К л а м р о т : Тырс етпендер, қиямет басталған сияқты.

Инкен Петерсті ертіп Клаузен келеді.

К л а у з е н : *(Көңілді)*. Қайырлы таң! Шыдам таусылды ма? Сағат қанша? Мен сендерге Инкен Петерсті ертіп келдім. Вольфганг, сенің келгеніңе де ризамын! Айтпақшы, өділет кеңесшісі Ганефельдтпен қандай қарын бөлелігің бар еді, сені бекеттен күтіп алыпты ғой? Қайырлы таң сүйкімді келінжан!

В о л ь ф г а н г : Бала кезімізден дос едік.

К л а у з е н : Гейгер екеуміз секілді деші. Сирек кездесетін жай, жастық пен достық бір мезгілде суалса керек еді. Жә, отыралық. Беттина кайда? Эгерт, айналдым, Беттинаға айт, күтіп отыр де.

Э г м о н т : Беттина, мазам болмай тұр, менсіз бастай берсін деп еді.

К л а у з е н : *(Штейницке)*. Беттина келуге тиіс. Дастарқанды сол басқармай ма, қымбатты Штейниц, оған не боп қапты?

Штейниц кетеді.

Э г м о н т : Сақинасы ұстаған болар.

И н к е н : Күпия кеңесші мырза, мен кетуге рұқсат сұрасам ренжімейсіз бе? Үйде шешем күтіп отыр еді. Тығыз шаруасы бар.

К л а у з е н : Эгерт, айналдым, фрау Петерске телефон шала қойшы.

И н к е н : Шешемнің тығыз шаруасы бар еді.

К л а у з е н : Ах, солай ма... *(Ары-бері жүреді, өлдене айтқысы келіп өркімнің бетіне қадала қарайды. Кенет Вольфгангтің қарсысына кілт тоқтайды)*. Сен фрейлейн Инкенмен таныс па едің?

В о л ь ф г а н г : Жоқ. Сенің туған күнінде бұл кісіні таныстыратын ешкім болған жоқ.

К л а у з е н : *(Нықтап)*. Фрейлейн Инкен, бұл менің ұлым Вольфганг!

Штейниц пен Беттина келеді.

Беттина : Папа, кешір, бұл дастарқанға енді менің қажетім жоқ шығар деп ойлап едім.

Клаузен : Неге?

Беттина : Бұл қиын сұрақ.

Клаузен : Кейін сөйлесерміз. Дастарқанға келіңдер!

Барлығы да столға отырады. Инкен орынсыз қалады. Соны байқаған Клаузен атып тұрады.

Клаузен : Бұл не? Инкен, менің орныма отырыңыз.

Винтер : Кешірім өтінем, мен өуелде тоғыз адамға дастарқан жайып едім.

Клаузен : Иә, сосын... жайсаң қайда кетті?

Винтер : Профессор Вольфганг мырза бұйырған соң...

Клаузен : *(Жұдырығымен столды қойып қалғанда фужерлер ұшып түседі)*. Албасты бассын оны! Әкеліндер тез!

Инкен тез сытылып шығып кетеді.

Штейниц : Құдай үшін, ашуыңызды басыңыз, қымбатты құпия кеңесшім.

Клаузен : *(Тынышталған соң Инкеннің жоқ екенін байқап)*. Фрейлейн Инкен қайда кеткен?

Эгмонт : Мұндай қонақжай отбасынан қашпағанда қайтсін.

Клаузен : *(Зілді)*. Инкенді бұл үйдің босағасынан қуғанша, алдымен бірің қалмай сендер құритын шығарсыңдар! *(Инкеннің соңынан шыға жөнеледі)*.

Стол басындағылар абыр-сабыр боп қалады.

Штейниц : Иә, осымен не таптыңыздар, мырзалар?

Кламрот : Менің айғарым, бір есептен жақсы да болды. Не тағдырдың күтіп тұрғанын бөрің де анық естіген шығарсыңдар.

Штейниц : Иә, анық естідіңіздер. Құпия кеңесші бір сөзін желге шашпайтын адам.

Беттина : *(Басын ұстан)*. Түк түсінсем нағылсын! Менде ес қалған жоқ!

В о л ь ф г а н г : Доктор, өкемнің ақ дегені сіздің аузыңыздан түсетін еді ғой, мүмкін сіз түсіндірерсіз, тұқым-тұқиянын төңірден кем санамайтын кісі осындай қатты сөзге қалай барды?

Ш т е й н и ц : Қапалықтан. Оны сұмдық қорладыңыздар!

Э г м о н т : Дегенмен тым қатал. Өз балаларын қара шаңырақтан қуып шығу масқара ғой.

Ш т е й н и ц : Петерс кетіп қалды. Құпия кеңесші жалғыз қайтып келеді.

В о л ь ф г а н г : Мен айтам. Тіл кесіп алмас!

Бәрі де бір шатақты күткен. Бірақ Клаузен түк болмағандай жайбарақат кіреді.

К л а у з е н : Кешіктік қой. Отырындар.

#### 10-эпизод

Барлығы столға отырады. Винтер жағалап тамақ салған болады. Тым-тырс үнсіздік. Үнсіздікті құпия кеңесші бұзды.

К л а у з е н : Женевада не жақсылық бар екен, Кламрот мырза?

К л а м р о т : Женевада? Оны менен несін сұрайсыз?

К л а у з е н : Оттилия, сенің балаңа, менің немереме шикан шыққан еді ғой, жарылды ма?

О т т и л и я : Баяғыда, папа. Бір жеті болды ғой, құмда ойнап жүргеніне.

К л а у з е н : Вольфганг, сіз Вайсманның мақаласын оқыған жоқсыз ба?

В о л ь ф г а н г : Жауапты беру үшін мен ол мақаланы оқуым керек.

К л а у з е н : Беттина, басыңның ауырғаны басылған шығар?

Б е т т и н а : Мүмкін, мен жорта жасады деп ойлаған боларсың. Папа, мен де адаммын ғой. Өмір адамға кейде ауыр сабақ жүктейді. Рас па?

К л а у з е н : Әрине. Дегенмен бір сұрақ, Беттина: сеніңше, әдеп сақтау, көдімгі қарапайым әдепті айтам... қиын сабақ па?

**Беттина :** Тәрбиелі адамға әдеп сақтау да уайым боп па, ол өзінің сүйегіне біткен машық емес пе?

**Клаузен :** Сонда барлықтарың тәрбие көрген болдыңдар ғой?

**Беттина :** Біздің отбасын тәрбиесіз деп айта алмайтын шығарсыз.

**Клаузен :** Тым-тым немісше ме деп қорқам, бірақ сонда да кейбіреу орындықты қикайтып, жозыға шынтағын тіреп отыр.

**Кламрот** шынтағын столдан алып, орындығын түзеп, тіктеп отырады.

**Клаузен :** Көргенсіз деп айта алмаймын, бірақ сөйлеу мәнерінде біраз мүкістік бар. Онан да басқа әңгімеге көшелік. Кезінде мен шаруаға жағаласқанды мүлдем қойсам ба деп ойлап едім. Күйеубала бұған қалай қараған болар еді?

**Кламрот :** Оның маған не қатысы бар? Менен көрі Оттилияның жанына батқан болар еді.

**Клаузен :** Әлгі ақымақ көртөміш король секілді бүкіл дәулетімді бөліп берсем, қайсың Корделия болуға әзірсің?

**Эгмонт :** Байқаймын, папа, бізді қалжыңмен қағытқың келіп отыр-ау.

**Клаузен :** Айталық, мен іс басынан кеттім...

**Вольфганг :** Сен кетуге тиіс емессің, папа.

**Клаузен :** Дәлелің қандай?

**Вольфганг :** Мен шаруаның жайын білмеймін. Арамызда сенің орныңды басатын ешкім жоқ.

**Клаузен :** Мұныңа ойланбай қол қоямын.

**Беттина :** Сенсіз өмір бар деп ойласам нағылсын. Біздің бүкіл дәулетіміз де сенсің, содан айрылғымыз келмейді.

**Вольфганг :** Біз тек тыныштық болса дейміз. Бізді мына үрейден күтқар. Оған сенің бір ауыз жылы сөзің де жегіп жатыр. Менің өйелім, балаларым бар, Оттилия да балалы-шағалы. Қорқатынымыз ертеңгі күнкөріс, сіз бізден суысып бара жатқан сияқтысыз.

**Клаузен :** Барлықтарыңа бір сұрақ: сонда менің күнкөрісімді қайсың мойнына аласың?

**К л а м р о т :** Заман қиындап барады, мырза. Бірақ, біздің ескі фирмамыздан қауіптенуге ешқандай негіз жоқ. Мүмкін, менің қызмет қабілетім сіздің талабыңызға үйлеспейтін де шығар, сонда да бүкіл жауапкершілікті көтеруге бармын.

**К л а у з е н :** Қадірлі күйеу, сөзіңнің төркінін түсіндім. Демек, сіз адамдарыңызды шақырып та қойғансыз ғой?

**К л а м р о т :** *(Аузын салфеткамен сүртіп, орнынан күйгелектене тұрып, арлы-берлі жүріп).* Жетер! Бұдан өрі тындағым келмейді. Осыншама қорлық пен күдікті де қылғытып қой демексіз ғой?

**Б е т т и н а :** Эрих, ашуға орын жоқ. Әңгіме төркіні - өкемнің бізге деген көңілі баяғыдай ма, баяғыдай өке қамқорлығына сүйене аламыз ба? Біздің ертеңіміз не болмақ, мүмкін өзі айтар. Әрине, жарасымды сүйіспеншілігін күтеміз.

**К л а м р о т :** Мен тек шаруа мәселесін қозғадым. Іске келгенде, Беттина, тек шындыққа жүгіну керек, мұнда жарастық, сүйіспеншілікпен дым да бітпейді.

**К л а у з е н :** Кламрот мырза, сенің ерегеске шақырғаныңды ескерермін.

**К л а м р о т :** Мен өзірге ерегеске өзір емеспін, құпия кеңесші мырза.

**К л а у з е н :** “Өзірге” дегенінді де ескерермін.

**Э г м о н т :** Жаратқан куә, арамызда араздық жоқ! Бізге деген өкелік сезіміңнің сарқылмағанына бөріміз де көміл сенеміз.

**К л а у з е н :** Қадыр тұтқаныңа болайын, мұның өз күшігін өзі жеген қасқыр емес деп куәлік бергенмен бірдей ғой.

**В о л ь ф г а н г :** Соқырдай қашанғы қараңғыда жер сипаймыз. Бізге бір-ақ нәрсе — сенім қажет.

**К л а у з е н :** Сенім сендерді баяғыда күткен.

**В о л ь ф г а н г :** Демек, біз сенімінді ақтамайды екенбіз ғой. Бүйтіп қорламасаң да болар еді.

**П а у л а К л о т и л ь д а :** Мұнысы — біздің орнымыз есік көзінде дегені де. Солай ма?

**К л а у з е н :** *(Сұрланып, ашулы).* Иә, солай, құл-құтаннан нелерің артық?! Кінәсіз қызды, бейкүнә өкені қорлаған соң босағадан басқа орын жоқ сендерге! Ата-ананың еңбегі

мен әлдіне семірген өңшең арамтамак! Әкені құлша жұмсап, билік айтқыларың келеді ме? Мені фәниге әкелген сендер ме едіңдер? Мені бейпіл боқтайтын, сыртымнан соттайтын қақыны сендерге кім берді?! Басқан ізімді бағып, жүрген жеріме қақпан тастап, артымнан ит қосатын мен қылмыскер ме едім?! Мен өміріме де, өліміме де сендерге билік айтқызбаймын!

К л а м р о т : Біз өміріңізге де, өліміңізге де билік айтуға жоқпыз. Бірақ бейжай қарап та отыра алмаймыз.

Б е т т и н а : Папа, анамның портретіне бір қараңызшы!

К л а у з е н : Аруақты орынсыз мазалай берме!

В о л ь ф г а н г : Түрмеде өзін-өзі өлтірген өлдекімнің қызының қасиетті босағаны аттағанын бейбастық деп есептеймін.

Б е т т и н а : Папа, менің көкірегім қарс айрылып отыр! Мамамның қымбат бұйымдары қайда?!

К л а у з е н : *(Жұдырығын түйіп)*. Жоғал! Табан астында тай! Бөрің де, бірін қалмай!

Э г м о н т : Әке, қымбаттым...

В о л ь ф г а н г : Бүйткенше қайың сауып кеткен артық! Бала-шағанды жетеле де басың ауған жаққа қаңғыра бер! Қаңғыру - қарғыстан жақсы.

К л а м р о т : Кедейлік — кейіс қабақты көргеннен мың дүркін артық. Дегенмен, бала-шағама нәпақа тауып беруге шамаң жетеді. Батып бара жатқан кемеге жармасудың қажеті қанша!

К л а у з е н : Саған жалынып отырған ешкім жоқ! Шық үйден! Мен сені бүкіл өкілдіктен тақыр — таза айырдым! Шылғау-шоқпытыңды ал да жөнел! Боқ-шалағыңды! Жоғал, жоғал!

Барлығы кетеді, тек Штейниц қана қалады.

Ш т е й н и ц : Менің қымбатты көне көз досым...

К л а у з е н : *(Иығына қол артып)*. Мен өмірімнің шырағын өшіруге ешкімге жол бермеймін!

## 2 акт

### Төртінші көрініс

#### 11-эпизод

Карашаның кезі. Бірінші және екінші көріністегі декорация. Гейгер ас ішіп отыр. Штейниц кіреді.

**Штейниц** : Кешірім өтінем, сіздің осында екеніңізді білмей едім.

**Гейгер** : Иә, мен кеше кешкісін келгем.

**Штейниц** : Менің бар білетінім, құпия кеңесші сізді асыға күтіп жүрген.

**Гейгер** : Ақылдассам деп хат жазған екен... Айып болмаса айтыңызшы, кешеден бері Беттинаны да, Эгертті де көре алмадым. Маттиаспен де кездейсоқ кездесіп қалдым.

**Штейниц** : Құпия кеңесшіні қайдан таптыңыз?

**Гейгер** : Бір-ақ минут көзім шалды. Түнемелден сығалап еді. Маған баяғысындай көрінді.

**Штейниц** : Рас, құпия кеңесші сәл-пәл жүдеді, бірақ бұл да ештеңе емес... менің басқа да уайымым жетерлік.

**Гейгер** : Сіз мынау қайрансыз жағдайды айтып тұрсыз ғой.

**Штейниц** : Бұған да көндігіп болғанбыз.

**Гейгер** : Балақайдың осы үйге бауыр басқаны рас па?

**Штейниц** : Иә, фрейлейн Петерстің мұнда келгеніне бірнеше апта.

**Гейгер** : *(Көңілді)*. Солай ма? Дегенмен, бұл өзі... ерсілеу деп ойламайсыз ба?

**Штейниц** : Құпия кеңесшіге сүйеу керек: бұрынғы дос-жаран, жұрағаттың бәрімен ат кекілін кесісті.

**Гейгер** : Мәселен, кіммен? Мен мүлдем бейхабармын.

**Штейниц** : Алдымен балаларынан түңілді.

**Гейгер** : Тек Беттинадан емес шығар.

**Штейниц** : Беттинаның өзі безді. Екеуі араласпайды да. Құпия кеңесші дұшпандарын елемей жүр: күйеу баласы не сұмдыққа да өзір, Кламроттың айтағында.

Гейгер : Маттиас Кламротқа өмірі сенген емес. Сонсоң да оны аластап отыр ғой.

Штейниц : Тым кеш. Сол пәленің жолын кесіп тастай алмады.

Гейгер : Менің досым қайткенде де осы қызға үйленбек пе?

Штейниц : Мен білсем, ол бетінен қайтпайтын шығар.

Гейгер : Онда неден тайынады. Қарсылық, қаскөйлік бұған тосқауыл бола алмайды.

Штейниц : Есіңізде болсын, дүшпандары өлі ақырғы айқасқа шыққан жоқ.

Гейгер : Сонда не істемек?

Штейниц : Анық білмедім. Күбір-сыбырына құлақ салсаң жаның түршігеді.

Гейгер : Қалай дегенмен де менің құлағдар болғаным дұрыс еді.

Штейниц : Анықталмаған дерекке қарағанда, биліктен айыру мақсатында оны қамқорлыққа алуды ұйымдастырып жатса керек, есі ауысқан деп.

Гейгер : Менің досым Маттиасты қамқорлыққа алмақ? Оның денсаулығы екеумізден де мықты ғой. Жоқ, ол үшін дәлел керек шығар.

Штейниц : Дәлел жоқта пәлемен де бекіте салады.

Гейгер : Құдай үшін, ол не пәле?

Штейниц : Ежелгі шаблон: өсек-аяң жетпістегінің төңірегінде болған соң ақылынан алжасқан жарыместің желігі дейтін қаңку да баяғы.

Гейгер : О, Маттиас бұған жығыла қоймас! Жасы ұлғайған бойдақ жас қатын алам десе, оған мұрагерлері қызғанышпен қарайтын болса, егденің бөрін есі кеткен деп жариялай бермек пе?! Ендеше, балаң үшін жиған байлығың адыра қалсын!

Штейниц : Пәле тек үйленуде ғана емес. Клаузен қызды ертіп Швейцарияға барып қайтқан, Гольдаудың жағасындағы Артеден поместье сатып алышты :

Гейгер : Қап деген-ай, сонда біржола қалу керек еді ғой!

---



**Штейниц** : Оны қинайтын тек осы ғана емес. Құпия кеңесші — сурет коллекциясын жинайтын кісі; голланд мектебінің отыздан астам полотносын жұрт көзінен жасырып, ашпастан подвалда ұстаған еді, жуырда соны да Швейцарияға аттандырып жіберді.

**Гейгер** : Маттиасқа Швейцариядан поместье неге сатып алмасқа?! Жаңа қонысты жақсы суреттермен неге жайнатпасқа?! Шүкір қаражаты жетеді.

**Штейниц** : Бұдан соң оны атадан қалған асыл бұйымдарды шашты деп кіналамақ. Үшінші бір жағдай, әсіресе отбасын күйіндіріп отырған, құпия кеңесші әлдебір концернге фирмасын сатпақ боп келісім жүргізіпті.

**Гейгер** : Бұл да қылмыс па? Не қылса өз еркі емес пе. Демек, дер кезі деп есептеген.

**Штейниц** : Меніңше, мынадай жұлымыр ұрпақ тұрғанда, сатып жібергені дұрыс.

**Гейгер** : Сонда бұлар қалайша оны қамқорлыққа алмақ? Маттиас мұны сезе ме?

**Штейниц** : Ойына да алған емес. Міне, өзі де келе жатыр, кешіріңіз (*тез кетіп қалады*).

**Клаузен** : Кешір, күттіріп қойдым ба?! Бүкіл шаруанды түгендеп болғанша, ойың да он саққа жүгіреді. Қош келіпсің, қымбатты досым! Көп мәселеге сенің көмегің керек боп тұр.

**Гейгер** : Естуімше, Швейцарияға көшкің келетін көрінеді.

**Клаузен** : Достым-ау, онанда басқа планетаға демейсің бе!

**Гейгер** : (*Күліп*). Мүмкін ракетамен ұшарсың?! Артеден қоныс сатып алды дей ме?

**Клаузен** : Иә. Швейцарияның көне ғимараты, көл жағасындағы ғажайып паркте. Қазір қайта өндетіп жатырмын. Инкеннің қуанышында шек жоқ.

**Гейгер** : Алдағы күнге алаңсыз кіріскеніңе қуанамын.

**Клаузен** : Жасқанатын не бар?

**Гейгер** : Расында батыл екенсің. Сонымен үйленбексің бе?

**Клаузен** : “Үйлену” деген жаттанды сөз менің лексиконымда жоқ, дұрысын айтсам, қалыңдықпен арамыздағы қатынасты заңдастырсам деймін.

Гейгер : Онда неге тартынып жүрсің?

Клаузен : Менің мынау қиын жағдайымда көп нәрсенің түйінін шешіп, басын ашып алғаным жөн емес пе.

Гейгер : Әрине! Дұрыс айтасың. Балаларың келісті ме?

Клаузен : Келісе ме, жоқ па, оған бас қатырып жатпаймын. Ал өзім біржола шешіп қойғанмын. Айтса да, шыр етіп түскеннен бастап мен балаларыма қызмет еттім. Ал олардан ешнәрсе күткен емеспін, өсіресе соңғы болған жағдайды. Енді Инкен Петерспен таныстырайын. Инкен, айналдым, мұнда келші!

Гейгер : Біз танысқанбыз, рас, қас қағымда.

Клаузен : Иә, Бройхте. Есімнен шығып кетіпті.

Инкен келеді.

Инкен : Сіз мені ұмытқан жоқсыз ба, профессор мырза? Келгеніңізге қуаныштымыз.

Гейгер : Солай ма? Мен нағып сонша қажет бола қалдым екен?

Инкен : Оған бұлтартпайтын себеп бар, профессор мырза; сіздің алдыңызда көңілі жоққа жығыла беретін жасы жеткен сәби отыр. (*Клаузенді ертеп құшақтап қояды*).

Клаузен : Қымбаттым Гейгер, сен бізбен Артқа барып қайтуың керек. Көл жағасындағы біздің мекеннен ғажап дүниеде жер бар деп ойламаймын. Біз бір аптадай армансыз рахатқа баттық.

Гейгер : Швейцарияда сенімен жүздесіп тұруға бола ма?

Клаузен : Қымбаттым, саған қашанда есік ашық. Басқалар аяқ баспайды: (*Вуттке кіреді*). Кешір, мен бір минутқа. (*Вутткенің қолынан қағаз алып, екеуі шығып кетеді*).

Гейгер : Маттиастың көңіл-күйі маған қатты ұнады. Тіпті желкемнен жүк түскендей жеңілдеп қалдым.

Инкен : Таңдануыңыздың себебі не?

Гейгер : Бұл әншейін бер жағы ғана. Маттиас әлдебір дауда жүр деген соң?..

Инкен : Профессор мырза, сіз бізді қолдайсыз ба?

Гейгер : Менің досым бұған күмән келтірмей-ақ қойсын.

Инкен : Ендеше, оны осы жерден алып кетуге маған көмектесіңіз. Бұл орта оған жақпайды. Қайда болмасақ та мен мәңгі бақи Маттиаспен біргемін. Мынау ескі қабырғалар мені тұншықтырып барады.

Гейгер : Мен де сізді қоштаймын... Сіз осы ескі үйді жек көресіз-ау деймін?

Инкен : Мен бұл үйді жек көрем, бұл үй мені жек көреді.

Гейгер : Балаларынан хабарыңыз бар ма?

Инкен : Жоқ. Мүлдем құлақ кесті. Әрине, қауіп солардан.

Винтер келеді, подносқа салған хаты бар.

Инкен : Бұл не?

Винтер : Меңгеруші Ганефельдттен. Жаңа ғана шабарман әкелді.

Инкен : Маған бер! Өзім тапсырам. (*Подностан хатты алады*). Сіз әділет кеңесшісі Ганефельдті білетін шығарсыз? Хат көрсем болды, тұла бойымның түршігетіні бар.

Гейгер : Ганефельдт Бройхтың меңгерушісі ме, сіз анадан екеуіңіз сонда тұрған жоқсыз ба?

Инкен қолындағы хатты сыртынан аударып-төңкеріп қарай бастайды.

Винтер : Дұрысын айтқанда, шабарманға өз қолына тапсыр деп бұйырған екен.

Инкен : Дұрыс болса да, бұрыс болса да Маттиасқа жақпайтын күдікті бір нәрсе болса бұл хатты ашуға менің қақым бар.

Винтер : Демек, фрейлейн, өзіңіз бересіз ғой?

Инкен : Әрине, Винтер мырза.

Гейгер : Егер жаңылмасам, Ганефельдт Маттиастың балаларын қоштайды-ау, сірә.

Винтер : Қылығымен де, былығымен де, профессор мырза. Мынау конверттің ішінде де қандай жыланның жат-

қанын кім білсін! Әттең, профессор мырза, сәл ертерек келмегеніңізді қарашы!

Гейгер: Мәнісі?

Винтер: Фрейлейн Беттина мен Вольфганг мырзаға сөзі өтетін жалғыз адам сізсіз.

Инкен: Бұл не, құрғырды?! Күн сайын, сағат сайын артыңнан анду қалмайды.

Инкен хатты беруге кетеді. Гейгер арлы-берлі сенделіп ойланып қалған.

Гейгер: Фрейлейн Беттинаны қайдан тапсам екен?

Винтер: Әпкесінің қоныс жайында, машинамен бір жарым сағаттық жол.

Гейгер: Барып қайтсам бос машина табылар ма екен?

Винтер: Кешігіп қалдыңыз ба деп қорқам, профессор мырза.

Клаузен: *(Инкен мен Витткемен қабаттаса кіреді).* Тіпті ес жиюға мүмкіндік бермейді. Әлдебір Ганефельдт дейтұғын әділет кеңесшісі жылтындап келеді де тұрады, байқаймын, маған оны концертн айдап салса керек. Асықтырып барады тіпті.

Гейгер: Келісімге келетін мүмкіндік жоқ па? Ең болмаса дүние-мүлікті сақтап қалатындай?

Винтер келіп визит карточкасын ұсынады.

Клаузен: *(Карточканы оқып).* Ганефельдт? Кірсін. Мені бес минутқа қалдыра тұрыңыздаршы.

Инкен Гейгер, Вуткелерге ілесіп кетпек болады да кілт бұрылып, Клаузеннің қолынан ұстайды.

### 13-эпизод

Инкен: Маттиас, мен қала тұрсам қайтеді?

Клаузен: Неге? Саған не болды?

Инкен: Ендеше, не талап етсе де иілме, басыңды тік ұста!

К л а у з е н : Менің сынғанымды қашан көріп едің?!

Инкен, Гейгер, Вутке шығып кетеді. Клаузен арлы-берлі сенделіп жүрген. Ганефельдт келіп кіреді.

К л а у з е н : Келіп қалған екенсіз, құрметіңізге не міндет жүктейсіз? Отыруыңызды өтінем. (*Екеуі де отырады*). Шылым шегетін бе едіңіз?

Г а н е ф е л ь д т : Кейде, бірақ қазір зауқым жоқ.

К л а у з е н : Ал мен езуіме қыстырып көрген емеспін. Сонымен, сапарыңыздың сырын білсем деп едім?

Г а н е ф е л ь д т : Басынан баяндауға рұқсат етсеңіз.

К л а у з е н : Жер көшіп бара жатқан жоқ, асықпаңыз.

Г а н е ф е л ь д т : Кешіріңіз, кешігіп қалғаным. (*Терін сұрмин*). Сотта айналып қап. Телефонмен хабарлассам да болар еді, бірақ сіздің пайдаңыз үшін соза бергім келмеді. Қысыл-таянда қиын істі тез шешу үшін қашанда қарсы шабу керек қой.

К л а у з е н : Аузыңызға түкірген жоқ едім. Менің де делебемді қоздырдыңыз.

Г а н е ф е л ь д т : Мен сізді ренжітуден аулақпын.

К л а у з е н : Ренжіткені қалай? Келген шаруаңызды жақсы білесіз. Адамша айта беріңіз : Сонымен, ол не қиямет? Мен қиуасыздыққа көңігі болған жанмын.

Г а н е ф е л ь д т : Бұл істі мойныма алуға келісім бердім, себебі, сенімді қолда болады. Әңгіме сіз бен балаларыңыздың арасындағы дауда болып тұр.

К л а у з е н : (*Сұрланып*). Бұл арада ешқандай дау жоқ. Балаларым бейбастақтық жасады. Мен содан қортынды шығардым. Бар болғаны осы.

Г а н е ф е л ь д т : Істің насырға шапқанына менен артық өкінетін адам жоқ. Адал жан ретінде сіздің атыңыз шыққан. Дауды дабыра қылмай-ақ әділетпен шеше салуыңызға болатын еді. Бірақ бұл жолы байырғы өдетіңізден аттап кеткен сияқтысыз.

К л а у з е н : Егер сіз ақ жалау көтеріп, бітім сұрай келсеңіз, мен келісуден қашпаймын.

Г а н е ф е л ь д т : Ақ жалауды маған кім ұстатыпты. Онда анағұрлым жеңіл болар еді-ау. Бірақ бір айтарым: сіз

тарапынан ештеп кешірім жасалса, балаларыңыз қозғап жатқан кейбір шараларды тоқтатуға мүмкіндік бар.

**К л а у з е н :** Қандай мүмкіндік? Неткен шара? Иә, сонымен ол не шара, айта беріңіз.

**Г а н е ф е л ь д т :** Қауіптенбеңіз, құпия кеңесші мырза; сот мені сізге уақытша кеңесші, көмекші етіп тағайындады. Сонымен мен сіздің құзырыңыздамын.

**К л а у з е н :** Қайталап айтыңызшы, көңілім тыныш тапсын.

**Г а н е ф е л ь д т :** Сіз басқа түскенді байыптағанша соны қайталағым келмей тұрғаны. Тек мені қас дұшпаным демей, адал дос, ақылшым деп қабылдасаңыз болғаны.

**К л а у з е н :** Менің басымды даң қылмай, бұлтақтатпай анығын ашып айтыңыз!

**Г а н е ф е л ь д т :** Ендеше тыңдаңыз: сізді қамқорлыққа алу жөнінде іс қозғалды.

**К л а у з е н :** Бұдан өткен қаскөйлік қалжың болмас! Осымен қуантайын деп келдіңіз бе?

**Г а н е ф е л ь д т :** Бұл қалжың емес! Айғақ!

**К л а у з е н :** Мені сот арқылы қамқорлыққа алмақ дейсіз бе?

**Г а н е ф е л ь д т :** Түп-тура солай. Бала-шағаңыздың талабы.

**К л а у з е н :** Шешім қабылдады ма, өлде енді басталды ма?

**Г а н е ф е л ь д т :** Енді басталды. Бірақ есіңізде болсын, іс бітіп, сіздің пайдаңызға шешілгенше азаматтық құқыңыздан айрыласыз.

**К л а у з е н :** Сонда мені ақылынан адасқан деп тауып, уақытша сіз менің ақылшым болмақсыз ба?

**Г а н е ф е л ь д т :** Ең жақын досым деп есептеңіз.

**К л а у з е н :** (*Бізгәрлы*). Егер бұл рас болса, менің жеке басым мен сырт көзге, ел ішіндегі беделіме қандай әсер ететінін жақсы білсеңіз керек.

**Г а н е ф е л ь д т :** Түбі сіздің пайдаңызға шешілуі мүмкін ғой.

**К л а у з е н :** Әділет кеңесшісі мырзам, сіз сөби күніңізде менің ұлым Вольфгангпен мына каминнің қасында ойнағансыз. Сіз менің тіземді ат қып мінгенсіз. Есіңізде ме, он бір жасқа толғанда алтын сағат сыйлап едім.

Г а н е ф е л ь д т : Мен оны күні бүгінге дейін ескерткіш ретінде сақтап жүрмін.

К л а у з е н : Ендеше айтыңызшы, мынау құлақ естімеген қылмысты бастап жүрген кім? Егер рас болса, қозғау кімнен шықты? Қай ұятсыз, арсыз ноқай шімірікпестен қалам алып масқара документке жеркенішті қолын қойды?

Г а н е ф е л ь д т : Құпия кеңесші мырза, балаларыңыз ымыраға келуге дайын.

К л а у з е н : Сонымен масқара документке қол қойған менің ұлым Вольфганг, менің қызым Беттина, менің қызым Оттилия... тағы кім бар еді...

Г а н е ф е л ь д т : Жоқ, Эгерт қол қоймай қойды.

К л а у з е н : Менің арманым да осы еді ғой. Оны басқадай ма деп ойлаушы едім...

Г а н е ф е л ь д т : Құпия кеңесші мырза, балаларыңыз да қатты қапаланып жүр. Істің ақыры неге өкеп соғарын олар да ойламапты. Бәрі де осында келіп тұр, әкелерін көргісі келеді. Жүрегіне жол тапсақ дейді. Түсініс іздейді, керек десеңіз, кешірім өтініп, күнәмізді кешсе екен дейді. Мырзам, сіз де жүрегіңіздің лүпілін тыңдаңызшы.

К л а у з е н : *(Орындықты жылжытып әйелінің портретіне жақындатады да үстіне шығып, пышақпен портретті крестеп тіліп тастайды)*. Балалар дейді! Қайдағы балалар?!

*Беттина мен Оттилия, олардың соңын ала Вольфганг келеді. Бұлар есік сыртынан тыңдап тұрған сияқты. Беттина жылаған, Оттилия кейісті, жасаңды қайсарлық бар, Вольфганг сүп-сүр, абдырап қалған тәрізді.*

К л а у з е н : Менің табытым қайда?!

Б е т т и н а : Папа, айналдым!

К л а у з е н : *(Сарт бұрылып)*. Мен табытымды көрсем деймін! Табыт қайда? Сендер оны алып келген жоқ па едіңдер?! *(Вольфгангке)* Қалайсың, алақұйын?! Мен саған Алақұйын деген ат қойып едім ғой? Қалай тұрып жатырсың Алақұйыным, марқұм өкең не бітіріп жатыр?!

В о л ь ф г а н г : Бұл тағдыр зауалы! Осыншама халге қалай жеткенін өзім де білмеймін!

К л а у з е н : Сіз не дедіңіз, профессор мырза?

**В о л ь ф г а н г :** Екеуміздің қайсымыз бақытсыз екенімізді бір құдайдың өзі білсін.

**К л а у з е н :** Профессор мырза, сіз білесіз бе, жарық дүниеге келгеніңізде мен 24 сағат бойы анаңыздың қасынан кеткем жоқ-ты. Сіз жарық дүниеге келгенде басыңыз қисық еді. Мен оны мөпелеп алақанға сап түзеткем, былпылдақ кезінде. Сізді туғызып алған мен едім! Ал қазір сіздің басыңыз қасаң боп кеткен, қайта түзетуге келмейді!

**В о л ь ф г а н г :** Әке, оның бөрі өтіп кеткен, өшіп кеткен өмір ғой... Менің саған айтайын дегенім...

**К л а у з е н :** Дат, профессор мырза, сіз туғанда мен неге құрақ ұштым. Өз ажалымды аңдамай бауырыма басқанымды сіздің философияңыз қалай жұптап берер екен. Өз ажалымды бауырыма басып сонша неге соқыр болғанмын?!

**В о л ь ф г а н г :** Бұл жан түршігер өділетсіз сауалға қалай деп жауап бермекпін.

**К л а у з е н :** Жауаптың қажеті жоқ! Бұған жауап та жоқ! Тек қылмыс үстінде қолға түскен ұрыдай мылқау тұрсаңдар да жетіп жатыр!

**В о л ь ф г а н г :** Мен ұры болған емеспін, қазір де қылмысым жоқ!

**К л а у з е н :** Әрине, әке өлтірген қылмысқа жатпаса керек!

**Г а н е ф е л ь д т :** Құпия кеңесші мырзам, істі тоқтатуға да болады ғой.

**Б е т т и н а :** Папа, біз бөрінен де бас тартамыз. Біз саған жақсы болса екен деп едік: ауырмайтын адам жоқ, жақсы күтім жан жарасын жазады деп ойладық. Деніңіз сау! Рухани қуатыңыз құдайға шүкір! Осының бәрі ертең анықталарды ғой.

**К л а у з е н :** Мен үшін анықтайтын ешнәрсе қалған жоқ! Бөрі де анықталған. Ырылдамандар да, ыңырсымандар да, өтірік жастан із де, сыз да қалмайды!

**О т т и л и я :** Мұныңыз өділет емес! Қателескен де шығармыз, бірақ ол да жанашырлықтан туған. Сен де шалыс бастың, бірақ тіл табысамыз ғой деп едік. Егер соның амалын тапсақ, ертең-ақ бөрі баяғысындай сабасына түседі.

**К л а у з е н :** Сударыңа, анау суфлеріңізге тағзым етіңіз!

**Б е т т и н а :** Әке! Әке! *(Омырауына жығылғысы келеді).*



**К л а у з е н :** Аулақ жүр, бетпақ! Сілекейіңді жақпа маған!

**Г е й г е р :** (*Жайлап қана, бірақ батыл*). Сіздер мақсаттарыңызға жеттіңіздер... Енді кеткендеріңіз жөн болар. Қазір тіл табысатын сөт емес.

**И н к е н :** Бұлай тұруға болмайды, қимылдау керек.

Құпия кеңесші талмаурап қалған. Инкен жетіп келеді, соңында күміс подноспен коньяк ұстаған Винтер кіреді.

### **Бесінші көрініс**

#### **14-көрініс**

Эбиш бағбан мен қарындасының пәтері. Аласа бөлме: ескі диван, қабырғада отбасының фотосуреттері, төбедегі жалғыз лампа да күңгірт. Түкпірде кішкентай қос терезе. Сыртқа шығатын бір есік, түнемелге апаратын бір есік. Фрау Петерс пен Эбиш стол басында отыр. Қарындасы тоқыма тоқып, ағасы кітап оқып отыр. Тыста тас қараңғы. Дауыл. Сағат түнгі он бірді соққан.

**Ф р а у П е т е р с :** Сағат он бір. Лауридис, ұйықтайтын уақыт болды.

**Э б и ш :** Дауыл деген керемет!

**Ф р а у П е т е р с :** (*Ашық есіктің алдында*). Кім екенін білмей есікті ашпа. Неше түрлі сұмдық болады. Алдымен терезеден қарап ал.

**Э б и ш :** Бір адам қараяды, сүмелектей су бопты, жалаңбас, киімі жұқа.

**Ф р а у П е т е р с :** Далаға тастауға болмас. Білейік кім екенін. Мен сәл есікті ашайын, сен артымда тұр.

Екеуі де шығып кетеді. Кілттің сылдыры, есіктің тықыры естіледі.

**Ф р а у П е т е р с :** (*Сыртта*). Кімсіз? Сізге не керек?

**Д а у ы с :** Фрау Петерс, сіз мені танитын шығарсыз?

**Ф р а у П е т е р с :** (*Сыртта*). Мен қайдан білейін? Сіз маған бөтенсіз.

Дауыс : Мен де өзіме өзім бөтенмін. Дегенмен ептеп танымын.

Фрау Петерс : Ой, құдай-ай! Менің көзіме не болған? Расында бұл сіз бе едіңіз? Әлде мен шатастырып тұрмын ба?!

Дауыс : Қателескен жоқсыз. Бұл менмін ғой, фрау Петерс!

Фрау Петерс : Мына дауылда. Құдай үшін, тезірек үйге кіріңіз!

Әлдекімнің кіргені, аяқ сүрткені естіледі.

Фрау Петерс : Мында, бері жүріңіз! Шешініңіз! Лаурдис, пешке тағы да отын тасташы!

Фрау Петерс пен Эбишке еріп ер адам кіреді. Киімі сүмектей, балшық. Әлде неше батпаққа аунағаны көрініп тұр. Тек бірте-бірте құпия кеңесші Клаузенді танимыз.

Клаузен : *(Көтеріліп сөйлейді)*. Фрау Петерс, сіз таңқалып тұрған шығарсыз . Мен білсем, сіздің есігіңізді алғаш қаққаныма бүгін жыл толған болар. Еріксіз осы жаққа тартты да тұрды. Бір жылдықты атап өтпей бола ма!

Фрау Петерс : Әрине, бұл бізге көрсеткен құрметіңіз ғой, құпия кеңесші мырзам. Баяғыдай тағы да машинаңыз бұзылып қалды ма? Жаяу келмеген шығарсыз?

Клаузен : Жаяу! Жас жігітке жаяу сөз болып па! Эбиш мырза, сізде тастап жіберетін бірдеме табыла ма?

Фрау Петерс : Мырза, сізге киім ауыстыру керек сияқты. Жол-жөнекей сөтсіздікке ұшырадыңыз ба? Әлде машинаңызға қарақшылар тиісті ме?

Клаузен : *(Қарқылдап күледі)*. Маған ешкім тиіскен жоқ. Авария да болған жоқ. Жедел басып, жеңіл жүріп жеттім ғой. Мені осында сағыныш айдап келді, фрау Петерс. Ал енді пунш қайнаталық...

Эбиш : Ойланатын түк те жоқ. Құпия кеңесші мырзаның қазіргі тұрысы бір жұтым ыстық бірдемені қалап-ақ тұр.

Клаузен : Не дедіңіз, түрім қандай екен?

---

Э б и ш : Су сүйегіңізге дейін өтіпті дегенім ғой.

К л а у з е н : (*Қымсынбай сөрені ақтара бастайды*). Осы жерде ылғи да ликер тұрушы еді ғой.

Ф р а у П е т е р с : Қам жеменіз, сізге не керектің бәрін әкелем. Шүкір, от әлі өшкен жоқ. Екі минуттан соң ыстық су да дайын болады.

К л а у з е н : Оны Инкенге тапсырыңыз. Фрау Петерс, айтыңызшы, Инкен қайда кеткен?

Ф р а у П е т е р с : Инкен? Сіз оны менен сұрап тұрсыз ба?

К л а у з е н : Мен осында соған бола келгем жоқ па!

Ф р а у П е т е р с : Инкен мұнда жоқ қой. Өзіңіз білесіз... Ол баяғыда сізге кетіп қалған.

К л а у з е н : Бізге? (*Қатты ойланып калады*). Иә, мен ұмытқан екенмін... Жоқ, маған ешкім тиіскен жоқ, машина да аварияға ұшыраудан аман... баяғыдай, алғаш сіздің есігіңізді қаққандай. Әлде біреулер тиісті ме?.. Дұрыс. Онда мен аварияға ұшыраған едім, телефон соғуға осында келгенмін. Сіздің қоңырауыңызды, фрау Петерс, мыңның ішінен ажыратып аламын. Қоңырауыңызды тағы да бір тартып қалуға рұқсат па? (*Шығып, қоңырауды бір қағып, қайтып оралады*). Сенесіз бе, жол бойы сіздің қоңырауыңыз қашан сылдыр етер екен деп қуана асықтым... Инкен маған есік ашқан...

Ф р а у П е т е р с : (*Әбишке сыбырлап*). Жүгір, Лауридис, жүгір! Пасторды шақыр!

Әбиш тез шығып кетеді.

К л а у з е н : (*Фрау Петерске пышақ көрсетіп*). Фрау Петерс, сіз екеуіміз оңаша қалдық па, мына пышаққа қараңызшы. Осымен біреуді бауыздар болсақ, еш қан шықпайды...

Ф р а у П е т е р с : Құдай үшін, мұныыз не?!

К л а у з е н : Бұл пышақпен өлікті союға болады, кемпірлікке жетпей өлген жас қыздарды өлтіруге болады...

Ф р а у П е т е р с : Құпия кеңесші мырза, сіз менің Инкенім бірдемеге ұшырады деп айтқалы тұрған жоқ шығарсыз?

Клаузен: Жоқ, қорықпаңыз, Инкенге ештеңе болған жоқ!

Фрау Петерс: Сонда кім?

Клаузен: Әншейін бір марқұм әйел өлді. Инкеннің жоқтығы ештеңе етпес. Асықпай шаруамызды жайғастыра берелік. Сізде пунш қайнатуға бәрі табыла ма? Ала келмегенімді қарашы.

Әбиш қайтып келеді.

Әбиш: (*Сыбырлап*). Пастор қазір келеді.

Клаузен: Ыстық арақ қайда? Әбиш мырза, осы үйде менің жаным рақат табады. Қуып шықпассың деп сенем.

Кірмеде пастор Иммос көрінеді. Бұрышқа шатырын қойып, біраз байқап тұрады. Клаузен оны аңғармайды. Фрау Петерспен Әбиш онымен сөйлескісі келеді, бірақ ол ыммен тоқтатып қояды.

#### 15-эпизод

Клаузен: Айтпақшы, мен бір құпия аштым. Егер дүниеге төбеңнен төмен қарап тұрсаң, адамның тырнағы қылыштай, азуы орақтай боп көрінеді екен. Фрау Петерс, сіз күлесіз ғой, сенбей тұрған шығарсыз.

Фрау Петерс: Күлген қайда. Сіздің сөзіңізден менің тұла бойым түршігіп тұр.

Пастор: (*Пастор Клаузеннің қасына төніп кеп*). Қайырлы кеш айтуға рұқсат етіңіз. Мырза, мені таныдыңыз ба?

Клаузен: Пастор Иммос мырзаны танымай қағынды тиді дейсіз бе?

Пастор: Өте жақсы. Ендеше сұрауға рұқсат етіңіз, жеті түнде сізді осында алып келген не мұқтаж?

Клаузен: Айтайын. Мен қанатты құс секілді еркін жанмын. Маған енді ешкімнің құзыры жүрмейді. Мен осы бостандығымды пайдаланғым келді. Менің азаматтық өлімім не істесем де мүмкіндік береді. Мен қуыршақ секілді шикылдап, мысық құсап мияулап, тауық сияқты күл шашуыма болады, оған ешкім таңданбайды. Мен судан құс аулап, аспаннан балық атсам, онымды ешкім ерсі көрмейді.

**П а с т о р:** Мен білгенде, құпия кеңесші мырза қашанда қалжыңға жүйрік еді.

**К л а у з е н:** Мен қазір де күлуді жек көрмеймін. Мен директорымды шақырсам, ол келмейді. Мен қызметкерлерімнің жалақысын өсірсем, ол қолына тимейді. Егер мен кассирімнен ақша сұрасам, ол бермейді... Егер мен келісім-шартқа қол қойсам, оны жарамсыз деп табады. Егер мен пікір айтсам, оны ешкім тындамайды. Осының бәрі Клаузеннің баяғы өзіл-қалжыңына ұқсамайды.

**П а с т о р:** (*Эбишке сыбырлап*). Құпия кеңесші мырзаның қаладағы пәтеріне телефон соғыңыз. Бір сұмдық болған сияқты.

Эбиш шығып кетеді. Пастор фрау Петерспен сөйлесіп жатқанда Клаузен бөлме ішінде сенделіп жүреді.

**П а с т о р:** Фрау Петерс, бізге ыстық шай өзірлеп жіберіңізші. (*Клаузенге*). Мен сізді үйіме шақырар едім, бірақ ондағылар пырдай боп ұйықтап жатыр.

**Ф р а у П е т е р с:** (*Үшқалақтап бірде түнемелге жүгіріп, біресе қайтып келеді*). Құпия кеңесші мырза, мен сізге ағамның жейдесі мен желбегейін өзірлеп қойдым. Сізге киім ауыстыру керек.

**К л а у з е н:** Бұл үйден кету, бас тарту деген сөз.

**П а с т о р:** Мен білсем, сіз бүгін бір нәрсеге ренжіген сияқтысыз. Сондықтан мынау дүниені, адамдарды, өзіңізді де қара түнектің ішінен танып отырсыз.

**К л а у з е н:** Иә, ренжігенім рас, пастор мырза. Ол рас. (*Ойланып қалады*).

**Ф р а у П е т е р с:** Мырза, сіз киім ауыстырмақ едіңіз.

**К л а у з е н:** Мүмкін қажеті де жоқ шығар.

Клаузен фрау Петерске еріп түнемелге кетеді.

**П а с т о р:** (*Ары-бері сенделін*). Айрылдық деген осы! Маттиас Клаузен секілді жақсыдан да айрылдық! О, жасаған!

**Ф р а у П е т е р с:** (*Есікті қымтап жауып, қайтып келеді*). Киінді. Тынышталып, жатты.

---

П а с т о р : Байқұс Беттина! Бейшара балалар!

Ф р а у П е т е р с : Сорлы менің Инкенім!

Э б и ш : (Келеді). Хабарластым. Телефонда доктор Штейниц, пастор мырзамен сөйлескісі келеді.

Пастор кетеді.

Ф р а у П е т е р с : Сен Штейниц мырзамен сөйлестің бе? Иә, онда не болған екен?

Э б и ш : Болмаған пәле жоқ дейді. Құпия кеңесші бір нәрседен үрейленіп, қатты шошыпты. Атақты бір докторды шақырған екен, ол мырзаны ұйықтатып медбикелерге тапсырып кетсе керек. Кейін қараса, ұшты-күйді жоқ дейді. Үйдің ішін түгел тінткен. Ақыры табылмаған соң полицияға хабарлапты. Өзіне өзі қол қата ма деп те қорықса керек. Бүкіл ұрық-шарқы ұлардай шулап, тісі тісіне тимей жүргендер бар көрінеді.

Пастор келеді.

П а с т о р : Өрескел бір оқиға болған екен. Мен Штейницпен және менгеруші Ганефельдтпен сөйлестім. Балаларының талап етуімен Ганефельдт қамқоршы боп тағайындалып, құпия кеңесшіге соны хабарлай келіпті. Мұның аяғы немен біткені маған аян, өсіресе билікке үйреніп қалған құпия кеңесшіге. Мен болғанда балаларын мұндай масқараға жібермес едім.

Ф р а у П е т е р с : Инкен қайда екен?

П а с т о р : Айтуларыңша, сіздің қызыңыз бірнеше сағат бұрын шығып кетсе керек, қасында Швейгер деді ме, Гейгер ме, бір профессор бар деді. Құпия кеңесшіні іздеп кетіпті. Осыдан-ақ қызыңыздың халін сезерсіз.

Э б и ш : Мынау тағы не? Машинаның шамы ғой.

Автомобильдің гудогі жұртты селт еткізген.

Ф р а у П е т е р с : Айттым ғой, Лауридис! Мынау бізге келген. Бар, шықшы, кім екен, тез қайт.

16-эпизод

Эбиш сыртқа шығып, Гейгермен қайтып оралады.

Гейгер: О, ұйықтаған жоқсыздар ма?! Бүгінгі төбемізден төнген бар тақсіреттің ішіндегі жылт еткен жалғыз жақсылық! Сіздер мені танымай тұрған шығарсыздар, бұрын да бір болғаным бар. Мен құпия кеңесші Клаузеннің досымын. Ұмытпасам сіз фрейлейн Инкеннің нағашысы боларсыз. Жиеніңіз машинада күтіп отыр.

Фрау Петерс сыртқа жүгіре жөнелді.

Эбиш: Бұл Инкеннің шешесі.

Гейгер: Қысқасы, мен қыз байқұсты шешесінің қолына тапсырайын деп келдім. Бір сұмдыққа тап болдық. Менің досым Клаузен мырза ұшты-күйді жоқ. Тірі емес пе деп те қорқамыз. Еш жерден таппадық.

Эбиш: *(Түнemelді нұсқан)*. Құпия кеңесші осында келген.

Гейгер: Рас па? Тірі ме? Мен күдер үзіп едім.

Эбиш: Иә, осында. Тек қандай күйде деп сұрай көрмеңіз.

Гейгер: Эбиш мырза, ақырғы сөзге абай болалық. Талауға түскен адам, сіздерге жетіп құласа, одан не қайыр күтуге болады. Бірақ, әйтеуір тірі болса, күдер үзбеу керек. Жиеніңіз Инкен де жол бойы осыны айтып келеді.

Жол киімімен Инкен, оған еріп фрау Петерс келеді. Сондарынан киім-кешек, плед арқалап Винтер кіреді.

Инкен: *(Қатты қобалжып)*. Рас айтасыздар ма? Маттиас жайында не хабар?

Фрау Петерс: Оның қайда екенін айтсам, жүрегің шыдар ма екен?!

Инкен: Өлді ме? Қинама мені!

Фрау Петерс: Әлі тірі, бірақ өлгеннен бетер.

Инкен: Қайда? Қайда? Айтсаңшы!

Фрау Петерс: Көруін көрерсің-ау, бірақ сонда не істемексің?

И н к е н: Алып кетеміз, мама. Қашу керек!

Ф р а у П е т е р с: Онда сен өзінді қатерге тігесің ғой. Көмектесуге менде дәрмен жоқ.

Г е й г е р: Мен көмектесем, фрау Петерс: Менің көргенім, естігенім, білгенім, кешкенім де жетіп жатыр. Мен енді Маттиас үшін, Инкен үшін майданға шығам!

И н к е н: *(Шешесіне)*. Біздің көргенімізді құдай басқа салмасын. Ал енді, білсең айт, қайда ол?

Ф р а у П е т е р с: Сен жүрегіңді басып, өзіңе өзін келмей қайда екенін айтпаймын.

И н к е н: Құдай үшін, созба! Сен бәріміздің обалымызға қаласың, мама!

Ф р а у П е т е р с: Қаңғыбас секілді, алба-жұлба, осы жаңа ғана келді. Құдай сақтасын, бетіне қараудың өзі қорқынышты!

И н к е н: Қазір қайда?

Ф р а у П е т е р с: Түнемелде. *(Инкен ұмтылғанмен шешесі жібермейді)*. Егер ұйықтап жатса, оятпа!

И н к е н: Оятпай болмайды, біз қашуымыз керек!

Ф р а у П е т е р с: Күмәнім бар. Көне қояр ма екен.

И н к е н: Винтер, тез киімін әкел! Шаршаған болса, машинада ұйықтар. Ертең осы уақытта Швейцарияда боламыз, қауіптен де құтыламыз! Бірнеше сағаттан соң мынау қара түнек қапасты да ұмытады!

Ф р а у П е т е р с: Инкен, сен оның қазіргі мүшкіл халін білмейтін сияқтысың. Оның ес-тұсының бүтін екеніне де күмәнім бар. Артынан біреу қуып келе жатқандай алақтайды.

И н к е н: Кумағанда ше? Қуғыншы жетеді!

Ф р а у П е т е р с: Оятып жібердік... түнемелде түрегеп жүр.

Түнемелдің есігін ашып Клаузен шығады.

И н к е н: Маттиас!

Клаузеннің бет-жүзі тастай. Инкен оны бөлмеге тартады. “Маттиас!” деп үшінші дүркін айқайлағанда барып Клаузеннің бетіне күлкі жүгіреді.



К л а у з е н: *(Қарсы алдында елес тұрғандай сыбырлап)*.  
Инкен...

И н к е н: *(Ымдап жұртқа кетіңдер деген белгі береді)*. Ал  
енді сөйле. Маттиас, біз оңашамыз.

К л а у з е н: *(Өңі қуарып, зорға тіл қатады)*. Тым кеш,  
бұл менің сұлдерім, жаным жаханымда, Инкен.

И н к е н: Мұныға таңданбаймын, саған солай көрінет те.  
Ұйықтадың болды — жан бойдан көшеді, Маттиас, бірақ  
мен сені тіріліп аламын.

К л а у з е н: Көріп тұрмын, бұл сенсің, Инкен, бірақ  
сезініп тұрғаным жоқ!

И н к е н: Иә, оны түсіну сен кешкен қияметтен қиын  
емес.

К л а у з е н: Көмейінді сезем, анау жексұрындар мені  
женді деп тұрсың ғой.

И н к е н: Сен тағы да кең дүниеге шықтың.  
Жоғалтқаныңның бәрі жолыңнан табылады, Маттиас!

К л а у з е н: Мен сені көріп, көп нәрсе іздеймін, бірақ  
бірін де таппай тұрмын.

И н к е н: Айтып қал, Маттиас, мені аяма!

К л а у з е н: Қорқам, сенен билік кеткен: өлген жанды  
өмірге қайтару ешкімнің қолынан келмейді.

И н к е н: Саған мені сүюге жазбапты, сүймей-ақ қой.  
Менің махаббатым екеумізге де жетеді, Маттиас!

К л а у з е н: Ендеше айтшы, мен қайда тұрмын?

И н к е н: Өзің талай келген Броихте.

К л а у з е н: Инкен, анаң сенің ғажап адам, бірақ сол  
ананды мен қалай іздеп таптым? Екеуміз Швейцарияда жүрген  
жоқ па едік?

И н к е н: Иә, Маттиас, біз Артта болғанбыз.

К л а у з е н: Менің Артқа қайтқым келеді. Артқа кетейікші!

И н к е н: Машина қақпа алдында, біз қазір-ақ жүруге  
өзірміз. Винтер де сонда. Гейгер де бізбен бірге.

К л а у з е н: Рас па? Ешқандай тосқауыл жоқ қой?

И н к е н: Ешқандай. Енді уақыт оздырмайық. Ешнәрсені  
ойлама. Әлің кіргенше маған сүйен. Мендегінің бәрі сенікі.  
Мен сендікпін ғой!

К л а у з е н: О, сен Ганефельдтен жақсы ақылдасым  
болдың ғой.

И н к е н: Ақылшың емес, Маттиас, ақ таяғыңмын, арқауыңмын! Мені өмірге әкелген сенсің, мен сенің басыбайлы меншігіңмін, сенің екінші жаныңмын! Сен маған сен, сен осыны ұмытпа!

К л а у з е н: Менің осында келуіме не себеп болды, тек қана соны айтшы?

И н к е н: Оны қазір ойлама. Қаладағылар сенің қайда екенінді біліп те қалған шығар. Кеттік, Маттиас! Мүмкін ширек сағаттан соң бұл тұтқыннан құтыла алмай да қалармыз.

Гейгер келеді.

Г е й г е р: Кешір, Маттиас, шақырусыз киліккеніме.

К л а у з е н: Сен мен үшін қашанда қадірлісің. Клаузен дейтұғын құпия кеңесшінің тағдырынан не білесің? Ол ең сыйлы адамдардың бірі еді. Бүгін соны пәнделер малжалап түкіріп тастады, ол енді көрінген таптайтын түкірік!

И н к е н: Винтер, қозғал!

Киім көтеріп Винтер кіреді.

К л а у з е н: Винтер, сіз әп-сәтте әуелеп кетіпсіз. Сеніңіз маған, сіз - құдайсыз! Иә-Иә! Қасірет адамның көзін ашады. Винтер, сіз мен үшін әбігер болмаңыз. Мені тонады, тонымды сыпырды, рухани өлтірді, өңімде қорлады. Сосын көшеге, аяқтың астына лақтырып тастады, доңғалақпен мыжып, ұлтанмен таптады. Сізбен салыстырғанда мен күйкімін, балшықпын, ал сіздің орныңыз, Винтер, құдайлардың қасында!

И н к е н: Маттиас, Маттиас, есіңді жи! Біз сенің бүкіл қанағатыңды қамтамасыз етеміз!

Клаузен терең күрсініп, басын шалқайтып барып есінен танып қалады.

И н к е н: *(Әбишке)*. Нағашы, коньягің қайда? Мама, шай әкел! Менің құлағымда Ганефельдт машинасының сиренасы тұрғандай. Мұны дұшпан қолына түсірмелік!

---

Фрау Петерс пен Эбиш шығып кетеді.

Гейгер: Мына қалпында жол жүруге жарай қояр ма екен.

Машина гудогінің дауысы естіледі.

Инкен: *(Тыпыршып)*. Бұл қуғыншылар! Иісшіл иттер! *(Комодтан Эбиштің револьверін алып)*. Құдай куә! Көзімнің тірісінде, бойымда жан барда бұл босағаны аттатпаймын!

Пастор Иммос кіреді де Инкенді есік көзінде ұстап қалады.

Пастор: Инкен, Исус Христостың атынан, табан астында қаруынды таста!

Инкен: Пастор мырза, егер хайуаннан бетер қарақшылар қаптаса ше?

Пастор: Қорыққанға қос көрінеді, саған кешірім. Мен саған “сен” деп тұрмын, өйткені сен менің конфирманткамсың. Ұмытпаған боларсың деп сенем.

Инкен: *(Қаруын көтеріп)*. Кейін! Былай тұрыңыз! Мен сізді тыңдамаймын! Мен сізді білмеймін!

Пастор шегінеді, Инкен далаға жүгіреді.

Гейгер: Фрау Петерс, ақымақтық жасамалық. Басқа да мүмкіндік бар ғой, уақытша болса да ымыраға келсек қайтеді.

## 17 - эпизод

Гейгер Инкеннің соңынан асығыс шығып кетеді. Есік алдында айғай-шу көбейеді: машина гудогі, дабырлаған дауыс. Клаузеннің қасында Винтер қалған. Клаузен диван бұрышында ауыр демігіп жатыр. Винтер заттарды столға үйіп, өзі орындық шетіне отырады.

Клаузен: Винтер, естимісің, мынау не өуен? Ұйықтатпай жатыр ғой, мені.

Винтер: Мен ештеңе естігем жоқ, мырзам.

Клаузен: Мұны естімеген адам керен шығар, сүйкімді Винтер! Хор ғой, хор айтып жатыр! Масқара! Қаныңды ұйытқандай!

Винтер: Мүмкін, шіркеудің органы болар?

Клаузен: Рас, болса болар, шіркеу іргеде ғой. Осы менімен пастор Иммос сөйлесті-ау деймін.

Винтер: Мүмкін сөйлескен шығар, мен көргем жоқ, құпия кеңесші мырзам.

Клаузен: Мен пастордың үйіне баруым керек еді. Ол мені шақырған. Ал оның үйінде не бітірем. Менің орным ғарыштың сарайында емес пе. Солай, Винтер, ғарышта.

Винтер: Мен фрейлейн Инкенді шақырайын.

Клаузен: Винтер, маған бір стақан су берші.

Винтер графинді тауып стақанды толтыра Клаузенге ұсынады.

Клаузен: Ризамын! Бұл қол өмір-бақи маған көмекші болған! Қанша қызмет етті — есебі жоқ! Винтер, есікті кілттеп тасташы.

Винтер: *(Қолында шүпілдеген толық стақан)*. Оным дұрыс болар ма екен? Жұрт кіріп-шығып жатыр ғой.

Клаузен: Винтер, тыныштал! *(Тың тыңдайды)*. Фуга, мүмкін оратория?

Винтер: Не дедіңіз, құпия кеңесші мырзам?

Клаузен: Аңсадым... Мен ымыртты аңсап жатырмын...

Винтер: Профессор Гейгерге хабарлап келсем қайтеді?

Клаузен: Ындыным кеуіп ымыртты аңсап жатырмын... Қолқама қан қатқандай... Бұл — фуга, бұл — кантата... бұл — оратория... *(Қалтасын тінтіп, ақ парашок салған құтыны алып Винтерге береді)*. Винтер, мына қантты суға езші... қант бастың сақинасын басады.

Винтер оның өтінішін орындайды.

Клаузен: Сен фуганы, кантатаны, ораторияны естимісің? Ал енді құтыны маған бер, Винтер. *(Асығыс тыға*

қояды). Мен аңсап жатырмын... Ымыртты, соңғы шапақты аңсап жатырмын... Иә, мен күннің батуын күтіп жатырмын... аңсап... аңсап... (Суды бірақ ішіп қояды). Бр-р-р... (Тітіркеніп). Бұл расында қант болатын, Винтер. Қолыңа жылы бірдеме іліксе жаба салшы. (Винтер тон жабады, Клаузен онымен бетін жартылай жабады). Мен аңсадым... аңсадым... ымыртты... (Бір сәтке тыншығып, сосын ауыр дем ала бастайды).

Оны аңдып отырған Винтер елегзіп, есікке беттейді де фрау Петерске бетпе-бет ұшырысады.

**Ф р а у П е т е р с:** Егер көмегі болса, аздаған шие шарабы қалыпты.

**В и н т е р:** Фрау Петерс, ол жаңа ғана су ішті, бірақ не болғанын білмеймін.

**Ф р а у П е т е р с:** (Клаузеннің бетіне үңіліп). Ұйықтап жатыр. Құдайға шүкір, енді демалсын.

**В и н т е р:** Осындай адамға қалайша қиянат жасайды! Бұл сұмдық қой, фрау Петерс, сұмдық!

**Ф р а у П е т е р с:** Бәрі пасторға жиналды. Беттина, Вольфганг, фрау Кламрот та сонда. Парк қақпасында санитарлық карета күтіп тұр. Ауруханаға апармақ. Штейниц қарсылық білдіріп еді, бірақ меңгеруші Ганефельдт қояр емес: құпия кеңесші мырза үшін мен жауапкермін дегенсиді.

Инкен қайтып келеді. Қатты күйзелген.

**И н к е н:** Әлгі жауыз Ганефельдт полицияға жіберді. Күшпен өкетеміз дейді. Көрерміз кімнің күшті екенін!

Гейгер қайтып келеді.

**Г е й г е р:** Мынадай басым күшке біз төтеп бере алмайтын шығармыз. Бірақ жер бетінде ақиқат, өділет бар болса, түбі біз жеңеміз.

Клаузен қатты қорылдайды.

И н к е н: Маттиас, Маттиас, саған не болды, Маттиас?

Клаузен бірдеме айтқысы келеді, бірақ шамасы жоқ.

И н к е н: (*Клаузеннің тонын қымтайды*). Айтсаңшы, Маттиас, саған не қажет?

Ф р а у П е т е р с: Сөйлегісі келіп-ақ жатыр, бірақ шама жоқ. (*Гейгерге*). Жақындаңызшы, біресе сізге, біресе Инкенге қарай берді ғой.

И н к е н: Маттиас, сөйлеуге шамаң бар ма?

Ф р а у П е т е р с: Қазір сөйлейтін шығар. Еріні жыбырлады ғой.

Штейниц келеді.

Ф р а у П е т е р с: Сізді құдай айдап келген шығар, доктор мырза.

Ш т е й н и ц: Ертерек келе алмадым. Пастордың үйінде мүңкір-нөңкір боп жатыр. Әркім өз күнөсін өзгеге жабуда.

И н к е н: (*Ернін Клаузеннің қолына тигізіп*). Сөйлеші, Маттиас. Айт, көкейіндегіні алып кетпе. Мейлі, сенің ақырғы демің маған аманат боп қалсын! Сөйле, мен бәрін түсінем.

Ш т е й н и ц: Инкен, маған орын босатшы.

Э б и ш: Бұл соңғы құлағаны ма?

Ф р а у П е т е р с: Ақырын сөйле, Лауридис: жантаулы етерде адамның құлағы өте сақ болады.

Ш т е й н и ц: (*Әл үстіндегі Клаузеннің тонын сытырып тастап мұқият үңіледі*). Жақындап қалыпты-ау...

Г е й г е р: (*Сыбырлап, фрау Петерске*). Қызыңызды алып кетіңізші.

Ш т е й н и ц: Мені пациентпен оңаша қалдыруларыңызды өтінем. Сіз, Винтер, профессор Гейгер, осында болыңыздар, көмектеріңіз қажет боп қалар.

Эбиш пен фрау Петерс Инкенді қолтығынан демеп алып кетпек болады.

И н к е н: (*Есі кеткендей*). Маттиас өлейін деп жатыр ма? Мама, Маттиас өледі деп ойлайсың ба?

Екеуі Инкенді алып кетеді.

Ш т е й н и ц: *(Бос стақанды иіскен)*. Винтер, мынау неткен стақан?

В и н т е р: Құпия кеңесші су сұрады. Маған құтыға салған қант берді де осыны суға еріт деп бұйырды.

Ш т е й н и ц: Қантты су? *(Стақанды тағы иіскен)*. Ал құтысы қайда?

В и н т е р: Қайта сұрап алды да қалтасына тықты.

Штейниц Клаузеннің сыртқы қалтасына орамалымен құтыны суырып алады да шам жарығына қарайды. Клаузеннің демі жиілей бастайды. Штейниц Клаузенге, Винтер мен Гейгерге кезек-кезек қарап, Гейгерді өзіне шақырады.

Г е й г е р: Бұл неғылған құты?

Ш т е й н и ц: Қант пен ащы миндальдің иісі бар. Клаузеннің ақырғы демі бітуге жақын.

Г е й г е р: *(Ұзақ үнсіздіктен соң)*. Уға қарсы ем жоқ па?

Ш т е й н и ц: Неге қарсы? Кімге қарсы? Ажалға кім қарсы келеді, профессор мырза!

Дабырды естіп Инкен қайтып келеді.

И н к е н: Өлді ме? Мен білем, ол енді жоқ!..

Ш т е й н и ц: Берік болыңыз!

И н к е н: Жұбатпаңыз. Мен жұбатуды қаламаймын, Штейниц мырза. *(Жұдырығын қалтырата түйіп, екі-үш аттайды да ерні жыбырлап Клаузенге ұзақ қарайды)*.

Тым-тырс үнсіздік. Біраздан соң ақырын басып Ганефельдт пен пастор кіреді.

Г а н е ф е л ь д т: Иә, хал-жағдай қалай? Анау жақ қатты қобалжуда.

Ш т е й н и ц: Сіздің санитарлық каретаңыз бос қайтатын болды. Қамқорлық қызметіңіз де тым қысқа болды-ау.

П а с т о р: *(Мәйітке жақындап)*. Құдай үшін, Клаузеннің ұрық-шарқын мұнда кіргізбеңіздерші.

Г е й г е р: Неге, пастор мырза? Олар нені қалап еді, соларын алған жоқ па, соған жеткен жоқ па!

Соңы

**ХАСИНТО  
БЕНАВЕНТЕ-И-  
МАРТИНЕС**  
(1866-1954)

**ҚЫСҚАША  
МАҒЛҰМАТ**

*Испан драматургі. Нобель сыйлығын 1922 жылы алған. Осыған қарамастан, бүгінде театр сахнасынан да, әдебиет әлемінен де аты мүлдем ошкен. Гарсиа Лорканың замандасы. Жүз жетпіс пьесаның авторы. Заманында “Оспақ ойын” пьесасын оқып шыққан сыншы қауымы: “бұл пьесаға Нобель сыйлығын неменеге берген” деп таңқалысқан. Соған қарағанда, Бенавенте сыйлықты драматургиясы үшін емес, сол кездегі театр өміріне байланысты дүрілдеп тұрған атағының арқасында алған сияқты. Замандастары оны репертуар драматургі деп атаған. “Оспақ ойында” екі алаяқ бүкіл қаланы ақырақ қылып, өзін бай мырзамын деп таныстырған біреуі ақыры сәулетті қалыңдыққа үйленіп тынады. Бар болғаны осы. Бірақ, бұл да өмірде болып жататын, өтірік жоқ нанымды шындық. Осы бір шынайылығымен көрерменді тартып отыратын әсері бар.*



## “ОСПАҚ ОЙЫН”

(Қуыршақ ойынына арналған үш перделі комедия)

### К Е Й І П К Е Р Л Е Р :

Леандр  
Криспин  
Полишинель  
Донья Полишинель, әйелі  
Сильвия, қыздары  
Донья Сирена  
Коломбина  
Лаура  
Рисела  
Болоньядан келген доктор  
Пангалон  
Арлекин  
Капитан  
Трактирші  
Секретарь  
Мүсәпірхана қызметшілері  
Альгвасиль – сот, полиция қызметкері.

Оқиға XVII ғасырда белгісіз бір елде өткен.

### БІРІНШІ БӨЛІМ

Қала ортасындағы алаң. Әуелгі көзге түсетін – есігіне тоқпақтай балға байлап қойған үйдің көше жақ беті. Есік мандайында “Мүсәпірхана” деген жазу.

#### *Бірінші көрініс*

Сахнаға Леандр мен Криспин шығады.

Л е а н д р : Криспин, бұл өзі үлкен қала болса керек. Қайда қарасаң да тектілік пен дәулеттің иісі аңқып тұр.

К р и с п и н : Бауырым, мұнда қала екеу. Тәңірім бізді соның тәуіріне тап қылсын де.

Л е а н д р : Екі қала? Ә, иә, түсіндім: ескі және жаңа, бірі өзеннің ар жағында, бірі бер жағында.

К р и с п и н : Өзенде, ескі мен жаңада атаңның басы қалды ма?! Кез келген қалада екі мекен бар: бірі — қалталыларға, екіншісі — екеуміз секілді қаңғыбас қайыршыларға.

Л е а н д р : Құдайға шүкір, полициядан қақтығыссыз өттік. Енді осы қалада аздап аяқ суытсам. Қаңғыра беру мені өбден қажытты.

К р и с п и н : Мен өлі тыңмын. Қаңғыбастар қоғамының мен секілді белсенді мүшесі, кезіккен жаппаның астына жамбас иіскеткені болмаса қайда барып тұрақтаушы еді. Екеуміз дұшпан бекінісіне тап болған екенбіз, есі дұрыс қолбасшы сол қамалды қалай алудың айласын табуы керек.

Л е а н д р : Бауырым-ау, екеуміздің әскеріміз әлсіз боп тұрған жоқ па.

К р и с п и н : Достым, біз де адам емеспіз бе, адамдарды алдау аспандағы сиқыр емес қой.

Л е а н д р : Қалтада соқыр тиын жоқ. Бір киерді сатып, ептеген ақша тапса да болар еді, сен оған да баспайсың.

К р и с п и н : Бір киерді саттың дегенше құдай атты де. Жұрт киіміңе қарап қадірлейді.

Л е а н д р : Қарғам-ау, енді қайттік? Құрсағың ұлып тұрса бас та жұмыс істемейді екен. Мен біттім!

К р и с п и н : Өркөкірек болмасаң құр ақылдан не пайда. Тында, маған бір ой келіп тұр. Сен байлығың шіреген мырза бол, мен сенің қызметші құлыңмын. Реті келгенде құйрықтан тепкілеп алсаң да қыңқ етпеймін. Әлдебіреу жоқтан өзгені сұрай қалса, жауабың екіұшты болсын, ал маған бұйыра сөйле. Өзің жассың, көркің де келісіп тұр, ол шіркінді көрмеге қояйын деп пе едің?! Тек маған сен. Қасыңда біреу құрақ ұшып сені мақтап жатса, былайғы жұрттың көзіне шалынасың. Қарапайым болу — ақымақтың мінезі, бірақ өзінді өзін тағы да дөріптей алмайсың. Адам да тауар — оның бағасы сатушының мақтауына байланысты. Мейлі, сылдырмақ шыны болсаң да құныңды меруертке өткізем. Енді анау мүсәпірханаға тарталық, алыс-жұлыстың қажеті жоқ, алдымен артымызды түгендеп алайық.

Л е а н д р : Қонақ үйге? Пұлын немен өтейміз?

К р и с п и н : Пәлі, өзің ұсақ екенсің-ау! Шәмшек теру құл-құлтаннның кәсібі. Ұзын жолға шыққан екенсің, құлашты кеңге серме, тонасаң ғана доқ боласың. Таңда екiнiн бiрiн.

Л е а н д р : Менде осы қаладағы игi-жақсыларға деген сәлем-хат бар едi.

К р и с п и н : Ондай сәлем-хаттың бұты беш тиын. Өзiң ойлашы, бiр бейшара хат ұстап келедi. Әуелi құшақ жайып қарсы алар. Екiншi барғаңында – қожайын үйде жоқ дейдi. Үшiншiде – босағасынан аттатпас. Айналып кетейiн, есiнде болсын, бүгiнде дүниенiң кiлтi – сауда. Бермесең – алмайсың, алу үшiн саусағыңды тықсаң да көмейiне бiрдеме жытыру керек!

Л е а н д р : Саудаға салар менде артық шылғау да жоқ кой.

К р и с п и н : Достым, сен өзiннiң бағаңды бiлмей тұрсың! Еркектi алтын басты деп неге айтқан? Ұрыстың тағдырын шешетiн солдат; қышынған бай қатынның, болмаса тектiнiң қызының құмарын қандыратын ашына – еркек; асқақтаған мырзаның аруағын аспандататын – құл! Көкке қол созам десең – көрiнген баспалдақты қармай бер!

Л е а н д р : Ондай баспалдақты маған кiм берiптi.

К р и с п и н : Кiм берушi едi? Мiнеки, менiң иығым. Мiн де шап!

Л е а н д р : Ал екеумiз бiрдей омақа ассақшы?

К р и с п и н : Құдай сақтаса, құлай қоймаспыз. (*Қонақ үйдiң есiгiн тарсылдататын*) Ей, мұнда тiрi жан бар ма?! Албасты басқырлар, айқайды неге естiмейдi?! Бұл өзi мылқаулардың үйi ме?!

Л е а н д р : Қаққаның жаңа, неге балағаттайсың?!

К р и с п и н : Үндемеген құлға үлпершек тимейдi. (*Қаттырақ қағып*) Әй, өңшең құдай атқырлар, ашындар!

Т р а к т и р ш i : (*Ишкi жақтан*) Бұл кiм? Неге айқайлайсың? Зәр қысып бара ма?!

К р и с п и н : Сарғайып кеттi! Бұл жөнi түзу адам бас сұғатын мекен-жай емес деп айттым ғой!

---

**Екінші көрініс**

Трактирші және екі қызметкер қонақ үйден шығады.

**Т р а к т и р ш і :** Ақырын, ақырын, мырзалар. Бұл қаңғыбастар қоналқысы емес, қонақ үй. Игі-жақсылардан басқаға орын жоқ.

**К р и с п и н :** Игі-жақсыларыңның кейіп-кеспірін көрсем-ау! Қызметшілерінің түрі мынау, құрақ ұшудың орнына сүйек жұтқан сиырдай кейкііп тұрған!

**Т р а к т и р ш і :** Асатпай жатып құлдық жоқ.

**Л е а н д р :** Қарсы келгенге ауыз аштырмайтын мұның өдеті. Жә, осында тоқтай салайық. Көп аялдай қоймаспыз. Маған бөлме дайындаңыз, қызметшіме қуыс табылса да жетіп жатыр.

**Т р а к т и р ш і :** Кешірім өтінем, сеньор! Құл мырза емес, мырза сұм емес деген тегі рас. Сіздердің жүктеріңіз қайда?

**К р и с п и н :** Сен не, біз оны аркалап жүреді деп пе едің? Біреу емес, жеті бірдей арбаны? Менің мырзам құпия бір шаруасын тез бітіріп, табан астында тайып тұрмақ.

**Л е а н д р :** Жап аузыңды, науқұрыс! Жұрттың бөріне жария қылайын деп пе едің?! *(Шпагасын суырып Криспинге тұра ұмтылады).*

**К р и с п и н :** Ойбай, өлтіретін болды-ау! Араша, араша!

**Т р а к т и р ш і :** *(Екеуінің арасына килігін)* Сеньор, абайлаңыз!

**Л е а н д р :** Мен мұның жазасын берейін! Аузына келгенін көкімесін!

**Т р а к т и р ш і :** Араша, аяңыз, сеньор!

**Л е а н д р :** Көкенді танығайын сенің! *(Криспинге ұмтылады, ол трактиршінің артына тығылады да сілтеген шпага трактиршіні осып түседі).*

**К р и с п и н :** Ойбай, өлдім!

**Т р а к т и р ш і :** Ой, ой, ой!

**Л е а н д р :** Көрдің бе, малғұн, сілтеген таяқтың адасып тигенін! Кешірім сұра бұдан!

**Т р а к т и р ш і :** Сеньор, бүлінген ештеңе жоқ. *(Қызметшілеріне)* Аңқиып нағып тұрсындар?! Барындар, мантуан бекзадасы тоқтап жүрген бөлмені өзірлеп, түстік ас апарып қойындар!

**К р и с п и н :** Тоқтаңдар, мен бірге барайын. Кімді күтетіндеріңді біліп қойыңдар: бұл сендерге не бақыт, не сор!

**Т р а к т и р ш і :** (*Леандра*) Сіздің аты-жөніңізді, қайдан және неге келгеніңізді білуге болар ма екен?

**Л е а н д р :** (*Криспінді нұсқап*) Оның бәрін қызметшім айта жатар. Мұндай сұрақпен менің басымды енді қатырмаңыз (*Қонақ үйге кіріп кетеді*).

**К р и с п и н :** Менің мырзамды тергеуге қалай дәтіңіз барды?! Егер ол бірер сағат осында тоқтасын десеңіз, жұмған аузыңызды ашпаңыз!

**Т р а к т и р ш і :** Кешіріңіз, полиция бұл жөнінде қатан ескертіп кетіп еді.

**К р и с п и н :** Есіңіз дұрыс па?! Оның кім екенін білсеңіз, басыма қонған бақ деп түсінер едіңіз!

**Т р а к т и р ш і :** Мен соны біле алмай тұрмын ғой.

**К р и с п и н :** Албасты басқыр! Білу үшін маған мырзанды осында шақыр демексіз бе?! Онан да тіршілігіңіздің тыныштығын ойлаңыз! (*Трактиршіні есікке итеріп кіргізіп, өзі соңынан кетеді*).

### *Үшінші көрініс*

Сахнаға Арлекин мен капитан шығады.

**А р л е к и н :** Тағы да мүсәпірханадан бірақ шықтық па. Адам — өдеттің құлы. Дөңдеген ит итаяққа жүгіреді деген осы да.

**К а п и т а н :** Сіздің өлеңіңіздің өуені менің көңілімді жұбатты. Ақындардың артықшылығы да осында ғой.

**А р л е к и н :** Дегенмен аш өзекке жасар қамқоры жоқ. Келуін келдік-ау, бірақ бүгін қарызға бірдеме татыра қояр ма екен? Ендігі бар үміт сіздің шпагаңызда, капитан.

**К а п и т а н :** Менің шпагамның қауқары сіздің лираныздан аспас. Бұл алыпсатарлардың ауылы ғой. Шаруамыз шалқайып тұр-ау.

**А р л е к и н :** Дұрыс айтасыз, жеңімпаздықты жырлайтын асқақ поэзияның тіршіліктегі құны боқтан бетер; сондықтан мықтыларды мақтау мен даттау үшін ақыл мен таланттыңды шығындаудың қажеті жоқ: олар мақтағанына да,

мазақтағаныңа да құлақ аспайды. Біздің заманда Аретино\* да аштан өлер еді.

К а п и т а н : Ал мына біздер, солдаттар ше? Соғыста біз жаудан жеңілгеніміз жоқ, бізді құртқан саудагерлер, бізді жұмсайтын да солар, солардың мүддесін қорғаймыз деп ит болдық. Біреудің идеалын қорғау үшін қан төгу міндет емес қой. Бұлар өз балаларын соғысқа жібермейді, есесіне жұртты қарыздың адам шошырлық пайызымен тұншықтырып тонайды. Әскерді де қуана-қуана таратып жіберер еді, тек көтерілістен қорқады. Әттең, шындық пен әділетті қорғау үшін көтерілсек қой, арамзаны көрге тығар едік!

А р л е к и н : Онда мен сізбен біргемін.

К а п и т а н : Ақындарға сенуге болмайды. Бүгін біреуді аспанға көтеріп, ертең екіншіге табынып жатасындар, қашанда ырылдап, ыңырсып, өтірік жас төгіп жүргендерің. Таңғы шапақтан кешкі мұнартты жақсы көресіндер!

А р л е к и н : Бекер! Байғұс басымды қайда ұрарымды білмей жүріп талай танды қарсы алғам. Қасіреттен басқа түк өкелмеген қарғыс атқыр таңға мен не үшін тамсануым керек?.. Дегенмен тағы да бақ сынап көрсек қайтеді.

К а п и т а н : Мейлі. Жомарт трактирші не жақсылық жасар екен?..

А р л е к и н : *(Есікті ұрғылап)* Ей, кім бар!

### *Төртінші көрініс*

Сол көрініс. Трактирші, артынан қызметшілер, Леандр мен Криспин шығады.

Т р а к т и р ш і : Тағы да сендер ме едіңдер. Кешіріп қойыңыздар, бұл жолы менен еш көмек күтпендер.

К а п и т а н : Не себепті?

Т р а к т и р ш і : Сол да сөз бе екен! Өмір бақи қарызбен күн кешпекпісіндер?

К а п и т а н : Мәссаған! Қарызға тамақ бермеймін деші?!

Т р а к т и р ш і : Бермеймін! Дым татырмаймын. Қарызды қайтарады деп те сенбеймін. Аулақ жүріңдер!

---

\* Аретино Льетро — (1492-1556) Италия жазушысы

Арлекин : Дүниені тіреп тұрған ақша деп ойлайсыз ба? Сіздің мүсәпірхананызды дардай қып мақтағанымыздың өзі неге тұрады? Мен сіздің бұқтырған қырғауылыңыз бен қуырған қояныңызға сонет арнағаным қайда? Ал сеньор капитан болса, сізді жаудан жалғыз өзі қорғауға өзірі! Осының қарымтасы қайда? Ендеше, бізден ақша дөметуге ұялмайсыз ба?!

Трактирші : Қалжыңды қоя тұрыңыз. Сіздің сонетіңізге, капитанның шпагасына түкіргенім бар! Оларын мені семіртпейді!

Капитан : Сайтанның сапалағы! Мен бұл нойыстың көзін құртайын! (*Трактиршіге ұмтылады*).

Трактирші : Ойбай, құтқарындар!

Арлекин : (*Капитанды ұстан*) Бүлдіретін болдыңыз!

Капитан : Қорлағаны үшін қонжитып жіберейін!

Трактирші : Көмектесіңдер, ойбай!

Қызметшілер : Қожайынды ұрып жатыр! Қарауыл!

Трактирші : Құтқарындар!

Капитан : Тырс етпе!

Трактирші : Қарауыл!

Леандр : (*Криспінді ертіп шығып*) Не болды? Бұл неткен айқай?

Криспин : Мырза демалып жатқанда бұл неткен басыздық? Мен полиция шақыртам!

Трактирші : Шуламандар! Менің құрметті қонағым бар!

Арлекин : Ол соншама кім еді?

Трактирші . Оны сұрамаңдар!

Капитан : Кешіріңіз, сеньор, егер шырқыңызды бұзсақ, бірақ мына сұмырай трактирші...

Трактирші : Сударь, кінәлі мен емес, мына ұяттан безгендер.

Капитан : Не дедің?!

Криспин : Сабыр етіңіз, капитан мырза, біз бармыз ғой.

Трактирші : Тегін тамақ ішкендеріне бір ай болды. Бүгін бермей қойып едім, жатып жағамнан алғаны.

Арлекин : Тек мен емес.

Капитан : Бұл солдаттың ақ сөзіне сенбей тұр!

Арлекин : Мен мұның бұқтырма қырғауылы мен қуырған қоянына арнап сонет жазып едім, соны да бағаламады. Мен де өлеңді қарызға деп жазғам. Ал бұл болса бізді шайынды мен картөшкеге қамады!

Криспин : Сеньорлар әділін айтып тұр. Ақын мені солдатты қорлау текті адамның қылығы емес.

Арлекин : Неткен кеңпейілді адамсыз!

Криспин : Мен бе? Құдай сақтасын! Бірақ, менің мырзам ақын таланты мен солдат намысын қатты бағалайды.

Леандр : Рас айтады.

Криспин : Мырзам барда сіздер ешқандай мұқтаждық көрмейсіздер!

Леандр : Мұнысы да рас!

Криспин : Қалғанын қожайынның өзі тындырады!

Трактирші : Ойбай-ау, аясаңдаршы!

Криспин : Жә, сараң болма! Әділет деген қайда?! Ұлы ақын қырғауылды түсінде емес, табақтан көруі керек!

Арлекин : Сіз менің аты-жөнімді қайдан білесіз?

Криспин : Мен бе? Қайдан білейін. Бірақ менің мырзам ұлы ақындардың есімін жатқа соғады!

Леандр : Әрине.

Криспин : Ал, сіз, сеньор Арлекин, сол тізімнің басында тұрсыз. Ал сізге дәл осы жерде құрмет көрсетпесе...

Трактирші : Мейлі, сіздер жауап беретін болсаңыздар...

Капитан : Егер сіздерге мен тарапынан көмек қажет болса...

Криспин : Көмегі несі?! Мен сізбен танысқаным да қуаныштымын! Бұл мен үшін бақыт! Даңқты сарбаз ақынның мадағына татиды!

Арлекин : Сіз шынында менің өлеңдерімді оқығансыз ба?

Криспин : Әрине! Мына бір сонетті жазған сіз емессіз бе: “Сүйкімді сол бір алақан, адамды аймалап отырып өлтіреді...”.

Арлекин : Не дедіңіз.

Криспин : “Сүйкімді сол бір алақан, адамды аймалап отырып өлтіреді!!!”.



Арлекин : Жоқ, бұл менікі емес.

Криспин : Бірақ, сіздің қолтаңбаңызға дөп түсіп тұрған жоқ па. Ал капитанның ерлігі ше? Оны естімеген пенде жоқ! Кампос Негроста болған қырғын соғыста жиырма шақты қолмен Леньяс Рохас бекінісін алған осы капитан емес пе?!

Капитан : Япырау, сіз қайдан білесіз?

Криспин : Білмегенде ше! Мырзам маған мақтанышпен жыр қып айтқан! Жиырма-ақ адам, алдында сіз! Шабуылға шықтыңыз. Тарсыл-күрсіл, тірі пенде көрмеген оқ пен от! Дауылпаз күрсілдеп, керней ұлып!.. Қолыңызда шпага, жауға күйрете соққы беріп, қалың қолға қойып кеттіңіз! *(Трактирші мен қызметшілерді шпагамен шықпырта жөнеледі).*

Қызметшілер : Ой, ой, ой!

Трактирші : Өзі соғысқандай еліруін!

Криспин : Мен солдаттан кеммін бе!

Капитан : Оған дау жоқ!

Криспин : Кампо Негроның атақты батырын бұлардың қадірлеп қарсы алмағаны қалай?! Менің мырзамның қат шаруамен осында келе қалғаны қандай абзал болған! Мақтаныш тұтар ұлы ақын, даңқты сарбаз! (қызметшілерге) Немерге меңірейіп тұрсыңдар?! Жоғалыңдар! Тағамның төттісі, шараптың ащысы алдымызда тұрсын! Менің қожайыным батырмен, ақынмен табақтас болғанды ерекше қошамет тұтады! Тездетіндер!

Трактирші : Қазір болады! *(қызметшілерімен жүгіре жөнеледі).*

Арлекин : Сіздерге қандай құрмет көрсетсек екен?

Капитан : Өтеуін қалай қайтарсақ?

Криспин : Қайтару дейтұғын қасиетсіз сөзді ауызға алмаңыздар. Менің қожайыным танысқанына да разы, сіздермен ғана емес, бекзадалармен де табақтас болған.

Леандр : Иә, ондай сәттер де жиі болып тұрады.

Криспин : Менің мырзам өткенді еске алуды жақтырмайды...

Арлекин : Тектілігі көрініп тұр.

Капитан : Тағдыр сізбен таныстырғанына бек қуаныштымыз!

Криспин : Менің мырзам сіздерді назардан тыс қалдырмас.

Леандр : (Криспинге сыбырлап) Тым бөсе берме!

Криспин : Менің мырзам сөзге сараң, бірақ айтқанынан танбайды.

Трактирші : (Табақ тасыған қызметшілердің алдында дедектеп келе жатып) Мінеки, тамақ та осында, шарап та осында!

Криспин : Ішіндер, жеңдер, менің мырзам қамқорлыққа алған соң ақы-пұлын ойламандар!

Трактирші : Ақы-пұлы демекші...

Криспин : Аузыңды ашпа!

Капитан : Сіздің денсаулығыңыз үшін!

Леандр : Мырзалар, сіздердің денсаулықтарыңыз үшін!

Ұлы ақын мен даңқты сарбаз үшін!

Арлекин : Қайырымды сеньор үшін!

Капитан : Жомарт жанның амандығы үшін!

Криспин : Мен де бір тілек айтайын: бүгінгі сәтті күн, ұлы ақын мен батыр сарбаз, қайырымды сеньор, қалтқысыз құл үшін алып жіберелік! Амал жоқ, мырзамның қат шаруасы енді аялдауды күтпейді.

Леандр : Дұрыс айттың.

Криспин : Сіздер, сөз жоқ, ертең де осында боларсыздар. Бүрсігүні де жолығысатын шығармыз?

Арлекин : Әрине! Таныстарымды, ақындар мен музыканттарды ерте келемін, олар сіздерді музыкамен, өнмен қарсы алатын болады!

Капитан : Мен жалаулатып, жарқылдатып ротамды алып келемін!

Леандр : Мен секілді қарапайымға үйлесе қояр ма екен...

Криспин : Ал енді дастарханға жақындаңыздар. Әй, қызметшілер! Әкеліндер тезірек! (Капитанды оңашалап) Ешкім естімесін, әрине, ақшадан жұрдайсындар ғой?

Капитан : Соқыр тиынымыз жоқ.

Криспин : Түсінікті. (Трактиршіге) Ей, бермен келші! Мына мырзаларға елу скуди ақша бер, менің қожайынымның есебінен. Бұйрықты орында!

Трактирші : Қанша дедіңіз? Елу ме?

Криспин : Алтыс дедім! Құлағыңның құлығы бар ма?!

Капитан : Жасасын қайырымды сеньор!

Арлекин : Жасасын біздің жанашыр!

Криспин : Ақын мен сарбаздың данқы аса берсін!

Барлығы : Жасай берсін!

Леандр : (*Криспинге сыбырлап*) Сен жындандың ба?!  
Біз бұл шатақтан енді қалай құтыламыз?

Криспин : Шатақты жасаған соң, одан құтылу да оңай. Поэзия мен әскер соңымызда! Алға! Біз енді дүниенің жүзін жаулаймыз!

Бәрі де бір-бірін құттықтап, қағыстырып іше бастайды. Леандр мен Криспин тайып отырады. Капитан мен Арлекин сұғынып жеуге кіріскен. Трактирші мен қызметшілер екеуін сыйлап өуре.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бақ. Алдыңғы қатарда сәкі. Кешкілік.

### *Бірінші көрініс*

Донья Сирена мен Коломбина сәкіден шығып келе жатады.

Сирена : Коломбина, мына заманда жынданбасқа шараң жоқ екен. Түк көрмеген жеркенішті қара тобыр... Соның бәрін маған несін айттың...

Коломбина : Енді, жұмсаған өзіңіз ғой.

Сирена : Солардың бәрі де босағадан қайтарды ма?

Коломбина : Бәрі де. Тігінші, қарыздарыңды өтемей көйлек тігілмейді деді.

Сирена : Дүлей неме! Қарақшы! Соның атағын шығарған мен едім ғой! Мен киім тіктірмегенде, ақсүйек қатындардың не киетінінен оның түйсігі де жоқ болатын!

Коломбина : Аспаз да, күйші де, даяшы да қарызымызды төле деп қасарыса қалыпты.

Сирена : Оңбайтын сұмырайлар. Шелінен нойыс! Қарыз тек ақшамен ғана қайтушы ма еді? Ақшадан басқаның бағасы кеткен бе? Не басалқасы, не байы жоқ жесірдің күні не болмақ? Сорлының маңдайына жоқшылықтан басқа сыбаға жазбап па? Қарғыс атқан уақыт-ай!

**К о л о м б и н а :** Сіз кейіменіз, сеньора. Бұдан да жаман сөттерде су жұқтырмаушы едіңіз ғой.

**С и р е н а :** Ол баяғыда еді ғой, Коломбина. Баяғыда менің асығым түгел болатын: ажарың барда, жастық базарың барда азамын деп кім ойлапты. Қасымнан қиылып бекзадалар шықпайтын.

**К о л о м б и н а :** Есесіне қазір тісқақты болдыңыз, адам танысыз. Ал ажарға келсек, қазір де көштен қалып жатқан жоқсыз.

**С и р е н а :** Осы көпшігің де жетер. Әттең жасым жирмада болса ғой!..

**К о л о м б и н а :** Мен әлі жиырмаға да жеткем жоқ.

**С и р е н а :** Одан не пайда?! Мен сені пысық шығар деп қызметке алып едім. Өзің айтшы, шатып-бұтып өлең жазғаны болмаса, үрерге иті, сығарға биті жоқ Арлекинге неменеге жабыса қалдың? Егер жастығыңды бағалай білгенде біз бүйтіп жасымас едік қой.

**К о л о м б и н а :** Енді қайтейін? Басым бос, жасым жө деген шақта, бәрібір ғашықтықтың күйігінен қашып құтыла алмайсың... Арлекинге қатын болатындай мені ақымақ деп ойлайсыз ба?!

**С и р е н а :** Мен саған сенбеймін. Сен қиялға семірген жансың. Онанда мынау қысылтаяңнан қалай құтыламыз, соны ойластыралық. Бүгін қонақтарым келеді — ең құрметтісі Полишинель, қасында әйелі мен қызы бар. Жас жігіттер жиналады, бұлар да бүгінде жұтап қалған тектілердің ұрықшарқы. Полишинельдің қызына қызықпайтындары жоқ, өйткені ол бай қалыңдық, әкенің жалғыз мұрагері. Сонсоң мен де жеңгетай болуға мәжбүрмін. Қыздың қолын біреуіне ұстатсам, менің де алақаным майланбақ, әрқайсысынан қолхатты бекер алды дейсің бе! Кім біледі, әлдебір бай саудагер саған құда түсе қалса, мен де құр алақан қалмас едім... Әлгі кредиторлардың кесірінен бүгін бал жасай алмасам... онда мүлдем құрығаным.

**К о л о м б и н а :** Саспаңыз, қонақасын бірдеме етіп атқарармыз. Ал сырнай-кернейшілерді Арлекин алып келеді, ол да маған өліп-өшіп жүрген жоқ па. Осыдан артық не керек?!

С и р е н а : Ой, Коломбина, аузыңа май! Енді уақытты бекерге оздырмай ақыныңа жет!

К о л о м б и н а : Ақынға? Ол осы маңда сандалып жүрген шығар.

С и р е н а : Мен онда кетейін, көрінгеннің көзіне қор болмай. Ар жағын өзің ұйымдастыр. Егер бал жақсы өтсе, жағдайымыздың түзелгені. Ал өтпесе, мен Сирена емеспін!

К о л о м б и н а : Қам жеменіз, бір сәті болар.  
Донья Сирена сәкіге өтіп кетеді.

### Екінші көрініс

К о л о м б и н а : Екінші жақтан Криспин шығады.

К о л о м б и н а : (*Ілгері ұмтылып*) Арлекин! Арлекин!  
(*Криспинді көріп*) Ой, ол емес екен ғой!

К р и с п и н : Қорықпаңыз, қымбатты Коломбина, ақынның ай мен күндей ғашығы, таланты таудан биік болса да ұлы ақын сіздің ажарыңызды өлеңіне сиғыза алмапты-ау!

К о л о м б и н а : Сіз де ақынсыз ба, әлде құр талантқа табынушы ма едіңіз?

К р и с п и н : Мен сіздің ғашығыңыз Арлекиннің досымын. Танысқанымыз жуырда ғана еді, бірақ достығымызда шәк жоқ. Содан сізді көрсем деген құмарлық тағат таптырмағаны. Көрген адам көркіңізден талып түскендей екен. Өткен, амал жоқ, Арлекиннің досы болған соң...

К о л о м б и н а : Арлекин сізге емес, тек маған ғана сенеді. Босқа бөспеңіз!

К р и с п и н : Сізді көрген де арманда, көрмеген де арманда екен.

К о л о м б и н а : Кешіріңіз, мен Арлекинмен бүгінгі бастаңғы жайында ақылдасуым керек еді.

К р и с п и н : Мен де сол үшін келіп тұрғам жоқ па. Мені осында жіберген Арлекин, сосын сіздің қолыңызды сүйеге асыққан менің қожайыным.

К о л о м б и н а : Оның кім еді?

К р и с п и н : Аса қайырымды жомарт сеньор... Әзірге есімін құпия ұстауға рұқсат етіңіз. Кешікпей өзіңіз де көресіз ғой. Менің мырзам сеньора Сиренаға өзі келіп таныспақ. Ол да бүгінгі балға қатысады.

Коломбина : Балға? Бірақ сіз білмейсіз...

Криспин : Мен бәрін білемін. Бұл менің міндетім. Балдың болар-болмасы неғайбыл еді, енді қобалжудың қажеті шамалы. Дастархан да, илломинация, фейерверк, музыканттар мен әншілер де табылды. Қысқасы еш кемшілік жоқ!

Коломбина : Япырау, сіз сиқыршы болдыңыз ғой!

Криспин : Тағдыр бізді таныстырған екен, енді тартынбаңыз! Менің мырзам бұл кешке сенъор Полишинельдің келетінін де, осы қаладағы ең қымбат қалыңдық Сильвияның болатынын да біледі. Соған үйленбек те ойы бар, егер қол ұшын берсеңіздер донья Сиренаны, сізді де жарылқап тастаймын деп отыр.

Коломбина : Не деп тұрсыз? Тым тасып кеткен жоқ-сыз ба?!

Криспин : Бос сөзді қоя тұралық.

Коломбина : Мырзаның құлы мұндай болса...

Криспин : Саспаңыз. Менің мырзам жақсылықты ұмытпайды. Екі жарты бір бүтін дегендей, менің сумақайлығым мырзамның сылбырлығын толтырып тұрады, құл оны қорғауға да, сол үшін қорлануға да даяр. Есіңізде болсын, менің мырзам ақкөз адал, намысшыл адам, ал мен сұмыраймын, бірақ оған адал қызмет етемін, бөтеннің алдында оның беделін түсірмеуге тырысамын.

Музыка естіледі.

Коломбина : Бұл не?

Криспин : Мырзама ерген музыканттар ғой. Олардың соңында нөкерлері мен қызметшілері, Арлекин бастаған ақындар мен әншілер, капитан бастаған бір батальон сарбаз.

Коломбина : Осының бөріне билігі жеткен сіздің қожайыныңыз кім болды екен? Барып сенъораға айта қояйын!..

Криспин : Қажеті жоқ, өзі де келе жатыр.

### Үшінші көрініс

Сол көрініс. Сөкіден донья Сирена шығады.

Сирена : Бұл не? Музыканттарды шақырған кім? Мынау қаптап келе жатқан неткен жұрт?

К о л о м б и н а : Ах, сеньора! Бүгін қалаға байлығы шаш етектен дәулетті мырза келе қалған екен, сол сіздің шығыныңызды көтеріп алмақ. Мынау соның қызметшісі, ақымақ па, әлде алаяқ па, білмедім, әйтеуір, қалғанын осы айтсын. Қалай болғанда да тегін адам емес.

С и р е н а : Демек, Арлекин емес қой?

К о л о м б и н а : Айта көрмеңіз, ертегіге бергісіз!

К р и с п и н : Донья Сирена, менің қожайыным қолыңызды ұстауға зар. Сіздей ажарлы ару, менің мырзамдай көркем жігіт ұсақ-түйекке мән беріп жатпас. Сондықтан ол келгенше сыртынан таныстыра жатайын. Өткен-кеткеннен менің де түйсігім бар, оның бәрін жіпке тізсем, құда-құдағи боп шығуымыз да мүмкін. Мен байғұс соны мыжып жатпай мына бір міндет хатты тапсырайын (*қағазды ұсынып*). Бүгінде алыс-берістің заманы ғой, бір тілегін орындасаңыз, сізді үлде мен бүлдеге ораймын деп атақты мырза қолхат жазыпты.

С и р е н а : Бұл неткен қолхат болды екен? (*Қолхатты оқып шығып*) Не дейді? Егер қызына үйленер болсам, жүз мың скуди дөп қазір, тағы жүз мың Полишинель өлген соң?.. Мынау бейбастақтық қой! Ханнадай бикеге ұялмай талап қоятын қандай адам өзі? Сіз кіммен сөйлесіп тұрғаныңызды білесіз бе?!

К р и с п и н : Мәртебесі биік қайырымды бике, бір жолға ашуыңызды қиыңыз. Андағы қағазды жасыра салыңыз, қайтып ол туралы жақ ашпалық. Сізге қолхат жазбақ мырзаның ойында да жоқ еді, өйткені сіздің қадіріңізді хаттан артық санайды. Бәрін бүлдірген мен. Қолхатты жазған да мен. Онымен бүгін кеште танысасыз. Жүздеріңіз жарқын, сұхбаттарыңыз жарасты болсын деп едім. Қонақтарыңыз бақ ішінде сайрандап, бике-бикештердің ажарына тамсанып, киімдерінің көркіне таңғалып, дастарханның байлығына тояттай жатар, төгілген күй, бұралған биге мас болсын. Ән мен би өмірдің мұнын өшіріп, көңілді өсіретін ғажайып сиқыр ғой: ән төгілсін, күлкі шат, дастархан байлықтан сөгілсін! Мінеки, менің мырзамның өзі де кеп қалды.

**Төртінші көрініс**

Сол көрініс. Леандр, Арлекин және капитан келеді.

Л е а н д р : Донья Сирена, көргенімнің өзі төбемді көкке жеткізгендей!

С и р е н а : Сеньор...

Л е а н д р : Менің қызметшім тапсырмамды орындаған болар.

К р и с п и н : Менің қожайыным сөзге сараң. Көркіңізге көзімен-ақ тояттайды.

А р л е к и н : Ол қашанда құрмет тұтуға дайын!

К а п и т а н : ...Қалтқысыз қызметімен.

А р л е к и н : ...Шынайы көңілімен!

К а п и т а н : ...Теңдессіз ақындық сезіммен!

А р л е к и н : ...Жауынгерлік асқан ерлігімен!

К а п и т а н : ...Оған шөк келтірмеңіз!

А р л е к и н : ...Нағыз жарылқаушының өзі! Мен өдейі арнап дастан жазбақпын.

К р и с п и н : Мырзалар, осы да жетер. Жаратылысынан мақтауды жаратпайтын жан еді, кірерге жыртық таппай тұр.

С и р е н а : Өзінді біреу мақтап жатса, аузың қышымасын деген (*Аман-сүгір, бас шұғысудан соң Сирена мен Коломбинадан басқасы кетеді*). Ал, Коломбина, бұған не айтасың?

К о л о м б и н а : Сеньор ғажап, қызметшісі сұмпайы.

С и р е н а : Сабақты ине сәтімен. Не мен ақылдан адастым, не біздің басымызға бүгін бақ қонды!

К о л о м б и н а : Әрине, сәті келді. Сіз жеті қат жердің астындағыны білесіз, ал еркектерді...

С и р е н а : Бар, есік аш — Рисела мен Лаура шығар, алдымен жететін әдеттері емес пе.

К о л о м б и н а : Қазір (*жүгіре жөнеледі*).

**Бесінші көрініс**

Донья Сирена. Лаура мен Рисела келеді.

С и р е н а : Ой, менің қымбаттыларым! Сендер келмей қала ма деп қобалжып едім.

Л а у р а : Не, біз кешігіп қалдық па?

С и р е н а : Ештен кеш жақсы.



Р и с е л а : Басқаның бастаңғысына бармай өдейі сізге келдік.

Л а у р а : Сіз сырқаттанып, сауық-сайран болмайды десіп еді.

С и р е н а : Мен өлейін деп жатсам да сөзімді жұтқан емеспін.

Р и с е л а : Біз жамбасымыздан жатсақ та келетін едік!

Л а у р а : Жаңалықты естідіңіз бе?

Р и с е л а : Жұрт шуласып жүр.

Л а у р а : Әлдебір шенді мырза келген дей ме. Біреулер оны Венециядан, әлде Франциядан келген құпия кеңесші деседі.

Р и с е л а : Енді біреулер Сұлтанға қалыңдық іздеп жүр екен деп соғады.

Л а у р а : Сымбаты Адонистен де асып түссе керек!

Р и с е л а : Әттең, бір көріп қалсақ! Сіз оны да балға шақырғаныңыз жөн еді.

С и р е н а : Қымбаттым, ол жаңа ғана рұқсат сұрап қызметшісін жіберіпті. Кешікпей өздерің-ақ көресіңдер.

Л а у р а : Солай ма? Басқаларға бармай тура сізге тартқанымыз қандай жақсы болған!

Р и с е л а : Енді бәрі қызғаныштан іші күйетін болды!

Л а у р а : Бәрінің есіл-дерті бір көріп қалу!

С и р е н а : Оны шақырам деген ойымда болған жоқ еді. Өзі естіпті.

Р и с е л а : Қашанда сізге сөті түсіп тұрады. Осы қалаға игі-жақсының бірі келе қалса, алдымен сізді табады!

Л а у р а : Ах, көргенше тағатым таусылып бара жатқанын қарашы! Тезірек жүрші!

Р и с е л а : Иә, тезірек баралық!

С и р е н а : Тоса тұрындар. Қазір өйелі мен қызын ертіп Полишинель де кеп қалар. Дегенмен, менсіз-ақ бара беріндер.

Р и с е л а : Жөн-ақ, кеттік Лаура.

Л а у р а : Рисела, жүрші енді, жұрт қаптап кетсе біз жете алмай қалармыз (*жетелеп жөнеледі*).

### *Алтыншы көрініс*

Донья Сирена. Полишинель, донья Полишинель және Сильвия келеді.

---

С и р е н а : Ах, Полишинель мырза, сіздер келмей қала ма деп қорқып едім. Сіздерсіз жиын-тойдың қызығы бола ма?!

П о л и ш и н е л ь : Кешіккенімізге кешірім өтінем, бірақ мен кінәлі емеспін, мына бөйбіше ғой, қай көйлегімді ки-сем деп, қырықтан астамын таңдаған шығар.

Д о н ь я П о л и ш и н е л ь : Мұның ойынша киім таң-дау бұйым емес. Қиналғанымды айтпа! Қазір де еңтігіп тұрмын!

П о л и ш и н е л ь : Бриллиантының жармысын да таға алған жоқ, оны көтеріп жүрудің өзіне көлік жалдау керек.

С и р е н а : Жарыңыз еңбекпен тапқан асылды алқа қып жүрсе, сізге мақтаныш емес пе!

Д о н ь я П о л и ш и н е л ь : Әрине! Байлықты барында батып ұсталық деп бұған айтып түсіндіре алмай-ақ қой-дым. Енді осы аздай қызымызды қайдағы бір көпеске беремін деп жүр!

С и р е н а : Сеньор, обал деген қайда! Сіздің қызға он-дай күйеудің қажеті қанша? Күйеуді есеппен емес, сүйгеніңнен таңдау керек. Сильвия, сен не айтар едің?

П о л и ш и н е л ь : Күні-түні оқитыны өлең мен роман, соған қарағанда, көңілі әлдебір сылқым-серіде болса керек.

С и л ь в и я : Мен әкемнің айтқанынан шықпаймын. Егер анам қарсы болмаса, маған жігіт ұнамай қалып жүрме-се.

С и р е н а : Міне, ақылды сөз!

Д о н ь я П о л и ш и н е л ь : Сенің өкең бақыт ақшада деп ойлайды.

П о л и ш и н е л ь : Ақшасыз қалай күн кешесің? Ақшаға бәрін сатып алуға болады.

С и р е н а : Жаратқан жарылқасын! Ал даңқ ше? Білім қайда қалды? Мейірбандық ше?

П о л и ш и н е л ь : Әрқайсысының өз бағасы бар. Білеміз, сатып та алғанмын, сатып та көргенмін!

С и р е н а : Пәлі, сеньор Полишинель, өрине, сіз өзілге жығып тұрсыз ғой. Сатылмайтын нәрсенің барын да жақсы білесіз, егер қызыңыз адамгершілігі мол біреуді сүйе қалса, қарсы болмайтын шығарсыз. Сіздің жүрегіңіз сондай нәзік еді ғой.

Полишинель: Оныңыз рас. Қызым үшін жан пидә!

Сирена: Тіпті дәулетіңізді де қиясыз ба?

Полишинель: О не дегеніңіз? Дәулет шашу міндет емес. Менің айтпағым, қызым үшін біреуді тонауға да, өлтіруге де бармын.

Сирена: Мен білсем, сіз жұтасаңыз да дүниені жұтып тынатын шығарсыз. Енді неғып тұрмыз. Бал басталды. Сильвия, кеттік. Мен саған өріптес тауып қойдым, бүгінгі балдың гүлі сен боласың! *(Бәрі де кете бастайды, тек Полишинельді қарсы жолыққан Криспин ұстап қалады).*

### Жетінші көрініс

Криспин мен Полишинель.

Криспин: Сеньор Полишинель, рұқсат болса...

Полишинель: Бұл кім өзі? Сізге не керек?

Криспин: Танымай қалдыңыз ба? Оқасы жоқ, уақыт көп нәрсені көзден де, көңілден де өшіріп кетті ғой, әсіресе жамандығың мен жауыздығыңды; уақыт шіркін соқыр тұман секілді, тұмшалап, тұншықтырып, артыңа қайырылсаң дым көрсетпей күргейлейді де, есесіне біз сүттен ақ, судан тұнық боп шыға келеміз.

Полишинель: Сен өзің кімсің?

Криспин: Саған қарағанда мен ол кезде бала едім. Ересен ерліктерімізді қалайша ұмыта қалдың?! Түріктерді тізе бүктіруге біздің тікелей қатысымыз бар еді ғой. Есінде ме? Желкенді қалай есіп едік?

Полишинель: Жап аузыңды! Әйтпесе...

Криспин: Неапольда алғашқы қожайыныңды, Болоньеде тұңғыш қатыныңды, Венецияда саудагер еврейді қалай өлтіргеніңді де білем. Мені де солардың аяғын құштырайын деп пе едің?!

Полишинель: Доғар! Кімсің өзің? Тым көп біледі екенсің!

Криспин: Мен бе? Сен баяғыда қандай болсаң, қазір мен де сондаймын. Енді сенімен теңескім келеді; күте бер, айтқанымнан қайтпан! Тек уақыт баяғыдай емес, бүгінде ақымақтар ғана кісі өлтіреді, болмаса үлкен жолды торыған қарақшылар, бір сөзбен басын дарға тіккендер!

Полишинель: Саған не керек? Ақша ма?

Криспин: Ақшана түкірдім. Мен саған баяғыдай дос болғым келеді.

Полишинель: Сонда менен не көмек қажет?

Криспин: Жоқ, көмек саған қажет. Алдымен сені сақтандырайын. (*Сыртты нұсқап*) Бері кел, ана қызыңды көрдің бе: жігіттің құшағында билеп жүр, езуі құлағында, жанары жанып барады. Танып ал, ол менің қожайыным.

Полишинель: Сен сонда қызметшісі болдың ғой? Ол немен еріккен есуас па, әлде қарақшы ма?

Криспин: Ол да екеуміз секілді дейсің ғой? Жоқ, достым, біз оның шұлғауына жарамаймыз, себебі ол көрікті, жымыасы жылы, майда тілі жүрегінді де езіп жібереді. Бұл аз ба? Әйел жұрағаты бірден құлап қалады. Қызыңа сак бол, онымен биге жіберме, сөзін тыңдатпа!

Полишинель: Қожайыныңа қызмет жасаған түрін осы ма?

Криспин: Сен өзің қожайыныңа қалай қызмет еткенінді ұмыттың ба? Тек айырмамыз — мен оны өлтіруден аулақпын.

Полишинель: Дұрыс айтасың, құл қашанда қожасын жек көреді. Сен сонда маған не үшін көмек көрсетпексің?

Криспин: Жайлы пристанге зөкір тастағым келеді. Есінде ме, маған айтушы едің ғой: “сен менен көрі қайраттысың, ескекті сен ұста” деп. Енді менен сен қуаттысың, ескі досыңды аясаң — ескекті сен ұста. Тек менің өмірім желкеннен көрі қиындау, шынымды айтсам қажып кеттім (*шығып кетеді*).

### *Сегізінші көрініс*

Полишинель. Сахнаға донья Полишинель, донья Сирена, Рисела мен Лаура шығады.

Лаура: Мұндай ойын-сауықты тек донья Сирена ғана ұйымдастыра алады.

Рисела: Бүгінгісі тіпті ересен болды!

Сирена: Ол үшін бәріміз де адамгершілігі мол бір азаматқа борыштымыз!

Полишинель: Сильвия ше? Сильвия қайда?

Сирена: Сеньор Полишинель, қам жеменіз, қызыңыз жұртты тамсандырған тамаша бозбаламен әңгімелесіп тұр.

Рисела: Тіпті көз алмастан қадалып қапты!

Лаура: Назары тек сонда!

Рисела: Айтпа деймін!

Полишинель: Ол неткен жігіт? Барып көрейінші.

Сирена: Сеньор Полишинель!..

Полишинель: Қақпайламаңыз! (Шығып кетеді).

Сирена: Бұған не болды? Аяқ-астынан бүлінді ғой?

Донья Полишинель: Көрдiңiздер ғой қандай адам екенiн. Дүлей! Миы шiрiп кеткен, қызым тек саудагерге байға тиюi керек дейдi, ал ол бақытты бола ма, жоқ па, онда жұмысы жоқ.

Сирена: Сіз анасы емессіз бе, кесе-көлденең тұрыңыз.

Донья Полишинель: Анау не істеп жатыр? Қадірлі сеньорға қол тигізген жоқ па өйтеуір.

Лаура: Сеньор Полишинель қызын сүйрелеп келе жатыр.

Сирена: Қатыгез!

Рисела: Донья Полишинель, бүйткен күніңіз құрысын, бүйткен дәулеті бар болсын!

Донья Полишинель: Бұл мені кейде сабап та тастайды!

Лаура: Мүмкін емес!

Донья Полишинель: Рас айтам, артынан кінәсін жуып-шаю үшін сыйлықпен алдарқатқан болады.

Сирена: Оған да шүкір. Өзіміз сыйлық көрмегенімізге қай заман! (*Барлығы да шығып кетеді*).

### *Тогызыншы көрініс*

Леандр мен Криспин шығады.

Криспин: Саған не болған? Ұнжырғанды түсірме!

Леандр: Көңілді-ақ едім, қазір қорқып тұрмын. Криспин, қашалық, біздің кім екенімізді білмей тұрғанда зыталық осы жерден!

**К р и с п и н :** Егер қашсақ, біздің кім екенімізді сонда біледі, артымыздан қуып жетеді. Қоштаспай кету тағы да ыңғайсыз.

**Л е а н д р :** Сенің өзілің қалмайды, ал менде зәре жоқ.

**К р и с п и н :** Жеңіске қол жетіп тұрғанда қорыққаның қалай?

**Л е а н д р :** Қайдағы жеңіс? Сен маған қызға ғашық болғансып бақ деп едің, мен соған да жарамадым ғой.

**К р и с п и н :** Жарамағаны несі?

**Л е а н д р :** Солай. Мен шынында ғашық боп қалдым.

**К р и с п и н :** Сильвияға ма? Тіпті қатып кетті!

**Л е а н д р :** Мен де біреуге ғашық болам-ау деп ойламаған едім. Жасымнан қаңғыбас боп күн кештім, жұрттың бәрі жау, өмір – тозақ секілді боп көрінген. Әрине, тартып жеген нан тәтті, жұлдыздар құлға да жымындайды. Ал бүгінгі биде... Өмірдің тәтті ескенін сездім... Қиялданып, өзімнің кім екенімді ұмыттым! Бірақ ұзаққа созылған жоқ, енді қашалық, артымыздан қуып жетсе, Сильвияның көз алдында масқара болмайық!

**К р и с п и н :** Ал маған сені қошаметпен қарсы алған сияқты көрініп еді: мен бар өнерімді салдым, донья Сирена, капитан да құрақ ұшып жүр, ал ақын сені аспанға көтерді. Ұйықтап жатып та тектімен құда болуды армандайтын Полишинельдің қатыны қызын саған қазір ұзатуға дайын. Ал Полишинельге келсек...

**Л е а н д р :** Ол күдіктенетін сияқты. Бізді біледі-ау деймін.

**К р и с п и н :** Әрине, біледі. Полишинельді алдау қиын. Дегенмен ол кәрі түлкінің де амалын табуға болады. Мен оған өзім айтқам.

**Л е а н д р :** Не дейді?

**К р и с п и н :** Солай! Ол мені фәниге келген күнімнен біледі. Оған сені қожайыным деп таныстырдым, ал құл мен қожайын егіздің сынарындай екенін білесің. Сенімді болу үшін, қызыңды сенің маңайыңа жолатпа деп кеңес бердім.

**Л е а н д р :** Енді мен не істемекпін?

**К р и с п и н :** Тырс етпе. Полишинельдің өзі жүгіреді. Ал-ғашында саған кездесуші болма деп қызына тиым салады.

**Л е а н д р :** Ал сонан соң?

**К р и с п и н :** Түбі бізге одақтас болып шықпаса мұрымды кесіп ал! Өйткені, қатыны қызын қорғап шыға келеді, ал қызы саған өлердей ғашық. Ерке қыз аспандағы айды әпер деп өлек салады. Тек бетінен қағып көр! Сенсең, дөп бүгін түнде өкесін алдап тастап, сенімен кездесуге асығады.

**Л е а н д р :** Полишинельде шаруам шамалы! Маған дүниенің құны да соқыр тиын! Мен үшін бұл жалғанда Сильвиядан басқа жан жоқ! Енді мен оған өтірік айта алмаймын!

**К р и с п и н :** Жетер! Шегінер жер жоқ! Егер шабуылға шықпасақ күніміз қараң. Сен ғашық боп қапсың. Тіпті жақсы, одан шегер зиян жоқ. Жігіт қашанда жасқаншақ, соны сезсе қыздың өзі құшағын жаяды. Сенбейсің бе, мінеки өзі де келе жатыр, тек сені аңсай келеді. Енді мен жоғалайын.

**Л е а н д р :** Кім? Сильвия ма?

**К р и с п и н :** Ақырын! Бақыт құсын үркітіп аласың! Өтінем, мейілінше кішік бол, көп сөйлеме. Көзіне қарап емірен, көркіне қарап тамсан, мынау айлы түн, жапырақты тербеткен мынау ғажап музыка сендерге серік болсын!

**Л е а н д р :** Сен өзілге айналдырма!

**К р и с п и н :** Мен өзілдеп тұрғам жоқ. Кейде аспандап сөйлеген де артық емес. Аспанда! Қалықта! Қорықпа, артында мен бармын, бұйыртса бұл қамалды да алармыз! (*Шығып кетеді*).

### *Оныншы көрініс*

Леандр, Сильвия келеді. Көрініс соңында Криспин шығады.

**Л е а н д р :** Сильвия!

**С и л ь в и я :** Ах, сіз бе едіңіз?! Кешіріңіз, кездесем деп ойламаған едім...

**Л е а н д р :** Тығылған жерім осы. Бірду-дырдуды жаным жақтырмайды.

**С и л ь в и я :** Сіз де солай ма едіңіз?

**Л е а н д р :** Байқаймын, сіз де жақтырмайтын болдыңыз ғой?

Сильвия: Әкем де аяқ астынан ашуланып. Бұрын мұндай мінез көрсетпеуші еді. Сізге де тіл тигізіп... Көңіліңізге ала көрмеңіз.

Леандр: Оқасы жоқ. Сізге жанаса қалғанымды жақтырмағаны да. Қайтып барыңыз. Билеңіз.

Сильвия: Онда бірге баралық та.

Леандр: Жоқ. Мен ақырын жылыстап кетейін. Жол алыс, асығуым керек.

Сильвия: Қалайша? Сіздің осында қат шаруаңыз бар емес пе еді? Қалмайтын болдыңыз ба?

Леандр: Иә. Бір күнге де мұрсатым жоқ!

Сильвия: Сонда қалай... мені алдағаныңыз ба?

Леандр: Жоқ! Бұл менің өмірімде көрген ғажайып жалғыз түсім! Оянғым келмей, сол түсімнен айрылғым келмей тұр! *(Алыстан музыка естіледі. Сол музыка көріністің аяғына дейін үзілмейді).*

Сильвия: Арлекин ән салып жатыр. Сізге не болды? Жылап тұрсыз ғой. Музыка көңіліңізге қаю салды ма? Ненен мұндысыз?

Леандр: Неден? Оны сізге ән айтсын. Тындаңыз.

Сильвия: Ән ғана жетіп тұр. Сөзі анық емес. Сіз сөзін білесіз бе? “Сезім патшалығы” деген ән осы.

Леандр: Жатқа білесіз бе?

Сильвия: Сүйіскен жас — Махаббаттың пендесі,

Қараңғы түн — ғашықтардың пердесі.

Көк жүзінен сұқтанады жұлдыздар,

Сезгендей-ақ бұл ләззаттың енді қайтып келмесін...

Леандр: Жаным менің, жарық дүние куәгер,

Сенен басқа сүйерім жоқ сене гөр.

Жанарыңда жұлдыздардың нұры бар,

Өзегіме от тастаған сірә сол!..

Екеуі бір-біріне телміре қарап үнсіз тұрып қалады. Бір шеттен жылтындап Криспин шығады. Сильвия мен Леандр құшақтасып шығып бара жатады. Криспин ұрлана қарап қала береді.



## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Қонақ үйдегі Леандрдың бөлмесі.

### *Бірінші көрініс*

Криспин, Капитан мен Арлекин. Бір шеттең дәліздің нобайы көрініп тұрады.

Криспин: Мырзалар, төрлетіңіздер. Қысылмаңыздар. Мен қазір дәм әкелдірем... Ей, кім бар? Ей!..

Капитан: Қам жеменіз. Бізге ешнәрсенің қажеті жоқ.

Арлекин: Біз сенің мырзаға қызмет көрсетелік деп келдік.

Капитан: Неткен қаскөйлік! Мұны кешіруге болмайды! Лағнет Полишинель, осыдан қолыма түстің бар ғой!..

Арлекин: Ал менің қолыма түсті дей бер: ақыннан қашып құтылмайды. Сатираның сүңгісін қадап бір көрейін! Алжыған малғұн!

Капитан: Мырза жарақаттан аман дедің бе?

Криспин: Аман, бірақ өлтіріп кетуі де де мүмкін еді. Бір топ баскесерлер ойда жоқта бас салды ғой, тек мырзамның батылдығы, менің айқайым аман алып қалды.

Арлекин: Мырза бақ ішінде Сильвиямен әңгімелесіп тұрғанда тап берді ме?

Криспин: Өзі де сезіктеніп тұрса керек... Бірақ ол қорқыныш дегенді білмейтін жан ғой.

Капитан: Дегенмен бізге ескертуі керек еді.

Арлекин: Иә, капитанға құлаққағыс жасағанда қауіп жоқ еді.

Криспин: Мырза өзінен басқа еш жанға сенбейтін адам.

Капитан: Біреуін кеңірдектен сығымдаған кезде айтақтаған Полишинель екенін айтып қойды дейсің бе?

Криспин: Әрине, Полишинельден басқа кім болушы еді! Қызы менің қожайыныма өлердей ғашық боп қапты, әкесі оған күйеуді өзі таңдамақ екен, бар гәп осында! Әккі жауыз емес пе. Білсендер, бір емес, екі дүркін қатыны өлді. Байлықтың бәрін бір өзі басып қалды. Көрі-жасы бар бүкіл туыстары аяқ астынан қырылды. Мұны жұрттың бәрі біледі. Оның арам дәулеті адал еңбекті қорлауда. Масқара емес пе!

Ар ле к и н : Әдемі айттың! Мен сатирамды да дәл осылай жазамын... Әрине, ақындар мазақ иесінің аты-жөнін айта бермейді...

К р и с п и н : Ол сенің сатираңа түкірмейді де!

К а п и т а н : Оны маған жібер. Егер қолыма түссе!.. Әттен қолыма түспейді-ау!..

К р и с п и н : Менің қожайыным да оған тиіспеңдер деген. Қалай десек те Сильвияның өкесі ғой. Қызын бергісі келмеген Полишинель құда түспек болған мырзаны өлтіре жаздапты деген өсек тараса да жетіп жатқан жоқ па.

Ар ле к и н : Махаббаттан биік арман бар ма!

К р и с п и н : Менің қожайыным да кезбе алаяқтың бірі емес. Полишинель оны мақтаныш тұтса керек еді. Арулардың ақсүйегіне үйленемін десе де сөзін ешкім жықпайды. Небір ханшайымдар өліп-өшіп жүрген жоқ па... *(есікке үңіліп)* Бұл кім? Коломбина? Төрлет қадірлім, жасқанба, мұнда бөтен адам жоқ!

### *Екінші көрініс*

Сол кейіпкерлер. Коломбина келіп қосылады.

К о л о м б и н а : Донья Сирена сіздің мырзаңызды біліп қайт деп еді. Бүгін құлқын сәриден Сильвия келді. Енді үйге қайтпаймын, тура осы жерден Леандрмен неке қиюға барамын деп отыр.

К р и с п и н : Солай ма?! Көргенді қыз екен! Ақ жүрегін айтсай!

Ар ле к и н : Бұған қандай арнау жазсам екен ө?!.

К о л о м б и н а : Сильвия Леандр жарақаттанып қалды ма деп қатты уайымдап отыр. Түнде шпага сартылы мен көмекке шақырған сіздің айқайыңызды балконнан естіп талып түскен еді, таң ата есін зорға жиыпты. Леандрға не болды, айтыңызшы? Бойжеткенде тіпті зәре жоқ, донья Сирена да қобалжып отыр.

К р и с п и н : Леандрды аман алып қалған да махаббат, жүрегіне жара салған да махаббат деп айта бар! Міне, өзі де кеп қалды ғой!..

Үшінші көрініс

Сол кейіпкерлер. Леандр кеп қосылады.

Капитан : (Құшақтап) Қымбатты досым!

Арлекин : (Құшақтап) Қайран дос!

Коломбина : Ой, Леандр мырза! Есен-сау барсыз ба? Көргеніме қуаныштымын.

Леандр : Түнгі оқиғаны сіз де естіп қалып па едіңіз?

Коломбина : Бүкіл қала шуласын жүр! Бәрі де Полишинельді айыптауда.

Леандр : Солай ма?

Капитан : Ол неме сізге қалайша қастандық жасады екен?!

Арлекин : Махаббатқа қарсы тұрған хайуандық!

Коломбина : Онысынан түк шыққан жоқ. Сильвия донья Сиренаның үйінде отыр. Сізге жар болуға өзирмін дейді.

Леандр : Ал Полишинель қайда екен?

Коломбина : Оны құдай атсын!

Капитан : Баймын деп баршаны басынбақ қой!

Арлекин : Байлықтың буы да!

Коломбина : Кісі өлтіруге дәті қалай барды десенші?!

Криспин : Он екі баскесерді жалдапты! Көзіммен көрдім!

Леандр : Мен үшеуін-ақ көрдім.

Криспин : Мүмкін, ештеме болған жоқ дерсіз? Неткен сабыр, неткен қайрат! Бірақ менен жасыра алмайсыз. Он екі баскесерді бұйым құрлы көрмей тым-тырақай қылды!

Коломбина : Мен барып Сильвияны жұбатайын!

Криспин : Коломбина, мүмкін өзірше Сильвияға айтпай тұра тұрармыз?

Коломбина : Оны донья Сирена шешсін. Сильвия мырзаны өл үстінде деп ойлап, көргенше шыдар емес.

Криспин : Сабыр етіңіз.

Капитан : Ал, қымбатты достар, біз кетелік. Шаруа шаш етектен. Жұртты Полишинельге айдап салу керек.

Арлекин : Терезесін таспен аталық! Қалың тобырдың оңай жау еместігін білсін.

К о л о м б и н а : Қызыма үйлене ғой деп алдыңызға тізерлеп келіп кешірім сұрайтын болады!

К р и с п и н : Жә, достарым, енді барындар. Менің мырзамның басынан әлі қауіп кеткен жоқ. Кісі өлтірмек болған Полишинель еш нәрседен тайынбайды! Көріскенше күн жақсы!

А р л е к и н : Сау бол, аяулы дос!

К о л о м б и н а : Сау болыңыз, Леандр мырза!

Л е а н д р : Ризамын, қымбатты достарым!

Леандр мен Криспиннен басқасы кетеді.

### *Төртінші көрініс*

Леандр мен Криспин.

Л е а н д р : Криспин, сен не бүлдіріп жүрсің? Мені осыған сенді деп тұрмысың? Білем, түндегі қаскөйлерді ұйымдастырған сен. Егер олар шындап жабылғанда мен тірі қалмас едім.

К р и с п и н : Мен соны неге ұйымдастырғанымды әлі түсінген жоқсың ба?

Л е а н д р : Жетер, Криспин. Мен Сильвияны шын сүйем, сонсоң да алдағым келмейді.

К р и с п и н : Шыныңды айтсаң, Сильвия сенен шырырап қашады.

Л е а н д р : Бәрібір, түбі менің кім екенімді білмей ме.

К р и с п и н : Мейлі, біле берсін! Бірақ ол кезде сен үйленіп те үлгересің, қайырымды да адал жар боласың, сенің есіл-дертің де осы емес пе. Ал әзірге ол сені көруге зар. Расында, қызға қолың жетіп, атаңның байлығын басып қалсаң сенен жақсы ақсүйек болмас. Қанша дәулеттің үстінде отырса да Полишинельге жетпейтін бір-ақ нәрсе — адалдық. Зәлімдік — оның екінші бет пердесі. Саған жетпейтіні де осы. Сенің түбіңе жететін — адалдық, мен болмасам аштан өлетін едің! Егер сені саясатқа сүйреп салғанымда, дүниенің кілті біздің қолымызда болар еді. Бірақ сен мансапқор да емессің!

Л е а н д р : Мұның аяғы масқарамен бітетінін білемісің? Жасауына бола Сильвияны алдасам, оның несі махаббат! Ал сүйеді екенмін, алдау азамат басыма ұят!

**К р и с п и н :** Алдама. Жан-төніңмен сүй, махаббатыңды қорғап қал. Сүйіктіңнің алдында сүйкімінді кетіретін нәрсені ішінде сақтай тұру да алдау ма екен?!

**Л е а н д р :** Мұның бәрі өншейін сөз ғой, Криспин.

**К р и с п и н :** Осының бәрін өуел баста ойлауың керек еді. Махаббат дегенің де қулықтың бір тәсілі: ерте ме, кеш пе біреуді алдайсың — не өзінді, не өзгені.

**Л е а н д р :** Мен өзімді өзім алдаған емеспін. Мен арымды, оған қоса ақылымды сатпаймын!

**К р и с п и н :** Сондықтан да сен саясаттан мақұрымсың. Сенікі де дұрыс. Ақыл адалдықты талап етеді, ал адалдықты жоғалтқан — адам емес!

**Л е а н д р :** Криспин, сен философ екенсің ғой!

**К р и с п и н :** Мен желкенді есіп отырып көп нәрсені ойладым. Ақыл мен қулығым үшін емес, ынжықтығым үшін айыптады. Егер мен қу болсам ескекте отырмас едім, басқаларды жұмсар едім. Сонда енді қайтып желкенге жоламаймын деп өзіме ант бергем. Сен қаншама маған кедергі жасағаныңмен сол антымнан танбаймын.

**Л е а н д р :** Не айтып тұрсың?

**К р и с п и н :** Ойласаңшы, жағдайымыз мүшкіл, сенімнен айрылып болдық. Қонақ үйдің қожасы саған өне-міне ақша түседі деп барын аяған жоқ. Панталон оған сеніп бізге несие берді. Тегі мықты ақсүйек деп саудагерлер бізге қарызға қаншама дүние лақтырды! Ең ақыры донья Сирена да құрақ ұшып жүрген жоқ па... Сенен үміт күтіп жүрген осылардан тағы не дәметпексің?! Бізді іздестіріп жатқаны есіңнен шықты ма?! Атышулы Болон қылмысы ше? Біз қашқанда үш мың парақ болып еді ғой. Содан бері өспеді деймісің? Ғалым заңгер, болондық доктор істі өз қолына алыпты деседі. Ал ол кіріссе бізді оңдырмайды. Немене, сенбей тұрсың ба? Маған сенбегенің бе?

**Л е а н д р :** Қашу керек!

**К р и с п и н :** Жок, қымбаттым! Жетер, қашып болдық! Бүгін біздің тағдырымыз шешіледі. Мен саған біреуді сүюге мүмкіндік жасадым, ал сен маған өмір үшін күресуге мұрсат бер!

**Л е а н д р :** Енді қалай құтыламыз? Не істейміз? Айтшы.

**К р и с п и н :** Ештеңе де істеме. Тек бергенді ала бер. Біз бүтін дүниені бұлдіріп, бүкіл қаланы бөрліктірдік, енді сол қала бізді құтқаруға өзі мүдделі.

### *Бесінші көрініс*

Сол кейіпкерлер. Донья Сирена келеді.

**С и р е н а :** Леандр мырза, рұқсат па екен?

**Л е а н д р :** Донья Сирена? Сіз осында ма едіңіз?

**С и р е н а :** Көріп тұрсыз, тілі ұзындарға тағы бір өсек тауып бергенімді. Бойдақ жігітке желіккен бикеш өз аяғымен барды деп...

**К р и с п и н :** Сумаң жұрттың тілін кесуге менің мырзам қашаңда өзір. Тек аузын ашып көрсін!

**С и р е н а :** Сіздің мырзаңыз? Сенбей тұрмын-ау. Еркектер әманда мақтаншақ! Бірақ мен көмек көрсетуден қашпаймын. Кеше түнде сізді мерт қыла жаздағаны рас па? Бүкіл қала солай деп шуласып жүр... Ал Сильвия! Байғұс! Сіз дегенде жаны құрбан! Қалайша тез басын айналдырып алдыңыз?

**К р и с п и н :** Сеньор ол үшін сізге қарыздар.

**С и р е н а :** Ол да рас. Жатпай-тұрмай мен сізді мадақтадым. Егер сіз уәденізді орындамасаныз...

**К р и с п и н :** Күмөніңіз бар ма? Қолхаты қолыңызда емес пе.

**С и р е н а :** Қолхаты бар-ау. Білем, Леандр сенімді адам. Бірақ, дәл бүгін мен үшін құдай атқан сәтсіз күн! Егер уәденіздің жартысын бүгін өтесеңіз, қалған жартысын кешіре салар едім.

**К р и с п и н :** Бүгін дейсіз бе?

**С и р е н а :** Бүгін екінші күйеуімнің дүние салғанына тура жиырма жыл толды. Ол шіркін менің алғашқы да жалғыз махаббатым еді ғой!

**К р и с п и н :** Пай-пай, бұл бірінші күйеуіңізге деген әдемі жоқтау болды ғой!

**С и р е н а :** Оған өкем қосқан еді. Сүйген жоқпын, бірақ адал жар болдым.

**К р и с п и н :** Сіздей ғажап әйел дүниеде жоқ шығар!

**Сирена** : Өткенді еске алып қайтеміз. Көңілді босатады. Болашақты ойлалық. Айтпақшы, Сильвия осында менімен бірге келмекші болып жабысқаны.

**Леандр** : Осында ма?

**Сирена** : Әрине. Мұны естісе Полишинель не демек?! Онсыз да бүкіл қала оны жеп қоятын түрі бар. Енді қызын сізге ұзатудан басқа амал қалған жоқ.

**Леандр** : Жо-жоқ!

**Криспин** : Әрине, сөзі бөтен, сезімі басқа екенін байқап тұрған шығарсыз.

**Сирена** : Байқамағанда ше. Сильвия үшін бар дүниені төрік қылуға дайын ғой.

**Криспин** : Иә, бір сол үшін бәрін шашуға бар!

**Сирена** : Рас па?

**Криспин** : Ах донья Сирена! Егер менің мырзам Сильвияға бүгін үйленетін болса, уәдесін табан астында орындайды.

**Сирена** : Егер үйленбесе ше?

**Криспин** : Онда уәде адыра қалды деген сөз. Енді ойланңыз.

**Леандр** : Доғар, Криспин! Жетер! Мен махаббатымды саудаға салғым келмейді! Донья Сирена, барыңыз, Сильвияға айтыңыз, әкесіне қайта берсін. Мені ұмытсын. Ал мен қашам, менің аты-жөнімді естімеген бір түкпірге... Айтпақшы, осы менің аты-жөнім кім еді?..

**Криспин** : Болды енді!

**Сирена** : Не айтып тұрсыз? Бұл не сұмдық? Есіңізді жиыңыз! Бақытынан безгенді кім көріпті?! Әңгіме сіздің қара басыңызда ғана емес. Сізге сеніп жүрген қаншама жұрт бар. Бәрін айтпағанда, жанын шүберекке түйіп, сіздің бақытыңыз үшін барын салған мейірбан әйелді қалай алдамақсыз? Сильвияға үйленесіз, егер үйленбесеңіз сізді де төртіпке шақыратын кісі табылады. Сіз ойлағандай мен де жалғыз, панасыз емеспін!

**Криспин** : Донья Сирена дұрыс айтады. Бірақ, сеньор сіздің сенімсіздік жасағаныңызға шамырқанып тұрғаны да.

**Сирена** : Әңгіме мұнымен бітпейді. Полишинель сене салатын, жоққа көне салатын можантопай емес. Сіздер қас-тандық жасалды деп бүкіл қалаға өтірік дабыл қағып жатқанда...

К р и с п и н : Өтірік?

С и р е н а : Жә, жетер! Біз бір-бірімізді жатқа білеміз. Әлгі жалған жауыздардың бірі менің туысқаным, ал басқалары таныстарым. Керек десеніз, Полишинельдің қылшығы да құраған жоқ, үстеріңізден үкіметке шағым түсіріпті, оған қоса Болоньядан әлде бір іс қағазы келіпті дейді.

К р и с п и н : Үш мың тоғыз жүз парақ. Арам қатқыр әлгі доктор ғой!

С и р е н а : Мұны да бүкіл қала біліп отыр. Қазір бір минут уақыт қымбат.

К р и с п и н : Қымбат болса, қайтыңыз. Сильвияға барып айтыңыз...

С и р е н а : Қызметшінің киіміне жасырынып Сильвия осында келіп тұр. Кірер ауызда. Мен оған Леандр ауыр жарақат алды деп едім...

Л е а н д р : Сильвия, қымбаттым!

С и р е н а : Сізді ажал аузында деп жанұшырып жетті. Енді айтыңыздаршы, мен сіздерге қаспын ба, доспын ба?

К р и с п и н : Сіздей ғажап әйелді көргем жоқ! (*Леандрға*) Дереву ауырған болып жата қал, әйтпесе жынынды қағып аламын!

Л е а н д р : Мен сіздермен біргемін, бірақ, Сильвияны бұл іске шатастырмаңыздар. Мен оны көрсем деймін. Айтыңыздар, кірсін, сіздерсіз-ақ мен оны өзім қорғаймын!

К р и с п и н : Көрдіңіз ғой, мүнікі әншейін құр сөз, сезімін айтып тұрған жоқ.

С и р е н а : Әрине! Бұл ақымақ та емес, жынды да емес. Кеттік!

Криспин екеуі кетеді.

### *Алтыншы көрініс*

Леандр. Сильвия келеді.

Л е а н д р : Сильвия! Сүйіктім!

С и л ь в и я : Жараланып қалған жоқсың ба?

Л е а н д р : Көріп тұрсың ғой, дін аманмын! Сені осында әкелу үшін жасалған қулық қой. Енді қорықпай-ақ қой. Қазір өкең келеді де сені ертіп кетеді. Менің еш кінәм жоқ... Тек ғашық едім деп көңіліңді бұзғаным болмаса. Кешікпей бұл да көңілден өшер.



Сильвия : Не деп тұрсың, Леандр? Сонда сүйгенің өтірік болғаны ма?

Леандр : Сүйгенім рас. Алдауы да, арбауы да жоқ. Енді тезірек кет, сенің мұнда болғаныңды тірі пенде көрмесін!

Сильвия : Неден қорқасың? Осында келуге қорықпағанда енді мен неден сасамын! Қасымда сен барсың!

Леандр : Әрине, қорқатын еш қауіп жоқ. Сенің қорғаның — менің махаббатым!

Сильвия : Мен енді әкеме қайтпаймын!

Леандр : Сильвия, өкенді кінәлама. Ол да алдауға түсіп қалды. Бара ғой, қызық қуған саудайыны ұмыт.

Сильвия : Жо-жоқ, айта көрме! Бәріне кінәлі әкем, сенің махаббатыңды суытқан да әкем! Сорлы мына мен!

Леандр : Сильвия! Сүйіктім менің! Сен әлі өмірді көрген жоқсың, зұлымдықтың ырқына көнген жоқсың! Мен сенің сөзіңді естіп тұрып, кірерге тесік таппай тұрмын!

### Жетінші көрініс

Сол көрініс. Криспин келеді.

Криспин : Сеньор! Сеньор! Полишинель мырза осында келе жатыр!

Сильвия : Әкем бе?!

Леандр : Мейлі, келсін! Сені әкене ертіп жіберейін.

Сильвия : Бірақ жалғыз емес қой, шұбырған жұрт, ішінде полиция да бар.

Леандр : Егер сені менің қасымнан көріп қойса... Криспин, шақырған сен ғой? Бәрібір ештеңе тындыра алмайсың!

Сильвия : Құдай сақтасын! Енді құтыла алмаймыз ба деп қорқамын.

Леандр : Мен өзімді емес, сені ойлап тұрмын. Сені құтқару керек! Тезірек тығыла ғой.

Сильвия : Ал сен ше?

Леандр : Саспа! Тездет, келіп қалды! *(Сильвияны көрші бөлмеге жасырып, Криспинге)* Күтіп ал! Ешқайда жіберме! Мен қазір келемін *(терезеге беттейді)*.

Криспин : Леандр! Күнәкар болма!

Леандр : Қорықпа! Терезеден қарғын деп тұрған жоқпын, қашпаймын да. Мен Сильвияны қорғауым керек *(терезеге барып, жоғары өрмелейді де жоғалады)*.

**К р и с п и н :** Құдайға шүкір! Мен төменге қарғи ма десе, бұл көкке өрмелеп барады ғой. Аспанға ұшайын деді ме... Барсын, оның орны көкте, менің орным жерде! Мен жер үстінде екі аяғымды тең басып тұруым керек! (*Креслоға жайғасып отырады*).

### *Сегізінші көрініс*

Криспин, Полишинель, трактирші, Панталон, Капитан, Арлекин, доктор, секретарь және бір бума қағаз құшақтаған екі альгвасиль.

**П о л и ш и н е л ь :** (*Есік сыртында қалғандарға*) Есік көзінде тұрындар: ешкімді жібермендер, мейлі еркек болсын, ұрғашы болсын, күшік болса да, мысық болса да!

**Т р а к т и р ш і :** Қайда бұлар? Әлгі қарақшылар?

**П а н т а л о н :** Қарауыл! Қайран менің ақшам!

Доктор мен секретарь столға келіп отырып, қалам, қағаздарын жая бастайды. Альгвасильдар қағаздарын қолтықтап қатарына келіп тұрады.

**К а п и т а н :** Криспин, бұл не шатақ?

**А р л е к и н :** Мұндай пәлені кім күткен?!

**П а н т а л о н :** Қарауыл! Қайран менің ақшам! Қайран ақша!

**Т р а к т и р ш і :** Ұстандар! Қамандар түрмеге!

**П а н т а л о н :** Ұстандар!

**К р и с п и н :** Бұл не бассыздық? Тектінің есігін теуіп кіру деген не сұмдық? Сеньор мұнда жоқ!

**П а н т а л о н :** Жап аузыңды! Сен сонымен ауыз жаласқансың! Бірге жауап бересің!

**Т р а к т и р ш і :** Әрине, бірге! Қожайыны қандай болса, бұл да сондай алаяқ! Мені алдаған да осы!

**К а п и т а н :** Криспин, бұл не өзі?

**А р л е к и н :** Рас па?

**П о л и ш и н е л ь :** Ал, енді не айтасың, Криспин? Мені қастандық жасады деп жүрген кім? Сараң, жалғыз қызын дүние үшін құрбандыққа шалды дегенді кім шығарып жүр?

**П а н т а л о н :** Қақсама, Полишинель мырза! Сен дым да жоғалтқан жоқсың. Мен бар ақшамды кепілдіксіз бере салып мұзға отырып қалдым!

**Т р а к т и р ш і :** Ал мен ше? Мен бұларға барымды беріп, мына алаяқтың алдында құрша жорғаладым емес пе!

**К а п и т а н :** Бізді де алдап соқты. Енді мені алаяқтарға қызмет етті деп сөгетін болды.

**А р л е к и н :** Мына мен ше? Ақсүйек азамат деп қаншама сонет арнадым!

**П о л и ш и н е л ь :** Ха, ха, ха!

**П а н т а л о н :** Иә, күл, күл, сенің малың түгел ғой!

**Т р а к т и р ш і :** Тоналған біз ғой.

**П а н т а л о н :** Әлгі алаяқтың өзі қайда?

**Т р а к т и р ш і :** Бар мүлкін тізімге алыңдар, өзі қайда кашып құтылар дейсің.

**К р и с п и н :** (*Шағасын суырып*) Қадам басушы болмаңдар!

**П а н т а л о н :** Сен де қорқытайын дедің бе?!

**Т р а к т и р ш і :** Полиция!

**Д о к т о р :** Мырзалар! Алдымен мені тыңдаңыздар, өйтпесе еш нәрсенің түбіне жетпейміз. Әділ сотқа ешкім нұсқау бере алмайды. Әділет соты — даналық; даналық — тәртіптің анасы; тәртіптің түбі — ақыл; ақыл — сабыр; сабыр түбі — сары алтын. Шағымдарыңды біртіндеп айтыңыздар, ал мен оны мына іске тіркеймін.

**К р и с п и н :** Құдай-ау, біздің ісіміз тағы да қалыңдап қалған ба?

**Д о к т о р :** Бұлардың бұрынғы қылмыстары осында тіркелген, енді сіздердің шағымдарыңыз да осыған қосылсын. Шешім жасайтын мен. Әділ соттан әлі ешкім құтылған емес. Секретарь мырза, жаза беріңіз, даугерлер талабын айта берсін.

**П а н т а л о н :** Бұл қимыжығыңыздан құдай сақтасын. Білеміз ғой сіздің әділ сотыңыздың астарын!

**Т р а к т и р ш і :** Сот атаулы ақты қара деуге құмар, алаяқ құтылады да біз саусақты танауға тығып қала береміз.

**П а н т а л о н :** Әділ сотыңыз әдіре қалсын, алдымен менің ақшамды қайтарғып беріңіз.

**Д о к т о р :** Дөкір де нойыс, өңшең қаранғы тобыр! Әділет жөнінде сендер не білуші едіңдер! Бөрің де нақақтан шығынданып қалдық дейсіндер. Оны әлі дәлелдеу керек. Алаяқтық пен алдауды шатастырмаңдар.

Панталон : Болды! Ақыры біз жауапқа тартылып жүрмелік.

Доктор : Шындықты шырғалаңмен бүркемендер.

Трактирші : Бізді тонады — бар шындық осы. Басқасында шаруамыз жоқ.

Доктор : Алаяқтық пен алдау секілді тонау мен ұрлық та бір нәрсе емес. Бұл сонау Юстиниана, Трибониана, Эмилиана, Трибериана заманынан бергі ақиқат.

Панталон : Бізді тонады, өлі тонап жатыр.

Полишинель : Доктор мырза дұрыс айтады, бөрі төртіппен жасалсын.

Доктор : Секретарь мырза, жазуға кірісіңіз.

Криспин : Алдымен мені куәға тартыңыз.

Панталон : Аузыңды ашпа, алаяқ! Ұят деген болсашы мұнда!

Трактирші : Алдымен бізді тыңдаңыз.

Доктор : Бәріңе кезек келеді. Сот бәрінді де тыңдайды. Сонымен жаза беріңіз... Пөленше деген қалада... пөленше күні... алдымен осындағы бар мүлікті тізіңіз... Сосын шағымшылардан кепілдікке ақша алу, онсыз шағым қаралмайды. Меніңше екі мың жететін шығар, ақшасы жоқ болса орнына мүлік те жүре береді.

Панталон : Не дейді? Бізден екі мың алмақ па?

Доктор : Сегіз мың алуымыз керек еді, мен мына дүние-мүлікті қоса есептеп, екі мың да жетер деп отырмын.

Трактирші : Жетер! Ештеңе де жазбаңыздар. Біз бұған қарсымыз.

Доктор : Немене? Сотты сыйламағандарың ғой!? Онда басқадай іс бастаймыз. Заң қызметкерлеріне күш көрсетіп, қарсылық жасағандарың үшін...

Панталон : Мына доктор бізді құртатын болды!

Трактирші : Мынауың жыңды ғой!

Доктор : Сіз жыңды дедіңіз бе? Секретарь мырза, жазып қой, қызмет адамын қорлады де.

Криспин : Бұл маған сөз бермегендерің үшін.

Панталон : Мейлі, сайра ендеше!

Криспин : Ананы тоқтатындар, өйтпесе не пәлені үйіп-төгеді.

Панталон : Расында солай-ау!

Трактирші: Таста қаламды!

Доктор: Бізге ешкімнің бұйрығы жүрмейді.

Криспин: Сеньор капитан, шпагаңызды шығармасаңыз болмас, бұл да әділеттің бір қаруы.

Капитан: (*Столға келіп, қағазды шпагамен осып жібереді*). Құзырыңызға құлдық, жазуды тоқтатыңыз!

Доктор: Көрдіңіз бе, өдеп сақтаған жерде біз де көмпіспіз. Кейбір мәселелерді анықтағанша сот барысын тоқтата тұралық. Екі жақ бір-бірімен ақылдассын. Ал біз дүние-мүлкі есепке ала берелік.

Панталон: Жо-жоқ!

Доктор: Тәртіп бойынша.

Криспин: Оған да үлгерерсіз. Әзірге мен мына құрметті мырзалармен сөйлесе тұрайын.

Доктор: Қажет десеңіз оны да жазып алалық.

Криспин: Айта көрмеңіз!

Капитан: Сөзін бөгемеңіз енді.

Криспин: Алдымен ашып алайық. Сіз ғой ақшаңыздан айрылдыңыз? Енді соны қайтарып бер деп тұрсыз?

Панталон: Әрине!

Трактирші: Иә, біздің ақшамыз!

Криспин: Ендеше былай, егер сіздер менің қожайынымды қаматып, Полишинельдің қызына үйленуге мүмкіндік бермесеңдер, ақшаларың қайтып қалталарыңа түспейді. Құдайға шүкір, ақымақтан көрі алдамшы туған бажандай екенін мен байғұс білемін. Енді ойланыңдар, сотқа жүгінгеннен не пайда табасыңдар? Жарайды, бізді айда-тып жібердіңдер делік. Сонда шығындарыңды кім өтейді? Бізді байлап бергенде байимын деп тұрсыңдар ма? Егер бізге тиіспесеңдер жуырда ақшаларыңды шып-шырғасын шығармай өсімімен қайтып аласыңдар! Мен айтарымды айттым, енді не істесеңдер де өздерің біліндер.

Доктор: Тергеу тоқталсын.

Капитан: Дегенмен, мен бұлардың алаяқ екендігіне сенгім келмей тұр.

Полишинель. Криспин осылардың басын айналдырып қоймаса кетті.

Панталон: (*Трактиршіге*) Ал, сен не айтасың? Егер ақылға келсек...

Трактирші: Өзің не айтасың?

Панталон: (*Криспинге*) Сонда сенің қожайының Полишинельдің қызына бүгін үйленбек пе? Ал әкесі қарсы болса ше?

Криспин: Ойбау-ау, қызы менің қожайыныммен қашып кеткен жоқ па. Жұрттың бәрі біледі. Әкесіне — өлімнен ұят күшті.

Панталон: Е-е... солай де... (*Трактиршіге*) Сен не дейсің?

Трактирші: Алаяқ диірменнің тасынан да аман шығады!

Панталон: Дұрыс айтасың. Сеніп қала жаздағанымды қарашы. Полиция!

Криспин: Есің дұрыс па?! Ақшадан айрыласың ғой!

Панталон: Оны өлі көрерміз. Полишинель мырза, бір ауыз сөзге болар ма екен?

Полишинель: Иә, сіз не айтпақсыз?

Панталон: Мәселен, біздің шағым жасауға дәлеліміз жоқ делік. Айталық, Леандр мырза расында жамандыққа баспайтын текті адам болсын...

Полишинель: Иә, содан соң?

Панталон: Айталық, сіздің қызыңыз оған ғашық боп қашып кетті делік...

Полишинель: Мұны сізге қай оңбаған айтып жүр?

Панталон: Тек ашулана көрмеңіз. Бұл өншейін жорамал ғой.

Полишинель: Жорамалың құрысын!

Панталон: Сабыр етіңіз. Егер солай болған күнде қызыңызды Леандрға берер ме едіңіз?

Полишинель: Өйткенше мен ол қызды өлтірмеймін бе! Сіз бұл сұрауды маған бас пайдаңызға бола қойып тұрсыз. Сіз де алаяқтың бірісіз.

Панталон: Алаяқтың ауылы сізден алыс емес шығар. Асылып өлген адамның үйінде арқанды ауызға алмайды деген!

Трактирші: Е, солай деші!

Полишинель: Өңшең жылпостар! Бәрі жиылып мені тонамақ! Оларың бола қоймас!

**Доктор:** Сеньор Полишинель, шағымшылар арызын қайтып алған күнде іс осымен жабылады деп ойлайсыз ба? Тасқа басылған нәрсе жонсаң да қайтып кетпейді. Мұнда елу қылмыстың ізі мен дәлелі жатыр.

**Панталон:** Ал, Криспин, енді не дер екенсің?

**Криспин:** Айтарым, сол істің бәрі егіздің сыңарындай. Бәрі де жоғалған ақша, қайтпаған қарымта жайлы. Жоқ нәрсені кім қайтарсын.

**Доктор:** Жоқ, оныңыз болмас! Мен тиесілі сыбағамды аламын.

**Криспин:** Тек бізден емес, мына шағым айтқандардан.

**Доктор:** Соттың ақысы — парыз, соның өтеуі үшін осындағы мүлік түгелдей тәркіге түсуі керек.

**Панталон:** Қалайша? Сонда бізге дым да тимейтін болғаны ма?

**Трактирші:** Солай болғаны да.

**Доктор:** Секретарь мырза, жаза баста.

**Панталон мен Трактирші:** Жоқ, жаза көрмендер!

**Криспин:** Доктор мырза, мені де тыңдаңызшы. Егер сіз жазбасаңыз да ақы-пұлын төлесек қайтеді?

**Доктор:** Дұрысы, сот шығынын дейсіз ғой.

**Криспин:** Дәл айттыңыз, сот шығыны.

**Доктор:** Олай болса...

**Криспин:** Егер Полишинель мырза қызын беретін болса, менің қожайыным бүгін байып шыға келеді. Ойла-ныңыз...

**Доктор:** Ойланатын жағдай екен!

**Панталон:** Міне, енді түсіндіңіз бе?

**Трактирші:** Сонымен қалай шешетін болдыңыз?

**Доктор:** Ойлануға мүрсат беріңіздер. Байқаймын, мына кісінің ақыл-есі дұрыс секілді. Сот тәжірибесімен де таныс көрінеді. Егер сіздерге жасалған қиянат тек дүние-мүлік қақында ғана екенін ескерсек, оның өтемі соның құнына пара-пар өтелмек керекті, бұл да өделеттің бір жолы. Ежелгі жабайы тіршіліктің заңы да: “көзге — көз, тіске — тіс” демей ме, тек “көзге — тіс, тіске — көз” дегенді естігенім жоқ, қазіргі жағдайға икемдеп айтсақ: “ақшаға — ақша”

деген сөз. Егер бұлар өлтіріп қаныңды ішпесе, есесін жаныңмен қайтар деп талап ете алмайсыздар. Бұлар жеке басыңызды қорлаған жоқ, намысыңызға тиген жоқ, атақ-абыройыңызға нұқсан келтірген жоқ. Демек, басыма-бас қарымтасын қайтарулары керек. Әділетті сот осыны талап етеді. Бұл Пандексттен Эмилианға дейін белгілі қағида...

Панталон : Естігенбіз. Егер ол төлейтін болса...

Трактирші : Ақшамызды қайтарса...

Полишинель : Бос мылжың! Өтейтін дымы жоқ! Несімен қайтарады?!

Криспин : Неге? Менің қожайынымды құтқаруға бәрі де мүдделі, бәріне пайдалы! Доктор мырзаға да, өйтпесе ақыл-ойының бағасы мен шығынын босқа жібермек пе; мынау Капитан мырзаға да, өйткені бұл сеньормен дос-жаран, егер қайдағы бір жылпоспен дос болыпты десе абыройы айрандай төгілмей ме; сізге де, Арлекин мырза, өлгі сонеттеріңіз өлдебір сұмырайға арналыпты десе ақындығыңыз адыра қалған жоқ па; ақыры, сізге де Полишинель мырза, менің ескі досым, себебі құдалар алдында да, құдай алдында да Леандр сіздің қызыңызға жар болды!

Полишинель : Көкіме, сұмпайы!

Криспин : Енді дүние-мүлікті тіркей беріңіздер. Жазыңыз, мына мырзалар куә болсын! Мұннан бастаңыз! *(Арт жақтағы шымылдықты серпіп қалады. Шымылдық ішінде Сильвия, Леандр, донья Сирена, Коломбина, донья Полишинель тұрады).*

### Тоғызыншы көрініс

Сол көрініс. Сильвия, Леандр, донья Сирена, Коломбина, донья Полишинель авансценаға шығады.

Панталон мен Трактирші : Сильвия!

Капитан мен Арлекин : Бірге екен ғой!

Полишинель : Ақыры рас болды ма? Демек бәрі маған қарсы! Әйелім де, қызым да! Бәрі келісіп алған! Бәрі мені тонамақ! Анау алаяқты да, әйелдерді де ұстандар!

Панталон : Полишинель мырза, есіңіз дұрыс па?!

Леандр : Сіздің қызыңыз мені жарақаттанып қалды деп донья Сиренаға еріп келген еді. Мен сіздің зайыбыңы-



зға барып осында алып келдім. Сильвия мен туралы бәрін біледі, демек әуелгі махаббат дегеннен із де қалған жоқ шығар. Мінеки қызыңыз, ал мен сотқа жүгінуге даярмын.

**П о л и ш и н е л ь :** Қыздың жазасын берем, ал ананы ұстандар!

**С и л ь в и я :** Әке, оны құтқарыңыз, өйтпесе мен өлемін! Мен оны сүйемін, өмір бойы сүйіп өтемін, өйткені оның жүрегі ақ, жаны пәк. Ол маған алдап та үйленетін еді, бірақ ақтарылып бар шынын айтты.

**П о л и ш и н е л ь :** Жап аузыңды, ұяттан безген! Міне, шеше тәрбиесі деген осы! Қайдағы жоқ қырт романның, айлы түнгі музыканың әсері ғой бұл!

**Д о н ь я П о л и ш и н е л ь :** Сонда қызың сен секілді біреуге тиіп, мен секілді азап шегуі керек пе?! Сенің байлығың адыра қалсын!

**С и р е н а :** Жақсы айттың-ау, сеньора! Махаббат болмаса ақшаны итке берсін!

**К о л о м б и н а :** Махаббатсыз ақшаның да дәмі кермек!

**Д о к т о р :** Полишинель мырза, сізге көнгеннен басқа амал қалған жоқ.

**П а н т а л о н :** Әйтпесе бүкіл қаланың қарғысына қаласыз.

**Т р а к т и р ш і :** Мен де солай деп ойлаймын.

**К а п и т а н :** Қызыңызды ұятқа қалдырмаңыз.

**Д о к т о р :** Сот, қызыңыз Леандрдың құшағында болды деген қағаз қалдырады.

**К р и с п и н :** Менің қожайынымның жалғыз кемшілігі — тақыр кедей, бірақ өте мейірбан адам... егер нағашысына тартып кетпесе, жиендеріңіз мейірімді болмақ.

**Б ө р і :** Неке қиылсын! Осы дәл қазір!

**П а н т а л о н :** Әйтпесе халыңыз мүшкіл!

**Т р а к т и р ш і :** Болмаса жұртқа жар саламыз!

**А р л е к и н :** Өзің мұзға отырып қаласың!

**С и р е н а :** Өтінем, бүгінде сирек кездесетін ғашықтар үшін!

**К о л о м б и н а :** Бұлардың махаббаты мақтауға тұрады!

**Б ө р і :** Неке қиылсын! Неке!

**П о л и ш и н е л ь :** Мейлі, некелесе берсін, өңшең албасты. Бірақ мен жасау да бермеймін, мұра да қалдырмаймын!

Доктор : Өйте алмайтын шығарсыз.

Полишинель : Неге?

Трактирші : Өйтуге қақыңыз жоқ!

Арлекин : Ел бетіне қалай қарайсың?

Капитан : Оған жол бермеспіз!

Сильвия : Әке, маған ештеңенің керегі жоқ. Сүйген жарымның тағдырын бөліп-жарыссам болды!

Леандр : Ендеше мен сенің махаббатыңды сыйлап өтем (бәрі топырлап Сильвия мен Леандрга жүгіріседі).

Доктор : Бұлар жынданған шығар!

Трактирші : Жасаусыз қыз жоқ!

Арлекин : Ал той ше?

Донья Полишинель : Немене? Менің қызым жоқ-шылықта күн кешпек пе? Қатыгез жендет, туған баласын аямаған дүниеқоңыз!

Сирена : Махаббат та нәзік гүл, оны солдыратын жоқ-шылық.

Доктор : Полишинель мырза жанашыр өке, дәулетті жомарт ретінде қазір бай мұраға қолхат береді. Секретарь мырза, солай деп жазып қой.

Бәрі: (Полишинельден басқасы) Жазыңыз!

Доктор : Ал, сіздер, бақытты жас жұбайлар, сыйға тартқан бай мұраны қабыл алыңдар, күмөндарың болмасын.

(Криспинге) Демек, біздің қарызымыз қайтады ғой?

Криспин : Әрине. Тек ол үшін Леандр мырза бізді алдаған емес деп ант-су ішесіңдер. Ол сіздер үшін өзін құрбандыққа шалып тұрған жоқ па, жаны жақтырмайтын байлықты алып тұрған жоқ па!

Панталон : Біз оның қайырымды жан екенін қашаннан білеміз!

Трактирші : Иә, баяғыдан!

Арлекин : Біз оған сенгенбіз!

Капитан : Жұртқа жаямыз!

Криспин : Ал енді, қымбатты доктор, мынау құрып кеткір сот қағазын жерлемейміз бе?

Доктор : Сақтықта қорлық жоқ деп сот қаулысын шығарарда мен тыныс белгілеріне дейін ерекше мән бердім. Мінеки, былай деп жазылған: “қаралған істі мұқият тексере келіп, сот қаулы етеді: мұндай қылмыстың болуы мүмкін

емес деп ескеріп, істі біржола жабу керек”. Осындағы “емес деп” деген сөзді алып тастаса, мағына мүлдем басқаша болады.

**К р и с п и н :** Керемет сауаттылық! Әділеттіктің данышпаны! Заң күдіреті!

**Д о к т о р :** Сіздің қожайыныңыздың адамгершілігі мол екендігіне енді менің күмәнім жоқ.

**К р и с п и н :** Әрине! Ақшаның адамды аздыратынын сізден артық кім білуші еді!

**С е к р е т а р ь :** Бірақ қаулыны жазып отырған мен ғой.

**К р и с п и н :** Сүйіншіңізге мынау алтын бау.

**С е к р е т а р ь :** Жасанды нәрсе емес пе? Заңды ғой?

**К р и с п и н :** Табиғи. Заңдылығын өздерің келістіре жартарсындар.

**П о л и ш и н е л ь :** Мен көндім. Тек мына жылпос қастарында қызметші боп қалмайтын болсын.

**К р и с п и н :** Полишинель мырза, соған бола миыңды шірітпей-ақ қой. Леандр секілді мен де мансапқұмар емеспін.

**Л е а н д р :** Криспин, мені тастап кетпексің бе? Өкінішті-ақ!

**К р и с п и н :** Ренжіме, ендігі жерде менен пайда шамалы. Менен құтылсаң, ананнан жаңа туғандай боласың. Есінде болсын, сезімге сене бермей, мүдденді де ойла.

**Л е а н д р :** Қателеспе. Мені сақтап қалған Сильвияның махаббаты!

**К р и с п и н :** Махаббат та мүдденің бір түрі. Мен қашанда идеалды қадір тұтам. Бірақ әр нәрсенің уақыты мен сәті бар. Осымен бұл өзілді доғаралық!

**С и л ь в и я :** Тіршілік тек өзіл ғана емес, онда арман да бар, асыл мұрат та бар, өзіл таусылған соң артында қалар мәңгілік шындық та бар.

*Шымылдық.*

**ЮДЖИН О'НИЛ**  
(1888-1953)

*Америка драматургі,  
1936 жылғы Нобель  
сыйлығының лауреаты*

### **ҚЫСҚАША МАҒЛУМАТ**

*Юджин О'Нил, түбі ирландық белгілі актердің баласы, жас кезінен-ақ америка театрымен жақсы таныс болған. Жүздеген жылдар бойы мұнда тек коммерциялық театрлар ғана өнер дүниесін кеулеп, күнкөріс пен пайда табудың жолын мақсат тұтты. Көрерменді арзан қызықпен алдап, өнердің асыл қасиетін мансұқ еткен "әсіре думанға" қарсы шығып, драматург творчестволық ой-санаға еркіндік беретін әлеуметтік драмаға негіз салды, таптаурын болған көне дәстүрін бұзып, драматургияның жаңа формасын қалыптастырды. О'Нилдің көзқарасына, оның творчестволық ізденісіне бағыт берген әлеуметтік радикализм. Жазушының творчестволық эволюциясы оны трагедия жанрына әкеліп тіреді. Соның биік шыңы — "Шыршауық астындағы шырғалаң" (1924). Он тобызыншы ғасырдың орта кезінің болмысына құрылған пьесаның негізгі тартысы — гашықтық драмасы мен қарабастың қамы үшін арпалысқан бітпес күрес, адамдар арасындағы жаулық пен жауыздық. Пьесадағы диалог әдеби тілден аулақ десе де болды. Жадағайлап айтқанда, провинциялық жаргонда жазылған бедір-бұдыр дүрегей тіл. Автор мұны да әдейі, кейіпкерлерінің характерлері мен тіршілігіне орай шолақ-шолақ ораммен жасап отыр. Әдеби терминде мұндай стилді "эссенция" деп атайды. Әрине, бір тілдің нықансы мен бояуы екінші тілдің икеміне үйлесе бермейді. Пьесаны орыс тіліне аударған тәржімашы В. Розов ағылшынның "қырсық" жаргонын орыстың деревнялық қарапайым ауыпекі тіліне жақындатуға тырысып, мейлінше түпнұсқаға жеткізген. Біз де осыны ескеруге мәжбүр болдық.*

## **ШЫРМАУЫҚ АСТЫНДАҒЫ ШЫРҒАЛАҢ**

*Үш бөлімді трагедия*

### **К Е Й І П К Е Р Л Е Р :**

**Эфраим Кэбот** — фермер

**Симоен**

**Питер**

**Ибен фермердің ұлдары**

**Эбби Патнэм**

Қыз, екі фермер, скрипкашы, шериф, көршілер (*Адам аттарындағы екпін ылғида алғашқы буына түседі*).

Оқиға Жаңа Англияда 1850 жылы Кэботтың фермасында өтеді. Тас қорғанды үй, жалғызаяқ жолға қараған қақпа. Сұрғылт қабырғалы үйдің сылағы түсе бастаған, жан-жағын биік шырмауық бүркеп, милықтатып тастаған, салбырап, өлдебір қасіреттің лебін күңіреткендей төбеден төмен басып тұр. Кепешті баспалдақ, екі қабат үйдің әрқайсысында екі-екіден терезе, қашанда пердемен жабық тұрады.

### **БІРІНШІ БӨЛІМ**

#### *Бірінші көрініс*

Үй маңы. Жаз айы. Күн батар кез. Кешкі шапақ. Есік ашылып, баспалдаққа Ибен Кэбот шығады да жолға қарайды. Қолында үлкен қоңырау, қайта-қайта сілкілеп төңіректі жаңғыртады. Сосын мықынын таянып тұрып аспанға қарайды, күрсінеді, тамсанады.

**Ибен**: Масқара! Неткен ғажап!

Кенет жан-жағына кіржие қарайды. Жасы жиырманың бесіндегі ұзын бойлы мығым жігіт, ажарлы, бірақ қамаудағы адамдай жүзінде бір кейістік бар. Қара шаш, мұртты, шиыршықталған сирек сақалы бар. Жеркеніштен жерге бір түкіріп, үйге кіріп кетеді.

Жұмыстан қайтқан Симоен мен Питер. Екеуі де мығым жігіттер — Симоен отыз тоғызда, Питер отыз жетіде. Топастау, жұмыспен тотыққан, еңкіштеу келген дәкір жандар. Үсті-бастары шаң-топырақ, үйге жете беріп күректеріне сүйеніп тоқтайды да екеуі де аспанға тесіледі.

Симоен: Ғажап!

Питер: Иә.

Симоен: Он сегіз жыл болыпты.

Питер: Не дейт?

Симоен: Дженн. Менің қатынымның өлгеніне.

Питер: Әй, менің пәруеймде де жоқ!

Симоен: Ал мен кейде есіме алам. Қатынсыз күн күн бе. Әсіресе шашын айтсай, аттың құйрығынан да ұзын еді, алтындай сап-сары.

Питер: Өлген қатынның ауы алтын. Алтын деген, Сим, Батыста!

Симоен: *(Кешкі шапақтың өсерімен. Айдалаға сөйлеп)* Аспанда ма?

Питер: Енді... солай көкуге де болады... Алтын аспанда — Батыста — алтынның қақпасы — Калифорния! Алтын Батыс! Алтын кені!

Симоен: *(Елірін)* Жұрттың оттауына қарағанда, онда алтын аяқтың астында жатат дейт!

Питер: *(Ащы кекесінмен)* Ал мұнда аяғыңның асты толған тас, тастың асты тағы тас, қабырғаны тастан қалаймыз — жыл сайын, ол болып, сен болып, мен болып, Ибен болып — біз қашып кетпесін деп әкеміз қорғанды қоқытып жатыр, қоқытып жатыр!

Симоен: Жұмыспен өмір өксіді. Қаншама тер төктік. Қаншама жыл өлді. *(Жерді теккілеп)* Соның бәрі жер астында, шіріп жатыр, егістікті өңдеп! Енді... бұл өңірде ферма дәулет қой.

Питер: Есесіне Калифорнияны тырнасақ қой, атыздан алтынды күреп алатын едік!

Симоен: Әй, дәлдүр, Калифорния жердің шеті емес пе. Ауынды жыртып адымдап өлшеңі!..

Питер: *(Паузадан соң)* Тер төккен жерді тегін тастап кетуге қимаймын.

Ас бөлменің терезесінен Ибен басын шығарып тыңдап тұрады.

Симоен: Солай... (Пауза) Ол неме... Мүмкін жуырда өлетін шығар...

Питер: (Сенімсіз) Ит білет...

Симоен: Ит білсе, мүмкін өліп те қалған шығар?..

Питер: Дәлелдеп көр...

Симоен: Зытқанына екі ай болды, із-тозсыз.

Питер: Дәл осындай кеш-тұғын, біз егіс басында жүргенде зым-зия жоғалды. Атты арбаға жекті де батысқа қарай тайып отырды. Мына Ибеннің шешесіне үйленгеннен бері, отыз жыл ма, әлде одан да көп пе, фермадан аяқ аттап шыққан емес. Менің ойым, сот арқылы соны ауыш деп тапса да болатын сияқты.

Симоен: Оның алдамаған адамы жоқ. Бәрінің аузын теріс қаратқан жоқ па. Оны ауыш дегенге кім сенсін. (Пауза) Көз жұмғанша көне тұралық та.

Ибен: (Қарқылдап күліп) Сыйласаң — өкенді сыйла! (Екеуі жалт бұрылып оған өшпенділікпен қарайды). Өлсе екен деп мен де құдайға жалбарынып жүрмін. (Екеуі оған таңдана қараған). Кешкі ас дайын.

Симоен, Питер: Охо!

Ибен: (Аспанға қарап) Кешкі шапақ қандай тамаша!

Симоен: Иә. Батыста алтын балқып жатыр!

Ибен: (Көрсетіп) Иә, анау дөң басындағы жайылымда.

Симоен: Калифорнияда!

Ибен: А? (Бір сәт оларға бей-жай қарап) Ей, ас суып барады!

Симоен: (Тамсанып) Ішегім шұрылдап барады!

Питер: (Танауын тартып) Төс-қасқаның иісі-ай!

Симоен: (Тамсанып) Төс-төренің асы ғой!

Питер: (Қайталап) Төс-қасқаға не жетсін!

Екеуі бір-біріне соқтығысып, іркес-тіркес жүгіре жөнеледі де есіктен таласа кіріп кетеді.

*Шымылдық*

---

### Екінші көрініс

Ас бөлме. Ортада самырсын үстел. Долбарлап жасаған төрт орындық, үстел үстінде май шам, қабырғада жарнама плакат, онда желкенді кемеңіз суреті, ірі әріптермен “Калифорния” деген жазу бар. Ибен үстелге қуырған картоп пен ет әкеліп қояды, нан су құйған құмыра. Симоен мен Питер жемге жүгірген шошқадай аталақтап келіп жалп етіп отыра кетеді де апыл-ғұпыл жей бастайды. Ибен де келіп отырады, бірақ сабырлы, екеуіне сынап қарайды.

С и м о е н : *(Кенет Ибенге бұрылып)* Құлағыңды ас! Сен аузыңа келгенді оттама!

П и т е р : Күнә!

И б е н : Не қыртып отырсың?!

С и м о е н : Әлсе екен деп Құдайға жалбарындым демеп пе ең!

И б е н : Е, сендер жалбарынбай жүрген шығарсыңдар!  
*(Пауза)*.

П и т е р : Әкеміз емеспе.

И б е н : Ол маған өке емес!

С и м о е н : Басқа біреуге ғой, шешен туралы мұндай сөз айтқызбас едің! Ха! *(Кекете күледі)*

И б е н : *(Сұрланып)* Мен ол жайында емес... Мен оның кіндігінен емеспін... Менің кеспірім де ұқсамайды... Ол да менен бөтен!..

П и т е р : Сен соның жасына келші!

И б е н : Мен анамнан аумаймын, қаным да, жаным да.

Үшеуі үн-түнсіз. Екеуі қадалып Ибеннен көз алмай отыр.

П и т е р : *(Есіне алып)* Анаң Сим екеуімізге өте мейірімді еді. Өгей шешенің мейірбан болуы тым сирек кездеседі.

И б е н : *(Орнынан тұрып, екеуіне елжірей тағзым жасайды)* Сендерге мың да бір рақмет. Мен соның... Соның көзімін. *(Өз сөзінен өзі қысылып, отыра қалады)*

П и т е р : Ол тіпті шалға да мейірімді еді.

И б е н : Сол үшін де өлтіріп тынды!

С и м о е н : Біреуді біреу өлтірмейді. Адамды өлтіретін ажал. Бәр тұздық осында.

И б е н : Оны өлгенше жұмысқа жеккен жоқ па.



П и т е р : Шалдың өзі де өлгенше тырпылдады. Симді де, мені де, сені де аққаптал қылды, бірақ өлген ешкім жоқ... Әзірше.

С и м о е н : Албасты қуғандай арпалысады... Бізге де күн жоқ...

И б е н : Мен бәрібір кешірмеймін! Сонда оны қуған не?

С и м о е н : Білмедім.

И б е н : Мүмкін, сендерді Калифорнияға айдайтын да албасты шығар? (*Екеуі Ибенге күдікпен қарайды*) Естігем сендердің оттасып тұрғандарыңды! Тек алтынға жете алмайтын шығарсыңдар!

П и т е р : Мүмкін жетерміз.

И б е н : Ал ақшаны көктен сауасыңдар ма?

П и т е р : Жаяу тырпылдаймыз. Әрине, Калифорния жер түбі, ал мынау фермадағы басқан ізімізді адымдап есептесек, ендігі айға да жетуге болатын еді!

И б е н : Индеецтер онда жеткенше бас терілеріңді сыпырып алады!

С и м о е н : (*Әзілге жыққан боп*) Мүмкін, біз оларды борышты қылармыз — әр тал шашын санап отырып!

И б е н : (*Дауласып*) Әңгіме онда емес. Сендер ешқайда тырп етпейсіңдер. Себебі, осындағы еншілеріңнен дәмөтіп, шал қашан өледі деумен күндерің өтеді. (*Пауза*) Соған қақыларың бар ма өзі?

П и т е р : Үштен екісі біздікі.

И б е н : (*Атып тұрып*) Ешқандай да қақыларың жоқ! Сендерді тапқан аналарың басқа. Ферманың иесі менің шешем! Әкеміз оны тартып алған. Өлер шеше өлді. Енді ферма менікі!

С и м о е н : (*Кекетін*) Сен осыныңды келген соң әкемізге айт! Бәске бір доллар қоям — артын ашып күледі, өмірінде бірінші рет! Ха! (*Барқ етіп өзі күледі*).

П и т е р : Ха-ха!..

С и м о е н : Бізге деп қойныңа тыққан тасың бар екен-ау! Көптен бері байқап жүрмін. Көзіңнен сезем!..

П и т е р : Солай!

И б е н : Иә, тықсам ше?! Шешем байқұс көрге кіргенше бір дүркін ара түсіп көрдіңдер ме! Қайырымдылығына қайтарған қарымталарың осы ма?!

С и м о е н : Енді... мал суарамыз деп...

П и т е р : Отын жарамыз деп...

С и м о е н : Жер жыртамыз деп...

П и т е р : Пішен шабамыз деп...

С и м о е н : Қи шығарамыз деп...

П и т е р : Сиыр сауамыз деп...

И б е н : (*Сөздерін бөліп*) Тас қалаймыз деп. Жүректерін де тас болып қатып қалған!

С и м о е н : Мұрынға су жетпей жүріп мұрсат болды ма!

П и т е р : (*Ибенге*) Шешең өліп жатқанда сен он бесте едің. Сен неге сонда қыңқ демедің?

И б е н : Жұмыс ше? (*Сабасына түсіп*) Шешем өлген соң ғана ойлана бастадым. Соның қамытын өзім киген соң ғана: тамақ пісіруге дейін менің мойнымда, ол байқұс қазір де келіп тұрады — картоп тазалап, ет пісіруге, нан жабуға көмектеседі, от жағып, күл шығарады. Жанары жастан босамайды, тірі кезіндегідей көз еті қып-қызыл. Кеш болса пеш қасында тұрып алады. Тірісінде тыным таппаған сорлы, көрде де тыныш жата алмайтын болса керек.

С и м о е н : Өмірі шағынып көрген жоқ еді ғой.

И б е н : Шағынуға шамасы келді ме! Шаршатып өлтірді ғой! Міне өкеміздің істегені! (*Кекті ызамен*) Ерте ме, кеш пе, алдына келтірем! Айта алмағанымның бәрін ақтарам! Айқайлап тұрып! Анам шіркін ең болмаса көрде тыныш үйқтасын!

Қайтадан отырып ойланып қалады. Екеуі оған немкетті қарап, бейғам кейіп танытады. Үнсіздік.

П и т е р : Сим, қалай ойлайсың, ол неме қайда жүр екен?

С и м о е н : Сайтан біліп пе. Бар-жоғын киіп, биесінің жал-құйрығын тараған, бишігін үйіріп қойып шіренгенде құдай салмасын. Әлі ұмытқам жоқ, көктем еді, май айы, кешкі шапақ, Батыста алтын балқып тұрған, ол да сол алтынға қарай тартты. “Қайда барасың?” деп бақырғаным сол еді, тас қорғанның түсында сәл аялдады. Жылан көзі қызыл шапақтан қанға толып, құдды тұтас құмыраны төңкеріп алғандай: “Байқа, мен қайтып оралғанша қашып кетуші болма!” деп зірк етті.

П и т е р : Біздің Калифорнияға зытқалы жүргенімізді біліп қалғаны ма?

С и м о е н : Мүмкін білген де шығар. Мен болсам үнсіз тұрмын, түріне қарасам, есі дұрыс емес сияқты. Бар айтқаны: “Күні бойы көргенім – қораздың мекиенді таптағаны, күні бойы естігенім – бұқаның өкіріп, сиырдың ыңырсығаны, сосын шыдай алмай кеттім. Қазір көктем, – дейді. – Жаным күйзеліп барады, мен отқа жағатын қу ағаш емеспін ғой. Мені тірі өлік деп миыңды ашытпа! Жүзге жетемін деп ант бергем, сендей жалмауыздардың сорына жүз жасаймын! Ал қазір Жаратқан ием көктемге қарсы не бұйырар екен деп кетіп барам, сен былжырамай барып жер жырт!” дегені. Сөйтті де тартып отырды, аузында псалом. Мас па деп ойладым, өйтпесе жібермейтін едім.

И б е н : (*Жақтырмай*) Қатқаны жібермессің! Сен одан қорқасың ғой! Ол екеуіңнен де мықты!

П и т е р : Ал сен сонда Самсонбысың?

И б е н : Менің күшім тасып келеді. Сеземін, тасып келеді, тасып келеді, тұла бойымды керіп барады!

Тұрып күртесін, қалпағын киеді. Ағайынды екеуі оны көз қиығымен бағып отырған, Ибен қымсынып оларға қарамауға тырысады.

И б е н : Барып, жол бойымен аздап жүріп қайтайын.

П и т е р : Деревняға ма?

С и м о е н : Минниге бармақсың ғой?

И б е н : (*Ерегесін*) Барамын!

П и т е р : Вавилонның ашпажалабына!

С и м о е н : Күшіңнің неден тасып тұрғанын білдік!

И б е н : Нне... не десең де қас сұлудың өзі!

П и т е р : Жиырма жастағы неткен сұлу?!

С и м о е н : Опа-далап жағынса қырық жастағы сиыр да сұлу көрінеді!

И б е н : Қырыққа келген жоқ өлі!

П и т е р : Келмесе келет те!

И б е н : (*Ыза буын*) Сен не білетін едің?!

П и т е р : Бәрін білем... Әуелі Сим... Одан соң мен...

С и м о е н : Әкеміз де бірдеме айта алады. Алғаш қызығын көрген сол!

И б е н : Көргені қалай? Сонда ол да...

С и м о е н : (*Басынып*) Солай! Біз бәріміз де соның мұрагеріміз!

И б е н : Жетпегені осы еді! Әйтеуір, алдыңнан шығады да тұрады! Жарылып кетуге болар! Мен оның бетін ет қылам! (Есікті жұлқып ашады)

С и м о е н : (Питерге көзін қысады) Қылсаң қыларсың!.. Тек бүгін түн май тоңғысыз екен, сен оған жеткенше сабаңа түсіп, бірден сүйісуге кірісерсің!

П и т е р : Әрине, сөйтеді!

Екеуі дарақыланып күледі. Ибен есікті тарс жауып, тысқа атып шығады.

С и м о е н : Әкемізден аумай қалғанын қарашы!

П и т е р : Сойып терісін қаптағандай!

С и м о е н : Мейлі, итті ит талап жесін!

П и т е р : Мейлі. (Біраз үнсіздіктен соң) Мүмкін бір жылда Калифорнияға да жетіп қалармыз.

С и м о е н : (Пауза. Екеуі де есінейді) Жетеміз ғой... Жүр, жаталық. (Шырақты өшіреді)

Симоен мен Питер артқы есіктен шығып кетеді.

И б е н : (Қолын көкке жайып) Жұлдыздар мынау, ал ол болса бір жақта қаңғырып жүр, менің тұрысым мынау, жол тұйығында Мин, бәріміз бір түнде. Сүйісsem бе екен? Несі бар! Өзі де мынау түн секілді жұп-жұмсақ, жып-жылы, жұлдызша жымындайтынын айтсай, еріні төтті, алақаны да жып-жылы, иісі ше, иісі де жаңа жыртылған атыздай аңқып тұрған жоқ па, дегенмен көрікті-ақ!.. Құдай біледі, көрікті! Маған дейін кімге етегін ашпады, қанша дүркін ашса да түкіргенім бар, менің де күнәм жұрттыкінен кем емес!

Екпіндей басып Ибен жолға түсіп жоғалады.

### Үшінші көрініс

Таңғы алакеуім. Ибен сыйпалап баспалдаққа көтерілді. Қырсығып күледі, әлдекімді балағаттайды.

И б е н : Алжыған албасты! (Есікті ашып ішке кіреді) Ей, өліп жатырсындар ма?!

С и м о е н : Бұл қай қырт?!

И б е н : Мен ғой!

Шатыр астындағы қисық төбелі бөлме. Симоен мен Питердің төсегі бірге. Ибендікі бөлек.

П и т е р : Албасты қуды ма...

---

И б е н : Менің керемет жаңалығым бар! (*Кекесін күледі*)

С и м о е н : Немене, біздің ұйқымыз қанғанша ішіңе си-  
мады ма!..

И б е н : Таң атқан жоқ па! (*Ызалы*) Әлгі қағынып тағы  
да қатын алып қойыпты!

С и м о е н , П и т е р : Әкеміз бе?

И б е н : Қайдағы бір отыз бестегі қатынмен шатасып...  
өзі сұлу дейді...

С и м о е н : (*Дал болып*) Өсек!

П и т е р : Кім айтты?

С и м о е н : Сені ақымақ қылған ғой!

И б е н : Не, мені мисыз деп пе едіңдер! Бүкіл ел шулап  
жүр! Нью-Доверден біреу келген екен, сол айтыпты, қатын  
да сол жерден көрінеді, біздің лақса неме ақылдан әбден ада  
болған екен!..

П и т е р : (*Амалсыз сеніп*) Мә-ә-ә!..

С и м о е н : Мәс-са-ған!..

И б е н : (*Кереуетке отырып, ашуга булығып*) Енді сай-  
танның сапалағы демей көр! Алжыған есек, бізге әдейі істеп  
отыр!

П и т е р : (*Үнсіздіктен кейін*) Енді бүкіл мүккәмөл со-  
ған кетеді!

С и м о е н : М-м... жетістірген екен...

П и т е р : Бізді тақыр мұзға отырғызды десенші! (*Аяқас-  
тынан нығыздан*) Сим, Калифорнияның алтыны таусылмай  
тұрғанда таялық. Мұнда қарайлайтын енді қаспақ та қалған  
жоқ!

С и м о е н : Өзім де осыны ойлап едім. Мейлі, сөйтелік.  
Осы бүгін ертеңісін-ақ зытамыз.

П и т е р : Мен өзірмін.

И б е н : Жаяу тырпылдауды жақсы көресіндер ғә?

С и м о е н : Қанатты қалай байлау керектігін айтсаңшы  
— ұшалық!

И б е н : Теңізбен малтығандарың дұрыс еді. (*Қалтасы-  
нан гербті қағаз суырады*) Несі бар, мына қағазға қол қой-  
сандар теңізбен баруларыңа да болады. Егер кете қалсандар  
деп мұны мен баяғыда өзірлеп қойғам. Мұнда, фермадан  
үлеске тиетін еншілеріңді маған қалдырсаңдар, әрқайсыңа  
үш жүз доллар деп жазылған.

Ағайындары бұған күдікпен қарап үнсіз қалады.

С и м о е н : Ақыры өкеміз қатыңды болған соң...

П и т е р : Сен ол ақшаны қайдан алып жүрсің?

И б е н : (*Қуланып*) Мен ақшаның қайда тығылғанын білем. Күтіп жүргем... Мамашам айтқан. Бұл соның ақшасы, фермадан сауған пұлын өкеміз жасырып тыққан. Енді бұл маған ғана тиесілі.

П и т е р : Оны қайда тықты екен?

И б е н : (*Қуланып*) Менсіз оны басыңды тасқа ұрсаң да таба алмайсың!.. Қалай, келістік пе?

С и м о е н : Білмеймін.

П и т е р : Білмеймін.

С и м о е н : (*Терезеге қарап*) Күн шығып келеді.

П и т е р : Ибен, от жақсаңшы.

С и м о е н : Шайнама ұйымдастырып жібер.

И б е н : (*Жорта жағынған болып*) Құрсақтарың құр болмайтын шығар. Калифорнияға дейін екі аяқпен жортатын болған соң ептеп сүбе жинау керек қой. (*Кетіп бара жатып*) Мәгәрки, келіскен жағдайда кемеден артық көлік жоқ.

Есікке жете бере үндемей тұрып қалады. Ағаларының көзі сонда.

С и м о е н : (*Күдікпен*) Түні бойы сен қайда жоғалдың?

И б е н : Минде болдым. Бара құшсам деп едім, сосын сендердің айтқандарың есіме түсіп: танауын бет қылайын деп ойлады. Содан селоға кіре беріп естіген өңгімем өлгі, ашуым келіп, албасты қуғандай жүгірейін... (*Паузадан соң*) Содан көруім мұң екен, сабау қайда, сүйісу де жайына қалды, ақырып барып бауырыма бірақ бүктедім. Шошығаны сондай, енді бұқанның орнын мен бастым дегенге мән де берген жоқ. Міне, солай, сен бүктедің не, ол бүктеді не, енді ол менікі!

С и м о е н : Ұнап қалғаннан сау ма?

И б е н : Ұнады не, ұнамады не! Арамға ауымды былғамайтын шығармын!

П и т е р : (*Симоенге көз қысып*) Мүмкін, Ибеннің де қатын алғысы келетін болар?..

С и м о е н : Миннен қатқан қатын шығады, бүкіл өскерге шыдап беретін!.. (*Ырсыңдап күліседі*)

---

Ибен: Қойыны ыстық, қоңы сере дегені болмаса неме жарайды! (*Есікке таяп барып артына бұрылып*) Жалпы, Мин соншалықты жексұрын емес. Одан да сорақысы толып жатыр. Көреміз ғой, өлгі көрі азбан қандай сиыр жетектеп келер екен! Мен білсем, Минге жылап көрісетін шығарсыңдар!

Симоен: (*Кенет*) Мүмкін оны да байқап көрерсің?

Питер: Ха-ха! (*Қарқ боп күледі*)

Ибен: (*Жеркене түкіреді*) Ол неме фермадан дәмеленетін шығар! Оның етегін ашқаннан көрі сасықты құшып, жыланмен сүйіскен артық!

Ибен кетеді. Ағайынды екеуі оның ізіне күдікпен қарап қала береді. Пауза. Екеуі аяқ тықырының өшуін аңдиды.

Питер от жағып жатыр.

Симоен: Калифорнияға кемемен жеткен жақсы-ау, бірақ...

Питер: Мүмкін мұны Мин айтақтап отырған болар?..

Симоен: Шалдың қатынды болғаны да өтірік болар-ау. Дұрысы, асықпай көзбен көрген артық.

Питер: Әзірге қол қоймайық.

Симоен: Жалған ақша ма, оны да тексеру керек. Ал өкеміздің төсек жаңартқаны рас болса, қол қоя салайық, бөрібір бізге тиесілі дым да жоқ! Ибеннің аузы аңқияды!

Питер: Өлмесек көрерміз... (*Кенет кекті үнмен*) Ендеше, ол келгенше тырп етпей жатып алалық, ішелік, желік, ұйықталық, мейлі фермасы өртеніп кетсін, керек болса Ибен тер төксін!

Симоен: Құдай-ау, шошқаға да бір мейрам керек. Жырғап бір қалайық та! Ас дайын болғанша мен осы төсектен тұрмаймын!

Питер: Дастарқанға келгенше де!

Симоен: (*Ойланып*) Сеніңше өгей шешеміз қандай деп ойлайсың? Ибеннің жорамалынан шыға ма?

Питер: Әбден мүмкін.

Симоен: Мейлі, аждаһа болса да, одан албасты аңырап қашатын болса тіпті жақсы!

Питер: Әминь!

Симоен: (*Әкесін әжуалап*) “Көктемге қарай жаратқан мені немен жарылқар екен деп барам” деп еді. Басымды кесіп беруге өзірмін: сасыған дүлей сонда-ақ қатын іздеп бара жатқан!

Төртінші көрініс

Ас бөлме. Симоен мен Питер тамақ ішіп болған. Ибен тұнжырап үнсіз отыр.

П и т е р : *(Ибенге жақтырмай қарайды)* Қабағынды түйгенмен одан саған қайыр жоқ!

С и м о е н : Күнөкар болғанына қайғырып отырған да!

П и т е р : Ұрғашы затын көргенің бірінші ме?

С и м о е н : *(Ашулы)* Онда сенің шаруаң қанша! Мен шалды ойлап отырмын. Сезем, таяп қалған секілді, өне-міне жетіп келіп, жаныңды жағаңнан алмасына кім кепіл?!

П и т е р : Әлі ерте ғой.

С и м о е н : Ол әншейін айтарға. Ол бізді төсектен тауып, арсылдап бергенінен де рақат табады!

Питер атып тұрғанда Симоен де соны істейді.

П и т е р : Жұмысқа баратын уақыт болды.

Екеуі де елпілдеп есікке жетіп барады. Кенет естері кіріп кілт тоқтасады.

С и м о е н : Сен, Пит, ақымақ екенсің ғой, менің де оңып тұрғаным шамалы! Енді онымен төжікелесіп жатпайтынмызды дәлелдеуіміз керек емес пе.

Қайтадан отырысады. Ибен таңданып екеуіне кезек-кезек қарайды.

С и м о е н : *(Ибенге кекетіп)* Біз енді аспандағы құстаймыз.

П и т е р : Сеппейміз де, ормаймыз да!

С и м о е н : Енді сен жалғыз өзің қожайынсың, әрине ол келгенше. Тілегінің осы еді ғой.

И б е н : *(Қуанып)* Демек, қол қоятын болдыңдар ғой?

С и м о е н : Мүмкін, қоярмыз.

П и т е р : Мүмкін, қоярмыз.

И б е н : *(Көңілденіп)* Бұл тағы да анамның фермасы болды! Демек менікі! Сиырлар да менікі! Саусағым үзіліп түскенше сауатын болдым!

Түкпірдегі есікке кетеді. Екеуі бей-жай соңынан қарап қала береді.

С и м о е н : Аумаған өкеміз.

П и т е р : Сойып терісін қаптағандай!

С и м о е н : Мейлі, итті ит талап жесін!



Ибен есіктен шығып, үйдің бұрышын айналады. Маңайын көзбен шолып, қарқ боп жан-жағына көз салады.

Ибен: Неткен тамаша! Қандай ғажап! Осының бәрі менікі! Естимісіңдер, менікі! Менікі!

Бұрылып сарайға қарай кетеді. Ағайынды екеуі трубка тартады. Симоен балшық етігімен аяғын үстелге салып, трубканы бұрқылдатады. Питер де осыны қайталайды.

Симоен: Мұрның барда бір сінбір деген!

Питер: Соны айтам-ау!..

Пауза. Екеуі де күрсініп салады.

Симоен: *(Аяқ астынан)* Ой, Ибен сиыр саууды білмейді ғой!

Питер: Онда қол жоқ, түйәк!

Симоен: Кәне, құмыраны өкелші, тартып жіберелік! Әйтпесе зерігіп барам.

Питер: Міне, мұның дұрыс! *(Құмыра және екі стакан өкеліп виски құяды)* Калифорнияның алтыны үшін!

Симоен: Соның бізге бұйыруы үшін!

Екеуі ішеді, трубканы бұрқыратып, рақаттанып отырады да үстелден аяқтарын түсіреді.

Питер: Бір түрлі жүрмей отырғаны.

Симоен: Ертеңгісімен үйренбегендіктен де.

Үнсіздік. Кенет алаңдаса бастайды.

Питер: Ас бөлме ысып кеткен сияқты.

Симоен: Жүр таза ауа жұталық.

Тысқа шығады. Үйді айналып қақпа алдына тоқтайды да аспанға үңілеседі.

Питер: Ғажап!

Симоен: Иә. Алтын енді шығысқа жиналыпты.

Питер: Күн де бізге еріп алтынды батысқа апармай ма!

Симоен: *(Ферманы шолып, қимастықпен ернін жымқырады)* Е-е... Мүмкін бұл қараормандағы соңғы таңымыз шығар...

Питер: Солай болар...

Симоен: *(Жер тепкілен)* Саған отыз жыл ғұмырымды жерледім – қанымды, тәнімді, қара терімді саған шірітіп, көң етіп сені өңдедім! Адыра қалғыр, менің кім екенімді білемісің?!

Питер: Иә, мен де!

С и м о е н : Иә, сен де! (*Күрсініп, түкірінеді*) Енді несін қиналамыз, бөрібір қайтарып алу жоқ!

П и т е р : Ал Батыста алтын, мүмкін бостандық та сонда. Ал мұнда тас қорғанның тұтқынымыз!

С и м о е н : Енді тұтқын да, құл да емеспіз, болмаймыз да! (*Елеңдеп*) Құл демекші, Ибен не бітіріп жатыр екен?

П и т е р : Шамасы келетін шығар.

С и м о е н : Мүмкін соңғы рет көмектесіп жіберерміз?

П и т е р : Несі бар, сиырлар бізді таниды.

С и м о е н : Иә, таниды, ал оны жатырқайды.

П и т е р : Жылқы да, шошқа да, тауықтар да жатырқайды.

С и м о е н : Бізді таниды, әрі үйір боп кетті, құдды туған бауырындай! (*Мақтанып*) Біз емес пе оларды күтіп-баққан!

П и т е р : Енді тастап барамыз...

С и м о е н : (*Мұңайып*) Мен ұмытып та барады екем. Көнеки, Ибенге қолқабыс етелік, ұйқы да ашылсын.

П и т е р : Сөйтуге де болады.

Сиыр қораға бармақ болғанда сол жақтан елеңдеп Ибен жүгіре шығады.

И б е н : (*Ентігіп*) К-к... кеп қалды! Қатыны мен көрі есек! Сарай жыртығынан көріп қалдым. Төменгі бұрылыстан!

П и т е р : Қалайша көрдің? Тым алыс қой!

И б е н : Көрмейтін мен сен секілді соқыр деп пе едің? Әлде өзіміздің таратайқа мен биені, арба үстіндегі екеуді танымады деп пе едің?! Олардан басқа кім келуші еді. Айтпап па едім, сезіп отырмын деп!

П и т е р : Мейлі, ат-көлігін енді өзі шешсін!

С и м о е н : Көнеки, асығалық, кеп қалмай тұрғанда бар шоқпытымызды жиып-теріп, тайып тұралық! Әйтпесе, ол келген соң бізді босағадан аттатпайды.

Үйді айнала береді, Ибен соңынан ереді.

И б е н : (*Шыдамсызданып*) Енді қол қоясыңдар ма?

П и т е р : Алдымен көрі қақбастың ақшасын көрсет, сосын қоярмыз.

Екеуі жиналуға кете береді. Ибен ас бөлмеге кіріп, плитаның астындағы тақтайды көтеріп, брезент дорбаны суырып алып үстел үстіне қояды да тақтайды қайта жабады. Екеуі қайтып келеді, қолдарында саквояж.

Ибен : (Дорбаны бас салып) Дайын ба?

Симоен : Мінеки. (Қағазды көрсетіп) Ақша қайда?

Ибен : (Дорбаны үстел үстіне төңкеріп) Алтын жиыр-малықтар, тура отызы. Санандар.

Питер : (Ақшаны санай бастайды) Алты жүз. (Ақшаны дорбаға салып, қойнына сүңгітіп жібереді)

Симоен : (Қағазды Ибенге беріп) Ұста!

Ибен : (Қағазды тексеріп, жақсылап бүктейді де қойын қалтасына тығады) Рақмет!

Питер : Саған да рақмет!

Симоен : Шығарып саласың ба?

Ибен : Жоқ, осында қалам.

Симоен : Ал, аман бол!

Питер : Аман бол!

Ибен : Аман болындар!

Екеуі шығып кетеді. Ибен отыра қалып, қағазды аударып-төңкеріп қарай бастайды. Жүзінде керемет қуаныш. Ағайынды екеуі қақпа алдында.

Питер : (Сарай жақты сілтеп) Әнеки, арбадан түсіп жатыр.

Симоен : (Ыржалақтан) Ой, бір жынданатын болды!

Питер : Әнеки, қатыны!

Симоен : Күтсек қайтеді. Өгей шешеміз қандай екен, көріп кетелік те.

Питер : Қоштасарда мес қып бір боқталық!

Симоен : (Ыржалақтан) Әзілім тасып тұрғаны! Аяғым да жеңілдеп...

Питер : Мен де! Ішегім түйілгенше бір күлсем деймін.

Симоен : Ішкеннің өсері ғой?

Питер : Жоқ-ө. Жүтіргім келіп табаным қышып барады.

Симоен : Басымыз бос! Тізгін үзілді, қамыт сыпырылды, қорған құлады, тас қабырға қирады. Енді жолға түсіп безу ғана қалды!

Питер : (Екіленіп) Мынау борсыған ферма кімге керек, алсын азабына бола! Бізге тегін керегі жоқ!

Симоен : Әне келді.

Екеуі тас мүсін боп қата қалған. Эфраим Кэбот пен Эбби Патнэм келеді. Кэбот жетпіс бесте, ұзын бойлы, мығым денелі, еңбекпен еңкіш тартқаны болмаса әлі мықты, бет-

жүзі кесек, көзін жыпылықтата беретін жанарының кемістігі бар. Эбби — отыз бес жаста, толық, бірақ ширақ. Бет-жүзінен қайсарлықтың нышаны сезіледі.

К э б о т : Міне, үйге де келдік.

Э б б и : Үйге? (*Үйді өліп-өшіп, жанарымен ішіп-жеп ба-рады. Қақпа маңындағы екеуді аңғарған да жоқ*) Тамаша, тамаша екен! Расында осының бәрі менікі деуге сенбей де тұрмын!

К э б о т : Сенікі! Менікі! (*Екеуі бір-біріне қадала қараса-ды*) Біздікі десек те болады. Көктемде көтерем шал секілді боп қалдым. Қатынсыз үйде қасиет бар ма!

Э б б и : Үйсіз әйелде де күй жоқ!

К э б о т : (*Басын шұлғып*) Солай. (*Кенет алаңдап*) Бұлар-дың бәрі қайда кеткен? Жұмыста жүр ме?

Э б б и : (*Жігіттерді байқап. Көзінде жеккөрініш бар*) Өне бір екеуі тұрған жоқ па, дым бітірмей, иіс алған гүлбан бұқадай исініп, құдай біледі, маған қарап тұрған болар.

К э б о т : Көрдім, бірақ танымай тұрмын.

С и м о е н : Мен ғой.

П и т е р : Питермін.

К э б о т : (*Барқ етіп*) Сайтанымды күтіп тұрсыңдар ма, жұмыс қайда?

С и м о е н : Амандасайық деп сені күттік, ана кісіні де көргіміз келді.

К э б о т : М-м... Міне, жаңа шешелерің осы, балалар.

С и м о е н : Көріп тұрмын. (*Теріс бұрылып түкірінеді*)

П и т е р : Мен де. (*Бұл да теріс қарап түкірінеді*).

Э б б и : (*Марқайып*) Үйімді кіріп көрейінші. (*Баспал-даққа көтеріледі*)

С и м о е н : Сенің үйің!

П и т е р : Байқа, ішінде Ибен отыр, оның көзінше ай-тып қап жүрме.

Э б б и : (*Жаттап алайын дегендей*) Ибен?.. Оған да ай-тамын!

К э б о т : (*Тыжырынып*) Ибенге түкіргенің бар ма! Ба-рып тұрған есуас, анасына тартқан бір ынжық!

С и м о е н : (*Қарқылдап күліп*) Ха-ха! Ибен өзіңнен аума-ған — сойып терісінді қаптағандай, өттен ащы, өзіңнен де сойқан! Итті ит талайтын. Сенің түбіңе жететін сол!

Кэбот: Жә, оттамай шаруаға кірісіндер!

Эбби үйге кіріп кетеді.

Симоен: *(Питерге)* Біздің ендігі шешеміз әлгі болғаны ғой? *(Әкесіне)* Мұны қай көннің арасынан қазып алдың?!

Питер: Ха-ха! Сен оны қораға, шошқаларға апарып қоспадың ба! *(Екеуі де санын соғып күледі)*

Кэбот: *(Ұлдарына таңқалып, кекештене сөйлейді)* Симоен! Питер! Сендер не, массындар ма?!

Симоен: Ей, көрі қақпас, біз ерікті адамдармыз! Сенен де, мынау борсыған фермадан да құтылдық!

Екеуі барған сайын есіріп, дарақылана түседі.

Питер: Біз Калифорнияға барып алтын жұмақпыз!

Симоен: Ал мына ферманды өртеп жіберсең де өзін біл!

Питер: Қалған күлін жеріңе шаш!

Симоен: Шалым, біз бостандықтағы жандармыз! *(Тізесін ұрып тағзым етеді)*

Питер: *(Ағасын қайталап)* Боспыз!

Симоен: Бас, көне! Бас!

Питер: Бассаң бас!

Шалды шыр айналып билей жөнеліседі. Шал әрі ашулы, әрі бұлар жынданды ма деп үрейленуде.

Симоен: Біз еркін жүрген индеецтерміз! Бас терінді сыпырмағанымызға рақмет айт!

Питер: Сарайыңды өртеп, сиырларыңды жармағанымызға тәубе де!

Симоен: Жаңа қатыныңды жәукемдеп жібермегенімізге қуан! бас, көне, бас!

Тапырандап тоқтасады. Бүйірлерін басып ентігіп тұр.

Кэбот: Сендерді құтыртып тұрған Калифорнияның арам алтынына жетсем деген арман ғой!

Симоен: Әй, арам қақбас, сол арам алтыннан сәлем-сақпыт жіберсек құспас едің-ау, ө?!

Питер: Алтын тек Калифорнияда ғана деп ойлама! *(Қойнынан дорбаны алып, сілкілеп қарқ боп күледі)*

Симоен: Нағыз арам алтын осы!

Питер: Біз кемемен сайран саламыз! *(Секіреді)*

Симоен: Емін-еркін! *(Бұл да секіріп билейді)*

Кэбот: *(Күйін)* Қарғыс атсын!

Симоев : Қарғысың сені тапсын!

Кэбот : Ал мен сендерді шынжырлап, жындыханаға жаптырамын!

Питер : Шық бермес көрі ит! Қош бол!

Симоев : Қанішер қақпас! Қош бол!

Кэбот : Жоғалыңдар, әйтпесе...

Питер : Артыңды бақ! (*Жерден тас алады. Симеон да*)

Кэбот : Әй, бұларың не?!

Симоев : Қатыны қонақ бөлмеде-ау деймін.

Питер : Иә. Бір! Екі!

Кэбот : Жындандыңдар ма?!

Питер : Үш!

Екеуі тас лақтырып, қонақ бөлменің терезесін сындырады.

Симоев : Міне, саған!

Питер : Мә, саған!

Кэбот : (*Ашуланып, ұлдарына үмтылады*) Сирақтарыңды сындырып қолдарыңа ұстатайын!

Симоев мен Питер секіріп-билеп шалдан қашып кетеді. Кэбот ашудан булығып, ентігіп қайтып келеді. Алтын шаюшылардың ескі өні “О, Сюзаннаның” өуені естіледі. Терезе ашылып Эббидің басы қылтияды.

Эбби : Құдайға шүкір, кетті ме өйтеуір!.. Эфраим, түнемел тамаша екен. Кереует те былқылдақ. Эфраим, бұл менің бөлмем ғой?

Кэбот : Біздікі!..

(Эбби жауапқа риза болмай терезені тарс жауып алады. Кэбот өлдене есіне түскендей көзі бақырайып...)

Кэбот : Әлгілер не бүлдірді екен?! Мүмкін... Малды қырып кеткен шығар?! (*Қораға қарай жүгіре жөнеледі*)

Эбби ас бөлмеге кіріп, үнсіз Ибенді бағып тұрады. Әуелде Ибен оны байқамайды. Әйел оның жастығына, тұлғасына қызыққан сыңайлы. Кенет екеуінің көзі тоғысып қалады да Ибен атып тұрып қадалып қарайды.

Эбби : Ибен деген сіз боласыз ба? (*Көріністің алғына дейін unabattпен, қиылып сөйлейді*) Ал менің атым Эбби... (*күліп*) Сенің ендігі шешен мен болам!..

Ибен : Сайтандай қайдан сап ете қалдың? (*Кекті көзбен*)

---

Э б б и : *(Құдды естімегендей болып)* Әкең сен туралы көп айтып еді...

И б е н : Ха!

Э б б и : Сен ренжіме көрі адамға... Мен де саған ана боп жарытпаспын. Тым есейіп кеткен екенсің. Тек көңіліміз жарасса болғаны. Бұл саған да жаман емес. Мүмкін екеуінді татуластыратын шығармын. Мен үшін ол бәрін істеуге бар!

И б е н : *(Кекті)* Ха! *(Кенет оған қызыға, құмарта қарап)* Аулақ жүрсең қайтеді?!

Э б б и : Қырсық сөзбен қыбынды тапсаң қырта бер! Түсінем, маған дегенде азуың шықырлап тұр, оған да көнермін. Саған өкпем жоқ. Егер анамның орнына бөтен біреу кеп жармасса, мен де өстер едім. *(Сөз Ибеннің жанына тиеді, әйел мұны байқап қалады)* Анаңды қатты жақсы көргенсің-ау тегі. Ал менің анам есімде де жоқ. *(Ұзақ үнсіздік)* Маған деген ашуың ұзаққа бармас. Менен де қиын ұрғашы толып жатыр, ал екеуіміз бір-бірімізге ұқсас секілдіміз. Азаптан басқа көргенім жоқ, жұмыстан басқа мандайыма сыбаға жазбапты. Ерте жетім қалдым да жаттың қолында жатқа жұмыс істедім. Сонда жүріп тұрмысқа шықтым, сорыма қарай күйеуім қаңғыбас, маскүнем болды. Тағы да жат босаға, жаттың жұмысы, сөйтіп жүргенде балам өлді, байым өлгенде басым босады-ау деп қуанып едім, өйткен бостандығы бар болсын, екі аяқ пен екі қолда тыныштық жоқ, тыпырлап жүріп өлетін шығармын деп өмірден күдер үзгенде сенің әкең кездесті...

И б е н : Жезөкшенің нарқына сатып алды ғой?! *(Әйел намыстанып қалған, Ибен тағы да қажай түседі)* Сенің баған мынау ферма ма, емешегінді үзбе, бұл мамамның меншігі, демек менікі!

Э б б и : *(Мырс етіп күліп)* Менікі де? Оны әлі көрерміз. Маған да үй керек. Әйтпесе өлмелі шалға тиіп нем бар?!.

И б е н : Осынды оған тура жеткізем!

Э б б и : *(Күліп)* Қасақана өтірік айтты десем, құйрығыңнан бір теуіп қуып шығады!

И б е н : Құзғын!

Э б б и : Бұл менің фермам, менің үйім, менің мүлкім!

И б е н : Аузыңды жап, албасты басқыр! *(Бас салуға өзір)*

**Э б б и :** (*Жақындап келіп, ынтық ниетпен астарлап ақырын сөйлейді*) Ал, жоғарыда менің түнемелім, менің төсегім барын білетін шығарсың... (*Көзіне тесіліп кеп қарайды. Ибен қатты қысылады, екі түрлі ойда толқып тұр. Әйелдің тілі тіпті майда*) Мен соншалықты жаман да емеспін, жатқа болмаса қастандығым да жоқ, бірақ өмірдегі еншім үшін, сыбағам үшін өлгенше күресем. (*Иығына қолын артып, мүләйімсіп*) Көне, дос болалық!

**И б е н :** (*Есінен танғандай*) Мейлі. (*Кенет әйелдің қолын сілкіп тастап*) Жоқ! Нағыз мыстан екенсің ғой! Сені көргім де келмейді! (*Безіп-ұрып жөнеледі*)

**Э б б и :** (*Соңынан сүзіле қарап*) Жарап тұрған жігіт! (*Үстелді шолып*) Енді ыдыс-аяғымды жуып алайын.

Ибен тысқа шыққан бойда өкесін көреді де оған өшпенділікпен қарайды.

**К э б о т :** (*Алақанын аспанға жайып*) Жаратқан ием, менің қағынған ұлдарымды қарғысыңмен жазалай көр!

**И б е н :** (*Еліріп*) Сенің Жаратқаның бар болсын! Қарғыстан басқа сенің тілерің бар ма?!

**К э б о т :** (*Оған бұрылып*) Сен бе едің?! Мисыз ляухи! Жұмыс қайда?!

**И б е н :** Өзің ше? Екеуі кетті. Мен жалғыз не бітірем?!.

**К э б о т :** (*Жек көріп*) Сен не бітіруші едің! Мен сен секілдінің онын алып жығам! Шал болсам да! Сен шала жаратылған неме едің, шалапай күйінде қаласың! Кеттік, қораға баралық!

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### *Бірінші көрініс*

Екі ай өткен соң. Эбби барын киініп есік алдындағы өткеншек креслода отыр. Үй жаққа құлақ түріп, өлдекімді күткендей. Тысқа Ибен шығады. Мерекелік костюмін киген, жуынып-таранған. Эббиді әдейі байқамаған боп қақырынып-түкірінеді. Қасынан өте бергенде Эбби кекесінді күледі.

**И б е н :** Неменеге ырсындап отырсың?

**Э б б и :** (*Tuicin*) Саған күлгенім де.

**И б е н :** Немене, артым жыртық па?



Э б б и : Тым таза боп қапсың. Көрмеде бөйге алған бұқдай!

И б е н : Сенің де жетісіп отырғаның шамалы!

Екеуі бір-біріне тесіліп қалған. Ибен еріксіз, Эбби ыстық сезіммен. Бір-біріне деген құштарлық екеуін еріксіз тартқан сияқты.

Э б б и : Сенің айтпағың ол емес, Ибен. Мені жек көргің кеп тұрған жоқ. Бұл сенің табиғатыңа сыймайтын нәрсе. Табиғатыңмен арпалысып, мен осында келген сәттен бері өзінді өзің қинаумен жүрсің. (*Көзін Ибеннен алмастан жымылып күледі, тұла-бойы былқылдап, сызылып қана сөйлеп, мәлііп кеп тесіледі*) Күн деген нағып ысып кетті... Мынау кара жердің апшысын қуырып барады ғой... Табиғат... Сонсоң да бөрі жерден көктейді... өседі... өсе береді... сенің ішін де күйіп тұр. Өзім де өртеніп отырмын... Өртенгім кеп отыр... Сен де жерденсің... Жер де сенікі... Сен де жерден өсесің... анау шырмауық секілді... (*Әйел тағы да күледі, жұп-жұмсақ, көзін айырмастан. Ибен еріксіз соған қарай адым аттайды*) Табиғат сені жеңеді, Ибен. Онанда мойында. Біржола!..

И б е н : Осыны әкем естісе ғой... Сен ғой, ол кәрі сайтаннан нақұрыс жасадың!

Э б б и : (*Күліп*) Қалай, оның нақұрыстығы сенің уайымыңды жеңілдеткен шығар?

И б е н : Жоқ. Мен онымен де, сенімен де арпалысып өтем, мынау анамның караорманы үшін! Сені де тамырыңнан ұстадым! Енді мені алдай алмассың! Осының бәрін жалмап, жұтып қойғың келеді. Байқа, мен тым кесектеуім, құрсағыңа батпай кекірігің азып жүрер! (*Жеркенишпен теріс айналып кетеді*)

Э б б и : (*Мөймөңкелеп*) Ибен!

И б е н : Аулақ! (*Кетпек боп*).

Э б б и : (*Өктем*) Ибен!

И б е н : (*Тоқтап*) Иә, не керек?

Э б б и : Қайда барасың?

И б е н : (*Жайбарақат*) Жәй, аздап қыдырып қайтам.

Э б б и : Селоға ма?

И б е н : Мүмкін.

Э б б и : Әлгі Минге ме?

И б е н : Мүмкін.

Э б б и : Соған бола несіне уақыт өлтіресің?

И б е н : Өзің айтқан жоқсың ба, табиғатқа қарсы тұра алмайсың деп. (*Күліп, тағы да ілгері жылжиды*)

Э б б и : Ол көрі тарамыс емес пе!

И б е н : Әйтеуір, сенен тәуір ғой!

Э б б и : Ол бүкіл өңірдің маскүнемдерін үстінен санап түсірген!

И б е н : (*Қорлагысы келіп*) Мүмкін солай да шығар. Әйтеуір, сенен көрі таза. Ештеңесін жасырмайды.

Э б б и : (*Ашуланып*) Салыстыратын сайқалды тапқан екенсің!

И б е н : Бір жақсысы қылымсуы жоқ. Менің байлығыма да көз алартпайды.

Э б б и : (*Жанды жеріне тиісіп*) Сенде не бар еді? Ферма болса да менікі!

И б е н : Фермаға бола сатылдым дейсің ғой? Көрінгеннен қалған салдақыға бір ферма тым семіз болар!

Э б б и : (*Қатты ызаланып*) Ол күнді тоссаң, мұның бір тал арам шөбі де саған бұйырмайтын шығар! (*Айқайлап*) Жоғал менің көз алдымнан! Жүгір жалабыңа, өкең мен мені мазақ қылам десең! Өкең сені қамшының астына алып қуады, тек мен айтсам болды! Мен төзген соң ғана бұл үйге басың сиып жүр ғой! Жоғал! Көргім келмейді сені! (*Қыстығып, ыза кернеп*)

И б е н : Мен бе сені!..

Ибен теріс бұрылып кете береді. Қора жақтан Кэбот келеді. Бұрынғыдай емес жасарып, мінезі жұмсарып қалған сияқты. Эбби оны көріп жеркенішпен теріс қарайды.

К э б о т : Тағы да Ибенмен тістесіп қалдың ба?

Э б б и : Жоқ.

К э б о т : Дауыстарың тым қатты шықты ғой. (*Баспалдақтың шетіне отырады*)

Э б б и : (*Қырсығып*) Естісең несіне сұрайсың!

К э б о т : Сөздерің құлағыма жеткен жоқ та.

Э б б и : (*Көңілі орнына түсіп*) Жай, әншейін, түкке тұрмайды.

К э б о т : Ол өзі қызық неме.

Э б б и : Тура саған тартқан!

Кэбот: (*Таңданып*) Эбби, оны қайдан білдің? Біз Ибен екеуміз ұрысамыз да қаламыз. Суқаным сүймейді. Өте нашар — шешесінен аумаған!

Эбби: Дұрыс айтасың, тым нашар — сен секілді!

Кэбот: (*Естімеген болып*) Әлде тым-тым қатал болдым ба...

Эбби: (*Қорлан*) Енді... сен өзің де ылжырап барасың — тұрған бойың жылбысқа! Ибен де осыны айтты.

Кэбот: (*Түсі бұзылып*) Ибен айтты ма? Жатқан жыланның құйрығын басып... Көзіне көк шыбынды үймелетейін!.. (*Эбби әлі теріс қарап отыр. Кэбот жүзін жылытып, аспанға сүзіліп*) Ғажап емес пе!

Эбби: Дәнеме көріп отырғам жоқ!

Кэбот: Аспанды айтам. Ұшы-қиырсыз дала секілді.

Эбби: (*Кекетіп*) Сатып алайын деп пе едің?

Кэбот: Сол жерден үй салсам... (*Пауза*) Эбби, мен қартайып барамын. Үзілуге жақын піскен жеміс секілді... (*Эбби оған сезікпен қарайды*) Тыста күн қайнап тұрса да үй салқың, көңілісіз. Сен соны байқадың ба?

Эбби: Жоқ.

Кэбот: Есесіне сиыр қора жылы, иісі қандай десеңші... Сиыр деген қасиетті мал ғой!

Эбби: Сен секілді.

Кэбот: Ибен секілді. (*Пауза*) Мен онымен татуласқан да секілдімін. Марқұм шешесімен де өстіп едім. Оның да нашарлығын көтеріп едім. Егер бұл дәлдүр болмағанда жек көрмейтін де едім... Қартайғанымнан шығар.

Эбби: Енді, сен әлі өлген жоқсың ғой.

Кэбот: Айта көрме, өле қоятын түрім жоқ — денім сау, қайратым мол. (*Көңілі бұзылып*) Бірақ сексеннен асқан соң дайындала бер деп Жаратқан ием ескертті... Сонсоң да ылғи Ибенді ойлаймын. Әлгі екі күнөкар ендігі мақшарда жүрген шығар, Ибен жалғыз қалды.

Эбби: (*Өкпелеп*) Ал мен ше? Нағып аяқ астынан Ибенді жақсы көре қалдың? Мен туралы неге ойламайсың? Мен некелі қатының емеспін бе?

Кэбот: Иә, оның рас. (*Кенет оның қолынан шап беріп, қатты қысып, тақпақтап сөйлей жөнеледі*) Сен менің нарцисімің! Ғажап көріктісің, кептер көз, қызыл ерін, ана-

рың толған алмадай, құрсағың мамық жастықтай... (Қолынан сүйе бастайды. Эбби түк сезбегендей меңірейіп отырып, ақыры қолын жұлып алады)

Э б б и : Сонымен, ферманы Ибенге қалдыратын болдың ба?

К э б о т : Неге? (Түксиіп) Ешкімге де бермеймін!

Э б б и : О дүниеге ала кетпейтін шығарсың.

К э б о т : (Ойлант) Иә, оның рас. (Пауза) Әттен, мүмкін болса ала кетер едім-ау! Егер өлер сәтімді білсем, өртеп жіберіп қызығына қарасам. Мынау үй, бидайдың әр масағы, бүкіл ағаш біткен, әр тал шөпке дейін! Бәрі де менімен бірге өлгенің көріп отырсам, қаншама жыл жоқтан бар жасап, төккен терімнің ешкімге бұйырмайтынына көзім жетсе ғой! (Үнсіздік, сосын жүзі жылыт) Тек сиырларға тиіспей босатып жіберем.

Э б б и : Ал, мені ше?

К э б о т : Сені де қоя беремін.

Э б б и : Жетістірдің! Қатының болғаныма жасаған қайырымың ба?! Ибенге жаның ашиды, ал маған қайда кетсең онда кет демексің ғой!

К э б о т : Эбби, менің айтайын дегенім...

Э б б и : Сөзге қонақ берші, Ибен туралы бірдеме айтайын. Ол қазір қайда кетті дейсің ғой? Әлгі Мин деген былғанышына! Мен жібергім келмеп еді. Сені де, мені де ұятқа қалдырады — дәл жексенбі күні!

К э б о т : (Кінәлі адамдай) Күнәһар ғой, жаратылысы сондай. Етек аңсап жүр де.

Э б б и : Оның менен де дәмесі бар. Мұнысын қалай ақтайсың?

К э б о т : (Бежірейіп дым сызбай қалады да) Сені... айналдырып жүр ме?

Э б б и : Менімен ашына болғысы келеді. Әлгінде айқайласқанымыз да сол.

К э б о т : (Орнынан атып тұрып, тұла-бойы қалшылдан). Жаратқан алдында ант етем, мен оны құртамын!

Э б б и : (Енді бұл шошым) Жо-жоқ!

К э б о т : (Жынданып) Бытыра мылтықпен басып салсам, ақымақтың миы мынау шырмауықтың басына дейін шашырайды!

Э б б и : (Қушақтап) Қой! Эфраим!

К э б о т : Сөз жоқ, өлтірем!

Э б б и : Естимісін, Эфраим! Бүлінген ештеңе жоқ, өншейін бозбаланың еркелігі де, әзілі ғой...

К э б о т : Ендеше азғырды дегенің не?

Э б б и : Әзілді түсінбей қалдың да. Оның үстіне ферманы соған қалдырамы деген соң ызамның келгені.

К э б о т : (Әлі де ашуын баса алмай) Мейлі, осыған да разы болсаң, оны таяқтап бұл маңнан қуамын!

Э б б и : (Қолынан ұстап) Жә, мені ойлама! Оны да кума. Дұрыс емес. Саған сонда кім қол ұшын береді. Маңында тірі пенде жоқ.

К э б о т : (Ойланып барып көнген болады) Басың жұмыс істейді-ау... Мейлі, жүре берсін... (Баспалдақтың шетіне отырады. Эбби де қасына жайғасады) Мисыз бұзауға бола бекер шыр-пыр болғанымды. Құдай мені алған күні орнымда кім қалмақ. Симоен мен Питер болса барса-келмеске кетті, Ибен де соны істесе қайттым?..

Э б б и : Мен қалмаймын ба.

К э б о т : Сен бар болғаны қатынсың.

Э б б и : Жарың емеспін бе.

К э б о т : Жар болсаң да мен емессің. Ал ұл — менің қаным. Менің дүнием соған қалсын. Көрде жатсам да менікі болып есептелмек. Ұқтың ба?

Э б б и : Иә, ұқтым. (Кэботқа сынап қарайды)

К э б о т : Несін жасырамы, көрілік келді. Бірақ өлі мықтымын, өлгенше де талай жыл өтер, мойымаймын. Көр де тұр, қандай жұмыс болса да кез-келген жасыңа есе-теңдік бермеймін!

Э б б и : Мүмкін, Құдай бізге де бір ұл берер.

К э б о т : (Көңілденіп, одан көзін алмай) Немене... Ұл деймісің... саған, маған...

Э б б и : (Күлімсіреп) Сен он екі мүшең түгел еркек емессің бе, рас қой? Құдай берем десе қиын ба? Менен кемістік жоқ. Неменеге бежірейе қалдың? Бұрын мұны ойламап па едің? Ал менің есімнен шыққан емес. Жаратқанға күн сайын жалбарынамы.

К э б о т : (Аса бір қуанышты) Эбби жалбарыныпты! Бізге Құдайдан ұл сұрапты!..

Э б б и : Солай!.. Енді маған ұл керек!

К э б о т : (*Эббидің қолын қысып*) Бұлай болса Құдайға мың мәрте разымын, қартайғанда құдайдың маған, жалғыз басты пендеге деген рахымы шығар! Ендеше, Эбби, қолымнан келген бар жақсылықты тек саған үйіп-төгем! Қалағаныңды тілей бер!

Э б б и : Ферманы сонда маған, ұлыңа қалдырасың ғой?

К э б о т : Айттым ғой, бәрін жасаймын деп. Егер орындамасам, тозақтың отына түсейін! (*Тізерлеп отырады, Эббиді де жүрелетеді*) Эбби, Құдайға тағы да жалбарыншы! Бүгін сенбі! Мен де қасындамын! Жалбарыңдан жапа шеккен пенде жоқ! О, Жаратқан, Эббиді есіңе ал! Эбби, жалбарын! Зарың Құдайдың құлағына жетсін!

Кэбот күбірлеп құлшылық етеді. Эбби өтірік жалбарынған болып оған оқты көзімен жеркене қарайды.

### Екінші көрініс

Кеш. Түнемелдің екеуі бірдей көрініп тұр. Сол жақта Ибен кереует шетінде дамбалшаң отыр. Жалаңаяқ. Иегін алақанымен тіреп, ой үстінде. Екінші түнемелде Кэбот пен Эбби, түнгі ішкііммен төсек шетінде отыр.

К э б о т : Фермаға бір ұл керек.

Э б б и : Ол менің ұлым болмақ.

К э б о т : Иә. Ферманы көрсем — сен көз алдымда тұрасың, сені көрсем — ферма есіме түседі. Саған жабысқан мен қаңғыбас қой. Фермаға ие болатын маған ұл керек.

Э б б и : Жарайды, енді ұйықталық. Әйтпесе сен шатаса бастадың!

К э б о т : (*Шамырқанып*) Шатасуға тым ерте шығар. Санам баяғыдай сайрап тұр. Сен мені ықтияттап түсінбей отырсың, өңгіме осында.

Эбби көрші түнемелдің әрбір тықырына құлақ түріп жатыр. Ибен бөлме ішінде арлы-берлі жүр. Эбби бар назарымен соның ізіне ойша еруде. Екеуінің жанары ортадағы қабырғаны тесіп өткендей. Ибен етпетінен жастыққа құлап, күрсінеді. Эбби орнынан тұрып кететіндей селк етіп барып басылады.

К э б о т : (Кенет басын көтеріп Эббиге қадалып қарайды) Жалпы мені еркек, ұрғашыдан түсінетін біреу бар ма?! (Басын шайқап) Жоқ, еленбей өтетін шығармын өмірден!

Эбби қабырғадан көз алмай жатыр. Кэбот соған бұрылып, тізесінен мытып қалады, Эбби тізесімен оның қолын қағып жіберіп, мұнан кейінгі күйеуінің сөзін тындамай селсоқ жата береді.

К э б о т : Естимісің, Эбби. Осыдан елу жыл бұрын мен осында келгенде жиырма жаста едім, мендей қажыр мен қайратты сен көрген жоқсың, Ибеннен он есе мықты, төзімім елу есе артық болатын. Бұл жерде тастан басқа дым жоқ еді. Мен сатып алғанда жұрт артын ашып күлген. Мен білген жердің құпиясын олар білген жоқ. Егер тасқа бидай өсірсең, Құдай саған бірдеме берер десті. Солардың көбіне осы жерден топырақ бұйырды, қалғаны Батысқа барып қаңғырып өлді. Ал мен қасарысып жүріп, алған беттен қайтпадым да қатыгездікке дейін бардым. Біреулер, қатыгез адам күнөкар десті. Ендеше мені найзағай соқсын деп мен де қырсықтым. Тастан қорған соқтым. Менің бүкіл өмірімді сол тастардан оқып алуыңа болады. Осында үйлендім. Ол маған Симоен мен Питерді тауып берді. Жақсы адам еді. Жиырма жыл тұрдық. Үлкен көмекші еді, өліп-ақ қалғаны. Қайғырғаным жоқ. Сим мен Питер қолқабысқа жарап қалған кезі. Тырпылмен қанша жыл өткенін де білмеймін. Ферма үлкейді. Бәрі менікі деген бір қуаныш жалғыздықты да ұмыттырды. Бірақ, жалғыздық Құдайға ғана жарасқан. Содан Ибеннің шешесіне үйлендім. Көркем, әрі мейірімді болды. Бірақ шаруағы икемсіз еді. Мені де түсінген жоқ. Тағы жалғыздық басты. Он алты жыл өмір сүрдік-ау деймін, ол да өліп тынды. Ұлдарым мені жек көрді, мен де оларды аяғаным жоқ. Ақыры фермама таласатын болды. Өзегімді өңездей өртеген де осы, мені қартайтқан да осы! Ал биыл көктемде Жаратқан маған аян берді — бар, ізде деді. Мен іздедім де сені таптым! Сен менің нарциссімің!

Эбби оған қарай аунап түсіп, мүсіркеудің орнына өшпенділікпен жақтырмай қарайды. Соны сезгендей...

К э б о т : (Өзіне әрі итеріп) Сен менің сөзімнен бірдеме түсіндің бе?

Э б б и : Түсінген сияқтымын.

Кэбот: Дым да түсінген жоқсың, миыңа да кірген жоқ!  
Егер осыдан ұл тауып бермесең...

Эбби: Құдайдан тілегем жоқ па.

Кэбот: Тағы да жалбарын, сонда түсінетін боласың!

Эбби: (*Кектеніп*) Әйтеуір ұл табатыным анық.  
Ант етем!

Кэбот: Оған қалай көзің жетті?

Эбби: Мүмкін, мен көріпкел шығармын. Болашақты болжай алатын...

Кэбот: Болсаң боларсың. Кейде сенен бүкіл денем түршігеді! (*Қалтырап*) Мұздап кеттім. Мынау үңірейген үйдің бұрыш-бұрышында өлдебір құбыжықтар жүрген сияқты. (*Шалбар, көйлегін, етігін кие бастайды*)

Эбби: (*Таңырқап*) Қайда кеттің?

Кэбот: Бұдан тынышырақ, жылылау жерге — сиыр қораға! (*Мұңайып*) Сиырлармен сөйлесуге. Мал-екеш мал да мені түсінеді!.. Солармен ғана жаным тыныш табады.

Эбби: (*Шошынғандай*) Саған не болды?

Кэбот: Қартайдық. Шау тарттық. Бел сыздамайды!

Теріс бұрылып шыға жөнеледі. Эбби де, Ибен де атып тұрып оның етігінің дүңкілін естіп тұрады. Етік дүңкілі басылған кезде қабырғаның екі жағында екеуі бір-біріне тесіле қарап, әр қимылдарын аңдысқан. Эбби шыдай алмай түнемелден шығып Ибеннің есігін ашады. Ибен бежірейген қалпы тастай қатып қалған, жанары жанып ішіп-жеп бара жатқандай. Эбби ұмтылып кеп құшақтап, бас салып оның ерніне жабысқанда әуелі тартыншақтап қалған Ибен бар сезіммен есесін төтті сүйіспен қайтарып, артынша әйелді кері итереді. Екеуі де ентігіп, тіл-ауызсыз тұр.

Эбби: Бекер, Ибен, бекер! Мен сені бақытқа кенелтпек едім ғой!

Ибен: Бүйткен бақытың құрысын!

Эбби: Жалған айтпа, Ибен! Ішпей құмартып-ақ тұрсың!

Ибен: Құмарлық хайуанда да бар, бірақ мен хайуан емеспін ғой!

Эбби: (*Жымып*) Дегенмен, сүйіскен жоқпыз ба! Ернің неткен ыстық еді! Егер мені қаламасаң неге сүйістің, ернің неден өртенді?!



Ибен: (*Ернін сүртіп*) Ернің у болғаны да! (*Қорлап*) Мүмкін, сені сүйіп тұрып, басқаны ойлаған шығармын.

Эбби: Минді ме?

Ибен: Ол да мүмкін.

Эбби: Сен соған бардың ба? Шыныңды айт. Мені көкіректен итергенің содан екен ғой?!

Ибен: (*Шамына тигеніне разы боп*) Солай болса ше?..

Эбби: (*Ашулы*) Ит екенсің ғой, Ибен!

Ибен: Жә-жә, менімен жайлап сөйлес!

Эбби: (*Сықылықтап күліп*) Ах, солай ма! Ылжыраған сорлы, сені сүйіп қалды деп тұрғаннан саумысың?! Қалтаңның аузын ашық ұста! Сен маған бір-ақ мақсатқа қажетсің, соны орындамай тынбасын!

Ибен: Білем ғой сені, осындағыны түгел жалмап жұтқың келеді!

Эбби: Қателескен жоқсың!

Ибен: Жоғал осы жерден!

Эбби: Бұл менің үйім, сен бар болғаны батырақсың!

Ибен: Тірі тұрғанда кет дедім ғой!

Эбби: Қорқарым шамалы! Өйткені сенің есіл-дертін мені шешіндіру! Өтірік деші! Ал әкеңе сенен керегі — ұл! Өне, көзінді қарашы, өліп-өшіп өртеніп барады! Тек мен деп жанып тұр! Ерінің мені сүйсем деп қалтырайды! (*Есі шыға сақылдап күледі*) Бұл үйде жылытатын тек мен ғана. Мен кірмеген мұнда бір-ақ бөлме қалды, бүгін түнде оның да қызығын мен көрем! (*Қонақ бөлмені нұсқап*) Барып шамын жағайыншы. (*Күле жүріп тағзым етіп*) Мистер Кэбот, маған қызмет етуге қалай қарайсыз?

Ибен: (*Абдырап*) Тоқта! Анам қайтыс болғалы бұл бөлменің есігі ашылған емес! Онда анамның табыты тұрған! Тиіспе!..

Эбби: (*Есікке беттеп*) Сіздің тезірек келуіңізді күтем!

Эбби шығып кетеді. Ибен сенделіп, бұл да есікке қарай беттейді.

### Үшінші көрініс

Күнгірт те үңірейген қонақ бөлме. Эбби шырақ біткеннің бәрін жағып, диван шетінде отыр. Үрейлі, қаша жөнелуге

өзір. Ибен келеді. Үстінде ақ көйлек, галстук байланған, жалаңаяқ, бұтында дамбал, қолында қалпақ.

Э б б и : Отырмайсың ба?

И б е н : Мақұл.

Қалпағын босағаға іліп, Эббидің қасына келіп отырады. Екеуі де үрейлі.

Э б б и : Мен кіргенде тас қараңғы еді, осында өлдекім бар сияқты көрінген...

И б е н : Анам ғой.

Э б б и : Қазір де сезіп отырмын.

И б е н : Менің мамам дедім ғой.

Э б б и : Әуелде қатты қорқып едім. Тұра қашқым келді. Сен келген соң мейірі түсіп, райынан қайтқан секілді. *(Иен бұрышқа басын шұлғып)* Рақмет!

И б е н : Анам мені жаныңдай жақсы көретін.

Э б б и : Мүмкін, сені сүйетінімді білген шығар. Сонсоң да мейірі түскен болар.

И б е н : Білмедім. Ол сені жек көретін шығар деп ойлаушы едім.

Э б б и : Жоқ. Маған деген оның өштігінің жоқ екенін жүрегім сезеді.

И б е н : Сен оның орнын бастың, енді міне, табыты тұрған бөлмеге де басып кіріп отырсың.

Э б б и : *(Оның қолынан ұстап, сипалап)* Жә-жә, сен реңжіме. Онанда анаң туралы айтшы.

И б е н : Айтатын не бар. Мейірбан еді. Жақсы кісі болатын.

Э б б и : *(Иығынан құшақтап)* Мен де саған бар мейірімді төгемін! Сен бақытты болса екен деймін. Сонда мен де бақытты болар едім!..

И б е н : *(Жан-жаына, өлдекімге назар салғандай)* Анашым! Сен неге келдің? Маған не айтпақсың?

Э б б и : Ол сені сүйетінімді біледі. Түсінемісің? Маған сені аймала, күш деп бұйырған жоқ па! Сеземісің?!

И б е н : Сеземін. Сезем ғой. *(Жүрелеп отыра қалып тізесін құшақтап)* Мен де сені сүйемін, Эбби! Енді айтуыма болады. Сен келген сәттен-ақ өзінді ойлап өліп кете жаздағам! Өлейін-ай!..

Екеуі өліп-тіріліп сүйісе бастайды.

*Төртінші көрініс*

Аула. Үйден Ибен шығады. Жұмыс киімінде. Көңілді. Терезені ашып Эбби сыртқа үңіледі. Шашы қобыраған, бірақ жайнақы.

Э б б и : Ибен! (*Ибен тоқтап, кейін бұрылады*) Тағы бір сүйші. Кешке дейін сағынып қаламын ғой.

И б е н : Ал мен ше? (*Қайтып келіп бірнеше дүркін сүйеді*) Енді қандың ба? Әйтпесе басқаға дым қалмай жүрер.

Э б б и : Мен барымды саған сақтаймын ғой!

И б е н : Мен қораға барайын. Әйтпесе, әлгі қырт шал жетіп келіп жүрер. Ойында не барын кім білсін.

Э б б и : Мейлі. Мен оның басын шыр айналдырам ғой. Терезелерді ашып тастап, таза ауаға тойғызайын, иен үйдің иісі кетсін. Түнде біз бұл бөлмені тірілткен жоқпыз ба — махаббатымызбен толтырып.

И б е н : Мамам мазарына қайтып барып, жаны жай тапқан шығар.

Э б б и : Таң атысымен аруақты аузыңа алмасаңшы.

И б е н : Аяқ астынан ойыма оралғаны да.

Э б б и : Жә, енді барып көз іліп алайын. Шалға шаршадым дермін. Тамағын өзі істеп ішсін.

И б е н : Әне, қора жақтан келе жатыр. Сен беті-басыңды түзеп, жоғарыға кет.

Сенделіп шал келеді де аспанға үңіліп тұрып қалады.

И б е н : Қайырлы таң, әке. Аспаннан күндіз жұлдыз санап тұрмысың?

К э б о т : Ғажап емес пе!..

И б е н : Иә, ферма бүгінде көз қуантады!

К э б о т : Мен аспанды айтам.

И б е н : (*Күліп*) Оның тамаша екенін қайдан білдің? Көзің қарға адым жерді көрмейді!..

К э б о т : Тілің шығып қалыпты, таң атпай қайдан қағып алғансың?

И б е н : Қайдан ішуші едім. Әншейін, өмір сүргеніме мас боп тұрғаным ғой! (*Қолын ұсынып*) Екеуміз есеп айрысқан сияқтымыз. Кел, осымен қол алысалық!

К э б о т : Саған сана кірді ме, сайтан азғырып тұр ма?

**И б е н :** Мейлі, татуласпай-ақ қойдық. Осының өзі онды болар. Не болды дейсің ғой? Әлде оның келгенін сезген жоқсың ба? Қайтадан моласына қайтып кетті.

**К э б о т :** Кім?

**И б е н :** Мамам. Енді жаны жай тауып, тыныш ұйықтайтын болды. Сенімен есебін айырысты.

**К э б о т :** (*Ештеңені түсінбей*) Иә, жақсы демалдым. Сиырлардың ортасында рақаттана ұйықтадым. Олардың ұйқысы деген керемет қой. Маған да үйретті.

**И б е н :** (*Тағы да кекетін*) Сиыр да ақылды. Енді жұмысқа кірісетін шығарсың.

**К э б о т :** Маған билік айтайын дедің бе? Мисыз бұзау!

**И б е н :** Иә. Айтамын! Ха-ха-ха! Саған жаға ма, жоқ па, көрейін! Ха-ха-ха! (*Үйді нұсқан*) Ал мынау тауыққораның қоразы енді менмін! Ха-ха-ха!

**К э б о т :** (*Ізіне қитыға қарап*) Қояншық неме! Шешесінен аумай қалғанын! (*Түкірінін*) Жарық дүниеге жарымес боп келіп едің!..

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### *Бірінші көрініс*

Бір жыл өткен соң. Көктем. Кеш. Ас бөлме мен түнемел көрініп тұр. Түнемелдің бір жағында Ибен ойланып сұлық отыр, екінші жағында, кереует қасында бесік. Ас бөлмеде орындық атаулы іргеге сырылып тасталған, жастар, өйелі бар, еркегі бар дабырласып сөйлесуде. Бір шетте Кэбон, көңілді. Эбби алдыңғы планда отыр – жүдеген, өңі сұрғылт. Бір бұрышта скрипкашы, аспабын бабына келтіремін деп өуре.

**Э б б и :** (*Қызға*) Ибен қайда жүр?

**Қ ы з :** Білмедім, миссис Кэбот. Оны көрмегелі жүз жыл болды. Сіз келгелі ол үйден шықпайтын болды ғой.

**Э б б и :** Мен оған анасы іспеттімін де.

**Қ ы з :** Иә, солай деп естігенмін.

**Э б б и :** (*Қызулау еркекке*) Сіз Ибенді көрген жоқсыз ба?

**Е р к е к :** Жоқ. (*Көзін қысып*) Сізден басқа оны көретін кім бар еді!

Эбби: Ол керемет биші ғой. Келуі керек еді.

Еркек: Мүмкін, бала тербетіп отырған шығар. Ұл ма еді?

Эбби: Иә, екі-ақ апта болды. Сондай сүйкімді, қуыршақ секілді.

Еркек: Анасына солай көрінет те. (*Құлағына сыбырлағандай, ыржаңдап*) Естимісің, егер Ибен жалықтырса мені ұмытпағайсың... (*Кубірлен*) Барып тағы да тартып жіберсем бе екен...

Әлдекіммен сиыр жайында айтысып отырған Кэботқа барып, үшеуі виски ішеді.

Эбби: Бұл Ибен не істеп жүр екен?

Скрипкашы: Ибеннің не бітіріп жүргенін мен білем. Шіркеуде Құдайға құлшылық етіп жатқан болар.

Жұрт ырбандап күліскен болады.

Еркек: Не үшін?

Скрипкашы: Не үшін деймісің... (*Бір сәт үнсіздіктен соң*) бауырының жарық дүниеге келген қуанышына!..

Жұрт тағы да қарқ боп күледі. Бәрі де Эбби мен Кэботқа сынай қарасады. Эбби ешкімге назар аудармаған. Қызып алған Кэбот ашуланып ортаға шығады.

Кэбот: Неменеге кісіней бересіндер?! Мен сендерді ішсін, жесін, билесін деп шақырсам, суға тығып алған тауық секілді қырқылдап ербейіп-ербейіп отырсындар! Шошқа сияқты тамақты қисыпырып, ішімдікті зыңғытып, жалмап-жұқтап болдыңдар! Тым құрығанда мен үшін билемейсіңдер ме, өтемі болсын да!

Жұрт тым-тырс бола қалады. Қыңқ етуге бәрі де қорқатын төрізді.

Кэбот: (*Еліріп*) Ибенді сайтан алсын! Ибен қи сасып қалды! Енді кенже ұлым бар! Бірақ, бөріңе айтарым, Ибенге күлуші болмаңдар! Ақымақ десең де бөрібір ол менің ұрығым! Ақымақ та болса сендерден артық! Жұмыс істегенде менен кем түспейді, сендерге оған жету қайда!..

Скрипкашы: Иә, ол түнде де керемет жұмыс істейді!

Жұрт қарқылдап күледі.

Кэбот: Күліндер, есуастар, күліндер! Ал сен, расында дұрыс айттың. Қажет болса ол күндіз-түні жұмыс істеуге бар, тура мен секілді!

Көрі фермер: *(Виски құйған бөшкениң артынан көтеріліп)* Эфраим, сендей еркек қазір де жоқ: жетпіс алты жасыңда ұл таптырдың! Міне, алып деп осыны айт! Алпыс сегізде болсам да бұл менің шамамнан келмейді! *(Жұрт ду күледі)*

К э б о т : *(Оны арқасынан қағып)* Хай, саған жаным ашиды! Мен сені осындай бейшара деп ойламаушы едім!

Көрі фермер: Мен де сені осыншама мықты деп ойламағам.

Ду күлкі.

К э б о т : Мен өлі қуаттымын ғой, оны ешкім де білмейді. *(Скрипкашыға бұрылып)* Әй, албасты басқыр, отырамысың осылай! Әлде кейіп-кеспіріңді көрсетуге келіп пе едің?! Билесін мына жұрт! Тастап жібер де тарт!

Скрипкашы көрі фермер ұсынған вискиді тастап жібереді де аспабына жармасады.

С к р и п к а ш ы : Бастадық!.. Бикештер оң жаққа! Солай ма, Джим? Құшақтасаңшы құрғырды, мына қызды. Шешесі қарап тұрған жоқ! *(Күлкі)* Бикештеріңді ауыстырыңдар! Өмір қысқа, махаббат онан да қысқа!

К э б о т : *(Еліріп, еден тепкілен)* Билендер, бикештер! Билендер, жігіттер! Тұрмаңдар қарап!..

С к р и п к а ш ы : Жарайсың, Эфраим, жетпіс алтыға келіп, жаңадан жар сүйген сендей жансебілді мен көргем жоқ!

К э б о т : *(Қолын сермен, жұртты ығыстырып ортаға шығады)* Сендердікі аяқ емес, тұяқты дөңбек қой! Көне, жол беріңдер! Бидің қандай екенін мен сендерге көрсетейін! *(Бишілерді итеріп, іргеге түріп тастайды)*

С к р и п к а ш ы : Баста, Эфим, әйде тарт!

Кэбот өуелде тәп-тәуір би бастайды да бара-бара еліріп, секіріп-тұрып, қоршаған жұртты шыр айналады, ара-арасында айқайлап бақырып, өркімге тіл тигізеді.

К э б о т : Мінеки! Осылай билеу керек! Мінеки, көрдіңдер ме! Жетпіс алтыға келсем де жастарды алдыма салмаймын! Мінеки, қараңдар! Жүз жасқа келгенде тойға шақырар едім, өттең ол кезде бәрің де көрде жатасыңдар-ау! Өйткені қандарың бұзылған, қан емес — қоймалжың! Бүкіл өңірде менен басқа мықты еркек жоқ! Сендер дүниеге келмей тұрып, мен Батыста индеецтерді де қырып, бас терісін

сыпырғам! Менің жауырынымда садақ оғынан тыртық бар!  
Көрсетейін бе?! Бір құрбанға — он өлік, менің сертім осы!

С к р и п к а ш ы : (*Музыкасын тоқтатып*) О, Жаратқан, мынауың ақ сайтаннан арман ғой! Мен біттім.

К э б о т : (*Мақтанып*) Сені де шаршаттым ба?! Жаман ойнаған жоқсың. Кел, жұтып жіберші!

Өзіне де, скрипкашыға да виски құяды. Басқалары Кэботты аңдуда. Кэбот енгігіп орындыққа шалқалап отыра кетеді. Эбби оның қасына барады.

Э б б и : Мен балаға барайын.

К э б о т : Баспалдақпен көтеріле аласың ба? Мүмкін көмек керек шығар? (*Жымып күліп, арқасынан қағады*)

Э б б и : Қолыңды тарт. Өзім-ақ барам!..

Эбби кетеді. Кэбот оның соңынан қарап қалған. Күбір-сыбыр сөз, ол жұртқа бұрылғанда сап тиылады. Кэбот енгігіп, мандайынан бұшақтаған терін сүртеді.

К э б о т : Тысқа шығып, таза ауа жұтайын. Басым айналып отырғаны. Ал, сен скрипканды боздат! Билендер, ішіндер! Мен қазір келемін.

Кэбот кетеді.

С к р и п к а ш ы : (*Кекесінді*) Бізге бола асықпа (*Эббидің дауысына салып*) Ибен қайда жүр? (*Жұрт күледі*)

Ә й е л : Бұл үйде не болғаны баршаға аян ғой!

Е р к е к : Тсс! Мүмкін есік сыртында тындап тұрған шығар. Оның әдеті емес пе!

Эбби бөлмеге мысықша басып кіреді. Ибен оны қасына келгенде бірақ көреді.

И б е н : Эбби!

Э б б и : Тсс! (*Құшақтайды. Екеуі құшырланып сүйіседі де үңілісіп бесікке қарасады*) Сүйкімді ғой, рас па? Аумаған сен!

И б е н : Қойшы, солай ма?

Э б б и : Өзіңнен аумап қалған!

И б е н : Осынысы маған ұнап тұрған жоқ. Тағы да әлгіге ұпайым кететін болды. Өмір-бақи ұтылып келемін. Жуырда жұрдай болатын шығармын!

Э б б и : (*Саусағымен оның ернін басып*) Қолдан келгеннің бәрін жасармыз. Күте тұралық. Дүние өстіп тұрар деймісің. (*Құшақтап*) Мен төменге түсейін.

**И б е н :** Ал мен үйден қашқым кеп тұр. Скрипка мен күлкіден жаным түршігеді!

**Э б б и :** Сен мұңайма. Ибен, мен сені сүйемін.

Екеуі сүйісіп, ұзақ үнсіз тұрып қалады.

### *Екінші көрініс*

Ибен қақпа алдында аспанға қарап тұр. Кэбот шаршап-шалдығып қора жақтан келеді. Ибенді көріп, көңілі бірден бұзылады. Үй жақтан скрипканың сыңсығаны, күлкі, аяқ дүрсілі естіледі. Кэбот ұлының иығына қолын артып...

**К э б о т :** Сен осында ма едің?!

**И б е н :** Енді қайда болушы едім?!

**К э б о т :** Биге неге бармайсың? Бәрі сені сұрап жатыр.

**И б е н :** Сұраса қайтейін?!

**К э б о т :** Сұлу-сұлу қыздар бар.

**И б е н :** Болса қайтейін?!

**К э б о т :** Солардың біріне үйлену керек шығар.

**И б е н :** Ешкімге де үйленбеймін!

**К э б о т :** Сонда ферманың бір бөлігін еншіге алар едің.

**И б е н :** (*Кекете күліп*) Сенен бе? Жоқ, сенен алғанның бәрі арам! Мен сен сияқты болмаспын!

**К э б о т :** Жалған! Сенің шешеннің туысқандары, менен тартып алмақ болған.

**И б е н :** Жұрт басқадай айтып жүр ғой. (*Үнсіздіктен соң*) Менің онсыз да фермам бар!

**К э б о т :** Оның қайда?

**И б е н :** (*Жерді теуіп*) Мұнда!

**К э б о т :** (*Қарқылдап күліп*) Ха-ха! Осында де! Айтар-сың-ау!

**И б е н :** Көресің ғой!

**К э б о т :** Иә, көрермін! Сен де көресің! Сен інде жатқан көртышқан секілді соқырсың!

Ибен күледі.

**К э б о т :** Несіне күлесің?! О, Жаратқан, мынау расында ақымақ екен! Бос кеуек секілді басында ми да жоқ! (*Ибен естімегендей болады. Кэбот одан сайын ыза*) Сенің фермаң?! О, жаратқан! Сен анаңнан есек боп тумағанда, бұл жерден саған тас та жоқ, бір уыс топырақ та жоқ екенін түсінер



едің! Мен ұлды болған жоқпын ба! Жүзге келмей мен де өлмеймін, оған дейін ол шіркін де сенің жасыңа жетіп қалады! Ферманың иесі Эбби боп қалмақ. Ол сенің анау-мынауыңа көнбейді де. Әуелде сенен қорқып еді. Тілін табу үшін оны айналдырмақ болғаныңды да айтып қойған. Миы шіріген ақымақ болмасаң соны істеймісің?! (*Жұдырығын ала жүгіреді*)

И б е н : Соқ өтірікті, сасыған сасай теке! Эбби олай деп өлсе айтпайды!

К э б о т : (*Жанды жеріне тигенін сезіп*) Айтты! Мен сенің миыңды мылжыламақ болғанда тоқтатқан да сол. Оны өлтірсең фермаңның қиын кім тазалайды, жүре берсін, оған дейін саған ұл тауып беремін деген. Ибенге дым да берме, өлгенде ферма маған қалатын болсын деді! Міне, соның сұрағаны да, тілегені де болды! Ал саған тиетіні жолдың шаңы ғана!

И б е н : Ха-ха-ха! Бесе, оның бар қылтың-сылтыңы осы екен-ау! Мақсаты дүниені жалмап-жүту екенін өуелде-ақ сезіп едім ғой! (*Булығын*) Өлтірем оны! (*Баспалдаққа ұмтылады*)

К э б о т : (*Алдын кескестеп*) Тырп етпе!

И б е н : Былай түр!

Арпалыс басталады. Шал Ибенді кеңірдектен қылқындырып, қабырғаға жабыстырып жібереді. Осы кезде Эбби шығып, айқайлап ара түседі.

Э б б и : Ибен! Эфраим! (Эфраимнің қолына жармасып) Эфраим! Жібер! Өлтіремсің!

Кэбот қолын босатып, Ибенді итеріп тастайды. Ибен қырылдап барып көгалға шалқасынан серейіп түседі. Эбби ойбайлап қасына барады да басынан сүйемек болғанда Ибен қолын итеріп тастайды. Кэбот баспалдақ үстінде қодырайып тұр.

К э б о т : Эбби, қорықпай-ақ қой, мен оны өлтірейін дегем жоқ. Осы ит үшін дарға басымды тығып қайтем! Отызға да жеткен жоқ, жетпіс алтыдағы шалды қылжита салам деп ойлаған ғой! Жоқ, артына қарасын! Ал анау жоғарыдағыны тура өзімдей болуға баулимын! (*Бұрылып үйге беттейді*) Билеп, өндетіп, көңіл жұбатайын! Эбби, егер саған қиқандайтын болса, мені шақыр. Жетіп келем де екі бүктеп дүре саламын! Ха-ха-ха! (*Үйге кіріп кетеді*)

Э б б и : Ибен, бір жерің ауырып қалған жоқ па?

И б е н : Аулақ жүр... Албасты неме!

Э б б и : Ибен, бұл менмін ғой, Эбби. Танымай қалдың ба?

И б е н : *(Ыза кернеп)* Иә, енді таныдым! *(Ұнжырғасы түсіп, мырсылдап жылай бастайды)*

Э б б и : Ибен, саған не болды... маған сондай бір суық көзбен қарайсың.

И б е н : Иттен жек көрем! Зұлым неме, зөлім түлкі!

Э б б и : Ибен! Сен не айтқаныңды да білмейсің ғой!

И б е н : *(Зорға тұрып, оның соңынан ереді)* Сенің өнебойың толған өтірік! Сенімен ұйықтаған алғашқы күннен бастап аузыңнан бір де бір шын сөз шыққан емес!.. Сүйемін деп өншейін мүләйімсіген болдың!

Э б б и : Рас сүйемін! *(Қолынан ұстағанда серпіп тастайды)*

И б е н : *(Тыңдағысы келмей)* Мені алдапсың! Арам пығлды кісәпір. Мақсатыңа жеттің! Басымды шыр айландырып, баяғыдан бері істегенің тек арамдық, мені қойныңа тартып, оған бала сенікі деп, сондағы ойың барға ие болып, маған шаң қаптыру! Сенің бойыңда зауал отыр! Мұндай зұлымдық адам қолынан келмейді!

Э б б и : Мұны саған Эфраим айтты ма?

И б е н : Немене, өтірік пе? Енді сенің әр өтірігіңнің артын ашам!

Э б б и : *(Жалынып)* Ибен, тыңдашы мені... бұл баяғыда, екеуміздің арамызда ештеңе болмай тұрған кездегі әңгіме... сен мені қорлап, Минге кететінде де мен сені сүйетін едім... саған ыза болғандықтан айтқам!

И б е н : Мұны бастан кешкенше саған да, маған да өлген артық еді! *(Жынданып)* Бірақ мен де саған есесін қайтарамын! Мамамның қайтып келуін құдайдан сұраймын, менің есемді әперіп, сендерді қарғыспен атсын!

Э б б и : *(Жалпынып)* Өйтпе, Ибен! Адаспа! *(Жылап, алдына барып шөке түседі)* Мен саған жамандық ойлаған емеспін! Сен кешір мені жарай ма?

И б е н : *(Тыңдамай)* Мен анау кәрі төбеттің жазасын берем, сенің де! Мен оған бала туралы бүкіл шындықты бетіне айтам, сосын тойтаңдап көрсін! Түн болса, мамам

көрдөн шығып келеді, сендерді итше ырылдастырып тастаймын да өзім алтын жууға Симоен мен Питерге кетемін!

Э б б и : Сен не, мені тастап кетпексің бе?.. Жок, сен тастай алмайсың!

И б е н : Айттым ғой, кетемін деп. Байыған соң қайтып келемін де сотқа шағымданып, фермамды қайтарып аламын! Екеуінді қаңғытып жіберем, балаң мен үшеуің көрінгеннің көңінде аштан өлесіңдер!

Э б б и : *(Қалтырап)* Ол сенің ұлың ғой, Ибен!

И б е н : *(Қиналып)* Сол тумай-ақ қойғанда болатын еді! Туа сап өлсе тіпті жақсы еді! Сонда оны көрмейтін де едім ғой! Сен соны менің барымды тартып алу үшін таптың. Сол жарық дүниеге келісімен дүние өзгеріп сала берді!

Э б б и : Сен ол туғанға дейін-ақ мені сүймеп пе едің?!

И б е н : Иә, мисыз есек болдым!

Э б б и : Енді сенбегенің бе?

И б е н : Кімге сенем? Өтірікшіге ме? Ұрыға ма? Ха!

Э б б и : Ал бұрын шын ниетіңмен жақсы көріп пе едің?

И б е н : Иә. Ал сен мені ақымақ қылдың! Айттым ғой, жек көрем деп!

Э б б и : Шынымен-ақ батысқа кетпексің ғой? Мені тастап. Бөріне бала кінәлі болғаны ма?

И б е н : Ертең кетем! Кетпесем жай соғып өлтірсін!

Э б б и : *(Үнсіздіктен соң, үрейлі салқындықпен)* Егер туа салып менің махаббатымды өлтірсе, сені менен айырса, менің жалғыз қуанышымды жоқ қылса, ол қуаныш маған жұмақтан да қымбат еді, онда мен анасы болсам да оны жек көрем!

И б е н : Өтірік айтпа! Сен оны жақсы көресің! Ол саған — ферма, өңгіме фермада ғана емес, мені алдағаныңда, сені сүйемін деп ферма үшін көңілімді жаулағаныңда!

Э б б и : Адыра қалсын фермасы! Мен оны өлтірем! Сені шын сүйетінімді дәлелдеймін!

И б е н : Тағы да өтірік айтып тұрсың! Енді құлағым сенің сөзіңді естімей-ақ қойсын! *(Теріс бұрылып)* Енді көріспеспіз. Қош бол!

Э б б и : *(Өңі-түсі қашып)* Тым құрыса кетерінде сүймейсің бе? Кешегі ынтық көңіл қайда? Ыстық күшак қайда?

И б е н : Көрмегенім де, сүймегенім де сен бол!

Э б б и : Ибен! Мұның қалай... азғантай аялдашы... айтарым бар..

И б е н : Ішке барып, өлгенше ішем, өкпем өшкенше билеймін!..

Э б б и : *(Қолына жармасып, бар ынтасымен)* Егер менің қолымнан келсе... егер ол ортамызға от боп түспесе... егер маған сенің түгіннің керек жоқ екенін дәлелдесем... баяғыдай ынтық боп, баяғыдай сүйісіп, баяғыдай бақытты сезінсек, бала туғанға дейінгі... сен мені баяғыдай сүйіп, ешқашан тастамас па едің?

И б е н : Ол да мүмкін... *(Кекесін жымып)* Бірақ сен Құдай емессің ғой!

Э б б и : *(Қуанып)* Ұмытпа! Уәденді бердің! *(Біртүрлі булығып)* Құдайдың қолынан келген бір сөт – менің де қолымнан келеді!

И б е н : *(Қадалып)* Есің дұрыс па?! *(Есікке бетпен)* Билеуге кеттім.

Э б б и : *(Соңынан айқайлап)* Мен саған дәлелдеймін! Сені сүйетіндігімді дәлелдемесем бе!..

### Үшінші көрініс

Таңғы елең-алаң. Түнемел. Алабұлдыр шырақ жарығында Кэбот ұйықтап жатыр. Эбби бесікке үңіліп, тың тыңдап тұр. Бет-жүзі әлем-тапырық, қасіреттің табы білінеді. Кенет еңіреп жылап жібереді де ұйқысырап жатқан Кэботтан сескеніп дауысын тия қояды. Үрейлі жүзбен есікке шегініп барып шығып кетеді.

Ас үйде жағын таянып дел-сал Ибен отыр. Қасында сак-вожж тұр. Эбби кіріп келіп Ибенді құшақтап сүйе бастайды. Ибен оған мән бермей еденге тұқырайып отыра береді.

Э б б и : *(Асығып)* Ибен, мен айтқанымды орындадым! Сертімде тұрдым! Осымен сені сүйетінімді дәлелдедім... енді маған күмәнданбайтын боласың!

И б е н : Енді оның түкке қажеті жоқ.

Э б б и : Жок, олай деме! Сүйші мені, Ибен! Сосын сүйемін деп айтшы! Мен сертімде тұрдым емес пе!

И б е н : *(Оны сезімсіз сүйген болып)* Ақырғы рет болсын. Қазір жүргелі отырмын.

Э б б и : Жо-жоқ! Енді сен ешқайда кетпейсің!

И б е н : Ойлана келіп, әкеме ештеңе айтпайын деп шештім. Мейлі, оның жазасын шешем-ақ бере жатар. Енді ол бар қаныпезерлігін кенжесіне төксін! Ал сәбиге мен еш жамандық тілемеймін. Ол ешбір кінәсі жоқ періште ғой. Оның үстіне өзі маған тартқан! Құдай куә, ол менің ұлым! Күндердің күнінде қайтып оралармын, сонда...

Э б б и : Енді қашқаннан еш пайда жоқ... бәрі баяғыдай... бізге ешкім кедергі болмайды... Мен бәрін тындырдым!..

И б е н : *(Аяқ астынан күдіктеніп, оған таңырқай қарайды)* Эбби, есің ауысқаннан сау ма? Сонда сен не істедің?..

Э б б и : Мен бе... Ибен, мен оны өлтірдім.

И б е н : *(Таңырқап)* Өлтірдім?..

Э б б и : Иә.

И б е н : *(Есін жиып)* Оған обал жоқ! Дегенмен, ойластыру керек, жұрт өз ажалынан өлді дейтін болсын, кешегі ішкенін барлығы көрген.

Э б б и : Жо-жоқ, ол емес! *(Ессіз күлкі)* Мұны істемеуге амалым қалмады. Дұрысы, соны өлтіруім керек еді. Маған күні бұрын неге айтпадың?

И б е н : *(Үрейленіп)* Сонда кім?

Э б б и : Ол емес дедім ғой.

И б е н : Япырау, сәбиді ме?

Э б б и : Соны.

И б е н : *(Жай соққандай бұқ түсіп)* О, Жаратқан ием! Әмірі күшті Құдірет! Анашым, сен неге мына бейбақты ұстап қалмадың?!

Э б б и : Ол біздің алғашқы түнімізде моласына қайтып кеткен жоқ па еді... есінде ме? Содан қайтып мен оны сезінгем жоқ... *(Ибен бетін басып қали-қали дірілдейді, Эбби жайбарақат сөйлеп тұр)* Мен оның бетіне жастықты тастай салғам. Әлден уақытта демі бітіп қалыпты. Өзінен өзі өле салды.

И б е н : Ол маған тартқан еді ғой. Ол менің ұлым еді ғой, сайтан алғыр!

Э б б и : Өлтіру ойымда жоқ еді. Жаным жақсы көретін. Сондай сүйкімді болатын. Өзіңнен аумайтын! Бірақ мен сені сүйетін едім ғой... Ал сен болсаң кетем дедің... Көз көрмес-

ке, қайтып сені құша алмасам, қайтып сені көре алмасам, қайтып маған келмесең... сен оны жек көрем дедің, сен оған өлім тіледің... сол болмағанда шырық бұзылмайтын еді дедің!

И б е н : *(Шыдамы таусылып, атып тұрады, бас салып буындыратындай қолы қалшылдап)* Өтірік! Мен өйтіп айтқан емеспін... тіпті ойлағаным да жоқ... Мен оны саусағыммен түрткенше өзімді өзім бауыздап тастамаймын ба!

Э б б и : *(Жалынғандай, шөкелеп отырып)* Ибен, сен маған ала көзіңмен қарама... жек көруші де болма... мен соны сен үшін істедім... біз үшін... өзіміз бақытты болайық деп...

И б е н : Жап аузыңды! Әйтпесе жерге қағып жіберем! Біліп отырмын — бұл сенің бірінші араңдатуың емес, қылмысыңды маған итере салмақсың ғой!

Э б б и : Мұның не Ибен? *(Аяғын құшып)* Бұл не қылғаның?!

И б е н : Аулақ менен, сұр жылан! Дәтің жетіп сәбиді, пәк періштені қалай өлтіріп жүрсің?! Сендей албастыдан қонған дүлей қаскөйлік бар... *(Ойланып барып)* Ха! Енді түсіндім. Сенің шылғи өтірігіңе сенбеймін. Сен мені тақыр тонайын дедің... байқұс бала маған тартқан, менің ұрығым еді. Сен оны сол үшін өлтірдің! *(Атып тұрып есікке жүгіреді де артына бұрылып)* Енді сені аямаймын! Шерифті шақырамын! Сосын Батысқа, алтын күреуге аттанамын! Сен түрмеде, жеті құлыштың астында шірісің! Сен қанішер, алаяқ болсаң да қимаймын, бірақ амал жоқ! *(Есіктен шыға жөнеледі)*

Э б б и : *(Орнынан зорға тұрып, есікті ашып артынан айқай салады)* Мен сені сүйемін, Ибен! *(Сенделіп аяғынан зорға тұр)* Не істесең де өзің біл, тек мені баяғыдай сүйем десең болды! *(Есі ауып құлап түседі)*

### Төртінші көрініс

Түнемел. Таң атып қалған. Кэбот ұйқыдан оянады. Киінеді.

К э б о т : Эбби, құдай ұрыпты! Тал түске дейін ұйықтап! Кешегі би мен ішудің кесірі-ау! Көрілік те баяғы. Ибен ендігі жұмыс басында шығар. Сен мені оята салғаныңда да болатын еді ғой. *(Бұрылып төсекке қарап, Эббидің жоқ екенін көрген соң)* Бұл қайда кеткен? Шамасы тамақ пісіріп жа-

тыр-ау. (*Бесіктің қасына келіп*) Қайырлы таң, ұлым! Түрін-ай десең! Құдды қуыршақ! Қатып ұйықтап жатыр. Әлдекімнің балалары түні бойы бақырады. (*Шығып кетеді*)

Ас бөлме. Эбби үстелге басын сүйеп сұлық отыр. Эбден өлсіреген, алқам-салқам. Еппен басып Кэбот кіреді.

Кэбот: Ә, сен осында ма едің! Бірдеме дайындадың ба?

Эбби: Жоқ!

Кэбот: (*Қасына таянып*) Шаршағансың ғой.

Эбби: Жоқ!

Кэбот: (*Арқасынан қағып*) Барып жата ғой. Әр-берден соң бала тыныштық бермейді. Қарыны да ашқан болар, қатып ұйықтап жатыр екен.

Эбби: (*Селк етіп*) Ол оянбайды.

Кэбот: Бүгін қарасам өзімнен айнымайды екен!

Эбби: Ол өліп қалған.

Кэбот: (*Қадалып*) Немене?..

Эбби: Мен оны өлтіріп тастадым.

Кэбот: (*Шошынып кейін шегінеді*) Есің дұрыс па... Әлде массың ба?..

Эбби: (*Басын жұлып алып*) Өлтіріп тастадым деп айттым ғой мен саған! Егер сенбесең барып көр!

Кэбот есі шығып, аталақтап шыға жөнеледі. Баспалдаққа көтерілген етігінің дүрсілі естіліп тұрады. Эбби үстелге басын сүйеп қайтадан сұлық түскен. Тағы да баспалдақ дүңкілдейді де танаурап Кэбот кіріп келеді.

Кэбот: Бұл не қылғаның, а?! (*Эбби үндемейді*) Бұл не қылғаның деймін, айтамысың, жоқ па?!.

Эбби: (*Итеріп жіберген Кэбот шатқаяқтап құлап қала жаздайды*) Жолама маған! Менен оны сұрауға да қақың жоқ! Ол сенің балаң емес! Сенен бала тапқанша асылып өлмеймін бе! Сені көрсем құсқым келеді! Басымда бармақтай ақылым болса, оны емес, сені өлтіретін едім ғой! Мен Ибенді сүйемін! Әу бастан-ақ! Ұлды да мен содан тапқам, сенен емес!

Кэбот: (*Есінен танғандай зорға тілге келіп*) Ә-ә, солай ма еді... Сезіп едім-ау... Мені жаныңа жатқызбай, құрсағым ауырлап қалды деп алдап едің!.. (*Біраз үнсіз тұрып*) Иә, өлгені рас секілді. Жүрегін тыңдап та көрдім. Сорлы бала...

(Кірпігіне шыланған жалғыз тамшыны саусағымен іліп тастайды)

Э б б и : Монтаны!

К э б о т : Маған тастай қату керек! (Аз үнсіздіктен соң) Бала Ибеннен болса — барсын! Өзім де сезіп едім-ау, қарағаннан қарап жалғыздық жанымды жеп, қорадағы хайуанға қаша беріп едім... (Эббиге қадалып) Сонымен, баладан бұрын мені өлтірмек едім де. Мен өлі жүзге дейін жасаймын! Сені дарға қалай асар екен, оны да қызықтаймын! Енді шерифке барайын. (Есікке беттейді)

Э б б и : Босқа өуре болма. Ибен соған кеткен.

К э б о т : Ибен бе?

Э б б и : Иә.

К э б о т : Сені көрсетуге?

Э б б и : Иә.

К э б о т : (Ойланып барып) Е-е, бір әбігерден құтқарғанына да рақмет. Ендеше жұмысыма кете берейін. (Есікке таяп барып) Ол бала менен болуы керек еді. Эбби, қайткенімен де мен еркекпін ғой. Сонда сені шерифке ұстап бермек тұрсын, тірідей отқа салсаң да тырп етіп, тіс жармас едім.

Кэбот қақпа алдында аспанға үңіліп тұр. Әп-сәтте ол қартайып, мыжарайып шөгіп кеткендей. Шаршап тұрып күбірлейді.

К э б о т : О, жаратқан, Қүдіреті күшті ием, дәл осындай жалғыздықты бастан кешіп көрмеген едім... (Аталақтап Ибен келеді, ентігіп, көзі шарасынан шығып кеткен). Шерифке айттың ба?

И б е н : Айттым.

К э б о т : (Кеудеден итеріп ұшырып түсіреді) Жарайсың! Шешеңе тартыпсың!.. Қатынды шериф алып кетісімен сен де көзіңді құрт, өйтпесе артынан келіп, мені де жауапқа тартып жүрер!

Кэбот кетеді. Ибен орнынан зорға тұрып үйге ұмтылады. Ас бөлмеге кірген бойда Эбби оған қуана қарсы жүгіріп құшақтай алады. Ибен солқылдап жылап, оның тізесін құшады.



И б е н : Кешір!

Э б б и : Мен сені сүйемін! (*Құшақтап, басын көкірегіне қысады*)

И б е н : Мен де сені сүйемін! Кешір!

Э б б и : Осыны айтқаның үшін де сенің тозақтағы азабыңды мен көтерем! (*Онан сайын көкірегіне қысып, құшырлана сүйе бастайды*)

И б е н : Бірақ мен шерифке айтып қойдым ғой. Ол қазір келеді.

Э б б и : Білемін.

И б е н : Айтарын айтсам да, сені ойладым, сені сүйетінімді сонда сезіндім. Содан қайта жүгірейін. Мүмкін екеуміз қашып үлгерерміз...

Э б б и : Жоқ, мен күнәм үшін жазамды тартуым керек.

И б е н : Ендеше мен де сенімен бөліп-жарамын!

Э б б и : Сенің жазығың қанша?!

И б е н : Сені қылмысқа итерген мен. Мен оған өлім тілеп едім. Бәріне мен кінәлімін!

Э б б и : Жоқ, мен өзім ғана!

И б е н : Мен сенің күнәңа ортақпын! Ол екеуміздің ұрқымыздан еді ғой! Мен де құдай алдында күнәкармын!.. Сен өліп, мен тірі қалсам, күні-түні сені ойлап азапқа түсем, жалғыздықтан жапа шегем. Түрмесі болса да, ажалы болса да, тозағы болса да сенімен біргемін!

Э б б и : Ибен! Мен сені азапқа қимаймын!

И б е н : Еш қарсылық жасай алмайсың. Бұл жолы мен жеңдім!

Э б б и : Жоқ! Ақыры менімен бірге болсаң, тағы да мен жеңдім. (*Тықыр естіледі*) Сол ғой. Не айтса да үндеме. Тек қорлығына көнбе!

Кэбот кіреді. Бірін-бірі құшақтап, жүрелеп отырған екеуін көреді де үнсіз тұрып қалады.

К э б о т : Екі қанышердің құшақтасуын қара! Екеуінді дарға бірге асар ма еді! Салақтап тұрып сасып таусылғандарыңды көрсем-ау! Кәсібі таусылған кәріге ермек, несібін тимаған жастарға сабақ болатын! (*Үнсіздік. Дені сау емес секілді*) Жұмысқа зауқым жоқ. Фермасы да адыра қалсын!

Малдың бәрін босатып, орманға айдап жібердім. Мейлі, еркін жайылысын. Өзім де бостандық алдым! Кетем басым ауған жаққа. Үйде де, қора-қопсыны да өртеймін, жерді Жаратқанның өзіне қайтарамын – тірі пенденің қолы тимес үшін! Өзім Симоен мен Питерге барам, қаншама ақымақ болса да Кэбот тұқымы ғой. Қалай деуші еді: “Ох, Калифорния! Жердің жаннаты!” Кеменің ең кереметіне мінемің! Ақша жетеді! Әттең, білмей қор болдың, әйтпесе ұрлап алатын едің! *(Төсенішті көтеріп, бежірейіп тұрып қалады. Сосын тақтай астын қолымен тінткілеп қарайды да сылқ етіп отыра кетеді. Көзінің нұры өшіп, құсқысы келген адамдай көгеріп-сазарып, ақыры өзін өзі зорлап күлген болады)* Дегенмен, ұрлап тынған екенсің.

И б е н : *(Жайбарақат)* Мен оны Симоен мен Питерге бергем, фермадан тиесілі еншісі үшін.

К э б о т : *(Өзіне өзі келіп, орнынан тұрады)* Оны сен емес, Құдай берген шығар. Мүмкін, Батыста алтын көп шығар, бірақ ол Құдайдың ырзығы емес. Сондықтан ол маған да жақпайды. Жаратқан маған фермадан кетпе деп бұйырып тұр. Жалғыздық бұрынғыдан бетер жан қинар. Оның үстіне көрлік те келді. Несі бар, Құдай да жалғыз. Құдай жалғыз – мен жалғыз!

Есік дүрсілдейді.

Ш е р и ф : Заң атымен, ашындар!

К э б о т : *(Селк етіп)* Келді. *(Есікті ашып)* Кіре ғой, Джим!

Үшеуі кіреді. Кэбот есік көзінде күтіп алады.

К э б о т : Олар мұнда отыр. Сескенбеңдер, қауіпсіз.

И б е н : Джим, мен ертеңгісін өтірік айтқанмын. Бұған көмектескен де мен. Мені қоса ала кет!

Э б б и : Жоқ, оған тимеңдер!

К э б о т : Екеуін де әкет. *(Алға шығып, Ибенге қадалып қарайды)* Жігіт екенсің! Күтпеп едім. Жә, барып малды жинап алайын. Қош болындар.

И б е н : Қош бол.

Э б б и : Қош.

Кэбот үлкен іс тындырғандай кердең басып шығып кетеді.

Ш е р и ф : Жә, енді асығалық.

Э б б и : Тұра тұрыңыз. *(Ибенге бұрылып)* Ибен, мен сені сүйемін!

И б е н : Эбби, мен де сені сүйемін!

Екеуі сүйіседі. Үшеуі мөз болып күліседі. Екеуі шерифке еріп, қол ұстасып тысқа шығады. Ибен аялдап аспанға көз тігеді.

И б е н : Күн шығып келеді. Ғажап қой, қарашы!

Э б б и : Ғажап!

Екеуі бір сөтке тапжылмай аспанға тесіліп тұрып қалған.

Ш е р и ф : *(Фермага қызыға көз тастап, көмекшісіне)* Расында, фермасы ғажап екен, айтар жоқ! Әттең, менікі болар ма еді!..

*Шымылдық*

**СЭМИЮЭЛЬ  
БЕЕКЕТ  
(1906-1989)**

*Ирландия драматургі,  
1969 жылдың Нобель  
сыйлығының лауреаты*

**ҚЫСҚАША  
МАҒЛУМАТ**

*Ирландияда, Дублин іргесіндегі шағын қала Фоксрокте туып өскен. Жас кезінен бастап театрға, әдебиетке әуестеніп, негізінен француз әдебиетінен нәр алған. Прозалық, драмалық шығармаларын қобіне француз тілінде жазған. Ой түйімі, дүниелік көзқарасына әсер еткен ХХ ғасырдың философиясы. Беекет творчествосының белді туындысы “Годоны күте-күте” пьесасы (1953) ағылшын тіліне аударылғаннан кейін драматургке әлемдік даңқ әперді. Годо — ағылшын тілінде Құдай деген сөзбен үндес, оның сахнаға шықпауы, кейіпкерлердің Годоның кім екенін білмеуі де тегін емес болса керек.*

## “ГОДОНЫ КҮТЕ-КҮТЕ...”

*Екі бөлімді трагикомедия*

**БАСТЫ КЕЙІПКЕРЛЕР:**

Эстрагон  
Владимир  
Поццо  
Лакки  
Бала

### БІРІНШІ БӨЛІМ

Қаражол. Жалғыз ағаш. Кешқұрым.

Эстрагон томар үстінде отырып шарқайын шеше алмай өлек. Ырсылдап екі қосымен тартқылап, ақыры сыпыра алмаған соң қолы салбырап, біраз демалады. Аяғын көтеріп қайтадан тартқылай бастайды. Осының үстіне Владимир келеді.

**Эстрагон:** Дым өнетін емес *(тағы да қолын салбыратып, шаршап-шалдығып қалады)*.

**Владимир:** *(Талтаңдап, жорға жүріспен қасына барады)* Мен де солай-ау деп ойлаймын. Өмір бойы түк өндіре алмай келемін, Владимир, ақылға кел, көретінің әлі алда деймін. Сосын тағы да тырбанам... *(Өткенін есіне алғандай ойланып тұрып қалады. Эстрагонға)* Сонымен, тағы да келдім деңі.

**Эстрагон:** Соған таңқалып тұрмысың?

**Владимир:** Келгенің жақсы болды. Мен мүлдем кетіп қалды ма деп едім.

**Эстрагон:** Мен де солай.

**Владимир:** Тағы да басымыз қосылды. Мұны қалай тойласақ екен? *(Ойланып)* Тұршы, өзінді бір құшақтайын!

**Эстрагон:** *(Қитығып)* Тұра тұр! Тұра тұршы!

В л а д и м и р : (*Өкпелеп, салқын*) Кешіріңіз, білуге болар ма екен, өулием қайда түнеп шықты екен?

Э с т р а г о н : Жырада.

В л а д и м и р : Жырада? Қай жерде?

Э с т р а г о н : Анау жерде.

В л а д и м и р : Ешкім ұрған жоқ па?

Э с т р а г о н : Әрине, ұрды.

В л а д и м и р : Сол баяғылар ма?

Э с т р а г о н : Білмедім.

В л а д и м и р : Ылғи да ойлайтыным... егер мен болмасам тырпың да қалмайтын еді... Сүйегің де табылмас еді.

Э с т р а г о н : (*Намыстанып*) Пау, шіркін-ай!

В л а д и м и р : (*Мұңданып*) Жалғыздың қолынан не келуші еді. (*Пауза*) Қазір қайғырғанмен не шара. Ертерек, дүние жарқын, жас шағында ойлану керек еді.

Э с т р а г о н : Босқа қырта бермей мына пәлені шешуге көмектесіп жіберші.

В л а д и м и р : Сонда біз, қол ұстасып жұрттан бұрын Эйфель мұнарасынан қарғып кетер едік-ау. Ол кезде өжептәуір тектілердің бірі едік. Енді кеш. Қазір бізді мұнараның маңына да жолатпайды. (*Аяғынан шарқайын шешпек боп өуреленген Эстрагонға*) Не істеп отырсың?

Э с т р а г о н : Көрмей тұрмысың, шарқайымды шеше алмай отырған жоқпын ба?

В л а д и м и р : Шарқайды күн сайын шешіп тұру керек. Мен саған қашанғы айтам. Сөз қонбайтын аспақұлақсың!

Э с т р а г о н : (*Жалбарынып*) Көмектесіп жіберші!

В л а д и м и р : Не, жаның шығып бара ма?

Э с т р а г о н : Ұялмай сұрайды тағы да!

В л а д и м и р : (*Ашуланып*) Жалғанда жаны төтті жалғыз сен бе? Мені неге ойламайсың? Әттең, менің орнымда болсаң ғой, сонда сайрар едің!

Э с т р а г о н : Сенің қай жерің қинапты?

В л а д и м и р : Қай жерің? Қай жерімді сұрайсың?! (*Еңкейіп*) Пәле қашанда ұсақ-түйектен.

Э с т р а г о н : Саған не айтсам екен, бүкіл істі соңғы сәтке сиырып жүргенің.

В л а д и м и р : *(Қиялданып)* Соңғы сөтке? *(Ойланып)* Жақсылық болады, бірақ оның ауылы алыс, осыны кім айтып еді?

Э с т р а г о н : Сонымен маған көмектеспейсің бе?

В л а д и м и р : Кейде маған қазір жетіп келетіндей көрінеді. Сол кезде бойынды бір рахат сезім билейді. *(Қалпағын шешіп, ішіне үңіліп қарайды, қолымен тінтіп, қағып-қағып қайта киіп алады)* Қалай десем екен... Бойың жеңілдеп, онымен қоса көңілді қорқыныш басады. *(Тағы да қалпағын шешіп, ішіне үңіліп қарайды)* Ғажап! *(Бір нәрсені сілкілегендей қалпағын төбесінен ұрғылап, тағы да ішіне үңіліп, киіп алады)* Енді еш қайран жоқ.

Эстрагон зорға дегенде шарқайын шешіп, үңіліп ішіне қарайды, қолын тығып бірдеме іздегендей болады, содан соң теріс төңкеріп сілкілейді, әлдене түсті ме дегендей тінткілеп жерге қарайды, ақыры ешнәрсе таппай бежірейіп отырып қалады.

В л а д и м и р : Иә, не болды?

Э с т р а г о н : Ештеме де.

В л а д и м и р : Көне, көрелікші.

Э с т р а г о н : Көретін де дөнеңе жоқ.

В л а д и м и р : Қайтадан киіп көрші.

Э с т р а г о н : *(Аяғына тесіліп)* Аздап жел қақсын.

В л а д и м и р : Пенде дегенің осы: аяғы кінәлі бола тұрып шарқайын сөгеді. *(Тағы да қалпағын шешіп, ішін көзімен тінткілеп, қолымен сипалап, үрлеп, сосын қағып-қағып киіп алады)* Мен осыдан қорқайын дедім.

Үнсіздік. Владимир ой үстінде. Эстрагон башпайларын жыбырлатып, аяғын кептірген болып сілкіп-сілкіп қояды.

В л а д и м и р : Қарақшылардың бірі құтылды. *(Пауза)* Жалпы, жаман пайыз емес. *(Пауза)* Гого!

Э с т р а г о н : Немене?

В л а д и м и р : Құдайға жалбарынып, кешірім өтінсек қайтеді?

Э с т р а г о н : Не үшін? Жарық дүниеге келгеніміз үшін бе?

Владимир қарқылдап күледі де сол сөтте аузы-басы қисайып, ішін басып отырып қалады.

В л а д и м и р : Тіпті күле алмай да ит болдым-ау.

Эстрагон: Бұл да қорлық қой.

Владимир: Тек ырбандау керек. *(Езуі құлағына жетіп ырсыяды, бірнеше секундтан соң тағы да солбырайып сала береді)* Күлкі мен ырбаң екі басқа дүние. Амал жоқ. *(Пауза)* Гого!

Эстрагон: *(Ренжіп)* Иә, не айтасың?

Владимир: Сен қасиетті жазуды оқыдың ба?

Эстрагон: Қасиетті... *(Ойланып)* Бір кезде қараған сияқты едім.

Владимир: Мектепте ме, құдайсыз ба?

Эстрагон: Есімде жоқ.

Владимир: Ал Евангелие есінде ме?

Эстрагон: Менің есімде Қасиетті жердің картасы ғана қалыпты. Түрлі-түсті, керемет әдемі. Өлі теңіз көкпеңбек. Қарап отырып сіміріп-сіміріп алғың келеді. Сонда айтушы едім: неке айын осында өткіземін деп. Бақыт құшағында жүземіз деп.

Владимир: Ақын болатын жөнің бар екен!

Эстрагон: Ақыннан қай жерім кем. *(Алба-жұлбасын көрсетіп)* Мінеки, көр! *(Үнсіздік)*

Владимир: Не айтып отыр едім?.. Аяғың қалай?

Эстрагон: Көз алдымда күмпііп барады.

Владимир: Айтпақшы, әлгі екі қарақшы жөнінде. Есінде ме?

Эстрагон: Жоқ.

Владимир: Айтып берейін бе?

Эстрагон: Қажеті жоқ.

Владимир: Уақыт өлсін. *(Пауза)* Екі ұрыны құтқарушымен қатар керіпті.

Эстрагон: Кіммен?

Владимир: Құтқарушымен. Екі қарақшыны. Бірін құтқарыпты, ал екіншісін... *(Ойланып барып)* Қарғыс атыпты.

Эстрагон: Неден құтқарыпты?

Владимир: Тозақтан.

Эстрагон: Мен кетейін. *(Қозғалмайды)*

Владимир: Әнеки... *(Пауза)* Қит етсе болды, не... мен мазанды алдым ба?

Эстрагон: Мен құлақ асып та отырғаным жоқ.

---



**В л а д и м и р :** Сонда қалай болғаны өзі, төрт бірдей евангелистің біреуі ғана айтыпты. Төртеуі де сол кезде бірге болған жоқ па. Бір қарақшының аман қалғанын солардың біреуі ғана айтқан. *(Пауза)* Гого, естимісің, тым құрыса бірдеме десеңші.

**Э с т р а г о н :** Тыңдап отырмын.

**В л а д и м и р :** Төрттің біреуі ғана. Ал қалған үшеуінің екеуі жұмған аузын ашпаған, үшіншісі — екеуі жиылып оны балағаттапты депті.

**Э с т р а г о н :** Кімді?

**В л а д и м и р :** Құтқарушыны.

**Э с т р а г о н :** Неге?

**В л а д и м и р :** Себебі оларды құтқармай қойыпты.

**Э с т р а г о н :** Тозақтан ба?

**В л а д и м и р :** Жоқ-ө, өлімнен.

**Э с т р а г о н :** Сен маған тозақтан деген сияқты едің ғой.

**В л а д и м и р :** Өлімнен дегем! Өлімнен!

**Э с т р а г о н :** Иә, сосын?

**В л а д и м и р :** Онда екеуі де тозақтың отына түспек.

**Э с т р а г о н :** Түссе түсе берсін.

**В л а д и м и р :** Бірақ, бір апостолдың айтуынша екінші қарақшы құтылған дейді.

**Э с т р а г о н :** Онда тұрған не бар? Әркім өз жорамалын айтқан.

**В л а д и м и р :** Бірақ төртеуі де бірге болған жоқ па. Солардың біреуіне неге сенеміз?

**Э с т р а г о н :** Оған кім сеніпті?

**В л а д и м и р :** Бәрі де. Бәрі де осыны айтады.

**Э с т р а г о н :** Адам да ақымақ хайуанның бірі — нағыз маймыл емес пе!

Эстрагон орнынан өрең тұрып, ақсаңдап сахна төріне қарай жүреді, күн салып алысқа қараған болады. Владимир оны көзімен бағып тұрады да барып шарқайын көтереді, ішіне үңіліп, жиіркеніп тастап жібереді.

**В л а д и м и р :** Тфу! *(Түкірінеді)*

Эстрагон сахна ортасына келіп залға теріс қарап тұрады.

**Э с т р а г о н :** Ғажап жер! Тамаша табиғат! *(Владимирге бұрылып)* Кетсек қайтеді осы!

---

В л а д и м и р : Кете алмаспыз.

Э с т р а г о н : Неге?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз.

Э с т р а г о н : Солай екен-ау. (Пауза) Дәл осы жер ме?

В л а д и м и р : Немене?

Э с т р а г о н : Күтетін жеріміз.

В л а д и м и р : Осы ағаштың маңында. Бұл маңда басқа ағаш жоқ па?

Э с т р а г о н : Бұл не ағаш болды екен?

В л а д и м и р : Қайдан білейін. Сәмбі тал секілді ғой.

Э с т р а г о н : Жапырағы неге жоқ?

В л а д и м и р : Курап қалған да.

Э с т р а г о н : Жылап болған ғой.

В л а д и м и р : Мүмкін жапырақ жаяр мезгіл емес шығар.

Э с т р а г о н : Меніңше осы бұта ғой деймін.

В л а д и м и р : Бұта?

Э с т р а г о н : Иә, бұта.

В л а д и м и р : Сонда не айтқың кеп түр? Біз басқа жерде тұрмыз ба?

Э с т р а г о н : Ендігі келсе керек еді.

В л а д и м и р : Соның келем дегені бекер болар.

Э с т р а г о н : Егер келмесе ше?

В л а д и м и р : Онда ертең де күтеміз.

Э с т р а г о н : Бүрсікүні де.

В л а д и м и р : Әрине.

Э с т р а г о н : Онан арғы күні де.

В л а д и м и р : Сонда қалай?..

Э с т р а г о н : Қашан келгенше.

В л а д и м и р : Сен қатыгез екенсің.

Э с т р а г о н : Біз кеше де келген жоқпыз ба?

В л а д и м и р : Жоқ-ө, қателесіп тұрсың.

Э с т р а г о н : Осы кеше біз не істедік?

В л а д и м и р : Кеше ме?

Э с т р а г о н : Иә.

В л а д и м и р : Жә, қойшы... (Ренжіп) Сенімен байланысқан адам басының қайда қалғанын білмейді!

Э с т р а г о н : Ұмытпасам, кеше де осында келген сияқтымыз.

---

В л а д и м и р : *(Жан-жагына қаран)* Сен бұл жерді танысың ба?

Э с т р а г о н : Танимын деп қашан айттым.

В л а д и м и р : Сонда қалай?

Э с т р а г о н : Бүлінген ештеңе жоқ.

В л а д и м и р : Дегенмен... мына ағаш... *(Залға бұрылып)*

Мына жер ұйық қой.

Э с т р а г о н : Бүгінгі кеш дегеніне сенесің бе?

В л а д и м и р : Не?

Э с т р а г о н : Бізге күт дегені.

В л а д и м и р : Ол сенбі деген. *(Пауза)* Деген сияқты.

Э с т р а г о н : Сияқты де.

В л а д и м и р : Мүмкін мен жазып та алған шығармын. *(Қоқыр-соқыр толған қалтасын ақтарады)*

Э с т р а г о н : *(Кекетін)* Сонда қай сенбі? Бүгін сенбі ме еді? Жексенбі шығар? *(Пауза)* Әлде дүйсенбі ме? *(Пауза)* Мүмкін жұма болар?

В л а д и м и р : *(Құдды күннің аты бір жерде жазылып тұрғандай жан-жагына қадала қаран)* Төзім таусылды!

Э с т р а г о н : Әлде бейсенбі ме екен?

В л а д и м и р : Енді не істейміз?

Э с т р а г о н : Егер ол кеше келіп, бізді таба алмай кетсе, бүгін келмейтін де шығар.

В л а д и м и р : Сен кеше осында болдық деген жоқпысың.

Э с т р а г о н : Мүмкін мен қателескен шығармын. *(Пауза)* Жә, біраз аузынды жаба түршы.

В л а д и м и р : *(Көңісіз гана)* Жарайды.

Эстрагон томарға отырады. Владимир тықыршып арлы-берлі жүріп, ара-тұра тоқтап алысқа көз тастайды. Эстрагон ұйықтап кетеді. Владимир оның қасына келіп тоқтайды.

В л а д и м и р : Гого! Гого! Гого!

Э с т р а г о н : *(Шошып оянып)* Мен ұйықтап кеткенмін бе? *(Кейісті)* Сен-ақ ұйқы бермейтін болдың-ау!

В л а д и м и р : Жалғызсырап қалғаным.

Э с т р а г о н : Түс көріп жатыр едім.

В л а д и м и р : Айтпай-ақ қой.

Э с т р а г о н : Түсімде... -

В л а д и м и р : Айтпа дедім ғой!

Эстрагон: (Бүкіл дүниені құшағына алғандай шалқып) Мына жалған саған аз ба?! (Пауза) Қанағат керек, Диди! Түстегі құпиямды саған айтпағанда кімге айтам?!

Владимир: Мейлі, құпия болып қала берсін. Сен білесің ғой, ондайды мен көтере алмаймын.

Эстрагон: (Кейін) Кейде, осы біз ажырасып неге кетпейміз деп ойға қаламын.

Владимир: Сен алысқа ұзамас едің.

Эстрагон: Ең өкініштісі де осы ғой. Рас па, Диди, өкініші өзектен кетпес еді. (Пауза) Әсіресе, жолдың рақаты мен жолаушының рақымы есіңе түскенде. Рас па, Диди?

Владимир: Сабыр ет.

Эстрагон: (Еліріп) Сабыр... Сабыр... (Қиялданып) Ағылшындар қашанда сабыр деседі. Олар ыңғи да сабыр сақтайды. (Пауза) Сен жәлепханаға барған ағылшын туралы анекдотты білесің бе?

Владимир: Білем.

Эстрагон: Айтшы.

Владимир: Жайыңа отыр!

Эстрагон: Қызып алған бір ағылшын жәлепханаға барса керек. Жеңгетай қатын оған: саған аққұбасы керек пе, қараторысы керек пе, қан жирені керек пе деп сұрапты. Ар жағын өзің айт.

Владимир: Ары кетші!

Владимир асығыс кетіп қалады. Эстрагон орнынан тұрып ізімен қуып барады да артынан қарап тұрады. Владимир қайтып келіп Эстрагонның қасынан өте шығады. Басы тұқырайып сахнада арлы-берлі жүреді. Эстрагон артынан бір аттап барып тоқтап қалады.

Эстрагон: (Биязы) Сен маған бірдеңе айтқың келіп пе еді? (Владимир жауап қатпайды) Сен бірдеме айтпақ па едің? (Бір адым аттап) Диди!

Владимир: (Бұрылмастан) Мен саған не айтушы едім.

Эстрагон: (Тағы бір аттап) Өкпелеп қалдың ба? (Үнсіздік. Тағы бір аттап) Кешір мені. (Үнсіздік. Тағы бір аттап иығына қолын салады) Болды енді, Диди. (Үнсіз) Қолыңды берші! (Владимир қарсы бұрылады) Мені сүйші.

Владимир жібиді. Екеуі сүйіседі. Эстрагон кейін шегінеді.

Эстрагон: Түу, аузың сарымсақ сасиды ғой!

Үнсіздік. Эстрагон қадалып ағашқа қарайды.

Эстрагон: Осы біз асылып өлсек қайтеді?

Владимир Эстрагонға бірдеңе деп сыбырлайды. Эстрагон өрекіп сала береді.

Владимир: Бұл енді белгілі нәрсе ғой. Сосын оның түскен жеріне дән көктеп шығады. Сондықтан да оны үзген кезде жанұшырып шыңғырады. Сен соны да білмеуші ме едің?

Эстрагон: Көне, осы қазір-ақ асыла салайық.

Владимир: Қу бұтаққа ма? *(Ағаштың қасына барып қарайды)* Көтермей ме деп қорқамын.

Эстрагон: Асылып көрсеңші.

Владимир: Алдымен сен баста.

Эстрагон: Мен сенен кейін.

Владимир: Жоқ, сен баста.

Эстрагон: Неге мен бастауым керек?

Владимир: Сен менен жеңілсің ғой.

Эстрагон: Сонсоң да мен екінші болам.

Владимир: Түсінбедім.

Эстрагон: Түсінуге тырыс, ойлан.

Владимир ойланған болады.

Владимир: Тіпті түсінбедім.

Эстрагон: Қазір түсіндіріп көрейін... *(Ойланып)* Анау қу бұтақ... Енді, мыйға салып көрсеңші!

Владимир: Мен саған сеніп тұрмын ғой.

Эстрагон: *(Түсіндірген болып)* Гого жеңіл – бұтақ сынбайды. Гого өлді. Диди – ауыр, бұтақ сынады. Диди жалғыз қалады.

Владимир: Мен соны ойламаппын ғой.

Эстрагон: Көп іс тындырған азды шопақ құрлы көрмейді.

Владимир: Мен сенен соншалықты семізбін бе?

Эстрагон: Қайдан білейін, өзің айттың ғой.

Владимир: Енді не істедік?

Эстрагон: Түк істемесең жанға тыныш.

Владимир: Тосалық, ол не айтар екен.

Эстрагон: Кім?

В л а д и м и р : Годо.

Э с т р а г о н : Дұрыс айттың.

В л а д и м и р : Күтелік, жағдайымызды байқап көрелік.

Э с т р а г о н : Бір есептен темірді қызған кезінде соққан да жақсы.

В л а д и м и р : Бір қызығы, бізге ол не айтар екен. Міндеті жоқ, бізге бөрібір емес пе.

Э с т р а г о н : Біз содан не сұрап едік?

В л а д и м и р : Сен сонда болған жоқ па едің?

Э с т р а г о н : Соған құлақ салмаппын ғой.

В л а д и м и р : Анықтап ештеңе айтқан жоқ.

Э с т р а г о н : Әншейін алып-қашты әңгіме десеңші!

В л а д и м и р : Соның өзі.

Э с т р а г о н : Жәнсіз сұрау ғой.

В л а д и м и р : Солай.

Э с т р а г о н : Ол не деді?

В л а д и м и р : Көермін деді.

Э с т р а г о н : Ешқандай уәде берген жоқ па?

В л а д и м и р : Ойланайын деген сияқты.

Э с т р а г о н : Миының тозбай тұрған кезінде?

В л а д и м и р : Үй-ішімен ақылдаспақ.

Э с т р а г о н : Дос-жарандармен.

В л а д и м и р : Өкілдермен.

Э с т р а г о н : Тілшілермен.

В л а д и м и р : Кіріс кітабымен.

Э с т р а г о н : Күнделікті есеп-қисаппен.

В л а д и м и р : Бір шешімге келмес бұрын.

Э с т р а г о н : Әрине, заңды нәрсе.

В л а д и м и р : Дұрыс емес пе?

Э с т р а г о н : Маған солай секілді.

В л а д и м и р : Маған да.

Э с т р а г о н : (*Elegizin*) Ал біз ше?

В л а д и м и р : Не дедің?

Э с т р а г о н : Біз ше деймін.

В л а д и м и р : Түсінсем бұйырмасын.

Э с т р а г о н : Біз осыған кім ретінде кірмекпіз?

В л а д и м и р : Біз бе?

Э с т р а г о н : Асықпа, ойлан.

В л а д и м и р : Біз тізерлеп, еңбектеп.

Эстрагон : Бұл күйге де жеттік пе?

Владимир : Құзырыңызға құлдық, сіздің де қояр талабыңыз бар ма?

Эстрагон : Бізде ондай құқық жоқ па еді?

Владимир күледі де аяқ астынан кілт тиылып, езуі құлағына жеткенше ырсыяды.

Владимир : Сен ғой мені күлдірмексің, егер тиым болмағанда қарқылдап бір беретін едім.

Эстрагон : Біз құқығымызды жоғалтып алған жандармыз.

Владимир : Албаты шашып құрттық.

Үнсіздік. Бастарын кейкитіп, тізелерін бүгіп, қолдары салбырап қақшиысып қалған.

Эстрагон : Бізді байлап тастаған ба? *(Пауза)* А?..

Владимир : *(Қолын көтере беріп)* Естимісің?..

Тырс етпей тыңдасып қалған.

Эстрагон : Дым естігенім жоқ.

Владимир : Тссс!

Тым-тырс. Эстрагон теңселіп құлап қала жаздайды. Владимирдің қолынан ұстағанда ол да теңселіп кетіп, екеуі бір-біріне сүйеніп, бір-біріне телмірісіп тың тыңдайды.

Владимир : Түк естігем жоқ.

Үнілеп дем алып, салдырап, дел-сал күйде ажырасып кетеді.

Эстрагон : Жаман қорқыттың ғой.

Владимир : Мен сол екен десем.

Эстрагон : Кім?

Владимир : Годо.

Эстрагон : Туу! Қамыстың сылдыры ғой.

Владимир : Мен айқайды анық естідім.

Эстрагон : Ол неменеге айқайлайды?

Владимир : Атына айқайлаған шығар.

Үнсіздік.

Эстрагон : Кетсек қайтеді.

Владимир : Қайда? *(Пауза)* Мүмкін бүгін сонда қонармыз: Жылы үй, құрғақ төсек, тамақ тоқ. Күте тұралық. Солай ма?

Эстрагон : Түнімен бе?

Владимир : Әлі ерте ғой

Үнсіздік.

Эстрагон : Қарным ашты.

Владимир : Сәбіз жейсің бе?

Эстрагон : Одан басқа дым жоқ па?

Владимир : Менде бір-екі шалқам бар-ау деймін.

Эстрагон : Әкел сәбізінді.

Владимир : Қалтасын тінтіп отырып шалқам алып шығады да Эстрагонға береді.

Эстрагон : *(Қарш еткізіп)* Мынауың шалқам ғой!

Владимир : Солай ма? Кешір. Мен сәбіз екен десем. *(Тағы да қалтасына түседі, тағы да шалқам)* Өңшең шалқам. *(Қалтасын тінтіп отырып)* Сен соңғысын жеп қойғаның ғой... Тұра тұр, таптым. *(Ақыры сәбізді тауып Эстрагонға береді)* Мінеки, қымбаттым. *(Эстрагон жеңіне сүртіп жей бастайды)* Шалқамды бері әкел. *(Эстрагон шалқамды қайтарып береді)* Бәрін жеп қойма, бұл ақырғысы.

Эстрагон : *(Жалмаңдап)* Мен сенен бір нәрсе сұрап едім ғой

Владимир : Не?

Эстрагон : Сен жауап қатып па едің?

Владимир : Тәтті ме екен?

Эстрагон : Өте дәмді.

Владимир : Не сұрап едің?

Эстрагон : Ұмыттым. *(Жалмаңдап)* Нағып ұмыта қалдым?! *(Сәбізге сүйсіне қарап, алақанында аунатып)* Керемет сәбіз! *(Жұтынып)* Е, тұра тұр, есіме түсті. *(Сәбізден тағы бір тістеп)*

Владимир : Иә, не сұрап едің?

Эстрагон : *(Аузы сәбізге тола)* Біз осы матаулы емеспіз бе?

Владимир : Түк түсінгем жоқ.

Эстрагон : *(Аузындағысын жұтып)* Біз матаулы емеспіз бе деймін!

Владимир : Матаулы?

Эстрагон : Ма-тау-лы.

Владимир : Маталғаны несі?

Эстрагон : Аяқ-қолымыздан?

Владимир : Кіммен? Байлаған кім?

Эстрагон : Сенің өлгі шалыңмен.



В л а д и м и р : Годомен бе? Бұл қай сандырағың?! Оған кім байлапты?! Әзірге боспыз.

Э с т р а г о н : Оның аты Годо ма?

В л а д и м и р : Солай-ау деймін.

Э с т р а г о н : Жетіскен екен! (*Сөбізді сабағынан көтерін*)  
Қызық-ау, жеген сайын дәмі қаша береді екен.

В л а д и м и р : Маған керісінше.

Э с т р а г о н : Онысы қалай?

В л а д и м и р : Жеген сайын дәмі кіреді.

Э с т р а г о н : (*Біраз ойланып*) Жеп отыратын тіске сыздық болса де.

В л а д и м и р : Ол қалай жеуге байланысты.

Э с т р а г о н : Адамның характеріне байланысты.

В л а д и м и р : Характерді өзгерте алмайсың.

Э с т р а г о н : Қаншама мөңкісең де.

В л а д и м и р : Таз қалпыңда қаласың.

Э с т р а г о н : Қаншама тыраштанғанмен.

В л а д и м и р : Оған амал жоқ. (*Сөбіздің қалдығын Владимирге ұсынып*) Қалғанын қажағың келе ме?

Жуық маңнан шыңғырған дауыс естіледі. Эстрагон сөбізін түсіріп алады. Екеуі сеспей қатып тұрып қалады да кенет тысқа ұмтылады. Эстрагон орта жолда тоқтап, қайтып оралады да жерде жатқан сөбіз қалдығын көтеріп Владимирге жүгіреді, тағы да тоқтап, тағы да қайтып оралып, шарқайын алып Владимирге тағы жүгіреді. Екеуі бірі-біріне жабысып, үрейлі жүзбен тығылысып тұрады.

Поццо мен Лакки шығады. Поццо Лаккиді айдап келеді. Лаккидің мойнында арқан, демек алдымен Лакки көрінеді де ол сахна ортасына жеткенде ғана Поццо шығады. Поццоның қолында бишік, Лаккиде ауыр чемодан, жималы орындық, тамақ, ол-пұлы салған корзина, білегінде польто.

П о ц ц о : Бас аяғыңды! (*Дауыс сырттан естіледі*)

Бишіктің сартылы. Поццо келеді. Екеуі сахнаны кесіп өтеді. Ұзын арқанды сүйреткен Лакки Владимир мен Эстрагонның қасынан өтіп, кулиске кіріп кетеді де Поццо Владимир мен Эстрагонды көріп тоқтайды. Арқан керіліп сіресе қалады. Поццо оны сілкіп тартады.

П о ц ц о : Шегін!

Сырттан Лаккидің күрс етіп құлағаны естіледі. Владимир мен Эстрагон оған болыспақ болып ыңғай танытады да жасқанып тоқтайды. Владимир соған қарай қадам аттағанда Эстрагон жеңінен тартып тоқтатады.

В л а д и м и р : Жіберсеңші!

Э с т р а г о н : Пәлесінен аулақ!

П о ц ц о : Сақтаныңыздар! Ол қабаған. Әсіресе бөтенге өші!

Эстрагон мен Владимир Поццоға қарайды.

Э с т р а г о н : Сол ма?

В л а д и м и р : Кімді айтасың?

Э с т р а г о н : *(Атын есіне түсіргісі келіп)* Әлгі ше?

В л а д и м и р : Годо ма?

Э с т р а г о н : Иә.

П о ц ц о : Танысып қоюға рұқсат па? Поццо.

В л а д и м и р : Ол емес.

Э с т р а г о н : Годо деген жоқ па.

В л а д и м и р : Ол емес дедім ғой!

Э с т р а г о н : *(Жасқаншақтап)* Месье, сіз месье Годо емессіз бе?

П о ц ц о : *(Гүж етіп)* Мен Поццомын! *(Үнсіздік)* Бұл есімді естігендеріңіз бар ма? *(Тым-тырс)* Тағы сұраймын, бұл есім сіздерге таныс па?

Владимир мен Эстрагон сұраулы жүзбен бір-біріне қарасады...

Э с т р а г о н : *(Есіне түсірген болып)* Боццо... Боццо...

В л а д и м и р : *(Ол да ойланып)* Поццо...

П о ц ц о : Ппоццо!

Э с т р а г о н : Ах, Поццо... иә, иә... Поццо...

В л а д и м и р : Поццо ма, Боццо ма?

Э с т р а г о н : Поццо... жоқ, естіген емеспін...

В л а д и м и р : *(Жағымпазданып)* Бір кезде мен Гоццоның отбасымен таныс едім. Шешесінің меңі бар болатын.

Поццо қаһарын тігіп екеуіне жақындайды.

Э с т р а г о н : Месье, біз бұл жердікі емеспіз.

П о ц ц о : Қайткенменде адам тектес мақұлық емессіндер ме! *(Көзілдірігін киіп)* Менің көзімнің жеткені *(көзілдірігін шешіп)* менің пошымыма ұқсайсыңдар. *(Қарқылдап күледі)* Әйтеуір менің, Поццоның сортынансыңдар. Жынысыңнан да, құдайдың жаратқанынан да!

В л а д и м и р : Енді былай...

П о ц ц о : *(Зекін)* Годо деген кім?

Э с т р а г о н : Годо?

П о ц ц о : Мені Годомен шатастырған жоқсындар ма?

В л а д и м и р : О, жоқ, месье, жоқ, құдай сақтасын!

П о ц ц о : Ол кім?

В л а д и м и р : Ол ма, ол өншейін бір таныс еді...

Э с т р а г о н : Қайдағы таныс! Біз оны көрген де емеспіз.

В л а д и м и р : Иә, рас, онша таныстығымыз жоқ, дегенмен...

Э с т р а г о н : Мен соны қазір көрсем де танымас едім.

П о ц ц о : Мені сол екен деп қалдыңдар ғой?

Э с т р а г о н : *(Поццодан шегініп)* Енді оның да себебі бар ғой... кешқұрым... күте-күте қажу... шаршау деген сияқты... шынымды айтсам, өуелде сол ма деп...

П о ц ц о : Тегі соны күтіп отырған екенсіңдер ғой?

В л а д и м и р : Енді былай, нетті...

П о ц ц о : Мына менің жерімде?

В л а д и м и р : Біздің ешқандай жаман ойымыз болған жоқ.

Э с т р а г о н : Ниетіміз ақ!

П о ц ц о : Жолаушыға қашанда жол ашық.

В л а д и м и р : Біз де солай деп түсіндік.

П о ц ц о : Бұл ұятсыздық, бірақ амал жоқ.

Э с т р а г о н : Иә, бұған амал жоқ.

П о ц ц о : *(Жомартсынған кейіп танытып)* Ол туралы сөзді енді қоялық. *(Арқанды сілкіп)* Түр! *(Пауза)* Құласа болды, қор ете қалады! *(Арқанды сілкіп)* Түр деймін, малғұн! *(Лаккидің тұрып, заттарын жинастырып жатқаны естіледі. Поццо тағы да арқанды жұлқиды)* Шегін! *(Көткеншектеп шегінген Лаккидің бөксесі көрінеді)* Тоқта! *(Лакки тоқтайды)* Бері бұрыл! *(Лакки бұрылады. Поццо Владимир мен Эстрагонға)* Достарым менің, сендерге жолыққаныма разымын. Иә, иә, дән разымын! *(Арқанды жұлқып)* Жақында! *(Лакки жақындайды)* Тоқта! *(Владимир мен Эстрагонға)* Иә... жалғыз адамға жол ұзарып кетеді. Қаншама уақыт... *(Сағатына қарап)* алты сағат бойы... Иә, түп-тура алты сағат бойы тірі жан кезіктірсем ше! *(Лаккиге)* Пальто!..

Лакки чемоданды жерге қойып, пальтосын береді де кейін шегініп чемоданды көтереді.

П о ц ц о : Мынаны да ал!

Поццо оған бишікті ұсынады. Лакки келіп, екі қолы бос болмаған соң бишікті аузына тістейді де кейін шегінеді. Поццо пальтосын кие бастап Лаккиге қарайды.

П о ц ц о : Пальто!

Лакки заттарын жерге қойып, пальтосын кигізіп; кейін шегінеді де заттарын қолына алады.

П о ц ц о : Ауада ызғар бар. *(Пальтосын қаусырынып, үсті-басын қарап)* Бишік! *(Лакки келіп еңкейіп тұра қалады. Поццо оның аузындағы бишікті жұлып алады. Лакки шегініп кетеді)* Көрдіндер ғой достарым, мен өзім секілділерсіз күнім жоқ. *(Көзілдірігін киіп, екеуіне тесіліп қарайды. Көзілдірігін шешіп, Лаккиге)* Орындық!

Лакки чемодан мен корзинаны жерге қойып, жималы орындықты әкеліп қояды да кейін шегініп барып чемодан мен корзинаны көтеріп алады. Поццо орындыққа тесіліп қарайды.

П о ц ц о : Жақындат!

Лакки тағы да чемодан мен корзинаны жерге қойып, орындықты әкеліп жазады да кейін шегініп чемодан мен корзинаны қайта көтереді. Поццо орындыққа отырып бишікпен Лаккиді көкірегінен итереді.

П о ц ц о : Шегін! *(Лакки шегінеді)* Тағы да! *(Лакки тағы шегінеді)* Болды! *(Лакки шегініп барып тоқтайды. Владимир мен Эстрагонға)* Ілгері аттанбай тұрып мен сіздермен біраз бірге боламын. *(Лаккиге)* Корзина! *(Лакки корзинаны әкеліп қойып орнына барады)* Таза ауада тамақ жақсы жүреді. *(Корзинаны ашып, тауықтың бір сирағын, бір үзім нан мен бір бөтелке шарап алады. Лаккиге)* Корзина! *(Лакки корзинаны алып орнына барады)* Ары таман! *(Лакки шегінеді)* Жетер! *(Лакки сіресіп тұра қалады)* Бұл неменің демі де сасық! *(Шарапты қылқылдатып жұтып)* Сендердің денсаулықтарың үшін! *(Бөтелкені жерге қойып жеуге кіріседі).*

Үнсіздік. Эстрагон мен Владимир Лаккиді шыр айналып, бас-аяғына үңіліп қарасады. Поццо тауықтың етін құныға жеп, лақтырмас бұрын сүйегіне дейін сорып тастап отыр. Лакки бірте-бірте шөгіп, чемодан мен корзина жерге

тиер-тиместен селк етіп бойын тез жинап ала қояды да қайтадан тізесі майысып шөге бастайды, түрегеп тұрып ұйықтаған адам сияқты.

Эстрагон : Бұған не болған?

Владимир : Шаршаған шығар.

Эстрагон : Жүгін жерге неге қоймайды?

Владимир : Мен қайдан білейін! *(Қасына жақындап)*

Көрдің бе? *(Саусағын шошайтып)* Мойынын.

Эстрагон : *(Мойнына үңіліп)* Түк көрсем бұйырмасын!

Владимир : Менің орныма тұрып қарашы.

Эстрагон Владимирдің орнына келіп тұрады.

Эстрагон : Рас-ау.

Владимир : Қанталап кетіпті.

Эстрагон : Арқан ғой.

Владимир : Қажап тастапты.

Эстрагон : Қажамай қойсын ба!

Владимир : Дәл түйіншектің тұсы.

Эстрагон : Бар гөп сонда ғой.

Владимир : Өзі керіксіз емес сияқты.

Эстрагон : *(Бет-аузын тыржитып)* Күмөнім бар.

Владимир : Тек азып кеткен.

Эстрагон : Сілекейін көрдің бе?

Владимир : Қиналған ғой.

Эстрагон : Езуі көбік.

Владимир : Мүмкін нақұрыс шығар?

Эстрагон : Әлде есуас па?

Владимир : *(Үңіліп)* Алқымы ісіп кеткен.

Эстрагон : *(Ол да үңіліп)* Испеген сияқты ғой.

Владимир : Тынысы тарылып барады.

Эстрагон : Әрине, тарылады.

Владимир : Көзін көрдің бе?

Эстрагон : Көзінде тұрған не бар?

Владимир : Ұясынан шығып барады!

Эстрагон : Жантәсілім ететін сияқты.

Владимир : Өле қоймайтын шығар... Өзінен сұрасаңшы.

Эстрагон : Қажеті қанша.

Владимир : Нең кетеді.

Эстрагон : (Ақырын) Месье...

Владимир : Қаттырақ.

Эстрагон : (Дауысын шығарып) Мусье!

Поццо : Мазаламандар оны.

Екеуі бірдей бұрылып Поццоға қарайды. Поццо тауығын жеп болып, аузын алақанының сыртымен сүртіп жатқан.

Поццо : Көз шырымын алып тұрғанын көрмейсіңдер ме. Корзинаны өкел!

Сіріңке жағып трубкасын тұтатпақ болады. Лакки жерде жатқан сүйекті көріп сілекейін жұтады, бірақ қаққан қазықтай орнынан тапжылмайды.

Поццо : Корзинаны өкел, шошқа!

Лакки селк етіп құлап қала жаздайды. Емпендеп Поццоға жетіп барып, бөтелкені корзинаға салады да көтеріп орнына қайта барып тұрады. Поццо екінші дүркін сіріңке жағып трубкасын тұтатады, құшырлана сорып, түтінін будқататып, аяғын созып жібереді.

Поццо : Мінеки, рахат деген осы.

Эстрагон : (Жасқанып) Месье.

Поццо : О не, қымбаттым?

Эстрагон : М... м... сізге енді... сізге... мына сүйек енді сізге керек жоқ па? Месье...

Владимир : (Ыза болып) Төзімің жетпеді ме?

Поццо : Онда тұрған не бар, сұрай берсін. Маған енді оның қажеті жоқ. (Эстрагон сүйекке қарай бір аттап қояды) Дегенмен... (Эстрагон кілт тоқтайды) Дегенмен, сүйектің иесі жүкші ғой. Демек, содан сұрау керек. (Эстрагон Лаккиге бұрылып қипақтап тұрады) Сұра, қорықпа, сұрай ғой.

Эстрагон : (Лаккиге жақындап барып) Месье... кешіріңіз... месье...

Лакки жауап қатпайды. Поццо бишігін сарт еткізеді. Лакки басын көтеріп алады.

Поццо : Шошқа, сенімен адамша сөйлесіп тұр ғой, жауап бер! (Эстрагонға) Тағы да сұраңыз.

Эстрагон : Месье, кешіріңіз, мына сүйек сізге керек пе?

Лакки Эстрагонға сүзіліп ұзақ қарайды.

Поццо : (Сүйсініп) Месье!

Лакки басын шұлғып қалады.

П о ц ц о : Жауап бер, мына сүйек саған керек пе, жоқ па? (Лакки үндемейді. Эстрагонға) Ала беріңіз, бәрі сіздікі. (Эстрагон сүйекті бас салып мүжиге бастайды) Дегенмен күдікті. Сүйектен қашып тұрғанын көргенім осы. (Лаккидің бас-аяғына күдікпен қарап) Сорыма қарай осы ауырып қал-маса жарар еді.

В л а д и м и р : (Ашуланып) Мынау масқара ғой!

Тым-тырс үнсіздік. Эстрагон сеспей қатып, малжандау-ын кілт доғарады да Поццо мен Владимирге кезек-кезек қарайды. Поццо жайбарақат, Владимир қызарақтай бастай-ды.

П о ц ц о : (Владимирге) Сіз бірдеме айтқыңыз келді ме?

В л а д и м и р : (Ыза буып, тұттығын) Бұл адамды... қорлау ғой... (Лаккиді нұсқап) Мен айтсам... бұл барып тұрған иттік... бұл масқара!..

Э с т р а г о н : (Жарысып) Иә, сұмдық! (Сүйекті қайта мүжиге бастайды)

П о ц ц о : (Владимирге) Сіз намысшыл екенсіз. (Қадалып) киліккеніме кешірім өтінем, жасыңыз нешеде? (Үнсіздік) Алпыс па? Жетпіс пе? (Эстрагонға) Қанша жас берер едіңіз?

Э с т р а г о н : Өзінен сұраңыз.

П о ц ц о : (Трубкасын бишіктің сабына ұрып төгіп) Мен кетейін. Табақтас болғандарыңызға рақмет. (Ойланып) Әлде тағы бір трубка тартсам ба екен. Бұған сіз не айтасыз? (Бәрі үнсіз) О, мен нашар найшымын, қатарынан екі трубкаға шамам жоқ, (жүрегін басып) жүрегім тарсылдап кетеді. (Пауза) Қаншама сақ болғанмен никотин улайды. (Күрсініп) Бірақ амал жоқ. (Орнынан тұрады) Сіздер шылым шекпейтін шығарсыздар? Солай ма? Иә, онда тұрған ештеңе жоқ. (Үнсіздік) Тұрып қойған соң енді қалай отырсам екен? Мені біреулер нашарлап қалды деп ойламас үшін. (Владимирге) Кешіріңіз, сіз бірдеме дедіңіз бе? (Үнсіздік) Жә, оған да мән бермелік. (Ойланып) Көре жатармыз...

Э с т р а г о н : Әу баста өсту керек еді ғой. (Сүйектерді қалтасына тыға бастайды)

В л а д и м и р : Кеттік!

Э с т р а г о н : Қазір ме?

П о ц ц о : Бір минутқа. (Арқанды сілкіп) Орындық! (Бишіктің сабымен нұсқап)

*Лакки орындықты ыңғайлап қояды.*

**П о ц ц о :** Тағы да! Жетер! *(Орындыққа қайта отырады. Лакки шегіншектеп орнына қайта барады да чемодан мен корзинаны көтереді)* Міне, енді рахат болды! *(Трубкасын толтыра бастайды)*

**В л а д и м и р :** Кеттік!

**П о ц ц о :** Мен сіздерді қуып отырғам жоқ. Тағы біраз аялдаңыздар, оған әкінбейсіздер.

**Э с т р а г о н :** *(Бір нәрсе дәметін)* Біз асығыс емеспіз.

**П о ц ц о :** *(Трубкасын сорып)* Екіншінің дәмі онша емес, *(трубкасын аузынан алып)* біріншідей қайдан болсын. Дегенмен, өйтеуір жұбаныш.

**В л а д и м и р :** Мен кетемін.

**П о ц ц о :** Бұл мені жақтырмай қалды. Әрине, мен жомарт емеспін, бірақ сол үшін де өкпелеуге бола ма? Жақсылап ойланыңдар, қателік боп жүрмесін. Мейлі, қазір кетерсіңдер, бірақ күн әлі ерте, тіпті қызыл іңір емес пе. *(Үшеуі бірдей аспанға қарайды)* Жарайды, сонда не болмақ? *(Трубкасын езуінен алып қарайды)* Өшіп қапты. *(Трубкасын тұтатып, түтінін бұрқ еткізіп)* Сонда не болды? *(Түтін жіберіп)* Сонда әлгі Годе, Годо, Годен бе еді, кездесуді ұмыттыңдар ма? Кімді айтып отырғанымды түсінген шығарсыңдар... сендердің болашақтарың соның қолында емес пе... *(Үнсіздік)* Жоқ дегенде күні ертеңгі...

**Э с т р а г о н :** Дұрыс айтады.

**В л а д и м и р :** Сіз оны қайдан білдіңіз?

**П о ц ц о :** Мінеки, маған тіл қата бастады. Енді біраздан соң дос болып кетерміз.

**Э с т р а г о н :** Мынау жүгін неге тастамайды?

**П о ц ц о :** Мен де осымен танысуға құмармын. Жүртпен неғұрлым жиі аралассам, өзімді бақыттымын деп санаймын. Барып тұрған бейшарадан да бір нәрсе табасың, нәр аласың, өзіңнің пысың мен бағанды білесің. Мәселен, мына сіздер *(екеуіне кезек-кезек қадала қарайды)* кім біледі, сіздерден де бір мысқал бірдеме жұққан шығар.

**Э с т р а г о н :** Мынау жүгін неге жерге қоймайды?

**П о ц ц о :** Онда мен таңқалған болар едім.

**В л а д и м и р :** Сізден жауап күтіп тұрмыз ғой.

---



П о ц ц о : *(Қуанғандай)* Жауап күтіп? Кімнен? Ол не сұрақ? *(Үнсіздік)* Осыдан бір минут бұрын “месье” деп қалтырап-дірілдеп едіңдер. Енді сұрау қоя бастадыңдар. Мұның аяғы жақсылықпен бітпейтін шығар.

В л а д и м и р : Мынау сені тыңдай бастаған секілді.

Э с т р а г о н : *(Лаккиді шыр айналып)* Немене?

В л а д и м и р : Сұрауыңды қайтала. Сенен сескенеңін деді.

Э с т р а г о н : Нені сұрамақпын?

В л а д и м и р : Жүгін неге жерге тастамайды?

Э с т р а г о н : Бұл сұрауды өзіме баяғыда қойғанмын.

В л а д и м и р : Жоқ, сен анадан сұра.

П о ц ц о : *(Екеуінің сөзін күдіктене тыңдап)* Бұл жүгін неге тастамайды дедіңдер ме?

В л а д и м и р : Дәл солай.

П о ц ц о : *(Эстрагонға)* Солай екені рас па?

Э с т р а г о н : *(Лаккиді айналып жүріп)* Мынау итбалықша қорсылдайды ғой.

П о ц ц о : Мен сендерге қазір айтайын. *(Эстрагонға)* Сен тынышталшы, өтінем, тіпті жүйкемді жүдетіп барасың.

В л а д и м и р : Бері кел.

Э с т р а г о н : Не боп қалды?

В л а д и м и р : Анау сөйлейін деп тұр.

Екеуі бір-біріне сүйеніп қалт тұрып қалған.

П о ц ц о : Тамаша. Барлығы да осында ма? Барлығының назары менде ме? *(Лаккиге көз тастап, арқанды тартып қалады. Лакки басын көтереді)* Маған қара, шошқа! *(Лакки соған қарайды)* Тамаша! *(Трубкасын қалтасына салып, кішкентай пульверизатор алып шығады да тамағын шайып қайтадан қалтасына тығады, қақырынып-түкірінеді, тағы да пульверизатормен тамағын шайып, қайтадан қалтасына салады)* Мен дайынмын. Бәрің тыңдап тұрсыңдар ма? *(Лаккиге бұрылып, арқанды сілкиді)* Жақын кел! *(Лакки жақын-дайды)* Болды! *(Лакки қалт тоқтайды)* Бәрің дайынсыңдар ма? *(Үшеуін де көзімен шолып шығып)* Мен далаға сөйлейтін адаммын. Иә, сонымен *(ойланады)*.

Э с т р а г о н : Мен кетем.

П о ц ц о : Сонымен, не сұрап едіңдер?

В л а д и м и р : Бұл неге...

П о ц ц о : *(Қаһарланып)* Сөзімді бөлме! *(Пауза)* Егер бөріміз бірдей жамырай жөнелсек, түк өнбейді. *(Пауза)* Мен осы не деп едім? *(Пауза)* Не деп едім деп тұрмын ғой?

Владимир ауыр жүк көтеріп келе жатқан адамның кейпін қимылымен көрсеткен болады. Поццо оны түсінбейді.

Э с т р а г о н : *(Күшеніп)* Жүк! *(Лаккиге саусағын шошайтып)* Неге? Үнемі көтереді? *(Тізесін бүгіп шаршаған, әлі біткен адамның кейпін көрсетіп)* Ылғи көтеріп тұрады? *(Үн деп орнынан тұрады)* Неге?

П о ц ц о : Иә, түсіндім. Мұны ертерек ескертуім керек еді. Жүгін неге тастамайды? Жеңіл жүруге мұның да қақысы бар. Демек, жүксіз жүргісі келмейді. Бар ғөп осында. Мұның да себебін айтып берейін, мырзалар.

В л а д и м и р : Тындаңыздар.

П о ц ц о : Қуып жібермесін деп маған жағымпазданған түрі.

Э с т р а г о н : Не?

П о ц ц о : Әлде мен дұрыстап жеткізе алмадым ба? Мен мұны қуып жібермесін деп жарамсақтанғаны.

В л а д и м и р : Сіз бұдан құтылғыңыз келіп жүр ме?

Э с т р а г о н : Тегі ондай ойыңыз жоқ қой?

П о ц ц о : Бірақ бұл жүкші емес, нағыз шошқа! Жүк көтеру мұның қолы емес.

В л а д и м и р : Сіз бұдан құтылғыңыз келіп жүр ме?

П о ц ц о : Мен мұның шаршамайтын елпек екенін көрсем қумайды деп ойлайды. Бар есебі осы. Бұдан басқа да қара жұмысшым толып жатыр. *(Үшеуі де Лаккиге қарайды)* Атлас Юпитердің ұлы. *(Үнсіздік)* Мінеки, сұрақтарыңызға жауап бердім-ау деймін... Тағы не сұрайсыздар? *(Пульверизаторын шұқылай бастайды).*

В л а д и м и р : Сіз бұдан құтылғыңыз келе ме?

П о ц ц о : Ойлаңызшы, егер мен мұның орнында, ол менің орнымда болса ше? Тағдыр солай жазса деймін де. Әркімнің өз орны бар.

В л а д и м и р : Сіз бұдан құтылғыңыз келе ме?

П о ц ц о : Түп-тура солай! Бірақ, қуып жіберудің орнына мен мұны, иә, айтпағым, құйрықтан бір теуіп қуып шығудың орнына мен мұны өулие Спастың жөрменкесіне апара жатырмын, кім біледі, қалтама ептеп тиын-тебен түсіп

қалар. Ал шындығын айтсам, бұлар қусаң кетпейтін малғұндар. Ең жақсысы, жаһаннамға аттандырып, көзін жою. (*Лакки жылайды*).

Э с т р а г о н : Мынау жылап тұр ғой.

П о ц ц о : Кәрі төбеттің де бұлардан қасиеті артық. (*Эстрагонға бет орамалын ұсынып*) Жаныңыз ашиды екен, жұбата қойыңыз. (*Эстрагон қипақтайды*) Жетімсіремесін десеңіз көзін сүрттіңіз. (*Эстрагон батпайды*).

В л а д и м и р : Әкелші, мен сүрте салайын.

Эстрагон орамалды бергісі келмейді. Екеуі екі шетінен жұлқылап, әрі тарт, бері тартпен тұрады.

П о ц ц о : Тездегіңдер, өйтпесе ол қазір жыламай қояды.

Эстрагон Лаккидің қасына келіп көзін сүртпек болып қолын көтере бергенде, Лакки оны тізеден теуіп жібереді. Орамал ұшып түседі, Эстрагон ойбайын салып, ақсаңдап сахнаны кезіп кетеді.

П о ц ц о : Орамал!

Лакки чемодан мен корзинаны жерге қойып, орамалды көтеріп Поццоға береді де, бұрынғы орнына шегініп барады да чемодан мен корзинаны көтеріп алады.

Э с т р а г о н : Шошқа! Хайуан! (*Балағын көтеріп*) Аяғымды сындырды-ау!

П о ц ц о : Мен айттым ғой, бұл бөтенді жақтырмайды деп.

В л а д и м и р : (*Эстрагонға*) Көрсетші.

Эстрагон оған аяғын көрсетеді.

В л а д и м и р : (*Поццоға*) Қанатып тастапты.

П о ц ц о : Жақсылықтың белгісі.

Э с т р а г о н : (*Аяғын сілкілеп*) Енді жүре алмайтын шығармын.

В л а д и м и р : (*Жанашырлықпен*) Мен көтеріп жүрем... (*Пауза*) Қажет болған жағдайда.

П о ц ц о : Мынау жылағанын қойыпты. (*Эстрагонға*) Мұның орнын сіз бастыңыз. (*Ойланып*) Адамның көз жасы таусылған ба. Біреу жылағанын тоқтатса, екінші біреу еңірей бастайды. Күлкі де солай. (*Күледі*) Заманды жамандаудың қажеті жоқ, бұған дейінгілері де мұнан артық болған емес. (*Үнсіздік*) Жақсы деп те айта алмаймыз. (*Үнсіздік*) Жаман деп те айта алмаймыз. (*Үнсіздік*) Тек адамдар қарақұртша көбейіп барады.

В л а д и м и р : Көне, жүріп көрші.

Эстрагон ақсаңдай басып Лаккиге барады да бетіне түкіреді, сосын өуелбастағы өзінің томарына барып отырады.

П о ц ц о : Мынау әдемі заттарға мені өуес қылған кім екенін білесіздер ме? *(Пауза. Лаккиді саусағымен нұсқап)* Осы!

В л а д и м и р : *(Аспанға телміріп)* Қашан түн болар екен?

П о ц ц о : Егер осы болмағанда, кесібімнен озбай, күресін маңында күн кешер едім... Сұлулық, өсемдік, судан бетер мөлдірлік, осының бәрі мен үшін қол жетпес қиял екенін сездім. Сонсоң да мына өлексені қолыма алдым.

В л а д и м и р : Өлексе?

П о ц ц о : Бұл осыдан алпыс жыл бұрын еді. *(Сағатына қарап)* Иә, алпыс жыл бұрын. *(Шіреніп)* Мені көрі деп кім айтады? Мынаның қасында мен бозбала емеспін бе! *(Үнсіздік. Лаккиге)* Қалпағыңды!

Лакки корзинаны жерге қойып қалпағын шешеді: ұйысқан бозбұйра қалың шаш бетін жабады. Лакки қалпағын қолтығына қысып, корзинаны қолына алады.

П о ц ц о : Енді бері қараңдар. *(Поццо қалпағын шешеді. Басында қылтанақ жоқ жып-жылтыр. Қалпағын киіп алады)* Көрдiңдер ғой?

В л а д и м и р : Өлексе деген немене?

П о ц ц о : Сендер қай ғасырдан қалған, қай заманның адамысыңдар? Баяғыда жұрт сайқымазақтарды ұстаушы еді. Бүгінде шамасы келгендер өлексе ұстайтын болды.

В л а д и м и р : Енді ғой қуып жіберейін деп отырсыз. Қартайған сорлыны!

Э с т р а г о н : Сасық неме!

В л а д и м и р : Керегін сорып, кекірігің азғанда майы таусылған бүйендей лақтырып тастамақсың ғой. Бұл деген...

П о ц ц о : *(Ыңырсып басын ұстайды)* Бұдан артыққа шамам жоқ... Шыдай алатын емеспін... Бұл мені құртатын болды... Сұмдық қой... Мұның кетуі керек. *(Қолын ербеңдетіп)* Мен жынданатын шығармын... *(Үнсіздік. Бәрі Поццоға қарайды. Лакки қалшылдап тұр).*

---

В л а д и м и р : Құритын болды.

Э с т р а г о н : Сұмдық қой.

В л а д и м и р : Жынданатын болды.

Э с т р а г о н : Жан түршігерлік.

В л а д и м и р : *(Лаккиге)* Мұныңыз қалай? Ұят емес пе!  
Қандай жақсы адам! Осыншама қинап! Қаншама жыл өткенде!  
Осыншама қорлап!

П о ц ц о : *(Еңірен)* Бұрын ғажап жан еді... Көмегі де болды... Көңілімді де көтерді... Мені қолдап, қорғап жүретін періштем еді... Ал енді... енді өлтіретін болды...

Э с т р а г о н : *(Владимирге)* Мұны біреумен айырбастамақ па?

В л а д и м и р : Не?

Э с т р а г о н : Түсінбей тұрмын, мұның орнына басқа біреуді алмақ па?

В л а д и м и р : Өйтпейтін болар.

Э с т р а г о н : Өзінен сұралықшы.

П о ц ц о : *(Жұбанып)* Мырзалар, маған не болғанын білмеймін. Кешірім өтінем. Бөрін ұмытыңыздар. Мен не айтып, не қойғанымды да білмеймін, демек әлгінің бөрі өтірік! *(Бойын тіктеп, кеудесін қағып)* Мен сондай әлдекімге өзімді қорлататын адаммын ба? Шын айтам! *(Қалтасын ақтарып)* Трубкамды қайда қойдым?

В л а д и м и р : Тамаша кеш.

Э с т р а г о н : Естен кетпес.

В л а д и м и р : Әзірге біткен жоқ.

Э с т р а г о н : Бітпейтін шығар.

В л а д и м и р : Енді ғана басталды.

Э с т р а г о н : Сұмдық-ай десеңші.

В л а д и м и р : Бір қызыққа кенелдік.

Э с т р а г о н : Цирк қой.

В л а д и м и р : Мюзик-холл де.

Э с т р а г о н : Цирк.

П о ц ц о : Трубкамды қайда тығып жібердім?

Э с т р а г о н : Ой, албасты, қорқорын жоғалтып алып-ты! *(Қарқылдап күледі)*

В л а д и м и р : *(Сыртқа беттеп)* Мен қазір келем.

Э с т р а г о н : Анау түйықта, сол жақта.

В л а д и м и р : Байқа, менің орнымды біреу алып қоймасын. *(Кетеді)*

Поццо: Мен шүмегімді жоғалтып алдым.

Эстрагон: (*Қарқылдап күліп*) Ой, ішегім үзілетін болды-ау!

Поццо: (*Басын көтеріп*) Көзіңізге түскен жоқ па?.. (*Владимирдің жоқ екеніне ренжіп*) Ах, кетіп қалған ба! Менімен қоштаспай! Бұл қай әдепсіздігі? Күте тұрса қайтетін еді?

Эстрагон: Дамбалын былғап алса ше?

Поццо: А, онда жән екен...

Эстрагон: Берігірек келіңіз.

Поццо: Неге?

Эстрагон: Көріңіз.

Поццо: Сол үшін орнымнан тұруым керек пе?

Эстрагон: Тезірек, тезірек келіңіз!

Поццо тұрып Эстрагонға жақындайды.

Эстрагон: Көрдiңіз бе?

Поццо: Охо!

Эстрагон: Бітіріп те қойды.

Владимир келеді. Қатулы. Лаккиді жолдан итеріп, орындықты лақтырып жібереді де арлы-берлі жүре бастайды.

Поццо: Бұл неге ренжіді?

Эстрагон: (*Владимирге*) Сен бар қызықтан құр қалдың. Өкінішті-ақ.

Владимир сабасына түсіп, орындықты көтеріп қояды да жүрісін баяулатады.

Поццо: Сабасына түсейін деді. (*Сахнаны шолып*) Дүние тыныштана бастады. Дүниені тыныштық басып келеді. (*Қолын көтеріп*) Пан да ұйқыға басты.

Владимир: (*Жүрісін тоқтатып*) Бұл ымырт қашан түсер екен?

Поццо: Ол табиғи нәрсе ғой... қайда қашар дейсің... Сіздердің орындарыңызда мен болсам... Әлгі кім еді... Годен... Годе... Годо ма еді, кетпес бұрын әбден қасқарайғанша күткен болар едім. (*Орындыққа көз тастап*) Отырғым кеп тұрғаны, соны қалай істесем екен?

Эстрагон: Мүмкін мен көмектесіп жіберермін?

Поццо: Ол да мүмкін, егер жақсылап өтінсеңіз.

Эстрагон: Немене?

Поццо: Егер қиылып өтінсеңіз.

Э с т р а г о н : Міндетті түрде ме?

П о ц ц о : Солай болғаны да.

Э с т р а г о н : Мейлі. Отырыңыз, месье, өтінем.

П о ц ц о : Жо-жоқ, әуре болмаңыз. *(Пауза)* Тағы да бір жалыныңыз.

Э с т р а г о н : Бұныңыз не, неге қақшиып тұрсыз, салқын ұрып қалуы мүмкін ғой.

П о ц ц о : Сіз солай деп ойлайсыз ба?

Э с т р а г о н : Әрине.

П о ц ц о : Мұныңыз да дұрыс шығар. *(Отырады)* Рақмет, қымбаттым. Мінеки, біз отырдық. *(Сағатына қарап)* Маған да кететін мезгіл болды, дер уақытында үлгеруім керек қой.

В л а д и м и р : Уақыт тоқтап қалған сияқты.

П о ц ц о : *(Сағатын құлағына тосып)* Бұған сенбеңіз, месье, сене көрмеңіз. *(Сағатын қалтасына тығып)*.

Э с т р а г о н : *(Поццоға)* Бүгін бұған дүние тас қараңғы боп көрініп тұр.

П о ц ц о : Көк аспаннан басқасы. *(Мөз боп күледі)* Тек төзім керек. Сіздердің бөтен екендеріңізді енді білдім, біздің ымырт сіздерге бейтаныс... Айтсам ба екен?..

Үнсіздік. Эстрагон мен Владимир өз шаруаларымен өлек: бірі шарқайын, бірі қалпағын тінткілейді. Лакки қалпағын түсіріп алған, бірақ оны байқамайды.

П о ц ц о : Мен сіздерге ермек тауып берсем деп едім. *(Пulверизаторын алып үстіне шашады)* Сәл назар аударуларыңызды өтінем.

Эстрагон мен Владимир өздерінше өлек. Лакки қалғып тұр. Поццо бишігін сартылдатады, бірақ дыбыс шықпайды.

П о ц ц о : Мына құрғырға не болған? *(Орнынан тұрып қатты серпіп қалады)*

Лакки селк етіп, Эстрагонның шарқайы, Владимирдің қалпағы ұшып түседі. Поццо бишігін лақтырып жібереді.

П о ц ц о : Бұл бишік енді ештемеге жарамайды. *(Үшеуіне кезек қарап)* Мен не деп тұр едім?

В л а д и м и р : Кеттік.

Э с т р а г о н : Сіз нағып тұрсыз, салқын тиіп қалма-сын.

П о ц ц о : Ол да жөн екен. *(Отырады. Эстрагонға)* Сіздің атыңыз кім?

Э с т р а г о н : Катулл.

П о ц ц о : (*Естімей*) А, иә... түн. (*Басын көтеріп*) Сәл-пәл сергек болыңыздар, әйтпесе біз дым да бітірмейміз. (*Аспанға үңіліп*) Қараңыздар. (*Лаккиден басқасы аспанға қарайды. Ұйқтап тұрған Лаккиді көріп арқанды жұлқып қалады*) Шошқа, аспанға неге қарамайсың?! (*Лакки басын көтереді*) Жарапты. Жетер. (*Бәрі де бастарын сұлық түсіреді*) Осында таңқалатын не бар? Аспанды айтамын. Баяғы сол сұр аспан. (*Пауза*) Бос кеңістік. (*Пауза*) Ауа райын ашықта, (*лирикалық үнмен*) бір сағат бұрын (*сағатына қарап*), сағат оннан бастап ақ шағырмақ және қызғылтым нұрын шашты, сосын сұрқай тартып өңі қуарды, ақыры ажары құрып бітті. Тас боп қатты. Бірақ, (*аспанға тесіледі, Лаккиден басқасы да соны істейді*) осы тыныштықтың артында түн келе жатыр, түнеріп бізге төніп келеді... (*Саусағын сарт еткізіп*) Келді-бітті! (*Еліргенін қойып*) Күтпеген сәтте! Жалап жердің күндегі тіршілігі осы! (*Ұзақ үнсіздік*).

Э с т р а г о н : Осыны біле тұрып...

В л а д и м и р : Төзімінді тауыспа.

Э с т р а г о н : Не тосып тұрғаныңды білесің бе?

В л а д и м и р : Сабыр ете тұр.

Э с т р а г о н : Тек күте біл.

В л а д и м и р : Оған үйрендік қой. (*Қалпағын жерден көтеріп, қағып-сілкіп басына киіп алады*).

П о ц ц о : Иә, қалай екен? Ұнады ма? (*Эстрагон мен Владимир түсінбей бежірейіп қарасады*) Жақсы ма? Жаман ба? Әлде түкке тұрмай ма?

В л а д и м и р : (*Енді түсініп*) О, керемет! Керемет ұнады!

П о ц ц о : (*Эстрагонға*) Месье, сізге ше?

Э с т р а г о н : (*Акцент жасап*) О! Өте яқши, өте яқши!

П о ц ц о : (*Мақтанымш сезіммен*) Рақмет, мырзалар! (*Пауза*) Мен көмекке зар адаммын. (*Ойланып*) Аяқ жағын әлсіретіп алдым білем. Байқадыңыздар ма?

В л а д и м и р : Иә, сәл-пәл.

Э с т р а г о н : Мен өдейі жасады ма деп едім.

П о ц ц о : Әңгіме сонда ғой, мен өзі ұмытшақ адаммын. Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Әзірге ештеңе бола қойған жоқ.



Поццо : *(Ренжіп)* Зеріктіңіз бе?

Эстрагон : Ептеп.

Поццо : *(Владимирге)* Ал сіз ше, месье?

Владимир : Бұдан да көңілді сөттер болушы еді.

Үнсіздік. Поццо қинала бастағандай.

Поццо : Мырзалар, сіздер маған үлкен ілтифат көрсеттіңіздер.

Эстрагон : О не дегеніңіз!

Владимир : Оқасы жоқ!

Поццо : Иә, иә, әдептен асқан жоқсыздар. Сонсоң да ойланып отырмын, қайырымды жандарды жабырқатпай, қолымнан келгенінше не жақсылық жасасам екен деп...

Эстрагон : Бізге қазір жиырма франк те зор байлық қой.

Владимир : Біз қайыршы емеспіз.

Поццо : Сіздерді зеріктірмес үшін не істесем екен? Сүйек-саяқты қидым, жоқты-барды өңгіме еттім, ымырт жайында да сыр шерттім. Бұл онсыз да белгілі жайт. Тіпті бұлдануға тұрмайды. Бірақ, бұл жеткілікті ме? Мені қинайтыны да осы.

Эстрагон : Тіпті жүз су болса да.

Владимир : *(Эстрагонға ренжіп)* Жетер!

Поццо : Жеткілікті ме? Әрине! Бірақ мен жомарт жанмын. *(Орнынан тұрмай еңкейіп бишігін алады)* Менің мінезім осындай. Дәп бүгін. Өзімнің сорыма қарай. *(Арқанды жұлқып. Лакки оған қарайды)* Әрине, қиналармын, оған шөк келтірмеңіздер. Сонымен не қалайсыздар? Мынау билесін бе, ән салсын ба, әлде өлең оқысын ба, болмаса ойлансын ба?

Эстрагон : Оныңыз кім?

Поццо : Кім дейді?! Сіздер ойлана білесіздер ме, екеуіңіз?

Владимир : Мынауыңыз ойланып тұрма?

Поццо : Әрине. Кезінде бұл керемет ойшыл еді, мен сағат бойы тыңдауға бар едім. Қазір ғой... *(Тітіркеніп)* Амал қанша, қиналатын мен ғой. Сонымен, мұның ойланғаны дұрыс па?

Эстрагон : Маған мұның билегені дұрыс еді, қайткенмен көңіл көтереді емес пе.

Поццо : Қажеті қанша.

Эстрагон : Биі дұрыс қой, рас па Диди?

Владимир : Мен мұның ойланғанын тыңдағым кеп тұр.

Эстрагон : Мүмкін, алдымен билеп берер, сосын ойлана берсін. Әлде артық боп кете ме?

Владимир : *(Поццоға)* Солай етсе қайтеді?

Поццо : Әрине, содан оңайы жоқ. Әуелден тәртіп солай. *(Езу тартын)*.

Владимир : Онда билей берсін.

Поццо : *(Лаккиге)* Естіп тұрмысың?

Эстрагон : Бұл қарсылық дегенді білмейтін шығар?

Поццо : Оны қазір көресіздер. *(Лаккиге)* Биле, сұмырай!

Лакки жүгін жерге түсіріп ілгері шығады, Поццоға бұрылып билеген болады да кілт тоқтайды.

Эстрагон : Бары осы ма?

Поццо : Тағы да!

Лакки әлгісін қайталап шығады.

Эстрагон : Бүйтіп мен де тыртындай салам. *(Лаккиді қайталайды)*.

Владимир : Шаршаған ғой.

Поццо : Бұл бір кезде фарандоланы, альме, кадриль, жигу, фанданго, тіпті экосезді де билей беретін. Қуанғаннан аша қарғитын. Ал қазір бар билетіні осы.

Эстрагон : Өлер алдындағы текенің тұяқ серпуі.

Владимир : Көк түйнек.

Поццо : Тенета. Бұл тенетаны шатастырдым деп ойлайды.

Владимир : Расында солай сияқты.

Лакки жүзіне қарай беттейді.

Поццо : Тыррр!

Эстрагон : Шіркінде қарсылық деген болсашы.

Поццо : Қазір мен түсіндірейін. *(Қалтасын тінткілей бастайды)* Сәл аялдаңыз. Япырмау, алмұртымды қайда қойдым? *(Тінткілеп)* Қайда құрып кетті екен?! *(Жылаңқы дауыспен)* Мен пульверизаторымды жоғалттым...

Эстрагон : *(Ыңырсып)* Менің сол жақ өкпең өлімсіреп тұр. *(Тықылдатып жәтеледі)* Бірақ оң жақ өкпең көріктей желпиді.

Поццо : Оңбады десей. Жә, бірдемесі болар. Осы мен не дедім? (*Ойланып*) Тұра тұршы. (*Ойланып*) Бұ не болды? (*Басын көтеріп*) Көмектессендерші.

Эстрагон : Қазір, қазір есіме түсті...

Владимир : Менің де.

Поццо : Тұра тұрыңыздар.

Үшеуі де қалпақтарын шешіп, мандайларын алақандарымен басып ойланған болады. Ұзақ үнсіздік.

Эстрагон : (*Лепіріп*) Есіме түсті.

Владимир : Солай ма?

Поццо : (*Шыдамсызданып*) Сонымен?..

Эстрагон : Мынау жүгін неге тастамайды?

Владимир : Жоқ-ә!

Поццо : Неге?

Владимир : Сіз оны айтып бергенсіз.

Поццо : Кашан айтып едім?

Эстрагон : Айтқан ба едіңіз?

Владимир : Жүгін тастап та қойды.

Эстрагон : (*Лаккиге қарап*) Тастаса ше?

Владимир : Ендігі жерде неге тастамайды деп сұраудың қажеті қанша.

Поццо : Орынды сөз.

Эстрагон : Неге тастады?

Поццо : Әңгіме осында.

Владимир : Билеу үшін.

Эстрагон : Солай.

Поццо : Солай.

Үнсіздік.

Эстрагон : Еш сыбыс жоқ. Келген де ешкім жоқ, кеткен де ешкім жоқ, сұмдық қой!

Владимир : (*Поццоға*) Мынаған айтыңызшы, ойлансын.

Поццо : Қалпағын беріңіздер.

Владимир : Қалпағын?

Поццо : Ол қалпақсыз ойлана алмайды.

Владимир : (*Эстрагонға*) Қалпағын өперші.

Эстрагон : Мен бе?! Тағы да майып қылсын деймісің? Арам қатсын!

Владимир : Мен өперейін. (*Қозғалмайды*).

Э с т р а г о н : Өзі барып алсын!

П о ц ц о : Әперіп жібергендеріңіз жөн еді.

В л а д и м и р : Қазір мен әперемін.

Қалпақты көтеріп, алысырақ тұрып Лаккиге ұсынады.

Лакки ұмтылмайды.

П о ц ц о : Кигізіп жіберіндер.

Э с т р а г о н : Ал деп айтпайсыз ба.

П о ц ц о : Кигізгендерің жөн еді.

В л а д и м и р : Қазір кигізейін.

Лаккиді сақтықпен сырт айналып, артынан келіп кигізеді де тез шегініп кетеді. Лакки тырп етпейді.

Э с т р а г о н : Енді не күтіп тұр?

П о ц ц о : Алысырақ кетіңіздер.

Эстрагон мен Владимир аулағырақ барып тұрады. Поццо арқанды сілкеді. Лакки оған қарайды.

П о ц ц о : Ойлансаңшы, доңыз! *(Пауза)* *(Лакки билей бастайды)* Тоқта! *(Лакки қалт тұра қалады)* Бері кел! *(Лакки жақындайды)* Тоқта! *(Лакки қалт тоқтайды)* Ойлан! *(Пауза)*.

Л а к к и : Басқаша айтар болсақ...

П о ц ц о : Доғар! *(Лакки үндемей қалады)* Шегін! *(Лакки кейін шегінеді)* Жетер! *(Лакки тоқтай қалады)* Бұрыл! *(Лакки залға бұрылады)* Ойлан!

Л а к к и : *(Бірқалыпты мылжыңдап сөйлей бастайды, естір құлаққа түсініксіз сандырақ)* Жуырда біткен Расфедер Ватманның еңбегінде құдайдың барлығы сақалы қауғадай биікте тұрып апатия, афазия атаксия бөрімізді сүйеді былжырақит көк аспанның быжырқайы Ламанштағы бас сүйектің бітпеген еңбегінде...

П о ц ц о : Қалпағын! Қалпағын қағып жіберіндер!

Владимир Лаккидің қалпағын қағып жібереді. Лакки оттауын кілт үзіп құлап түседі. Үнсіздік. Владимир қалпақты көтеріп, ішіне үңіліп қарайды. Поццо оның қолынан жұлып алып жерге атып ұрады да таптай бастайды.

П о ц ц о : Бұл енді қайтып ойламайтын болады!

В л а д и м и р : Бұл енді аяғынан тұрар ма екен?

П о ц ц о : Тұрмаса төрт аяқтап жорғалайды! *(Тегін жіберіп)* Түр, шошқа!

Э с т р а г о н : Мүмкін өліп қалған шығар.

В л а д и м и р : Өлтіретін болдыңыз ғой!

П о ц ц о : Тұр деймін, әлексе! *(Арқанды жұлқылап)*  
Көмектесіп жіберіндер.

В л а д и м и р : Қалай?

П о ц ц о : Тұрғызып жіберіндер.

Владимир мен Эстрагон Лаккиді тұрғызып, біраз сүйеп тұрады да қоя береді. Лакки қайтадан құлап түседі.

Э с т р а г о н : Бұл жорта істеп жатыр.

П о ц ц о : Сүйеп тұру керек. *(Пауза)* Көтеріңдер, көтерсеңдерші.

Э с т р а г о н : Албасты бассын мұны!

В л а д и м и р : Тағы бір көтеріп көрелік.

Э с т р а г о н : Бұл өзі бізді кім деп тұр?!

Екеуі Лаккиді көтеріп, сүйеп тұрады.

П о ц ц о : Жібермендер. *(Эстрагон мен Владимир теңселеді)* Қозғалмаңдар! *(Поццо чемодан мен корзинаны алып Лаккиге келеді)* Мықтап ұстандар! *(Поццо чемоданның тұтқасын Лаккиге ұстатады, Лакки тастап жібереді)* Жібермендер малғұнды!

Поццо қайтадан чемоданды ұстатпақ болады. Лакки тұтқаны алақанымен сезген соң бірте-бірте есін жияды.

П о ц ц о : Ұстай тұрыңдар! *(Корзинаны да осылай ұстатады)* Міне, енді босатуларыңа болады.

Эстрагон мен Владимир Лаккиден қашқақтап барып тұрады, Лакки сенделіп, тізесі бүгіліп, чемодан мен корзинасын көтеріп зорға бойын жазады. Поццо шегініп барып бишігін сартылдатып.

П о ц ц о : Алға бас! *(Лакки қозғалады)* Кейін! *(Лакки шегінеді)* Бұрыл! *(Лакки бұрылады)* Міне, енді бабына келді. *(Эстрагон мен Владимирге)* Рақмет, мырзалар! Сіздерге мен... *(Қалтасын тінткілеп)* Сіздерге мен... *(Қалтасын тінткілеп)*, япырау, сағатымды қайда жібердім?.. Қос қақпақты, секундтық тілі бар еді, сенесіздер ме, мырзалар. Маған атам сыйлаған еді. *(Қалтасын ақтарын)* Әлде түсіріп алдым ба?.. *(Жерге үңіледі. Эстрагон мен Владимир де іздеген болады. Поццо Лаккидің мыжылған қалпағын теуіп жіберіп)* Жер жұтып кетті ме?

В л а д и м и р : Мүмкін ішкі қалтаңызда шығар?

Поццо : Тұра қал. *(Екі бүктетіліп, бүйіріне құлагын басып тыңдаған болады)* Дым естілмейді. Бері келіп тыңдап көріңіздерші.

Эстрагон мен Владимир оның қарынына құлақтарын басып тыңдаған болады. *(Пауза)*.

Поццо : Тықылдағаны естілмей ме?

Владимир : Тыныш!

Эстрагон : Бірдеме дүңкілдеген сияқты.

Поццо : Қай жерде?

Владимир : Жүрек қой.

Поццо : *(Өкініп)* Сайтан алсын!

Эстрагон : Мүмкін тоқтап қалған шығар?

Поццо : Мүңкітіп жіберген қайсың?

Эстрагон : Мынаның аузы сасық, менің аяғымның иісі бар.

Поццо : Қой, мен кетейін.

Эстрагон : Ал, сағатыңыз ше?

Поццо : Мен оны замокта қалдырған болармын.

Эстрагон : Ендеше қош болыңыз.

Поццо : Қош болыңыз.

Владимир : Қош болыңыз.

Поццо : Рақмет.

Владимир : Сізге де рақмет.

Поццо : Не үшін?

Эстрагон : Енді, былай... Нетіп...

Поццо : Не үшін деймін?

Владимир : Енді... былай... нетіп...

Тым-тырс үнсіздік.

Поццо : *(Қипақтан)* Мен осы кете алмаймын ба деп тұрмын.

Эстрагон : Өмір солай ғой.

Поццо теріс бұрылып, түкпірге қарай беттейді де арқанды бірте-бірте босата береді.

Владимир : Сіз теріс кетіп барасыз.

Поццо : Мен шегініп барып екпін аламын. *(Арқанды аяғына дейін босатып, сыртқа шығып тоқтайды. Айқайлап)* Жолды босатындар!

Эстрагон мен Владимир сахна түкпіріне барып тұрады. Бишіктің сартылы естіледі.

---

Поццоньң дауысы: Щүү!

Лакки қозғалмайды.

Эстрагон: Щүү!

Владимир: Щүү!

Бишіктің сартылы естіледі. Лакки бүлкілдейді.

Поццоньң дауысы: Бас аяғыңды!

Поццо сахнаға шығып Лаккидің соңынан ереді. Владимир мен Эстрагон қалпақтарын шешіп, қол бұлғасады. Лакки шығып кетеді. Поццо оны бишікпен қуалап...

Поццо: Щүү! Щүү!

Поццо сыртқа жете бере тоқтап арқанды тартып қалады, Лаккидің күрс етіп құлағаны естіледі.

Поццо: Орындық!

Владимир жималы орындықты Поццоға апарып береді, ол оны Лаккиге лақтырады.

Поццо: Қош болыңдар!

Владимир: Қош болыңыз!

Эстрагон: Қош болыңыз!

Поццо: Түр деймін, доңыз!.. Бас, бас аяғыңды! Доңыз! Қош болыңдар! Щүү! Қош болыңдар! (Кетеді).

Тым-тырс. Құлаққа ұрғандай.

Владимир: Сөйтіп қаншама уақыт өлтірдік.

Эстрагон: Онсыз да өлтіретін едік.

Владимир: Ермек қып деймін де.

Эстрагон: Енді не істейміз?

Владимир: Қайдан білейін.

Эстрагон: Онда кетелік.

Владимир: Неге кетеміз?

Эстрагон: Кетпегенде ше?

Владимир: Болмайды.

Эстрагон: Неге?

Владимир: Годоны күтеміз.

Эстрагон: Ә, солай екен-ау.

Владимир: Әлгілер қатты өзгерді.

Эстрагон: Кімдер?

Владимир: Әлгі екеуін айтам да.

Эстрагон: Иә, дұрыс айтасың. Көне, біраз шүйіркелесіп алайық.

Владимир: Сен солардың өзгеріп кеткеніне сенесің бе?

Эстрагон: Мүмкін. Тек екеуміздің өзгертін түріміз жоқ.

Владимир: Солайын солай ғой. Сең оларды көрдің бе?

Эстрагон: Мейлі, көрдім дейін. Бірақ оларды білмеймін ғой.

Владимир: Білесің.

Эстрагон: Жоқ, білмеймін.

Владимир: Мен айттым ғой, білеміз деп. Ұмыта қалатының бар. *(Өзіне өзі)* Егер тек солар боп жүрмесе...

Эстрагон: Онда бізді неге танымады?

Владимир: Онда тұрған не бар. Мен де оларды жорта танымаған болдым. *(Пауза)* Сосын бізді ешкім, ешқашан танымақ емес.

Эстрагон: Оны енді қоя тұр. Бізге қажеті... Ой! Ой!..

Владимир: *(Өзіне өзі)* Тек солардың өзі болып жүрмесе...

Эстрагон: Диди! Енді екінші аяғым!.. *(Ақсаңдап әуелгі томарға барып отырады)*

Сырттан дауыс. Месье!

Эстрагон: *(Орнынан тұрып. Екеуі де дауыс шыққан жаққа қарайды)* Әне, тағы да басталды!

Владимир: Бері кел, балақай!

Жалтақтап, жасқанып бала келеді.

Бала: Месье Альбер?

Владимир: Месье Альбер мен болам.

Эстрагон: Саған не керек?

Владимир: Бері кел.

Бала қозғалмайды.

Эстрагон: *(Жекіріп)* Саған бері кел дедік қой!

Бала жасқанып бір-екі қадам аттап тоқтайды.

Владимир: Иә, не айтасың?

Бала: Месье Годо... *(Үндемей қалады)*.

Владимир: Түсінікті. *(Пауза)* Бермен кел.

Бала қозғалмайды.

Эстрагон: *(Жекіріп)* Бері кел дедік қой! *(Бала бір-екі аттап тоқтайды)* Осыншама неге кешіктің?!

---



В л а д и м и р : Сен месье Годоның тапсырмасымен келдің бе?

Б а л а : Солай, месье.

В л а д и м и р : Ендеше айта бер.

Э с т р а г о н : Осыншама неге кешіктің деймін?!

Бала екеуін кезек жалтақтап, қайсысына жауап қатарын білмейді.

В л а д и м и р : (*Эстрагонға*) Балада жұмысың болма-сын.

Э с т р а г о н : (*Владимирге*) Менде нең бар?! (*Балаға келіп*) Сен білемісің сағаттың қанша болғанын?!

Б а л а : (*Шегіншектен*) Мен кінәлі емеспін, месье.

Э с т р а г о н : Сонда кінәлі кім, мен бе?

Б а л а : Мен қорықтым, месье.

Э с т р а г о н : Қорықтым? Неден? Бізден бе? Жауап бер!

В л а д и м и р : Түсінікті, өлгілер қорқытқан ғой.

Э с т р а г о н : Мұнда келгеніңе қанша болды?

Б а л а : Бірнеше минут болды.

В л а д и м и р : Сен бишіктен қорықтың ба?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Айқайдан?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Екі кісіден?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Сен оларды танысың ба?

Б а л а : Жок, месье.

В л а д и м и р : Сен осы өңірденсің бе?

Б а л а : Иә, месье.

Э с т р а г о н : Өтірікті соғып тұр! (*Баланы қолынан алып сілкілей бастайды*) Шындықты айт!

Б а л а : (*Қалтырап*) Бар шыным осы, месье.

В л а д и м и р : Тиіспе балаға! Саған не болған?!

Эстрагон баланы қоя беріп, бетін басып тұрып қалады. Владимир мен бала оған таңырқай қараған. Эстрагон қолын түсіргенде бет-аузы әлем-тапырық екен.

В л а д и м и р : Саған не болды?

Э с т р а г о н : Мен бақытсыз адаммын.

В л а д и м и р : Қашаннан бері? Өтірігіңе береке берсін!

Эстрагон : Қайдан білейін.

Владимир : Жаратқан есінді алған соң не шара!

Эстрагон бірдеме айтқысы келеді де, сөз таппағандай ақсандап барып отырып аяғын шеше бастайды.

Владимир : Иә, сонымен?

Бала : Месье Годо...

Владимир : (*Сөзін бөліп*) Мен сені көрген сияқтымын. Рас па?

Бала : Есімде жоқ, месье.

Владимир : Сен мені танымадың ба?

Бала : Жоқ, месье.

Владимир : Сен кеше осында келмеп пе едің?

Бала : Жоқ, месье.

Владимир : Бірінші рет келіп тұрмысың?

Бала : Иә, месье.

Владимир : Сонымен не айтпақсың?

Бала : (*Асығып-аптығып*) Месье Годо айтты, бүгін кешкісін келе алмаймын, ертең міндетті түрде келем деді.

Владимир : Бары осы ма?

Бала : Иә, месье.

Владимир : Сен месье Годоның қызметшісің бе?

Бала : Иә, месье.

Владимир : Не жұмыс істейсің?

Бала : Ешкі бағам.

Владимир : Ол саған жақсы қарай ма?

Бала : Иә, месье.

Владимир : Ұрып-соқпай ма?

Бала : Жоқ, ұрмайды, месье.

Владимир : Енді кімді ұрады?

Бала : Менің ағамды, месье.

Владимир : Сенің ағаң бар екен ғой?

Бала : Иә, месье.

Владимир : Ол не істейді?

Бала : Қой бағады, месье.

Владимир : Сені неге ұрмайды?

Бала : Білмедім, месье.

Владимир : Саған тойдырып тамақ бере ме? (*Бала күмілжиді*) Сені тамаққа тойдыра ма?

Бала : Иә, месье.

В л а д и м и р : Сен өзінді бақытсызбын деп ойлайсың ба? *(Бала тағы да күмілжиді)* Естіп тұрмысың?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Иә, не айтасың?

Б а л а : Білмеймін, месье.

В л а д и м и р : Сен бақытты, иә бақытсыз екенінді білмейсің бе?

Б а л а : Білмеймін, месье.

В л а д и м и р : Жәй, сұрағаным ғой. *(Пауза)* Қайда түнейсің?

Б а л а : Шатырда, месье.

В л а д и м и р : Ағаңмен бе?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Шөп төсеніп?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Жарайды, енді кете бер.

Б а л а : Месье, мен месье Годоға не деп барам?

В л а д и м и р : Былай де... *(Қинақтан)* Бізді көрдім деп айт. Сен бізді көрдің ғой, рас па?

Б а л а : Иә, месье. *(Шегіншектеп, бұрылып безе жөнеледі).*

Кенет қараңғылық басып, сахна төрінен ай туады да сұрғылт сәулесін шашады.

В л а д и м и р : Түнге де жеттік пе!

Эстрагон орнынан тұрып, шарқайың ұстап Владимирге жақындайды, сосын шарқай сахна шетіне қойып, керіліп аспанға қарайды.

В л а д и м и р : Не істеп тұрсың?

Э с т р а г о н : Мен де сен секілді айға қарап тұрмын.

В л а д и м и р : Мен шарқайыңды қайтесің деп тұрғам жоқ па?

Э с т р а г о н : Осында қалдырамын. *(Пауза)* Бізден соң да біреулер осында келер, аяғы кішкене болса қуанып киіп алар.

В л а д и м и р : Ал сен жалаңаяқ қалай жүрмексің?

Э с т р а г о н : Исус жүрген ғой.

Э с т р а г о н : Исус? Исуста нең бар? Сен өзінді Исусқа теңемейтін шығарсың?

Э с т р а г о н : Мен ғұмыр бойы өзімді Исуспен салыстырып келем.

**В л а д и м и р** : Исустың жүрген жері қайнап тұрған. Рахат емес пе еді.

**Э с т р а г о н** : Сонсоң ғой, тезірек керіп тастағаны.

**В л а д и м и р** : Бізге енді бұл жерде бітіретін түк те жоқ.

**Э с т р а г о н** : Қайда барсаң да осы.

**В л а д и м и р** : Гого, естимісің, түңілме. Ертең бәрі де оңалады.

**Э с т р а г о н** : Оны қайдан білдің?

**В л а д и м и р** : Сен әлгі баланың не айтып кеткенін естіген жоқпысың?

**Э с т р а г о н** : Жоқ.

**В л а д и м и р** : Оның айтуынша, Годо ертең міндетті түрде келмек. *(Пауза)* Бұған қалай қарайсың?

**Э с т р а г о н** : Демек біз оны осы жерде күтуіміз керек.

**В л а д и м и р** : Жындандың ба! Бір далда табуымыз керек емес пе. *(Эстрагонды қолына алады)* Кеттік. *(Жетелейді)*.

Эстрагон өуелде ереді де артынша сіресе қалады. Екеуі тоқтайды.

**Э с т р а г о н** : *(Ағашқа қаран)* Өкінішті-ақ, арқанның жоғын!

**В л а д и м и р** : Кеттік. Түн салқындап барады. *(Жетелейді)*.

**Э с т р а г о н** : Ертең маған арқан ала келуді ұмыттырмашы.

**В л а д и м и р** : Жарайды. Жүр енді. *(Сүйрейді)*.

Өуелгі көрініс қайталанады.

**Э с т р а г о н** : Екеуміздің өстіп елбесіп-селбесіп жүргенімізге қанша уақыт болды екен?

**В л а д и м и р** : Кім біліпті. Елу жыл өткен шығар.

**Э с т р а г о н** : Есінде ме, менің өзенге қойып кеткен кезімді?

**В л а д и м и р** : Екеуміздің жүзім жинаған кезімізді айтасың ғой.

**Э с т р а г о н** : Күтқарған сен едің.

**В л а д и м и р** : Одан бері не солып, не толмады.

**Э с т р а г о н** : Киімімді күнге кептіріп едік қой.

**В л а д и м и р** : Оны енді ұмыт. Кеттік.

Тағы сол көрініс қайталанады.

Э с т р а г о н : Тұра тұршы.

В л а д и м и р : Мұздап кеттім.

Э с т р а г о н : Өзінді өзін сүйреп, бөлек жүргеніміз жақсы еді. (*Пауза*) Екеуміз бір жолға сыймаймыз.

В л а д и м и р : Оған кепілдік жоқ.

Э с т р а г о н : Иә, ешқандай кепілдік жоқ.

В л а д и м и р : Егер қажет десең қазір де ажырасып кету кеш емес, содан мүйізін шығатын болса.

Э с т р а г о н : Енді мұнымыз бос далбаса.

В л а д и м и р : Мұнымыз өншейін бос сөз.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Сонымен жүретін болдық па?

В л а д и м и р : Кеттік. (*Қозғалмайды*).

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Келесі күн. Сол сағат. Сол жер. Эстрагонның шарқайы сол орнында тұр. Лаккидің қалпағы сол жерде жатыр. Ағаш жапырағын жайған. Владимир екпіндеп кіреді. Қалт тоқтап ағашқа ұзақ үніліп қарайды. Кенет асығып сахнада арлы-берлі сандала бастайды. Сосын тоқтай қалып, шарқайдың бірін көтеріп қарайды да иіскеп орнына қайта қояды. Тағы да сахнаны кезіп кетеді. Тағы да тоқтап, күн салып алысқа қарайды. Тағы да кезе жөнеледі. Тағы да тоқтап, екі қолын көкірегіне қойып, бар дауысымен ән салады.

В л а д и м и р : Кюренің иті болды

Ол оны жақсы көрді

Бір түйір етін жеп қойып,

Тірідей жерге көмді.

Атын жазды тасқа,

Оқысын деп жұрт басқа

Немене...

Тоқтап, тыныс алып қайтадан бастайды.

Кюренің иті болды

Ол оны жақсы көрді

Бір түйір етін жеп қойып,

Өлтіріп жерге көмді.

Атын жазды тасқа,  
Немене...

Тыныс алып қайтадан бастайды.

Өлтіріп жерге көмді

Атын жазды тасқа...

Не деп кеттім?..

Үнсіз. Тас-керең тұр. Жын қаққандай безе жөнеледі де ағаштың түбіне келіп тұра қалады. Тағы да безе жөнеліп, шарқайдың қасына барып тоқтайды, тағы да безектеп сахнаның сол жағына барып көкжиекке үңіледі, сахнаның сол жағына барып көкжиекке көз тастайды, осы кезде Эстрагон келеді. Жалаңаяқ, басы салбырап, ұнжырғасы түсіп кеткен.

В л а д и м и р : Тағы келдің ба? (*Эстрагонға жақындап*)  
Келші, өзінді сүйіп алайын!

Э с т р а г о н : Жолама маған!

Владимир қалт тоқтайды. Өкпелі. Үнсіз.

В л а д и м и р : Мені кетсін деп тұрмысың? (*Пауза*)  
Гого! (*Пауза. Владимир сүзіліп қарайды*) Сені ұрған ба? (*Пауза*) Гого!

Эстрагон басы салбырап үнсіз тұр.

В л а д и м и р : Түнде қайда болдың?

Э с т р а г о н : Мазалама! Ештеңе сұрама! Тек қасымда болшы.

В л а д и м и р : Мен сенің қасыңнан қадам кетіп көрдім бе?!

Э с т р а г о н : Кетуге мені мәжбүр еттің.

В л а д и м и р : Көне, маған қарашы. (*Эстрагон міз бақпайды. Владимир жекіріп*) Маған қара дедім ғой мен саған!

Эстрагон басын көтереді. Екеуі бірде жақындасып, бірде ажырасып бір-біріне ұзақ қарасады, сосын жақындаса келе бас сап құшақтасып, бір-бірін арқадан қағысады. Қайта ажырасқанда Эстрагон сенделіп құлап қала жаздайды.

Э с т р а г о н : Фажап күн ғой!

В л а д и м и р : Сені төмпештеген кімдер? Айтсай.

Э с т р а г о н : Міне, тағы бір күн өлді.

В л а д и м и р : Әлі таусыла қойған жоқ.

Э с т р а г о н : Мен үшін баяғыда таусылған. (*Пауза*)  
Мен сенің даусыңды естідім ғой.

В л а д и м и р : Иә, рас. Есімде.

Э с т р а г о н : Мені қйнаған да сол. Ойладым: жалғыз өзі, менің қарам өшті деп қуанғаннан ән салды-ау деп.

В л а д и м и р : Көңіл деген ырыққа көнбейді ғой. Бүгін өзімді керемет сергек сезініп тұрмын. *(Пауза)* Түні бойы тұяқ серіппей ұйықтадым.

Э с т р а г о н : *(Мұңайып)* Мінеки, көрдің бе, мен қасында болмасам сен қарқ боп қаласың.

В л а д и м и р : Сенсіз жалғызсырадым, сөйте тұра шүкіршілік еттім. Қызық қой, ө?

Э с т р а г о н : *(Шамырқанып)* Шүкіршілік?

В л а д и м и р : *(Ойланып)* Мүмкін сөз таппай тұрған шығармын.

Э с т р а г о н : Ал қазір ше?

В л а д и м и р : *(Ойланып)* Қазір ме? *(Қуанып)* Сен тағы да қасымдасың... *(Нем кетті)* Тағы да біргеміз... *(Мұңайып)* Мен тағы да қасындамын.

Э с т р а г о н : Көрдң бе, мен қасында болсам қабағың түсіп кетеді. Жалғыз болсам менің де жаңым тыныш.

В л а д и м и р : Онда несіне тағы да тоғыстық?

Э с т р а г о н : Білмедім.

В л а д и м и р : Мен білем. Өйткені сен өзінді өзін қорғай алмайсың. Мен сені ұрғызбас едім ғой.

Э с т р а г о н : Сен де ештеңе істей алмас едің.

В л а д и м и р : Неге?

Э с т р а г о н : Олар он адам болатын.

В л а д и м и р : Жоқ-ө, менің айтпағым, сені соққыға жықпаудың амалын табатын едім ғой.

Э с т р а г о н : Соққыға жығатындай мен ештеңе істегенім жоқ.

В л а д и м и р : Ендеше, олар сені неге сабады?

Э с т р а г о н : Білмедім.

В л а д и м и р : Жоқ, Гого, сен өзің сезбейтін бір кінәрат бар, оны өзің байқамайсың, ал мен қалт жібермеймін.

Э с т р а г о н : Мен саған ешнәрсе бүлдірген жоқпын деп айттым ғой.

В л а д и м и р : Мүмкін, солай да шығар. Бірақ, өзінді өзің ұстай білудің де әдебі бар, егер аман жүргің келсе, сол

өдептен озба. Жә, бұл туралы енді тіс жармалық. Сен қасым-дасың, мен соған разымын.

Э с т р а г о н : Олар он адам еді.

В л а д и м и р : Сен де ішіңнен разы болып тұрған шығарсың, шыныңды айтшы.

Э с т р а г о н : Немеге разы болмақпын?

В л а д и м и р : Тағы да мені тауып алғаныңа.

Э с т р а г о н : Бұл сенің ойың ғой?

В л а д и м и р : Тіпті разы болмасаң да мойындай салшы.

Э с т р а г о н : Нені мойындамақпын?

В л а д и м и р : Разымын деп.

Э с т р а г о н : Разымын.

В л а д и м и р : Мен де.

Э с т р а г о н : Мен де.

В л а д и м и р : Біз разымыз.

Э с т р а г о н : Біз разымыз. (*Үнсіздік*) Разы болғанда енді біз не істемекпіз?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз.

Э с т р а г о н : Дұрыс.

В л а д и м и р : Кешеден бері бұл жерде ептеген өзгеріс бар.

Э с т р а г о н : Егер ол келмесе ше?

В л а д и м и р : (*Ойланып*) Онда бір нәрсе ойластыру керек. (*Пауза*) Мен саған айттым ғой, кешеден бері біраз дүние өзгерген сияқты.

Э с т р а г о н : Шіріген нәрсе сәт сайын құбылады.

В л а д и м и р : Мен сәмбі талды айтып тұрмын, талға қарашы.

Э с т р а г о н : Кеше бұл жоқ болатын.

В л а д и м и р : Неге болмасын, есінде жоқ па? Екеуміз асылып өлмек болғанмыз қайда. (*Ойға кетін*) Иә, асылып қала жаздадық-ау. Сен ғой жалтарған. Есінде ме?

Э с т р а г о н : Осының бәрі түсің шығар.

В л а д и м и р : Неғып ұмыта қалдың?

Э с т р а г о н : Мен сондаймын ғой. Табан астында ұмыта қаламын, немесе өмір-бақи миымнан кетпейді.

В л а д и м и р : Поццо мен Лаккиді де ұмытқан боларсың?

Э с т р а г о н : Поццо мен Лакки?



В л а д и м и р : Бөрін де ұмытқан екенсің.

Э с т р а г о н : Мені аяқтан тепкен әлдебір жарымес есімде. Сайқымазақ секілді біреу еді ғой.

В л а д и м и р : Лакки деген сол.

Э с т р а г о н : Есімде. Бірақ сол қашан болып еді?

В л а д и м и р : Ал оның айдаушысын білесің бе?

Э с т р а г о н : Ол маған мүжуір берген.

В л а д и м и р : Поццо деген сол.

Э с т р а г о н : Сен соның бөрін кеше ғана өтті деп тұрмысың?

В л а д и м и р : Әрине.

Э с т р а г о н : Дәл осы жерде?

В л а д и м и р : Енді қайда деп едің! Не, танымай тұрмысың?

Э с т р а г о н : *(Ашуланып)* Танимысың? Мұнда танитын не тұр?! Бүкіл өмірім кір-қоқыстың ортасында өтіп барады, нәжістің ішінен қандай ғажапты таны деп едің! *(Жан-жағына қаран)* Қарашы мынау жәксұрын дүниеге! Мен осы жерден аттап ұзағам жоқ.

В л а д и м и р : Сабыр, сабыр ет.

Э с т р а г о н : Табиғаттың тамашасын неғыласың! Онанда жердің құртын сөз қылалық та.

В л а д и м и р : Дегенмен, сен осының бөрі Воклюзаға ұқсайды деп айтпайтын шығарсың. Қалай десең де айырма жер мен көктей.

Э с т р а г о н : Воклюза! Саған Воклюзаны айтқан кім?

В л а д и м и р : Бірақ сен Воклюзада болған едің ғой.

Э с т р а г о н : Мен Воклюзада болған емеспін. Бүкіл сасық ғұмырымды мына Сасықлюзада өткізіп келем!

В л а д и м и р : Басымды шауып тастасаң да айтайын, екеуміз Воклюзада болғанбыз. Әлгі кім еді, Боннели ме еді, сонда жүзім жинағанбыз.

Э с т р а г о н : Мүмкін. Мен ештеңе көргенім жоқ.

В л а д и м и р : Ғажап еді ғой онда.

Э с т р а г о н : Мен айттым ғой, ештеңе көргем жоқ деп!

Үнсіздік. Владимир күрсінеді.

В л а д и м и р : Гого, сен қырсық адамсың.

Э с т р а г о н : Ажырасып кеткеніміз жақсы еді.

В л а д и м и р : Қаншама рет айттың, бөрібір қайтып келе бересің.

Э с т р а г о н : Мені өлтіре салғаның дұрыс еді, анау көптің бірі секілді.

В л а д и м и р : Қайдағы көп?

Э с т р а г о н : Миллиардтап қырылған жоқ па.

В л а д и м и р : Әркімнің мандайына жазғаны, өлгенше көтеретін жүгі бар. (*Ойланып*) Сосын бәрі ұмытылады.

Э с т р а г о н : Оған дейін өңгімелесе тұралық, өйтеуір ауызға ие болатын түріміз жоқ.

В л а д и м и р : Дұрыс айтасың, жағымыз түскенше.

Э с т р а г о н : Ой қажамас үшін.

В л а д и м и р : Ақталуға себеп табылады ғой.

Э с т р а г о н : Ешкімді естімес үшін.

В л а д и м и р : Өлгендердің үнін.

Э с т р а г о н : Құлды қанаттың сусылы дерсің.

В л а д и м и р : Жапырақтың сыбдырындай.

Э с т р а г о н : Құмның сусылындай.

В л а д и м и р : Олар бәрі бірден жамырасады.

Э с т р а г о н : Әркім өзімен өзі.

В л а д и м и р : Дұрысы — сыбырласады.

Э с т р а г о н : Мыңқылдасады.

В л а д и м и р : Күбірлеседі.

Э с т р а г о н : Міңгірлеседі.

Үнсіздік.

В л а д и м и р : Не туралы сөйлеседі?

Э с т р а г о н : Әркім өз өмірі жайлы.

В л а д и м и р : Өмір сүргендеріне разы емес пе?

Э с т р а г о н : Азсынып жатқандары да.

Үнсіздік.

В л а д и м и р : Қанаттың сусылы секілді.

Э с т р а г о н : Жапырақтардың сыбдырындай.

В л а д и м и р : Құмның сусылындай.

Үнсіздік.

В л а д и м и р : Бірдеме десеңші.

Э с т р а г о н : Не айтам?

В л а д и м и р : (*Мұңайып*) Аузына келгенді оттай бер.

Э с т р а г о н : Енді не істесек екен?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз де.

Э с т р а г о н : Солай екен-ау.

Үнсіздік.

---

В л а д и м и р : Күткеннен бетер азап бар ма!

Э с т р а г о н : Сен өн салсаң қайтеді?

В л а д и м и р : Жо-жоқ! Онанда қайта бастағанымыз жақсы.

Э с т р а г о н : Қайта бастаудан оңайы жоқ.

В л а д и м и р : Бөрінен бастау қиын.

Э с т р а г о н : Неден бастасаң да бәрібір емес пе.

В л а д и м и р : Оған да батылдық керек.

Э с т р а г о н : Оның да рас.

Үнсіздік.

В л а д и м и р : Көмектесіп жібер.

Э с т р а г о н : Көрейін тырысып.

В л а д и м и р : Тырыссақ — тықыр естисің.

Э с т р а г о н : Онда шырқың кетеді.

В л а д и м и р : Шырқың кетсе, ешнәрсе ұстай алмай-сың.

Э с т р а г о н : Әрине.

В л а д и м и р : Ойлануға мүрсат бермейді.

Э с т р а г о н : Бәрібір ой қажайды.

В л а д и м и р : Ол мүмкін емес.

Э с т р а г о н : Онда қарап тұрмай дауласалық.

В л а д и м и р : Одан не пайда?

Э с т р а г о н : Солай ма?

В л а д и м и р : Біз ойланудан қалған жандармыз.

Э с т р а г о н : Солай ма? Онда тіршіліктен не тілейміз?

В л а д и м и р : Ойлану — тұңғықтың түбі емес.

Э с т р а г о н : Әрине, әрине, соның өзі ғой.

В л а д и м и р : Ол не нәрсе?

Э с т р а г о н : Ол ма, мәселен, бір-бірімізге сұрақ қойсақ деймін.

В л а д и м и р : Сонда не сұрамақсың?

Э с т р а г о н : Көп болса баяғыны қайталаймыз да.

В л а д и м и р : Мүмкін.

Э с т р а г о н : Ендеше былай: айталық жолымыз болды делік?

В л а д и м и р : Ойлану да дерт қой.

Э с т р а г о н : Жолымыз болған кез бар ма?

В л а д и м и р : Мынау өліктер қайдан келген?

Э с т р а г о н : Анау қаңқалар ше?

- В л а д и м и р : Соны айтам да.  
Э с т р а г о н : Түсінікті.  
В л а д и м и р : Тегі біз ойланып қалған секілдіміз.  
Э с т р а г о н : Әуел баста.  
В л а д и м и р : Үйліп жатқан өлік.  
Э с т р а г о н : Тек қарамау керек.  
В л а д и м и р : Еріксіз назарың ауады.  
Э с т р а г о н : Рас.  
В л а д и м и р : Қалай бұрылсаң да.  
Э с т р а г о н : Не дедің?  
В л а д и м и р : Қалай бұрылсаң да.  
Э с т р а г о н : Бізге ойланып жатпай-ақ табиғатпен тілдесу керек еді.  
В л а д и м и р : Тілдесіп те көргенбіз.  
Э с т р а г о н : Рас.  
В л а д и м и р : Әрине, жамандықтың бұдан да өткен сорақысы бар.  
Э с т р а г о н : Нені айтып тұрсың?  
В л а д и м и р : Ойға батқанмызды айтам да.  
Э с т р а г о н : Сөлай шығар.  
В л а д и м и р : Онсыз да күн кешуге болатын еді.  
Э с т р а г о н : Енді амалың қанша...  
В л а д и м и р : Иә, білем, білем...  
Үнсіздік.  
Э с т р а г о н : Жалпы, желіп-жортуға тура келді.  
В л а д и м и р : Енді басқадай бір ермек табу керек шығар.  
Э с т р а г о н : Көерерміз.  
В л а д и м и р : Көерерміз.  
Э с т р а г о н : Көерерміз.  
В л а д и м и р : Мен не деп едім? Содан бастасақ та болады.  
Э с т р а г о н : Қашан?  
В л а д и м и р : Әуел баста.  
Э с т р а г о н : Не айтып едің?  
В л а д и м и р : Кеше кешкісін. Мен не айтып едім...  
Менің айтқаным...  
Э с т р а г о н : Байқаймын, сен маған деген талабыңды тым көбейтіп барасың.

В л а д и м и р : Тұра тұр... біз екеуміз сүйістік... соған разы болдық... разы болдық... ал енді не істеп жүрміз... Күтіп жүрміз... тұра тұр... есіме түсірейін... күтіп жүрміз... разы болдық... тұра тұр... қазір-қазір... Ә, иә, сәмбі тал!

Э с т р а г о н : Тал?

В л а д и м и р : Ұмыттың ба?

Э с т р а г о н : Мен шаршадым.

В л а д и м и р : Мынаған қарашы.

Э с т р а г о н : *(Талға қарап)* Ештеңе көріп тұрғам жоқ.

В л а д и м и р : Оу, бұл кеше кешкісін тыржалаңаш еді ғой. Ал бүгін жапырақ жайып қалыпты.

Э с т р а г о н : Жапырақ деймісің?

В л а д и м и р : Бір түнде.

Э с т р а г о н : Онда көктемнің келіп қалғаны да.

В л а д и м и р : Бір түнде!

Э с т р а г о н : Мен саған айттым ғой, кеше кешкісін біз мұнда болғанымыз жоқ. Мұның бәрі сенің сандырақ түсің.

В л а д и м и р : Сонда кеше кешкісін біз қайда болдық деп ойлайсың?

Э с т р а г о н : Білмедім. Әйтеуір бір қуыста. Бос жатқан қу дала аз ба!

В л а д и м и р : Жарайды, кеше кешкісін біз мұнда болмадық делік. Сонда кеше кешкісін біз не істеп жүргенбіз?

Э с т р а г о н : Не істеуші едік?

В л а д и м и р : Есіңе түсіріп көрші.

Э с т р а г о н : Енді... біз нетіп... оттасып отырған шығармыз...

В л а д и м и р : Не жөнінде?

Э с т р а г о н : Енді... оттайтын ауызға ермек табылат та... ө, енді есіме түсті. Кеше біз ұсақ-түйек өсекті талшық қылғанбыз. Жарты ғасырда тындырған шаруамыз да осы емес пе.

В л а д и м и р : Ойланып көрші, есте қалар ештеңе болған жоқ па?

Э с т р а г о н : Диди, мені қинама. *(Шаршан)*

В л а д и м и р : Не көрдің? Күнді? Айды?

Э с т р а г о н : Е, олар орнында тұрған болар.

В л а д и м и р : Ерекше бір нәрсені аңғарған жоқсың ба?

Э с т р а г о н : Жоқ-ә!

В л а д и м и р : Поццоны? Лаккиді ше?

Э с т р а г о н : Поццо?

В л а д и м и р : Сүйек-саяқ.

Э с т р а г о н : Балықтың қылтанағы сияқты еді.

В л а д и м и р : Оны саған Поццо берген.

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : Тізеңнен тепкен кім?

Э с т р а г о н : Тепкен? Рас, біреу мені тепкен сияқты еді.

В л а д и м и р : Лакки ғой тепкен.

Э с т р а г о н : Соның бөрі кеше ме?

В л а д и м и р : Аяғынды көрсетші.

Э с т р а г о н : Қайсысын?

В л а д и м и р : Екеуін де. Балағынды түр.

Эстрагон бір аяғымен тұрып екіншісін Владимирге көрсетпек болғанда жығылып қала жаздайды. Владимир оны аяғынан ұстап қалады.

В л а д и м и р : Балағынды түр!

Э с т р а г о н : (*Теңселіп*) Түре алмаймын.

Владимир оның балағын түріп, аяғын қарайды да қоя береді. Эстрагон қалтандап құлап қала жаздайды.

В л а д и м и р : Екіншісін.

Эстрагон тағы да сол аяғын көтереді.

В л а д и м и р : Екіншісін дедім ғой!

Эстрагон екінші аяғын көтереді. Владимир балағын түріп.

В л а д и м и р : Мінеки жарасы. Іріндей бастапты.

Э с т р а г о н : Іріндесе қайтейін?

В л а д и м и р : Сенің шарқайларың қайда?

Э с т р а г о н : Тастап кеткен болармын.

В л а д и м и р : Қашан?

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : Неге тастадың?

Э с т р а г о н : Есімде жоқ.

В л а д и м и р : Неге тастадың деп тұрмын ғой!

Э с т р а г о н : Есімде жоқ.

В л а д и м и р : Өй, неге тастадың?

Э с т р а г о н : Аяғымды қысқан соң.

В л а д и м и р : (*Шарқайды көрсетіп*) Әне жатыр. (*Эстрагон шарқайларын көреді*) Кеше тастап кеткен жерінде жатыр.

---

- Эстрагон шарқайларына барып, еңкейіп қарайды.
- Эстрагон : Бұл менікі емес.
- Владимир : Сенікі емес пе?
- Эстрагон : Менікі қара еді, мынау сары ғой.
- Владимир : Сенікінің қара екенін анық білесің бе?
- Эстрагон : Мүмкін боз шығар.
- Владимир : Мынау сары ма? Көне, көрсетші.
- Эстрагон : *(Шарқайдың біреуін көтеріп)* Мынау жасылдау сияқты ғой.
- Владимир : *(Жақындан)* Көне, көрсетші. *(Эстрагон шарқайды ұсынады. Владимир көреді де лақтырып жібереді)* Жарымаған неме!
- Эстрагон : Сен бірдеме сезіп тұрсың ба?
- Владимир : Сезбегенде ше! Бұл жерде не болғанын ішім сезеді.
- Эстрагон : Сонда не болған?
- Владимир : Не болушы еді!.. Әлдебір ит осында келген, сенің шарқайыңды киіп, өзінікін тастап кеткен.
- Эстрагон : Онысы несі?
- Владимир : Өзінікі тар болған соң сенікін киіп кеткен.
- Эстрагон : Менікі тіпті тар еді ғой.
- Владимир : Саған тар, оған шақ!
- Эстрагон : Мен шаршадым. *(Пауза)* Кетсек қайтеді.
- Владимир : Біз кете алмаймыз.
- Эстрагон : Неге?
- Владимир : Біз Годоны күтеміз.
- Эстрагон : Солай екен-ау. *(Пауза)* Сонда не істемекпіз?
- Владимир : Түк те істемейсің!
- Эстрагон : Менің шыдамым таусылды.
- Владимир : Сәй жесең қайтеді?
- Эстрагон : Бар қалғаны сол ма?
- Владимир : Сәй мен шалқам бар.
- Эстрагон : Сәбіз жоқ па?
- Владимир : Жоқ. Сәбізді сен жеп құртқансың.
- Эстрагон : Ендеше сол сәйінді бере ғой.
- Владимир қалтасын ақтарып шалқам алып шығады, артынан сәй тауып алып Эстрагонға ұсынады. Ол аударып-төңкеріп қарап менсінбей қалады.

Эстрагон : Мынауың қап-қара ғой.

Владимир : Көдімгі сөй емес пе.

Эстрагон : Мен қызылын жақсы көретінімді білмейсің бе.

Владимир : Сонымен жегің келмейді ғой?

Эстрагон : Мен тек қызылын жақсы көрем.

Владимир : Ендеше бері өкел.

Эстрагон сөйді қайтып береді.

Эстрагон : Барып сөбіз іздейін. *(Орнынан қозғалмайды)*

Владимир : Онсыз да өлмейтін шығарсың.

Эстрагон : Өлейін деп тұрған жоқпын.

Владимир : Дегенмен көрсең қайтеді?

Эстрагон : Мен татып көрмеген не қалды!

Владимир : Мен шарқайды айтам.

Эстрагон : Солай ма?

Владимир : Уақыт өлтіреміз. *(Эстрагон қипақтайды)*  
Ермек болсын.

Эстрагон : Кермек көңілге.

Владимир : Ермек болсын дедім ғой.

Эстрагон : Мейлі онда.

Владимир : Көне, киіп көр.

Эстрагон : Сен көмектесесің ғой?

Владимир : Әрине.

Эстрагон : Екеуміз жабылсақ бітпейтін іс жоқ қой.  
Солай ма, Диди?

Владимир : Әрине. Алдымен сол аяғыңды өкел.

Эстрагон : Тірі екенімізді білдіру үшін қашанда бір себеп табылады. Солай ма, Диди?

Владимир : *(Шыдамсызданып)* Солай, солай, біз сиқыршымыз ғой. Назарымды бөлмеші, өйтпесе, не істерімді білмей шатасып қаламыз. *(Шарқайды көтеріп)* Өкел аяқты! *(Эстрагон қасына келіп аяғын көтереді)* Екіншісін, доңыз! *(Эстрагон екінші аяғын көтереді)* Жоғарырақ!

Екеуі бір-біріне сүйеніп, теңселіп сахнада жүре бастайды. Ақыры Владимир шарқайды кигізеді.

Владимир : Көне, өзін жүріп көрші. *(Эстрагон екі-үш аттайды)* Ақыры Владимир шарқайды кигізеді.



В л а д и м и р : Көне, өзің жүріп көрші. (*Эстрагон екі-үш аттайды*) Иә, қалай екен?

Э с т р а г о н : Маған шап-шақ.

В л а д и м и р : (*Қалтасынан кендір жіп суырып*) Қазір біз оны шандып тастаймыз.

Э с т р а г о н : (*Ойбайлап*) Жо-жоқ! Жіптің қажеті жоқ! Байлай көрме!

В л а д и м и р : Кейін өкінесің. Енді екіншісін киіп көрелік.

Әуелгі көрініс қайталанады.

В л а д и м и р : Иә, қалай екен?

Э с т р а г о н : Бұл да шап-шақ.

В л а д и м и р : Аяғыңды қыспай ма?

Э с т р а г о н : (*Аяғын нығыздап басып*) Әзірге қыспайды.

В л а д и м и р : Онда аяғыңнан тастаушы болма.

Э с т р а г о н : Тым үлкен сияқты.

В л а д и м и р : Саған өлгеніңше бір шұлық бұйырар ма екен?!

Э с т р а г о н : Рас-ау.

В л а д и м и р : Енді мұны шешпейтін болдың ғой?

Э с т р а г о н : Әй, енді шарқайда шаруаң болмасыншы.

В л а д и м и р : Дегенмен...

Э с т р а г о н : Болды! (*Үнсіздік*) Осы мен отырсам қайтеді. (*Қайда отырсам дегендей маңайын көзімен тінте бастайды, ақыры томарға барып отырады*).

В л а д и м и р : Кеше кешке сен осында отырғансың. (*Үнсіздік*).

Э с т р а г о н : Өтген, көз іліндіріп алсам ғой.

В л а д и м и р : Кеше кешкісін ұйықтағансың.

Э с т р а г о н : Тырысып көрейін. (*Басын екі тізесіне қойып отырады*).

В л а д и м и р : Тұра тұр. (*Эстрагонның қасына келіп отырады да бар дауысқа салып*) Әлди-әлди, әлди-ай!

Э с т р а г о н : (*Басын көтеріп*) Барылдама!

В л а д и м и р : (*Бөсеңдетіп*) Әлди-әлди, әлди-ай! Әлди-әлди, әлди-ай!

Эстрагон ұйықтап кетеді. Владимир күртесін шешіп Эстрагонның иығына жабады да жылыну үшін қолын сермеп арлы-берлі жүре бастайды. Эстрагон шошып оянады, атып

тұрып алақтап жан-жағына қарайды. Владимир жүгіріп қасына келеді.

В л а д и м и р : Шошыма, шошыма... мен қасыңдамын, қорықпа!

Э с т р а г о н : Үһ!

В л а д и м и р : Мінеки, бөрі орнында.

Э с т р а г о н : Мен құлап барады екенмін.

В л а д и м и р : Бүлінген ештеңе жоқ, бөрі орнында.

Э с т р а г о н : Биік құздың басынан.

В л а д и м и р : Болды, болды, айтпай-ақ қой. Көне, біраз жүрелікші. (*Эстрагонды қолтықтап арлы-берлі жүреді*).

Э с т р а г о н : Жетер! Мен шаршадым.

В л а д и м и р : Сен бір орында жарбиып отыра бергенді жақсы көресің-ау, қарекет жоқ, әншейін қақшып!..

Э с т р а г о н : Иә.

В л а д и м и р : Мейлің онда. (*Эстрагонды қоя беріп, иығындағы күртесін сыпырып алып өзі киеді*).

Э с т р а г о н : Кетелікші осыдан.

В л а д и м и р : Біз кете алмаймыз.

Э с т р а г о н : Неге?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз.

Э с т р а г о н : Солай екен-ау. (*Владимир тағы да арлы-берлі жүре бастайды*) Сен құйрық басып отыра аласың ба?!

В л а д и м и р : Жаурап кеттім.

Э с т р а г о н : Тым ерте келіппіз.

В л а д и м и р : Қашанда ымыртта келетін әдетіміз ғой.

Э с т р а г о н : Әлі ымырт болған қойған жоқ қой.

В л а д и м и р : Ымырттан соң дереу қас қараяды.

Э с т р а г о н : Одан соң түн келеді.

В л а д и м и р : Сонда кетерміз.

Э с т р а г о н : Одан соң түн келеді.

В л а д и м и р : Сонда кетерміз.

Э с т р а г о н : Одан соң таң атады. (*Пауза*) Не істейміз, не істедік?

В л а д и м и р : (*Жақтырмай*) Сен осы ыңырсығаныңды қашан қоясың?! Мені әбден қажытып болдың!

Э с т р а г о н : Мен кетейін.

В л а д и м и р : (*Леккидің қалпағын көріп*) Мынаны қара!

Э с т р а г о н : Қош бол!

В л а д и м и р : Лаккидің қалпағы! Менің мұнда келгеніме бір сағат болды. Қалайша көрмегенмін! Қызық екен.

Э с т р а г о н : Сен мені қайтып көрмейсің.

В л а д и м и р : Демек, мен адаспаған екенмін. Енді бекерге саспа. *(Лаккидің қалпағын көтеріп, қағып-сілкиді)* Кезінде қатқан қалпақ болса керек. *(Басына киіп, өз қалпағын Эстрагонға ұсынады)* Мә, киіп ал.

Э с т р а г о н : Не?

В л а д и м и р : Мә, киіп ал.

Эстрагон Владимирдің қалпағын алады. Владимир екі қолымен Лаккидің қалпағын басына басып киеді. Эстрагон Владимирдің қалпағын киіп, өзінікін Владимирге береді. Владимир Эстрагонның қалпағын алады. Эстрагон екі қолымен Владимирдің қалпағын мильқтата киеді. Владимир Эстрагонның қалпағын киеді де Лаккидің қалпағын Эстрагонға береді. Эстрагон Лаккидің қалпағын алады. Владимир Эстрагонның қалпағын басына киіп байқайды. Бұлар өстіп он дүркін қалпақ ауыстырады. Көрініс тез өтуге тиіс.

В л а д и м и р : Жараса ма?

Э с т р а г о н : Қайдан білейін.

В л а д и м и р : Дегенмен қалай, ажарымды аша ма? *(Басын бір оңға, бір солға бұрып, көдімгі маникенші секілді одыраңдайды).*

Э с т р а г о н : Сайтан секілдісің!

В л а д и м и р : Бұрынғыдан қалай?

Э с т р а г о н : Дәл сондай.

В л а д и м и р : Ендеше, мен мұны тастамайтын болдым. Менікі тар еді. *(Пауза)* Түбек секілді, мильқтан қысып тұратын.

Э с т р а г о н : Мен кеттім.

В л а д и м и р : Сен енді ойнағың келмей ме?

Э с т р а г о н : Не ойнаймыз?

В л а д и м и р : Поццо мен Лакки боп ойнасақ та болады.

Э с т р а г о н : Мен оларыңды білмеймін ғой.

В л а д и м и р : Сен Поццо бол, мен Лакки бола салайын. *(Владимир Лакки боп, мықшыңдап жүк көтерген болады. Эстрагон оған қызықтай қарайды).*

В л а д и м и р : Болсаңшы енді!

Э с т р а г о н : Мен не істеуім керек?

В л а д и м и р : Мені балағатта!

Э с т р а г о н : Мақұлық!

В л а д и м и р : Бұдан жаман сөз таппадың ба?!

Э с т р а г о н : Сұмырай! Сұмпайы!

Владимир бүкірейіп, кирелеңдеп бірнеше қадам аттайды да шегініп орнына қайта барады.

В л а д и м и р : Маған ойлан деп бұйыр.

Э с т р а г о н : Қалай?

В л а д и м и р : "Ойлан, шошқа!" де.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Айта алмаймын.

В л а д и м и р : Доғар! Биле деп бұйыр!

Э с т р а г о н : Мен кетейін.

В л а д и м и р : Биле, хайуан! *(Бұралаңдап билеген болады).*

Эстрагон тез кетіп қалады.

В л а д и м и р : Әлім жоқ! *(Басын көтеріп Эстрагонның жоқ екенін байқайды)* Гого!

Тым-тырс. Владимир жын қаққандай сахнаны шыр айналып жүр. Эстрагон еңтігіп жүгіріп жетеді.

В л а д и м и р : Сен осында ма едің?

Э с т р а г о н : *(Емтігін)* Мен құрыдым!

В л а д и м и р : Сен қайда жүрсің? Мен сені біржола кетті ме десем.

Э с т р а г о н : Әлгілер келе жатыр!

В л а д и м и р : Кімдер?

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : Нешеу екен?

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : *(Қуанып)* Ол Годо ғой! Ақыры келді-ау! *(Эстрагонды құшақтап)* Гого, бұл Годо ғой! Енді өлмейміз! Жүр, қарсы алайық!

Эстрагонды сыртқа сүйрейді. Эстрагон қашып сахнаның түкпіріне жетіп жоқ болады.

Э с т р а г о н : Гого! Қайда қаштың?!

Үнсіздік. Владимир Эстрагонның соңынан тысқа жүгіреді. Эстрагон екінші жақтан шығып Владимирге келеді.

---

В л а д и м и р : Сен осында ма едің?

Э с т р а г о н : Мен құрыдым!

В л а д и м и р : Сен қаншалық жерге барып қайттың?

Э с т р а г о н : Ол жақтан да келе жатыр!

В л а д и м и р : Қоршауда қалдық деші!

Эстрагон бас-көз демей сахна төріне беже жөнеледі де декорацияға созылып ұшып түседі.

В л а д и м и р : Ақымақ! Ол жақта есік жоқ қой!  
(Владимир оны көтеріп тұрғызып, көрермендер залына жетектеп әкеледі) Әне, бұл жақта тірі жан жоқ. Осылай қарай жүгір! Бол! (Залға итереді. Эстрагон зәресі ұшып кейін шегінеді) Барғың келмей ме? Түсінікті. Тұра тұр, ойланайын. (Ойлануы) Онда ұшты-күйді жоғал, осыдан басқа саған амал жоқ!

Э с т р а г о н : Қайда?

В л а д и м и р : Талдың артына. (Эстрагон баспайды) Бол деймін! (Эстрагон жүгіріп барып талдың тасасына тығылады, бірақ бәрібір көрініп тұрады) Тырп етпе! (Эстрагон тал тасасынан шығады) Бізге бұл ағаштың да еш пайдасы болмады-ау.

Э с т р а г о н : (Сабырлы) Менде ес қалмады. (Басы салбырап) Кешпір! (Басын көтеріп) Бұл енді қайталанбайды. Енді қара да тұр. Тек айтшы маған, не істейін.

В л а д и м и р : Ештеңе де істеме.

Э с т р а г о н : Сен мұнда келіп тұр. (Владимирді жетелеп сахнаның сол жағына әкеледі де көрермендер залына теріс қаратып тұрғызады) Міне, енді тырп етпей тұр да жан-жағынды қалт жіберме!

Владимир оған мойнын бұрып қарайды. Эстрагон бұрылып, көкжиекке ұзақ қадалады. Сосын бір-біріне сүзіліп қарасады. Ұзақ үнсіздік.

Э с т р а г о н : Біреулер келе жатқан жоқ па, байқашы.

В л а д и м и р : Жан жоқ! Сен қателескен шығарсың.

Э с т р а г о н : (Мойнын бұрып) Немене?

В л а д и м и р : Сен қателескен шығарсың деймін.

Э с т р а г о н : Айқайлама!

В л а д и м и р : Ой, кешпір!

Э с т р а г о н : Құлағым сенде.

В л а д и м и р : Жо-жоқ!

Э с т р а г о н : Айтсаңшы енді!

- В л а д и м и р : Сөзінді бөлдім бе?  
Э с т р а г о н : Керісінше.  
В л а д и м и р : Оңда несіне бөлсініп тұрсың?  
Э с т р а г о н : Саған да қитығатын дөнеңе жоқ.  
В л а д и м и р : Айтарыңды айт дедім ғой!  
Э с т р а г о н : Алдымен өзің айт!  
В л а д и м и р : Нақұрыс!  
Э с т р а г о н : Мінеки, енді боқтасалық!  
Бірін-бірі балағаттайды. Үнсіздік.  
Э с т р а г о н : Ал енді татуласалық.  
В л а д и м и р : Гого!  
Э с т р а г о н : Диди!  
В л а д и м и р : Қолыңды бер!  
Э с т р а г о н : Мінеки!  
В л а д и м и р : Құшағыма кірші!  
Э с т р а г о н : Құшағыңа?  
В л а д и м и р : (Құшағын жайып) Келші! .  
Э с т р а г о н : Жүгірдім.  
Құшақтасады. Үнсіздік.  
В л а д и м и р : Ермек тапсаң, уақыт та зырлап жөнеледі.  
Э с т р а г о н : Ал, енді не істейміз?  
В л а д и м и р : Әзірше күтеміз.  
Э с т р а г о н : Әрине күтеміз.  
Үнсіздік.  
В л а д и м и р : Жаттығу жасап көрсек қайтеді?  
Э с т р а г о н : Қимылдап...  
В л а д и м и р : Еңкейіп...  
Э с т р а г о н : Тонқайып...  
В л а д и м и р : Салбырайып...  
Э с т р а г о н : Жылыну үшін...  
В л а д и м и р : Ал бастадық.  
Екеуі екі аяғына кезек теңселіп селкілдеген болады.  
Э с т р а г о н : (Тоқтан) Жетер, мен шаршап кеттім.  
В л а д и м и р : (Тоқтан) Біз жаттығып үйренбегенбіз.  
Дегенмен тыныс жасап көрелік.  
Э с т р а г о н : Күрсінгеніміз аз ба еді?!  
В л а д и м и р : Рас айтасың. (Пауза) Көне талға ұқсап көрелік.  
Э с т р а г о н : Талға?
-

Владимир сыңар аяқтап тал секілді теңселген болады.

В л а д и м и р : Енді сенің кезегің.

Эстрагон Владимирді қайталайды.

Э с т р а г о н : Қалай ойлайсың, құдай мені көре ме?

В л а д и м и р : Ол үшін көзінді жұм.

Эстрагон көзін жұмып теңселе бастайды.

Э с т р а г о н : *(Тоқтап, жұдырығын түйіп, бар дауыспен айқайлап)* Жаратқан, мені жарылқай көр!

В л а д и м и р : *(Өкпелен)* Ал мені ше?

Э с т р а г о н : *(Онан сайын айқайлап)* Жаратқан, мені жарылқай көр! Жарылқа мені! Жарылқа!

Поццо мен Лакки келеді. Поццо соқыр боп қалған. Лаккидің қолында жүк, мойнында арқан, бірақ бұрынғыдай ұзын емес, соңынан еріп жүруге Поццоға оңай болсын деп қысқартып тастаған. Лаккидің басында жаңа қалпақ. Владимир мен Эстрагонды көріп кілт тоқтайды. Поццо екпінімен келіп Лаккиге соғылады да екеуі бірдей құлап, жүктері шашылып қалады. Владимир мен Эстрагон кейін шегінеді.

П о ц ц о : Не болды? Айғайлаған кім?

Э с т р а г о н : Мынау Годо ма?

В л а д и м и р : Дер кезінде келді. *(Үйелеп жатқандарға барады, Эстрагон соңынан ереді)* Келді-ау, өйтеуір.

П о ц ц о : Көмектесе көріндер!

Э с т р а г о н : Годо ма?

В л а д и м и р : Төзім таусыла бастап еді. Енді кешке дейін шыдайтын болдық.

П о ц ц о : Көмектесіңдерші!

Э с т р а г о н : Естіп тұрмысың?

В л а д и м и р : Енді біз кешті жалғыз күтпейтін болдық, Годоны да қашанғы күтеміз... Қашанғы күтпекпіз... Өзімізбен өзіміз арпалысып өле жаздадық қой. Одан да міне құтылдық. Күн ертеңге ауып барады.

П о ц ц о : Көмектесіңдер!

В л а д и м и р : Көрдің бе, уақыт та зырлай жөнелді. Күн батып, ай туғанда кетеміз... осы жерден.

П о ц ц о : Аясаңдаршы!

В л а д и м и р : Сорлы Поццо!

Э с т р а г о н : Мұның сол екенін білгем.

В л а д и м и р : Кімді?

Э с т р а г о н : Годоны.

В л а д и м и р : Бірақ бұл Годо емес.

Э с т р а г о н : Годо емес пе?

В л а д и м и р : Годо емес.

Э с т р а г о н : Сонда бұл кім?

В л а д и м и р : Бұл Поццо.

П о ц ц о : Бұл мен ғой. Мен. Көтеріп жіберіндер.

В л а д и м и р : Тұра алмай жатыр.

Э с т р а г о н : Жүр, кетіп қалайықшы.

В л а д и м и р : Кете алмаймыз.

Э с т р а г о н : Неге?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз.

Э с т р а г о н : Иә, солай екен-ау.

В л а д и м и р : Мүмкін саған деген сүйек-саяғы бар шығар.

Э с т р а г о н : Сүйек деймісің?

В л а д и м и р : Тауықтың. Сен не, ұмыттың ба?

Э с т р а г о н : Мынау сол ма?

В л а д и м и р : Иә.

Э с т р а г о н : Өзінен сұрашы.

В л а д и м и р : Мүмкін, алдымен көмектесерміз?

Э с т р а г о н : Нендей көмек?

В л а д и м и р : Тұрғызалық.

Э с т р а г о н : Тұра алмай жатыр ма?

В л а д и м и р : Тұрғысы кеп жатыр.

Э с т р а г о н : Ендеше, тұрсын.

В л а д и м и р : Дәрмені жоқ.

Э с т р а г о н : Бұған не болған?

В л а д и м и р : Білмедім.

Поццо жиырылып, ынырсып, жұдырығымен жер тоқпақтайды.

Э с т р а г о н : Алдымен бұдан сүйек сұрасақ қайтеді? Егер бермейтін болса, осылай жата берсін.

В л а д и м и р : Енді мұның күні бізге түсті дейсің ғой?

Э с т р а г о н : Иә.

В л а д и м и р : Көмектеспек бұрын шарт қоймақпыз ғой?

Э с т р а г о н : Әрине.



В л а д и м и р : Бұл да жөн екен. Бірақ бір қауіп бар.  
Э с т р а г о н : Қандай?

В л а д и м и р : Лакки ашуланып жүрмесін. Онда жағдай мүшкіл.

Э с т р а г о н : Лакки?

В л а д и м и р : Ол сені кеше қонжитты ғой.

Э с т р а г о н : Олар он адам деп мен саған айтпап па едім.

В л а д и м и р : Жоқ-ө, одан бұрын сені аяқтан тепкен ше.

Э с т р а г о н : Ол да осында ма?

В л а д и м и р : Әне, көр. *(Саусағын шошайтып)* Ол қазір сұлық жатыр. Бірақ кез келген сәтте атып тұруы мүмкін.

Э с т р а г о н : Егер жақсылап тұрып былшылдатып алсақ қайтеді?

В л а д и м и р : Ұйықтап жатқан кезінде жабылсақ дейсің ғой ?

Э с т р а г о н : Иә.

В л а д и м и р : Идея! Тек қолымыздан келер ме екен? Ұйықтап жатқаны шын ба? *(Пауза)* Жоқ, онанда Поццонның өтінішін пайдаланайық, көмектессек, мүмкін бірдеме берер.

Э с т р а г о н : Бұл ештеңе сұрап та жатқан жоқ.

В л а д и м и р : Себебі үмітін үзді.

Э с т р а г о н : Мүмкін. Бірақ...

В л а д и м и р : Біз бос сөзбен уақыт өлтіріп тұрмыз. *(Пауза)* Сәті келіп тұрғанда бір қарекет жасалық та. Күн сайын біз кімге қажат боп жатырмыз? Бізді қажетсінген пенде бар ма?! Біздің орнымызда басқа біреулер болса, не жақсылық, не жамандық жасар еді. Көмекке шақырған әлгі бір дауыс тек бізге емес, бүкіл адамзатқа деген жалыныш. Ал бұл жерде, дәл осы сәтте, адамзат деген мына біз екеуміз, саған жақса да, жақпаса да. Кешікпей тұрғанда сол мүмкіндікті пайдаланып қалалық. Тым құрыса, жазымыштың бұйрығымен арамза атанған тобырдың атына лайық өмірде бір іс бітірелік те. Бұған не айтасың? *(Эстрагон тіл қатпайды)* Рас, қол қусырып, осымыз дұрыс па, бұрыс па деп отырғанымыздың өзі де сол арам тобырдың абыройын сақтаған түріміз. Жолбарыс та өз тұқымын қорғауға кел-

генде ойланып жатпай бас салады, болмаса бытқылға сіңіп жоқ болады. Бірақ, әңгіме мұнда емес. Осы жерде біз не бітіріп жүрміз — сұрақтың үлкені осы. Бақытымызға орай жауабымыз да өзiр: Годо қашан келер екен деп күтіп жүрміз.

Э с т р а г о н : Ол рас.

В л а д и м и р : Тағы да түнді күтіп жүрміз. *(Пауза)* Біз үдемізді орындау үшін жүрміз. Біз өулие емеспіз, бірақ үдеге берікпіз. Кім өзі туралы осыны айтар екен?

Э с т р а г о н : Миллиондар.

В л а д и м и р : Солай деп ойлайсың ба?

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : Мүмкін, солай да шығар.

П о ц ц о : Көмектесiңдер!

В л а д и м и р : Әрине, мұндай жағдайда уақыт жүрмей қояды да, біз жоқтан өзгені ермек қылуға мәжбүрміз, ол да бір қарағанда ақылға сиятын нәрсе... Кейін үйреншікке айналған күр өдет. Сен айтарсың, ой-сананың сергек болуы үшін қажет деп. Бірақ сол санаң тұңғыық тереңде босқа тентіреп жүрген жоқ па? Кейде мені қинайтын да осы. Сен менің пөлсапамнан бірдеме ұқтың ба?

Э с т р а г о н : Бәріміз де жынды боп туамыз. Кейбіреулер жынды боп қала береді.

П о ц ц о : Көмектесiңдер! Ақысын төлеймін.

Э с т р а г о н : Қанша?

П о ц ц о : Жүз франк.

Э с т р а г о н : Мұның аз ғой.

В л а д и м и р : Мен бүйтіп шалқаймас едім.

Э с т р а г о н : Сен жүз франк жеткілікті деп есептеймісің?

В л а д и м и р : Жоқ, менің айтпағым, адам туғаннан жарымес деген қате шығар. Мәселе онда да емес.

П о ц ц о : Екі жүз.

В л а д и м и р : Біз күтудеміз. Күте-күте зеріктік... Жоқ, сен таласпа, біз зеріккеннен өлеміз, мұны өтірік дей алмассың. Ғажап. Бізге ермек те табылып еді, енді не қарап тұрмыз? Шіріп өлсін деп тұрғанымыз жоқ па. Көне, қозғал, іске кіріселік. *(Поццоға жақындап барады)* Қас қағымнан соң тағы да бос дүниенің қоршауында қала береміз. *(Ойланады)*.

---

Поццо : Екі жүз!

Владимир : Біз келдік. *(Поццоны көтермек болады. Бірақ шамасы жетпей сүрініп құлап қалады. Тұрамын деп талпынып тұра алмайды).*

Эстрагон : Бәріңе не болған?

Владимир : Көмектес!

Эстрагон : Мен кетемін.

Владимир : Тастама мені. Мыналар өлтіреді.

Поццо : Мен қайдамын?

Владимир : Гого!

Поццо : Маған кел!

Владимир : Маған көмектес!

Эстрагон : Мен кетем.

Владимир : Алдымен маған көмектес. Сосын кетеміз ғой.

Эстрагон : Уәдең бе?

Владимир : Ант етем!

Эстрагон : Қайтып бұл жерге келмейміз ғой?

Владимир : Ешқашан!

Эстрагон : Пиренеиге кетеміз ғой?

Владимир : Қалағаның білсін!

Поццо : Үш жүз! Төрт жүз!

Эстрагон : Мен Пиренеиде серуендеуді жақсы көремін.

Владимир : Серуендейсің.

Эстрагон : *(Кейін серпіліп)* Кекірген кім?

Владимир : Поццо ғой.

Поццо : Мен ғой! Мен! Аяй көр!

Эстрагон : Неткен сасық!

Владимир : Бол! Тез! Қолыңды өкел!

Эстрагон : Мен кетемін. *(Айқайлан)* Мен кеттім!

Владимир : Ерте ме, кеш пе, мен бәрібір тұрамын! *(Талпынады, бірақ тұра алмайды).*

Эстрагон : Саған не болды?

Владимир : Кет, албасты!

Эстрагон : Сен осында қаламысың?

Владимир : Әзірге қала тұрамын.

Эстрагон : Дегенмен тұрсаң қайтеді, суық тиіп қалар.

В л а д и м и р : Мен үшін қиналмай-ақ қой!

Э с т р а г о н : Естимісің, Диди, қырсықпа. (*Владимирге қолын ұсынады. Ол шап беріп ұстай алады*) Тұрсаңшы енді!

В л а д и м и р : Тарт!

Эстрагон оның қолынан тартамын деп сенделіп құлап түседі. Ұзақ үнсіздік.

П о ц ц о : Маған көмектес!

В л а д и м и р : Бөріміз де қасындамыз.

П о ц ц о : Кімсіңдер?

В л а д и м и р : Әйтеуір, адамбыз.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Жер деген рахат екен ғой!

В л а д и м и р : Сен тұрып кете аласың ба?

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : Талпынып көрші.

Э с т р а г о н : Тек әзір емес.

Үнсіздік.

П о ц ц о : Бізге не болды өзі?

В л а д и м и р : (*Ашулы*) Аузыңды жапсаң қайтеді! Әбілет басқыр! Тек өзін ғана ойлайды!

Э с т р а г о н : Ұйықтап алсақ қайтеді?

В л а д и м и р : Сен естідің бе? Не болды деп сұрайды, пәтшағар!

Э с т р а г о н : Онда нең бар, ұйықта.

Үнсіздік.

П о ц ц о : Аясандаршы! Аяндар!

Э с т р а г о н : (*Селк етіп*) Бұл не? Не болды?

В л а д и м и р : Сен ұйықтап кетіп пе едің?

Э с т р а г о н : Иә, ұйықтаған сияқтымын.

В л а д и м и р : Бұл баяғы хайуан Поццо!

Э с т р а г о н : Тыныш жат деп айтсаңшы. Бүйірден жақсылап түйіп жібер.

В л а д и м и р : (*Поццоны ұрып*) Сен ырылдағаныңды қашан қоясың?! Сүмелек!

Поццо ыңырсып, бұлардан аулағырақ жатпақ болып еңбектей бастайды, соқырларға тән алақанымен жер сипалап, Лаккиді шақырады. Владимир шынтақтап басын көтеріп, көзімен бағып жатады.

В л а д и м и р : Кетгі-ау әйтеуір! *(Поццо етпеттеп сұлық түседі)* Тағы да сұлады.

Э с т р а г о н : Енді не істейміз?

В л а д и м и р : Мүмкін, мен анаған еңбектеп барармын.

Э с т р а г о н : Мені тастап кетпе.

В л а д и м и р : Әлде айқайласам ба екен?

Э с т р а г о н : Сөйт, айқайла.

В л а д и м и р : Поццо. *(Үнсіздік)* Поццо! *(Үн жоқ)* Поццо! Жауап бермейді.

Э с т р а г о н : Көне, екеуміз бірдей.

Е к е у і д е : Поццо! Поццо!

В л а д и м и р : Қозғалды.

Э с т р а г о н : Мұның есімі Поццо екеніне сенесің бе?

В л а д и м и р : Месье Поццо! Кері қайт! Біз саған тиіспейміз!

Э с т р а г о н : Басқа бір атпен шақырып көрелікші.

В л а д и м и р : Өліп қала ма деп қорқамын.

Э с т р а г о н : Қызықтың көкесі сонда болады.

В л а д и м и р : Несі қызық?

Э с т р а г о н : Бүкіл адам атаулының есімін айқайлап шықсақ өзімізге де ермек, әйтеуір біреуі дәп келер.

В л а д и м и р : Мұның есімі Поццо деп мен саған айтпап па едім.

Э с т р а г о н : Қазір сынап көреміз. *(Ойланып)* Авель! Авель!

П о ц ц о : Маған кел!

Э с т р а г о н : Әне, көрдің бе!

В л а д и м и р : Білсең, бұл өн мені өбден тойғызып болды!

Э с т р а г о н : Мүмкін, мұның аты Каин шығар? *(Айқайлап)* Каин! Каин!

П о ц ц о : Бері кел!

Э с т р а г о н : Пах, Адам атадан бастап бүкіл есімді тізе берсек те болады екен. *(Үнсіздік)* Мына бір бұлтқа қарашы.

В л а д и м и р : *(Басын көтеріп)* Қайда?

Э с т р а г о н : Әне, көкжиекте.

В л а д и м и р : Ал көрдік. *(Пауза)* Онда тұрған не бар? *(Үнсіздік)*.

Э с т р а г о н : Қалай қарайсың, өңгімеміздің төркінін өзгертсек қайтеді?

В л а д и м и р : Мен де соны айтайын деп отыр едім.

Э с т р а г о н : Сонда не жайында?

В л а д и м и р : Табылат та.

Э с т р а г о н : Алдымен түрегеп алсақ деймін.

В л а д и м и р : Талпынып көрелік.

Екеуі де тұрады.

Э с т р а г о н : Соншалық қиын емес екен ғой.

В л а д и м и р : Тек талабың болсын.

Э с т р а г о н : Ал енді не тұрыс.

П о ц ц о : Көмектесіндер!

Э с т р а г о н : Осы жерден таялықшы.

В л а д и м и р : Кете алмаймыз.

Э с т р а г о н : Неге?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз.

Э с т р а г о н : Иә, рас-ау. *(Пауза)* Сонда не істемекпіз?

П о ц ц о : Көмектесіндер!

В л а д и м и р : Мүмкін, көмектесерміз?

Э с т р а г о н : Бұған өзі не керек?

В л а д и м и р : Тұрсам деп жатыр.

Э с т р а г о н : Ендеше, неге тұрмайды?

В л а д и м и р : Бізге көмектес деп жатыр.

Э с т р а г о н : Онда неге көмектеспей тұрмыз?

Екеуі Поццоның тұруына көмектеседі, бірақ қоя берген кезде қайтадан құлап түседі.

В л а д и м и р : Ұстай тұру керек еді.

Екеуі тағы тұрғызады. Поццо екеуінің мойнынан құшақтап аяғынан зорға тұрады.

В л а д и м и р : Тік тұрып машықтануы керек. *(Поццоға)* Ал, енді қалай?

П о ц ц о : Сендер кімсіңдер?

В л а д и м и р : Танымай тұрсыз ба?

П о ц ц о : Мен соқырмын ғой. *(Үнсіздік)*.

Э с т р а г о н : Мүмкін, бұл болашақты болжайтын шығар?

В л а д и м и р : *(Поццоға)* Қашаннан бері?

П о ц ц о : Менің жанарым керемет жақсы еді.. Сендер доссындар ма, жатсындар ма?

Э с т р а г о н : *(Қарқылдап күліп)* Екеуің доссындар ма деп сұрап тұр!

В л а д и м и р : Жок, маған доссындар ма, жатсындар ма деп тұрған жоқ па?

Э с т р а г о н : Дос болмағанда ше?

В л а д и м и р : Дос екенімізді көмекпен көрсеткен жоқпыз ба.

Э с т р а г о н : Әрине! Дос болмасақ бұған көмектесер ме едік.

В л а д и м и р : Мүмкін, дос болмасақ та көмектесер едік.

Э с т р а г о н : Сөз жоқ.

В л а д и м и р : Жарайды, сол үшін жарыспай-ақ қоялық.

П о ц ц о : Сендер қарақшы емессіңдер ме?

Э с т р а г о н : Біз қарақшыға ұқсаймыз ба?

В л а д и м и р : Жә, қойсаңшы! Бұл соқыр емес пе!

Э с т р а г о н : Ә, иә, албасты басып есімнен шығып кетіпті. *(Пауза)* Өзі солай деді ме?

П о ц ц о : Мені тастай көрмеңіздер!

В л а д и м и р : Ол туралы сөз де жоқ.

Э с т р а г о н : Дәл осы сәтте.

П о ц ц о : Сағат қанша болды?

В л а д и м и р : *(Аспанға қарап)* Сағат сегіз... әлде жеті ме...

Э с т р а г о н : Ол да жыл мезгіліне байланысты ғой.

П о ц ц о : Қазір кеш пе?

Үнсіздік. Владимир мен Эстрагон батып бара жатқан күнге қарайды.

Э с т р а г о н : Маған қайта көтеріліп келе жатқанға ұқсайды.

В л а д и м и р : Мүмкін емес.

Э с т р а г о н : Егер шығып келе жатса ше?

В л а д и м и р : Ақымақтың сөзін айтпа. Күн батыста ғой.

Э с т р а г о н : Оны қайдан білдің?

П о ц ц о : *(Біңырсып)* Кеш болды ма?

В л а д и м и р : Көрдің бе, қозғалмай тұрған жоқ па.

Э с т р а г о н : Мен саған көтеріліп келе жатыр дедім ғой.

П о ц ц о : Неге жауап бермейсіңдер?

Э с т р а г о н : Қателесіп тұрмыз ба деп қорқамыз.

**В л а д и м и р** : Кеш боп қалды, месье, қасқарайып келеді. Менің досым шатасып тұрғаны, соған сеніп мен де мезгілден адаса жаздадым. Ұзақты күнді мен бекер тауысты деймісің, күн де өзінің репертуарын аяқтап келеді. *(Пауза)* Айтпақшы, қазіргі қаліңіз қалай?

**Э с т р а г о н** : Мұны қашанға дейін сүйреп жүрмекпіз? *(Екеуі сөл босатпақ болғанда Поццо кирелең ете қалады)* Біз мұның құлы емеспіз ғой!

**В л а д и м и р** : Егер мен қағыс естімесем, айтуыңызша кезінде жанарыңыз жақсы екен ғой?

**П о ц ц о** : Иә, керемет болатын.

**Э с т р а г о н** : *(Жақтырмай)* Қозғал! Қозғалсаңшы!

**В л а д и м и р** : Мазасын алма. Көрмейсің бе, өткендегі өмірін есіне алып тұрған жоқ па. Өткеннің бақытты сәті — бүгіннің мұны мен өкініші.

**Э с т р а г о н** : Бізде еске алар да ештеңе жоқ.

**В л а д и м и р** : Сонда аяқ астынан болды ма?

**П о ц ц о** : Несін айтасың, ғажап еді-ау!

**В л а д и м и р** : Қалай болды деп сұрап тұрмын ғой.

**П о ц ц о** : Бір күні ұйқыдан соқыр боп тұрдым. *(Пауза)* Кейде өлі күнге ұйықтап жүрмін бе деп те ойлаймын.

**В л а д и м и р** : Қашаннан бері?

**П о ц ц о** : Білмеймін.

**В л а д и м и р** : Бірақ, күні кеше ғана...

**П о ц ц о** : Енді ештеңе сұрама. Соқырлар уақыттан адасып қалған. *(Пауза)* Көз көрмеген соң уақыт та көңілден өшеді.

**В л а д и м и р** : Мен керісінше ғой деп ойлаушы едім.

**Э с т р а г о н** : Мен кетемін.

**П о ц ц о** : Біз қай жерде тұрмыз?

**В л а д и м и р** : Білмеймін.

**П о ц ц о** : Бұл жердің аты Ла-Планш емес пе?

**В л а д и м и р** : Оны да білмедім.

**П о ц ц о** : Жалпы неге ұқсайды?

**В л а д и м и р** : *(Жан-жағын шолып)* Ұқсататын ештеңе көре алмай тұрмын. Жалғыз ағаштан басқа дым жоқ.

**П о ц ц о** : Ендеше, бұл Ла-Планш емес.

**Э с т р а г о н** : Сен осыны да ермек деп тұрмысың?

**П о ц ц о** : Менің қызметшім қайда?



В л а д и м и р : Осында.

П о ц ц о : Менің шақырғанымға неге үн қатпады?

В л а д и м и р : Білмедім. Ұйықтап жатқан болар. Әлде өліп қалды ма?

П о ц ц о : Шындығында өзі не болды?

Э с т р а г о н : Шындығында?

В л а д и м и р : Екеуің де құлап түстіндер.

П о ц ц о : Барып көріңіздер, мүмкін жарақаттанып қалған шығар.

В л а д и м и р : Бірақ сізді сонда кім сүйейді?

П о ц ц о : Біреуің-ақ барындар.

В л а д и м и р : (*Эстрагонға*) Сен барып көрші.

П о ц ц о : Иә, досыңыз барып көрсін, өзімің өне бойынан бір сасық иіс мұңкіп тұр.

В л а д и м и р : Барып оятшы.

Э с т р а г о н : Маған жасаған қиянатынан соң өмірі маңайын баспаспын!

В л а д и м и р : Ә, ақыры оның саған не істегені есіңе түсті ме?

Э с т р а г о н : Оны маған сен айтқансың.

В л а д и м и р : Иә, ол рас. (*Поццоға*) Менің досым қорқып тұр.

П о ц ц о : Қорқатын ештеңе жоқ.

В л а д и м и р : (*Эстрагонға*) Айтпақшы, әлгі сен көрген адамдар қалай қарай кетті?

Э с т р а г о н : Білмеймін.

В л а д и м и р : Мүмкін, бір жерде тығылып бізді андып тұрған шығар?

Э с т р а г о н : Соны айтам-ау.

В л а д и м и р : Аяқ суытып.

Э с т р а г о н : Соны айтам-ау.

В л а д и м и р : Мүмкін, кері қайтқан шығар?

Э с т р а г о н : Соны айтам-ау.

В л а д и м и р : Мүмкін, елес шығар?

Э с т р а г о н : Соны айтам-ау.

В л а д и м и р : Мүмкін бір жерге тоқтаған болар?

Э с т р а г о н : Соны айтам-ау.

В л а д и м и р : Мүмкін, саған солай көрінген болар?

Э с т р а г о н : Соны айтам-ау.

Поццо : Енді нағып тұр?

Владимир : *(Эстрагонға)* Енді не күтіп тұрсың?

Эстрагон : Годоны.

Владимир : *(Поццоға)* Менің досым қорқып тұр деп айттым ғой. Кеше сіздің қызметшіңіз мұны теуіп жіберген, жазығы оның көз жасын сүртейін дегені.

Поццо : Бұларды ешқашан мүсіркеудің қажеті жоқ. Бұлар оны түсінбейді.

Владимир : Сонда менің досым не істеуі керек?

Поццо : Алдымен қылқынып қалмас үшін ептеп арқаннан тартсын. Егер оған оянбаса бастан, іштен былшылдатып тепсін.

Владимир : *(Эстрагонға)* Көрдің бе, қорқатын дөнеңе жоқ. Қайта өшінді алуға жақсы болды.

Эстрагон : Егер ол қарсыласса ше?

Поццо : Жоқ, жоқ, ол ешқашан қарсылық жасаған емес.

Владимир : Мен саған көмекке барам ғой.

Эстрагон : Тек менен көз айырма! *(Лаккиге барады)*.

Владимир : Алдымен байқашы, өліп қалған жоқ па екен. Онда өлікті тепкілеп нең бар.

Эстрагон : *(Лаккиге еңкейін)* Тынысы бар.

Владимир : Ендеше былшылдат!

Эстрагон кенет есіріп Лаккиді тебе бастайды. Бірақ аяғын ауыртып алып ақсаңдап, жыламсырап кейін шегінеді. Лакки есін жияды.

Эстрагон : *(Сыңар аяқтап)* Ах, хайуан! *(Отырып шарқайын шешпек болады, одан ештеңе шығара алмай бетін басып отырып қалады)*.

Поццо : Тағы не боп қалды?

Владимир : Менің досым жарақаттанып қалды.

Поццо : Ал Лакки ше?

Владимир : Расында бұл Лакки ма?

Поццо : Не?

Владимир : Бұл расында Лакки ма?

Поццо : Түсінбедім.

Владимир : Ал сіз ше, Поццосыз ба?

Поццо : Әрине, мен Поццомын.

Владимир : Кеше ғана осында болған?

П о ц ц о : Кеше?

В л а д и м и р : Біз кеше кездеспеп пе едік? *(Үнсіздік)*  
Есіңізде ме?

П о ц ц о : Кеше кіммен кездескенім есімде жоқ. Ал бүгін кіммен кездескенім ертең есімде қалмайды. Менен бірдеме білемін деп үміттенбеңіз. Жә, осы да жетер! Түр!

В л а д и м и р : Сіз мұны сатпақ болып өулие Спастың жәрмеңкесіне апара жатқансыз. Бізбен өңгімелестіңіз. Бұл биледі. Сосын ойланды. Көзіңіз де көретін.

П о ц ц о : Мейлі, солай-ақ болсын. Мені босатыңыз.  
*(Владимир кейін шегінеді)* Түр!

В л а д и м и р : Тұра бастады.

Лакки тұрып заттарын жинайды.

В л а д и м и р : Қай жаққа жол тарттыңыз?

П о ц ц о : Онда менің шаруам жоқ.

В л а д и м и р : Қатты өзгеріссіз!

Лакки жүгін көтеріп Поццоның алдына шығады.

П о ц ц о : Бишік! *(Лакки жүгін қойып бишікті Поццоның қолына ұстатады да қайтып кеп жүгін көтереді)* Арқан!  
*(Лакки жүгін қойып, арқанды Поццоның қолына ұстатып, қайтып кеп жүгін көтереді).*

В л а д и м и р : Чемодандағы не зат?

П о ц ц о : Құм! *(Арқанды сілкіп)* Бас аяғыңды!

Лакки қозғала бастайды. Поццо соңынан ереді.

В л а д и м и р : Бір минут!

Поццо тоқтайды. Арқан керіліп, Лакки құлап, бүкіл жүгі шашылып қалады. Поццо теңселіп барып, арқанды қоя беріп аман қалады. Владимир оны сүйей қояды.

П о ц ц о : Не болды?

В л а д и м и р : Лакки құлап қалды.

П о ц ц о : Ұйықтап қалмай тұрғанда тезірек тұрғызып жібер.

В л а д и м и р : Босатып жіберсем сіз құлап қалмайсыз ба?

П о ц ц о : Құламаспын.

В л а д и м и р : *(Лаккиді теуіп)* Түр! Шошқа! *(Лакки тұрып жүгін жинайды)* Мынау тұрды.

П о ц ц о : Арқан!

Лакки жүгін қойып, арқанды Поццоның қолына ұстатады да қайтып кеп жүгін көтеріп алады.

---

В л а д и м и р : Кетпей тұра тұрыңыз.

П о ц ц о : Біз жүреміз.

В л а д и м и р : Айдалада құлап қалсаңыз, қалай тұрасыз?

П о ц ц о : Мүмкіндік болғанша жата береміз. Сосын тағы жүреміз.

В л а д и м и р : Жүрер алдында бұған ән салдырасыз ба?

П о ц ц о : Кімге?

В л а д и м и р : Лаккиге.

П о ц ц о : Ән?

В л а д и м и р : Иә, өлде ойлана ма? Мүмкін өлең оқыр?

П о ц ц о : Бұл мылқау ғой.

В л а д и м и р : Мылқау?!

П о ц ц о : Тас керең! Бұл тіпті ыңырси да алмайды!

В л а д и м и р : Тас керең? Қашаннан бері?

П о ц ц о : (*Кенет ашуланып*) Сіз таусылмайтын сұрағыңызбен менің мазамды алғанды қоясыз ба?! Ақылға симайтын нәрсе ғой! Қашан? Қашан? Қай күні? Жұрт секілді бір күні бұл тіл-аыздан айырылды, бір күні мен көзден айырылдым, бір күні бәріміз естуден қаламыз, бір күні бәріміз де жарық дүниеге келгенбіз, бір күні бәріміз де өлеміз, бұл сізге аз ба?! (*Сабырмен*) Бала табады, көрге түседі, бір сәтте дүние қараңғы тартып, мәңгілік түн басады! (*Арқанды сілкіп*) Бас аяқты!

Екеуі кете береді. Владимир оларды сахнаның шетіне дейін көзімен шығарып салады. Алыстан гүрс еткен дыбыс естіледі, Владимирдің бет құбылысынан олардың тағы да құлағанын білеміз. Үнсіздік. Владимир ұйықтап отырған Эстрагонға келіп біраз қарап тұрады да ақыры оятады.

Э с т р а г о н : (*Қолын ербеңдетіп, түсініксіз бірдемелерді айтып, ақыры оянады*) Сен маған ұйқы бересің бе, жоқ па?!

В л а д и м и р : Мен жалғызсырап қалдым ғой.

Э с т р а г о н : Мен түсімде сондай бақытты едім...

В л а д и м и р : Соның өзі-ақ уақыт өлтіруге жетіп жатыр.

Э с т р а г о н : Түсімде бар ғой...

В л а д и м и р : Жә, оттама! (*Пауза*) Япырмай, расында соқыр ма екен?

Э с т р а г о н : Кім?

В л а д и м и р : Нағыз соқыр уақыт туралы түсінігім жоқ деп айтар ма еді?

Э с т р а г о н : Оның кім?

В л а д и м и р : Поццо.

Э с т р а г о н : Ол соқыр ма еді?

В л а д и м и р : Өзі айтты.

Э с т р а г о н : Айтса ше?

В л а д и м и р : Ол бізді көріп тұрған сияқты еді.

Э с т р а г о н : Көзіңе бірдеме елестеген де. *(Пауза)* Кетелікші осы жерден. Айтпақшы, кете алмайды екеміз-ау. *(Пауза)* Әлгінің сол еместігіне сен сенемісің?

В л а д и м и р : Кім?

Э с т р а г о н : Годо.

В л а д и м и р : Кімді айтасың?

Э с т р а г о н : Поццоны.

В л а д и м и р : Жоқ-ө! Жоқ! *(Пауза)* Жоқ!

Э с т р а г о н : Дегенмен менің тұрғаным дұрыс шығар. *(Орнынан өзгер тұрып)* Ой!

В л а д и м и р : Мен не ойлауды да білмей тұрмын.

Э с т р а г о н : Ой, аяғым-ай! *(Қайтадан отырып шарқайын шешпек болады)* Көмектесіп жібер!

В л а д и м и р : Біреулер қиналып жүргенде мен ұйықтап жаттым ба екен? Қазір де ұйықтап тұрған жоқпын ба? Ертең ояна келіп бүгінгі күн туралы не айтпақпын? Дәл осы жерде қасқарайғанша досым Эстрагонмен Годоны күтім демекпін бе? Қызметшісіне еріп Поццоның келгені, бізбен өңгімелескені есімде қала ма? Сөз жоқ. Бірақ осының расы қайсы, өтірігі қанша?

Эстрагон шарқайын шеше алмай, ақыры қайтадан қалғып кетеді.

В л а д и м и р : Мынау ғой ештеңені білмейді. Қиратқанда қалай таяқ жегенін, менің оған сөбіз бергенімді айтар. *(Пауза)* Тарбайып көрде жатқандар азаппен жарық дүниемен қоштасар. Шұңқырдағы қабыршы күрегін оңтайланып ол тұр. Уақыт – қартаю үшін қажет. Ауа біздің жаңғырығымызбен арамдалған. *(Тыңдап)* Әдет – өлем тынысын түншықтырушы. *(Эстрагонға қаран)* Маған да өлдекімдер қарап тұрған шығар: Ұйықтап тұр, дым білмейді, мейлі ұйықтай берсін деп ойлар. *(Пауза)* Шыдам таусылды. *(Пауза)*

---

за) Осы мен не деп кеттім? (Сахнада арлы-берлі сенделіп жүреді, тоқтап көкжиекке үңіледі. Сол жақ бұрыштан бала шығады. Баяғы сол бала. Үнсіздік)

Б а л а : Месье... (Владимир бұрылып қарайды) Месье Альбер...

В л а д и м и р : Міне, бөрі қайта басталды. (Пауза. Балаға) Сен мені танысың ба?

Б а л а : Жоқ, месье.

В л а д и м и р : Кеше келген сен бе?

Б а л а : Жоқ, месье.

В л а д и м и р : Бірінші келгенің бе?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Неғайбыл ғой?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Месье Годо жіберді ме?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Бүгін ол келмей ме?

Б а л а : Келмейді, месье.

В л а д и м и р : Бірақ ертең келетін шығар?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Жолда біреулерді кездестірдің бе?

Б а л а : Жоқ, месье.

В л а д и м и р : Екі ер адамды?

Б а л а : Ешкімді көргем жоқ, месье.

В л а д и м и р : Месье Годо не істеп жатыр? (Пауза) Естимісің?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Сосын?

Б а л а : Ол түк те істемейді, месье.

В л а д и м и р : Ағаңның жайы қалай?

Б а л а : Ол ауырып жатыр, месье.

В л а д и м и р : Мүмкін кеше келген сол шығар?

Б а л а : Білмедім, месье.

Үнсіздік.

В л а д и м и р : Месье Годо сақалды ма?

Б а л а : Иә, месье.

В л а д и м и р : Сары ма, қара ма?

Б а л а : Көкшулан ғой деймін, месье.

Үнсіздік.

В л а д и м и р : Ой, құдай-ай!

Үнсіздік.

Б а л а : Месье, месье Годоға не айтып барайын.

В л а д и м и р : Сен оған айт... (*Ойланым*) сен оған айт, мені көрдім де... (*Ойланым*) Мені көрдім дерсің.

Пауза. Владимир балаға таман бір аттайды. Бала кейін шегінеді. Владимир кілт тоқтайды. Бала да тоқтайды.

В л а д и м и р : Сен мені көргеніңе көзің жете ме? Ертең мен сені көргенім жоқ деп жүрмейсің бе?

Үнсіздік. Владимир балаға тап береді. Бала қас қағымда зып беріп жоқ болады. Үнсіздік. Күн ұясына батып, ай туады. Владимир қақшиып қатып қалған. Эстрагон оянып, шарқайын шешеді де қолына ұстап сахнаның алдына өкеліп қояды, Владимирге келіп, бетіне үңіліп қарайды.

Э с т р а г о н : Саған не болған?

В л а д и м и р : Ештеңе болған жоқ.

Э с т р а г о н : Мен кетемін.

В л а д и м и р : Мен де.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Мен ұзақ ұйықтадым ба?

В л а д и м и р : Білмеймін.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Қайда бармақпыз.

В л а д и м и р : Алысқа ұзамаспыз.

Э с т р а г о н : Жоқ, осы жерден аулағырақ кетейікші.

В л а д и м и р : Болмайды.

Э с т р а г о н : Неге?

В л а д и м и р : Ертең тағы осында келеміз.

Э с т р а г о н : Неге?

В л а д и м и р : Годоны күтеміз.

Э с т р а г о н : Ә, иә. Ол келмеді ме?

В л а д и м и р : Жоқ.

Э с т р а г о н : Қазір кеш болды.

В л а д и м и р : Иә, қас қарайды.

Э с т р а г о н : Соған қолды бірақ сілтесек қайтеді?  
(Пауза) Қолды бірақ сілтесек!

В л а д и м и р : Сосын ол жазамызды береді. (Үнсіздік. Ағашқа қарайды) Осыдан басқа тіршілік жоқ.

Э с т р а г о н : (Ағашқа қарап) Бұл не өзі?

В л а д и м и р : Ағаш қой.

Э с т р а г о н : Қандай ағаш?

В л а д и м и р : Білмеймін. Сәмбі шығар.

Э с т р а г о н : Көне, көрелікші. *(Владимирді жетелей жөнеледі. Екеуі де ағашқа қарап қалт тұрып қалады. Үнсіздік)*

Асыла салсақ қайтеді?

В л а д и м и р : Арқан қайда?

Э с т р а г о н : Сенде жоқ па?

В л а д и м и р : Жоқ.

Э с т р а г о н : Онда бос әуре.

В л а д и м и р : Жүр, кетелік.

Э с т р а г о н : Токта, менде белбеу бар.

В л а д и м и р : Тым қысқа ғой.

Э с т р а г о н : Сен мені аяғымнан тартып қаласың.

В л а д и м и р : Ал менің аяғымнан кім тартады?

Э с т р а г о н : Иә, рас-ау.

В л а д и м и р : Дегенмен көрелікші.

Эстрагон ышқырын байлаған жіпті шешкенде шалбары аяғының басына түседі. Екеуі жіпке үңіліп қарайды.

В л а д и м и р : Мүмкін, жарап қалар. Мықты ма еді?

Э с т р а г о н : Қазір көреміз. Ұста.

Эстрагон мен Владимир жіптің екі басынан ұстап тартады. Жіп үзіліп кетіп, екеуі құлап қала жаздайды.

В л а д и м и р : Түкке де жарамайды.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Ертең қайта келу керек дедің бе?

В л а д и м и р : Иә.

Э с т р а г о н : Сонда мықты арқан алып келеміз.

В л а д и м и р : Сөйтеміз.

Үнсіздік.

Э с т р а г о н : Диди!

В л а д и м и р : Иә.

Э с т р а г о н : Менде шыдам қалмады.

В л а д и м и р : Ол айтарға ғана.

Э с т р а г о н : Екеуіміз ажырассақ қайтеді? Мүмкін, сонымыз дұрыс болар?

В л а д и м и р : Ертең онсыз да асыламыз ғой. *(Пауза)*  
Егер Годо тағы да келмей қалса.

Э с т р а г о н : Ал егер келсе ше?



В л а д и м и р : Онда құдайдың сақтағаны. (*Қалпағын шешеді, бұл Лаккидің қалпағы. Ішіне үңіліп, қолымен сипайды, сілкілеп қайта киіп алады.*)

Э с т р а г о н : Сонымен кеттік пе?

В л а д и м и р : Шалбарыңды ки.

Э с т р а г о н : Немене?

В л а д и м и р : Бұтыңды жап.

Э с т р а г о н : Шалбарымды шешейін бе?

В л а д и м и р : Шалбарыңды ки!

Э с т р а г о н : Иә, рас-ау. (*Шалбарын киеді. Үнсіздік.*)

В л а д и м и р : Сонымен кеттік қой?

Э с т р а г о н : Кеттік.

Орындарынан тапжылмайды.

*Шымылдық.*

**ДАРИО ФО**

(1926 ж.)

*Италия драматургі,  
Нобель сыйлығын  
1997 жылы алған.*

**ҚЫСҚАША  
МАҒЛУМАТ**

1926 жылы теріскей Италияда, Швейцариямен шектес Вареза провинциясында т е м і р ж о л ш ы н ы ң отбасында туған. Талантты актер, белгілі режиссер, қазіргі Италияның ең атақты драматургі Дарио Фо қырық жыл бойы театр сыншылары мен театр қауымының назарынан түспей келеді. Антифашистік идеалды түйетін ұстаған Феличе Фоның отбасы драматургінің көзқарасын қалыптастыруға қатты әсерін тигізген. 1997 жылы Дарио Фо Нобель сыйлығына ие болды дегенді естігенде Италияның қоғамдық пікірі қақ жарылды: солшыл, демократиялық бағыттағы баспасөз бөркін аспанға лақтырды да буржуазиялық-консервативтік басшылар қызғаныштан жарылып кете жаздады. Дарио Фо коммунистік партияның мүшесі болмаса да Нобель сыйлығын алған кезде әйелі Франка Наме: “Құдай бар, және ол коммунист!” деген екен, бүкіл газеттер осыны бадырайтып басыпты. Соңғы жылдары Дарио Фо Франка Наме екеңі бірлесіп, жазып жүр. “Байы бар, Басы бос” комедиясы соның бірі. Статистиканың есебі бойынша, дүниежүзінде Дарио Фоның күніне 400 комедиясы сахнаға шығады екен. Драматургінің көрмеген қиянаты жоқ жөшеде оны ұрып-соққан, баспа жүзінде қорлаған, әйелін де ұрлатқан, түрмеге қамаған, 47 дүркін сотқа тартылған. Себебі — буржуазиялық бюрократияны, билік басындағыларды ашықтан ашық маза етіп сынағаны. Соған қарамастан драматург позициясынан танбай, өмірін күреспен өткізіп келеді.

## “БАЙЫ БАР, БАСЫ БОС”

(трагикомедия)

### К Е Й І П К Е Р Л Е Р :

Антония (әйелі)

Еркек (күйеуі)

Профессор (Антонияның ашынасы)

К ү й е у і: Антония, ақымақ болма!.. Бері шық, естимісің? Не істеп жатырсың? Мүмкін сенікі дұрыс шығар, кінәлі мен-ақ болайын, тек бері шықшы... Айналып кетейін, есікті ашшы. Жақсылап сөйлеселік! Болмасқа трагедия жасаудың қажеті қанша? Тебіспей-ақ текті адамдардай табыспаймыз ба. (*Құлыптың саңылауынан сығалап*) Не істеп жатырсың? Жарымес, ақымақ!..

А н т о н и я: (*Залға*) Ваннаға кіріп алып, тығылып отырған ақымақ қатын — мына мен. Ал есік сыртында бақырып, маған шық деп жалбырынып тұрған — менің байым.

К ү й е у і: (*Әйелі ваннада отырғандай*) Антония, өтінем, берменшықшы!

А н т о н и я: Мен ғой, мұнда дәріден қойыртпақ ішіп отырмын: седуксен, тазепам, люминал, веронал, элениум, реланиум, қойшы өйтеуір, онсегіз түрлі... бәрін жалмап жатырмын!..

К ү й е у і: Антония, бірдеме десеңші.

А н т о н и я: Байым жедел жәрдем шақырды... Демек, қазір жетіп келеді... Тағы да есікті сындырады-ау...

К ү й е у і: Қазір жедел жәрдем келеді. Есікті сындырады. О, жаратқан! Осымен бір айда үш дүркін!..

А н т о н и я: Азаптың ең сорақысы — ұлтабарыңды жуғаны... әлгі резеңке ішекті кеңірдегіңе тығып жібергенде... басың бір жұмадай шойындай боп алыптүсіп тұрғаны... Үй-ішінен де қысыласың, бетіңе түзу қара-

май бөрі де психоанали... анализке...аналитикке бар деседі...  
Амадым қанша — бардым. Әлгі аузына түтік тістеген итгің  
қоясы маған сағат бойы жапалақтай бақырайып отырып  
алғаны. Бір кезде: "синьора, жыла, жыласаңшы!" деп  
барқ еткені.

К ү й е у і: Антония, бірдеме десеңші! Ең болмаса ыңыр-  
сышы! Тірі екенінді білейін. Әйтпесе мен қазір таям, содан  
қайтып мені көрмейсің! *(Құлыптың саңылауынан сығалай-  
ды)*

А н т о н и я: Шынымды айтсам, бұл о дүниеге аттанбақ  
болған менің бірінші ерлігім емес.

К ү й е у і: Сен өнеу сары түйіршікке тиіспе, ол менің  
демікпеге деген дәрім ғой!

А н т о н и я: Өткен жолы терезеден секіріп кетпек  
болып едім... байым балтырымнан шап беріп ұстап қалға-  
ны.

*(Әйел жүгіріп ашық терзеге барады да кәсекке шыға  
бергенде күйеуі тақымынан ұстай алады)*

К ү й е у і: Жалынам, бермен түсші. Дұрыс айттың, мен  
бейшара жанмын, бірақ енді қайталасам жаным шықсын!

А н т о н и я: Ой, менің сенде шаруам қанша, қаңғыра  
бер әлгі миын күрт жеген қатындарыңмен!

К ү й е у і: Бәсе, миын күрт жемесе қатып тұрған қатын-  
дар екен ғой? Түс!.. Сөйлеселік... еденге жатып...

Антония: Адыра қал! Қазір қарғимын!..

К ү й е у і: Қарғымайсың!

А н т о н и я: Қарғимын!

К ү й е у і: Сүйегінді үгітіп жіберем!

А н т о н и я: Жібер!

К ү й е у і: Үгітіп жіберем!

А н т о н и я: *(Бақырып)* А-а-а-а! *(Көрермендерге бұрылып)*  
Расында сындырды! Жіліншігімді сындырып жіберді! На-  
құрыс! *(Кәсектен түседі, күйеуі оған балдақ береді)* Ай бойы  
гипсте жаттым. Ай бойы! Әйтеуір тірі қалғаныма да шүкір.  
Жұрттың бөрі: "шаңғы теуіп пе едің?" деп жабысады. Арам  
қатқырлар! *(Ақсаңдап үстелге барады да балдағын тастап,  
жәшіктен пистолет алады)* Бұдан соң атылып өлгім де келеді.

К ү й е у і: Тоқта, тоқта, жарымес! Мен мұны тіркеткем  
жоқ. Мені түрмеге қаматқың келеді ме?!

А н т о н и я: *(Көрермендерге)* Менің өлгім келгенінің бар себебі: бұл мені сүймейтін болды, етегімді де ашпай қойды. Трагедия қашанда мұның жүріс қылатын сарауыздығынан басталатын. *(Пистолетті самайына тақайды)*

К ү й е у і: Ойпырау, түсінсеңші, басқа өйелдерге барғанда менің бар шаруам — тек секс қана *(Пистолетті тартып алмақ болады)*

А н т о н и я: *(Жұлқыныл шығып)* Ал менімен ше... секс те жоқ қой!

К ү й е у і: Сенің жөнің бөлек қой... Менің саған деген махаббатым...

А н т о н и я: Е-е, шіркін-ай, аспандауын! Еркек пен ұрғашыны жарастыратын не? Тек махаббат па? Көтімді сүртейін!

К ү й е у і: О-о-о!

А н т о н и я: *(Көрермендерге)* Ашуланған кезде бәдік боп кететін өдетім... Байым менен өткен и ауыз, сосын мен де шыдамай кетем... Мұның төсекке жоламағанына, көрпемді ашпағанына қай заман!

К ү й е у і: Жұртқа барыңды көрсеткенге ұялсаңшы.

А н т о н и я: Ах, мұның ұяла қалғанын кара! *(Көрерменге)* Әуелде, шаршап жүрген шығар, сырқаттанып қалды ма деп ойладым. *(Терезенің тұсынан көлденеңдеп өтпек болады. Күйеуі жібермейді)*.

К ү й е у і: Абайла! Бесінші қабаттан құласаң дымың қалмайды, терезенің ар жағында тіреу жоқ.

А н т о н и я: Есің дұрыс па? Бұл сахна ғой...

К ү й е у і: Сахна мына жерден бітеді.

А н т о н и я: Мен рольді ойнап жүрмін, жұртқа өзімнің өмірімді баяндап жүрмін. Мен ойынды доғарсам, сенің терезең де жоғалады. Қалай жүрем, қайда барам - өз еркім. Сөзімді бөлме. Мен жұртпен сөйлесіп тұрған жоқпын ба. *(Көрермендерге)* Сөйтіп, бұл неме шаршаған шығар деп жүрсем... бұл қайнатып жүр екен. Әрине, басқа өйелдермен. Жаным шырқыраған кезде бұдан сұраймын ғой: “Сен мені неге терлетпейсің? Немене, мен ұрғашы емеспін бе?” деп. *(Көрермендерге)* Бұл жауаптан тайқып шыға келеді.

К ү й е у і: Кім? Мен бе?

А н т о н и я: Иә, сен, сен! *(Көрермендерге)* Тіпті бәрін саясатқа жапқысы да келді.

К ү й е у і: Мен бе? (Көсекке шығып, аяғын сыртқа салбыратып отырады).

А н т о н и я: (Зәресі кетіп) Абайла! Құлап кетесің!

К ү й е у і: Мен де рольді ойнап жүрген жоқпын ба!

А н т о н и я: Қатқаны! Сен расында бесінші қабатта отырсың! (Күйеуі көсектен түседі. Көрермендерге) Бәрі саясатқа жапты... Көрдiңiздер ме... Қараңғы түн... Екеуміз төсекте жатырмыз... Ауымды шешейін бе десем... "Қымбаттым, түсінсеңші, зауқым жоқ...ел күйреп, инфляция өршіп тұрғанда..." деп жалтарды.

К ү й е у і: Енді қалай? Инфляцияны мен ойлап тапқам жоқ, өмірдің шындығы. Өтірік пе, көптеген саяси қозғалыстар күйреген соң алданып қалған жоқпыз ба. Аяғымыздың асты — ор. Ал манайымыз ше? Жауапсыздық, жалған сөз!

А н т о н и я: Браво! Біреулер саясаттан түңіліп, отбасын тастайды, бала-шағасын қанғытып, экологияға жүгіреді. Енді біреулер, қызметті қойып диетикалық ресторан ашады. Үшіншісі, әйелін тастап жәлепхана ашады... өзінің жеке басы үшін. Бәріне кінәлі саясат!

К ү й е у і: Иә, дұрыс айтасың, бәрі ақымақтық. Мен сонда төсек былғанышының коллекционері болғаным ғой... Ағымнан жарылсам... сенің орның басқа... (Әйеліне келіп барынтасымен сүйсіне құшақтайды) Сен жарық дүниедегі жалғызымсың... сенсіз маған өмір жоқ... панам да сенсің... анам да сенсің!

А н т о н и я: (Буынып сөйлеп) Анам дейсің бе?! Жарық-адың! Анам дейді! Дәрежемді өсірдің! Рақмет! Әйел — мемлекеттік бюрократ. Бюрократ қажетсіз бола қалса, өсіріп жібереді де өлдебір бөк кеңсеге директор етіп сайлай салады! Мен де сол: "Құрметті ана!" Жоқ, қымбаттым! Онанда көшенің көнізегі болғаным артық, төсекке алып ұрып, былшылдатып баса беретін! Мен саған бүйен емшек төсеніш емеспін! Анашым! Өзің ойлашы, осының өзі қорлау, пасықтық емес пе! Мені сортирге лақтыра салатын ескі бөтіңке деп пе едің?! Анашым!.. Қаласам кез келген еркектің басын шырқ айналдырам! (Күйеуі кекесін мырс етеді) Сен өйтіп кекесін ыржиып, шіренбей-ақ қой! Мен өлі көрсетем... Дәп сенің жұмыс орныңның қарсысынан

жалапхана ашамын! *(Күйеуі тағы да мырс етеді)* Қолыма плакат ұстап арлы-берлі жүргенімді көрсен: “Инженер Мамбреттидің иіс майы аңқыған мұнтаздай қатыны сатылады. Кәсіподақ мүшелеріне жеңілдік!”

К ү й е у і: Сенен мұны да күтуде болады! Сен, ақ көңілді ашып тастаған пәк сезіміме қақырып отырғаныңды білемісің?!. *(Осыны айтып Антонияға жақындай түсіп пистолетті тартып алмақ болады).*

А н т о н и я: Ал, сөйле! Түсіндір, миыма құй, көрінген ұрғашыға қарғып мініп, шөге салатын бұл неткен қышыныс?! Сені СПИД те алмайды! Жіберші пистолетті... Қорықпа, атылып өлмеймін.

К ү й е у і: Шын сөзің бе?

А н т о н и я: Шын сөзім, атылмаймын... айнып қалдым. *(Күйеуі қолын қоя береді)* Айнып қалдым... Онанда сені атпаймын ба!

К ү й е у і: Сен қылжақты қой!

А н т о н и я: Мен қылжақтап тұрған жоқпы. *(Күйеуін тура көздемей атып жібереді)*

К ү й е у і: *(Есі кетіп)* Жындандың ба?! Мені атқаны несі?!. Егер тиіп кетсе қайтер едің?! Мен роль ойнап жүрген жоқпын ба!

А н т о н и я: Жап аузыңды! Қолыңды көтеріп, қабырғаға жабыс! *(Көрермендерге мезген)* Қазір мына көппен сөйлесіп алайын, сосын сені жалп еткізем! Қозғалмай тұр! *(Көрермендерге)* Бірақ бір күні менің байым қарсы шабуылға шықты.

К ү й е у і: Сонда отбасының берекесі үшін сен өзің не істедің? Төзімім таусылып, жас иіс аңсап үйден қашқанымда, күй таңдап, қызық аулап арпалысқанымда сен мені түсіндің бе?

А н т о н и я: Оу, сүйіктім... сезім күйттеп, жаңа иіс іздеп жүрмін деп сонда неге айтпадың?! Оны отбасынан аулақтан іздеудің не қажеті бар еді? Қазір мен саған көрсетем сезімнің қандай екенін... Тек бір оқ жалынсын... және қай жеріңнен ататынымды да білемін. *(Күйеуінің шабын көздейді, ол бұтын қыса қояды)* Иә, сонымен... *(Көрермендерге)* Менің байым қарсы шабуылға шықты... Естімегенім жоқ... “біз бір-бірімізбен жиі шүйіркелесіп тұруымыз керек” деді ме-

ау, “біздің некемізді сақтайтын мәдениет” деді ме-ау, надандықты даттап, тоғышарлықты боқтап шықты.

К ү й е у і: Иә, рас! Ерлі-зайыптылардың адалдығы зиялы қауымға жүрмейді. Өйткені, тату-төтті, ажырамас қосақ жөніндегі қырт өңгіменің төркіні-отбасына дәулет жию, әйелді еркекке табынышты етудің амалы. Түсінсеңші, мен басқа әйелдермен өмпей-жөмпей жасасам да сенімен достық қарым-қатынастымды үзбей... Махаббатымды қорғап, мөпелеп, ең бастысы — сыйлап бақпаймын ба!

А н т о н и я: Сен осыны өзің ойлап таптың ба, өлде “Жас жұбайларға кеңес” хабарынан жаттағаның ба? Үш секундтың ішінде жиырма сегіз жауыр болған таптаурын аксиома. Достық... сыйластық... Мұны өжеңе барып айт! Менің қалайтыным, байымның сүйгені, бассалып төсекке лақтырып, аяусыз езіп, таптап, ақырында бұтымды жия алмай серейіп жатсам деймін! Сыйлау, достық! Әбден зеріктім! Ерікті неке — мен үшін емес! Жетер! Төзім таусылды! Менің байым тағы біреудің төсегін тоздырғанына көнбеймін!.. Менің характерім ондайды көтере алмайды!.. Өйткені мен жекеменшіктің адамымын... жылым “шаян”. Дұрысын айтсам, жұлдыздың ішіндегі ең құдай соққаны. Көз алдыма елестетіп көрейінші: қоңырау ызылдады, барып аштым. “Бұл кім? Менің байым. Ал мынау кішкентай қыз кім?” Танысып қой, күнім, мынау менің жарым... Мынау қалыңдығым...” Әйбөт екен. Шырағым, нешінші сыныпта оқисың? Төрлет, ас дайын түр... Мынау түнемел... айтпақшы, біздің түнемел... сен қобалжыма, мен кетем... Мен басқа бөлмедегі диванға бүрісіп жата кетем ғой... ырсылдап-күрсілдей беріңдер, ышқынып ыңырсуларыңа да болады... Мені ойламаңдар, құлағыма мақта тығыш аламын”. ...Саған керегі осы ма? Көтіңе қара! Сенің еркін некең — итке ғана жарасады! Одан талайдың аузы күйген!..

К ү й е у і: Несі бар? Басқаның ауызы күйе берсін, ал біз еркіндікте жүзіп жүруіміз керек. Еркіндіктің ерлі-зайыбы болғанымыз жақсы емес пе!

А н т о н и я: Еркін ерлі-зайып? (*Пистолетті күйеуіне көзден*) Онанда мен сені атып тастамаймын ба! Шық үйден! (*Көрермендерге*) Ақыры қоймай жүріп ол мені көндірді: некемізді сақтау үшін, достығымызды, отбасы құпиясын



бұзбау үшін біздің төсегіміз көпке ортақ болуы керек екен. *(Көсекке отырып, пистолетті соған қояды. Күйеуі орындыққа жайғасып газет оқуға кіріседі)* Ал балаларды қайтеміз? “Балалар бізді түсінеді ғой” деген... таңғалатын бір нәрсе, менің жиырма жеті жасар ұлым Роберто: “Мама, осы да жетер, өйтпесе сендер бір-бірінді бауыздап тастарсыңдар” — дегені. — “Мама, сен папамның жанторсығына айналып барасың. Өз өміріңе өзін би болу үшін саған тәуелсіздік қажет! Папам бүкіл қатындардың қонағы, енді сен де, тек кек алу үшін ғана емес, әділет үшін ақылға келіп басқа бір еркекті табуың қажет”. “Роберто, балам, сен не айтып отырсың?!”

“Қойшы, мама, етегіне намаз оқып жүрген ешкім жоқ! Өзіңе бір тең тап... папамнан жас, көркем жігіт болсын... солшылдардан... демократ болса тіпті құба-құп! Мәселені біржола шеш. Кірісіп көр, мама. Мен саған көмектесем”. Ақыры шыдай алмай ұлымның ақылына жығылдым. *(Көсектен түсіп, сахнаның алдына шығады)* Сонымен, бірінші ереже... айтпақшы залда отырған өйел жұрағаттар, жазып алыңыздар... кім біледі... мүмкін, менің тәжірибем сіздерге де қажет боп қалар... Сонымен, бірінші ереже: үйден қаш! Талай жыл қорлық пен азап шеккен, көз жасына толы үңгірден құтылып жаңа үй — осы баспананы таптым. Қатын боп жүрген кезімдегі бар киімімді жинап, адыра қалсын деп лақтырдым да жаңа гардероб іздеп дүкен шарлап жөнелдім. *(Шомылатын бөлмеге кіріп, сол жақтан сөзін жалғастыра береді)* Мөшек секілді кең балақ шалбар, жұрт киіп көрмеген әлдебір юбка сатып алдым... Шашты кірпінің тікенегіндей едірейттім, оны да жарнамадан көріп едім. Бетті көкшіл гриммен штукатурлап тастадым! Тура албасты боп шыға келдім. *(Сахнаға қайта шығады. Үстіне жүн кеудеше, бұтында қара шұлық пен әлем-жәлем жүн гетр)* Ал, жүрісті айтсай... Иә, иә... өздеріңіз білесіздер, егер байың төсектен жерісе не күйге түсетінімізді! Ұнжырғасы түсіп сүмірейген салпы етек қатынбыз. Жылаймыз, еңірейміз. Мәселен, менде бөксе барын да ұмытыппын... Сөйтсем бар екен! Талақ қып тастап кетсе де бөксем қалыпты!.. Тек соны пайдаланбай жүр екем... Ойната алмай жүріппін. Кеуіп қалған балықтай серейіп, көрінген тезекке сүрініп сөлеңдей беріппін. Міне, былай, *(Тоңқаңдап, бүкшиіп талтаңдап)* тура өркешті түйе

дерсің! Екі көз жерде... Не іздегенімді де білмеймін... Ал жерде қаңғырған иттің қоясынан басқа не болушы еді! Иттен тышқақ дүниеде хайуан бар ма екен?! Масқара! Ұлым қыр соңымнан қалмай менің өр құбылысымды бағып, қатты риза болғаны: “жарайсың, мама, бәрі жақсы... шашты өзгерттің... гардеробты жаңарттың... енді майдан құтылуың керек, өйелдің тәтті болғаны жөн” дейді. “Не, сонда түйе-тауық секілді деймісің?”. “Жоқ, нан мен қара судан басқаны татып алма” дейді. Ал келіп ашығайын! Үнді иогінен асып түстім — күлкіден өлесің! Ал жүгіру ше! Бүлкілдеп жүгіру! Мұны ойлап тапқан қай Құдай атқыр екен? Жын қаққандай борсылдап желейін... ертеңгісін, кешкісін... көшеде, паркте... тіміскіген аш иттей сүмеңдеп!.. Ақыры аққаптал аттай арықтадым-ау. Бірде ұлым, буферің көтерем қошқардың құйрығындай салпайып кетіпті, енді ол шіркінді жинап алу қиын-ау” деп тұр. Қыздар, күлмеңдер, отыз сегізге келгенде, көшеде келе жатып көт жақтарыңа бір қарап алындаршы!

“Балам, енді мынау құйрықты таңқитып шаптырып тастаймын ба, қайтемін?” “Мама, аяғыңның ұшымен жүр”. Міне, содан күні бойы... ертеңнен кешке дейін... перідей секендеп... Оның үстіне жаялықтай боп кеткен бөксені де бүрістіру керек. “Көлбака” дейтұғын жаттығудың бар екенін білесіздер ме? Керіліп-созылып, еңкейіп-тоңқайып көріңдер!.. Тоңқайып тұрғаннан масқарасы жоқ! Сөйте келе шартты рефлекс пайда болды. Сәл қолым босаса болды: бір-екі-үш! Бір-екі-үш! Дүкенге келемін — жарты кило шұжық өлшеңіз. Өлшеп болғанша: бір-екі-үш! “Синьора, қайда кеттіңіз?” Мен мұндамын, бөксемді бүрістіріп жатырмын! Әлгі колбасник те жаны ашып... “Синьора, қалай, бөксеніз бүрісіп келе ме?” дейді. “Шүкір, қапқа сиятындай боп қалды!”. Сонымен, арықтадым, бүрістірдім, ырғайдай болдым, ырсыдым... амал қанша, көз сүзетін бір еркек болсашы. Неге екенін өзім де білмеймін. Демек, ешкімге ұнамайтын болсам керек! Бұл да ұрғашы-ау деп қарайтын ешкім жоқ! Осындай да қаралы күндер болады екен! Сіздердің де бастарыңыздан кешті ме?.. Иә, ұрғашының күні құрысын! Ұлым көп айтады: “бүйте берсең саған ешкім жоламайды. Несіне қысыла бересің? Өзінді еркін ұста,

жайдары бол, жылы ұшырай біл, таныстықтан қорықпа. Құрбыластарыңмен кешкі сауыққа барғанда, біреу саған көз салса, қайтып содан айрылма”. Ал мен сорлы бүкіл кеш бойы бір еркекке бақырайып, тарелкамды тықырлатып отырам да қоямын. Не пайда, керісінше, әлгі еркек: “неменеге бақыраясың? Есің дұрыс па?” деп бұрқылдайды. “Ой, жәй, өншейін ғой...” деп құтыламын. Қолыңнан келсе, жата қалда қата қал! Кейін білсем, кейбір еркектерге ұнайтын көрінем: сексен мен тоқсан төрттің арасындағы шалдарға. Біздің кварталдың көрі-құртаңы мені көргенде сілекейі шұбыратын. Сонан соң балалар, жап-жас өспірімдер, менің ұлым секілді жиырма жетіге жаңа жеткендер. Бұлар менен не тапты екен? Екінші шеше іздей ме? Адыра қалсын! Әйтеуір, сандырақ тіршілік! Рас, бір дүркін біреумен өмпей-жөмпей болғаным бар... Ұлымның мектептес досымен... Бірінші сыныптан бастап біздің үйден шықпай қойды: сабаққа дайындалады, түстенеді. Сосын университетке түсті, бәрібір біздің үйден кетсеші... қорғады, диплом алды, түстенуге ылғи біздің үйге келеді... Бір күні ас бөлмеде отырған, мен теріс қарап оған бутерброд жасап жатқам... Тура ас бөлмеде, ол немесі қуықтай тар... кенет сезе қойдым! Сезгенде қандай! Әкетіп барады! О, жаратқан! Тұла бойым дуылдап! Жалт бұрылсам, тура алдымда емініп тұр — сондай көрікті, сондай өсем! Көзі мөлдіреп, мұңая қарайды. Шыдам таусылды! Есім кетіп магнит тартқандай соған ұмтылдым... Бутербродпен қоса қолымнан тас қып ұстады. Саған не болды деймін. Бірақ қолымды тартып алғаным жоқ. Ол бутербродтың шетінен аузын толтыра бір қарпып: “Мен сені сүйемін!” десін. “Не дейт?!” Ішімнен қуанып, өліп барам. “Мен сүйемін, сүйемін... Бірінші кластан бері ғашықпын!” “Осы уақытқа дейін неге үндемей жүргенсің?” Әрине мен бұлай дегенім жоқ. Қазір ғой, өншейін, айтып тұрғаным. Ол кезде байқұстың шаңын қақтым! “Аузың қалай барды?!. Не айтып тұрғаныңды білемісің?! Мен сенің шешен құралпаспын! Ұятсыз! Бутербродқа тойдың ба, енді шық үйден!” Сорлыны қуып шықтым. Қайғыдан қабырғасы қайысты! Бірақ, қайтқан жоқ... Дамылсыз телефон шалып, өлердегі сөзін айтты. Еңірегінде етегі толды... Менің де жүрегім елжіреп сала берді. Бұған не бұйрық болмақ?

Байқұс бала құсалықтан өле берсін бе? Түптеп келгенде мен де анамын ғой! Шыдамадым. Ақыры сәтті бір күні: "жетер, көзіңнің жасын тый!" дедім де кездесуге келісім бердім... У-шуы жоқ, оңаша бір тұйықта... "ертең, сағат үште, зираттың маңында" дедім. Иә... сонда бір тып-тын-ныш кафе бар... Өлік жерлеген сайын сонда отырушы едім... Таң атқанша көз ілгенім жоқ, махаббат бар болғыр жасына қарай ма... Кафеге де жеттім-ау, жүрегі құрғыр балғаша күрсілдейді. Ол күтіп отыр екен, езуі құлағында, шынымды айтсам, адамда қанша тіс барын да білмейді екенмін ғой. Тура крокодилдің азуы. "Қауып ал, қауып алшы" дегім келеді. Бірақ үндегенім жоқ. Отырдым. Официант жетіп кеп: "Не қалайсыз, синьора... Ұлыңыз не жеуші еді?" дегені. Әттең жерде жыртық болған жоқ, сүңгіп кететін едім... Осыларға не керек? Үнемі жұрттың туысқандығын қазып жүретін өдеті!.. "Маған коньяк, бұған еміздік пен көбікті су". Басым ауырып отыр дедім де үйге тайып тұрдым.

К ү й е у і: Сөйтіп, сайрандадым де!

А н т о н и я: (*Тағы да көрермендерге*) Менің байым бас бостандығын тілеп еді: "Бар, басың бос, қалаған ұрғашыңа бар да шөк" деп едім, сондағы қуанғанын көрсеңіздер!

К ү й е у і: (*Көпке*) Енді қалай! Бостандық дегенде қалпағым қопа қардай боп, ішті жегідей жеген запыран өпсөтте жоқ болды... Ойнақтап шыға келдім!..

А н т о н и я: (*Көпшілікке*) Бостандық! Қуанғаннан аспанға ұшып кете жаздады! Маған тек асылып өлу қалды, ал бұл болса бұты сыздағаннан жарылып кетуге шақ жүр! Дәудірлеп кейбір құпиясын да айтып салды.

К ү й е у і: Соқ өтірікті!.. Өзің ғой өкшелел қоймаған: "Айтсаңшы, айтшы!" деп қоймаған. Жанымды жағамнан алған жоқсың ба!

А н т о н и я: (*Күйеуіне*) Сонда мен мазохистка болғаным ба?! (*Көрермендерге*) Ол кезде мұның жиырма жеті жасар қызбен қатты байланысы бар еді, ақылды, даракылығы жоқ... Қалай айтсам екен... солшылардың ішіндегі интеллектуалы... демократ. Енді ойлап көріңіздер...

К ү й е у і: Оған сонша неге қадалдың?

А н т о н и я: (*Күйеуіне*) Ондай инабат иесіне тіл тигізуге бола ма екен? Керісінше, маған шапағаты тиді... Мәдениетімді

көтеріп тастады. (*Көпшілікке*) Менің тамағымды қандай мақтанды дейсің!.. Екі ұртын нығыздап алып күрсілдетіп, салпылдатып соққанда, зиялыдан мұндай мешкейді көргенім жоқ!

К ү й е у і: Қабаған екенсің-ау!

А н т о н и я: (*Күйеуіне*) Иә, қабағанмын! Менің шекем мүйізге сынысып тұр! Мен де ырылдап, арсылдап көрейін де! (*Көпшілікке*) Бұл шіркінді ол қыз қатты сүйетін, бірақ мен секілді емес, өзінше, жекеменшігім деп қызғанбайтын. Мұның үстінен тағы бір еркекпен жүріс қылды, ал ол еркек тағы бір әйелмен жүріс қылды, ал ол әйелдің күйеуі тағы бір... қойшы, өйтеуір, ылыққан иттей таусылып бермейтін еркін махаббаттың үйірі!.. Күлкіден өлесің! Жыласаң одан бетер!.. Ал менің байым сол кезде мектеп оқушысын бауырына басып жүрді... Сондай сүйкімді қыз, тәттіні жақсы көреді... Қыстың көзі қырауда да балмұздақты жалмап кеп жүргені... Ол мектепке барады (*Күлкі қысып*), ал менің сәуірігім оның сабағын дайындасады.

К ү й е у і: (*Көпшілікке*). Ой, ол өншейін ойын еді ғой! Ол қыз екеуіміз ойнап жүргенбіз.

А н т о н и я: Иә, ойнағансындар! Көрпе астында жасырынбақ ойнағансындар! (*Төсектің сықырына салып*) Ыпырт-шыпырт, ыпырт-шыпырт, ыпырт-шыпырт, шырт-шырт, шырт-шырт, өх-х!..

К ү й е у і: Мен оны неге сүйетінімді білесің бе? Қылығы үшін: жынды секілді, не істеп, не қойғанын білмейді, тұла бойы толған қырсық, бірде күледі, бірде жылайды, аузын балмұздаққа толтырып алып бетіне түкіреді. Онымен бірге болсаң бірде әке секілдісің, бірде бала боп кетесің!..

А н т о н и я: Бойдақ — әке!

К ү й е у і: Кекеткенің ғой...

А н т о н и я: Қаншама ескерттім: “байқа, буаз боп қалмасын” деп. Бұл шіркін: “Мен байқаймын-ау, бірақ ол басқа біреудің астында жатқанда қасында сығалап тұра алмайтын шығармын. Қыз байқұс азар да безер болады” дейді.

К ү й е у і: Бәрі дұрыс. Тек соңғы сөзің тағы да кекесін емес пе?

А н т о н и я: Содан бір күні байым ұялған болып мінгірлейді...

К ү й е у і: Антония, сен өйелсің ғой... Пьеринаны апарсаң...

А н т о н и я: Пьерина — әлгі балмұздақ жегіш қыз...

К ү й е у і: ...Пьеринаны гинекологқа апарсаң қайтеді... Сенің тілінді алады ғой... спираль салуға көндірсең...

А н т о н и я: *(Күйеуіне)* Несі бар... қолым бос... Пьеринаға жанашыр шеше болайын... гинекологқа алып барып: "гинеколог мырза, күйеуімнің ашынасына спираль қойып беріңіз" дейін. Ең бастысы, гинеколог та біз секілді өзілкеш болса жетіп жатыр... *(Екеуі қарқ боп күліседі. Антония кенет күлкісін тиып)* Мен саған тығармын спиральді! Шаптырғаныңда фейерверк боп шашырасын! *(Қолымен шыр айналдырып көрсетеді)*.

К ү й е у і: *(Көрермендерге)* Міне, менің көрген күнім осы! Еркін демократиялық отбасы дегенің де осы! Бұл өлі қызық-шыжықтың бер жағы ғой! *(Әйеліне)* Көне, айта түс, айтшы, құйрығыма қанша бұрыш қыстырып едің?

А н т о н и я: Ойлап тапсаң ойынның түрі көп қой... Консервіні ашып жатқанмын... Аршылған түйе көтеннің қоймалжыңы. Бес килограмдық үлкен қалбыр. Соны басына кигізе салмаймын ба, иегіне дейін идея ылжыратып. *(Мөз боп күледі)* Керемет жараса қалғаны! Құдды қару-жарақ асыңған орта ғасырдың турнир алдындағы серісі дерсің! Қалбырда түйекөтен фирмасының этикеткасы, сырт көз турнирдің демеушісі деп қалғандай... Бұл, әрине, түк көріп тұрған жоқ... Қолынан шап беріп ұстадым да нан пісіріп жатқан тостерге тықтым да жібердім! *(Күледі)* Ха-ха-ха!

К ү й е у і: *(Көпшілікке)* Қолымның тыртығы өлі күнге кеткен жоқ. Әуелде майға қуырған бифштекс секілді еді. Содан бір жұма бойы алақаныма салат жапырағын уыстап жүрдім... Қатын-қалашқа көрсетпейін деп... Ал айғай мен қорлау... Құдай сақтасын!.. Айттым ғой: ерікті, демократиялық отбасы деп!

А н т о н и я: *(Күйеуіне)* Ал сенің тілегенің не еді? *(Көпшілікке)* Мен онсыз да еркін жүріс жөнінен едәуір сауатымды ашып қалдым. Бірақ, мұның боқмұрын ашынасын қасықпен жемдеу... қалай десек те мен мұның заңды қатынымын ғой! Шектен шықпау, сыйлау деген болмаушы ма еді. *(Көпшілікке)* Түсінсем бұйырмасын, бұған не

жеткенін білмеймін. Бұрын адам сияқты еді... Көдімгідей еркек еді... Кешіріңіздер, тіпті артық айтып тұрғам жоқ... еркекке төн мінезі бар еді. Аяқ астынан кісінеп, құтырып шыға келгені! Құдды скипидарға шомылғандай! Есіл-дерті іздеу! Қар демей, жаңбыр демей қаңғырып жүргені... іздейтіні тек *(Жан-жағына жалтақтап, өлде бір неге сұқтанады)* ұрғашы! Күндіз, түні. Жыртық қалдырмай тіміскіп! КГБ-ның агенті секілді! Сондағы бар арманы — бөксе! Бөксе іздейді, түсіндіңіздер ме?

К ү й е у і: Жә, жетер енді! Доғар! Еркек атаулыны ит етінен жек көретін аздаған қысыр қатындардың аплодисментіне бола мені отқа лақтыруға дайынсың!

А н т о н и я: Жарайды... сәл артық кеткен шығармын... Парадоксті ұнататын өдетім.

К ү й е у і: Мұндай да парадокс болады екен-ау! Мазак еттің, масқара қылдың! Енді мен кімін? Бөксе аңдыған сұғанақ? Сезімнен жүрдай, ардан безген классикалық сексуалды террорист? Миыңда бір-ақ нәрсе! Бірақ мен көпшілік әйелдермен тек төсек үшін емес, сырластық үшін араласам ғой!

А н т о н и я: Пәлі! Өзің ғой, үнемі қақсайтын: “Секс, тек қана секс!” деп.

К ү й е у і: Әрине! Егер мен ғой, арамыздағы дөнекер тек сезім десем, айға шапшыр едің! *(Кетеді)*

А н т о н и я: Шын айтам, ұрғашымен ұйықтаған екен, одан дүние өртеніп кетпес. Ал араға сезім араласса — заманақырдың жеткені!.. Бұған қаншама шегелеп айттым: менің табиғатымда құдай атқан бір барьер бар *(Юбкасын киеді)*, мен басқа еркекпен жата алмаймын, ашына дегеннен аулақпын... Қаншама құлағына құйсам да қаперіне алмай, өлдебір ескі достай шын ниетімен ақыл айтып арам жолға итере береді.

К ү й е у і: *(Сахнаға шығып, Антонияның ту сыртына келіп тұрады да көдімгідей толғанып, таусылып сөйлейді)* Егер менің бөтен екеніме көзің жетсе, онда азаптанбай жаңа тіршілігінді баста. Өзіңе байсалды бай тауып ал, сен соған лайық, ерекше жаратылған әйелсің!

А н т о н и я: *(Көпшілікке)* Шетелдік кино! *(Күйеуіне)* Жок, айта көрме... Ол мүмкін емес... Егер мен саған енді

керек болмасам, қайтейін, кете бер... Мен осында қалай-ын... жападан жалғыз... Осыдан тынышы жоқ.

К ү й е у і: *(Көпшілікке)* Сосын жылап еңіреп. Өлемін деп арпалысты.

*(Антония пистолет алып, қайтадан көсекке шығады)*

К ү й е у і: Тоқта! Тағы не пәле шығардың! Жындандың ба?! Сенде ми жоқ қой! Ми!.. *(Ұстап қаламын деп етегіне жармасқанда юбкасы сытырылып түседі)*

А н т о н и я: А-а, жалаңбұт өлсін деймісің?! Өлгім келеді! Бұдан ары төзе алмаспын! *(Еңіреп)* Осыншама мазаңды кетіргеніме кешір! Сен жазықты емессің... Мен шаршадым... енді шыдар шама жоқ... Өмір... саясат... көршілер... Осы да жетер... Терезеден секіремін... Секірем... Әйтпесе бір оқ жалынсын!

К ү й е у і: Антония, есінді жый! Жан-жағыңа қара, өзінді адам санатына қосып көрші... қосып көрші. *(Шығып кетеді)*.

А н т о н и я: *(Көсектен түсіп, көпшілікке)* Ақыры Антония да ақылға келіп, адамша ғұмыр кешуге кірісті. *(Юбкасын шешіп диванға лақтырады да сөйлеп жүріп гимнастикалық жаттығу жасайды)* Осы пәтерге көшіп кірдім. Қызмет те таптым. Жұмыс деген жұмақпен бірдей емес пе! Күні бойы көппен біргесің. Көз жасы да құрғайды... Тәуелсізсің... басың бос! Ертеңгісін үйден шығып қызыл автобуска мінесің де тайып отырасың. Ал автобустағы жұрт белгілі ғой... Айғайласып, алысып-жұлысып, артыңнан итеріп, әмиәнінді жымқырады. Ертеңгісін көпті көргенде сүйенішінді тапқандай рахаттанып қаласың! Жалғыздықтан жапа шеккен азапты күнінді де ұмытасың. Бірақ кешкісін... кешкісін жалманыңнан түс те жалған дүниемен қоштас. Телевизор, телевизор, жарнама!.. "Болды! Жетер! Тіршілік ету керек!" дедім. Сол күннің кешінде-ақ үйден шықтым да аудандағы наркология орталығына көмекші болып бардым... Әрине, жетіскен шаруа емес, дегенмен құтылғанымға қуандым... Күйеуімнен...

*(Үстінде плащ, мойнында ұзын ақ жібек шарф тағып күйеуі сахнаға шығады)*.

А н т о н и я: Бірақ, күніне екі дүркін келіп кетеді... қарын тойғызу үшін... Мені тергеуді де ұмытқан жоқ: "Кіммен таныстың? Кіммен кездесіп тұрасың?"



К ү й е у і: Мені таңғалдырған нәрсе, бұл байы бар екенін мүлдем ұмытты.

А н т о н и я: Есесіне сен менің шаруамды түгендейтін болдың ғой. “Қайда кетіп барасың? Кімге барасың?”

К ү й е у і: *(Көпшілікке)* Бұл мойындағысы келмей, бәрін жасырады!

А н т о н и я: *(Күйеуіне)*. Жасырғанды қойып, мен де сен секілді жауаптан қашқан жоқпын ба... *(Көпшілікке)*. Байдың аты — бай, оған бар құпиянды қалай ақтарып саларсың. Бір күні шыдай алмай: “Қымбаттым, мен де бір еркекті тапқан сияқтымын” деп ағымнан жарылайын...

К ү й е у і: Бәсе, солай де! Ол кім болды екен?

А н т о н и я: Сол-ақ екен, бет-аузы қисайып, тынысы бітіп, шермиді де қалды!

К ү й е у і: *(Күйініп, әйеліне)* Жарылып кетпеді де! Бетіме былш еткізгені сонша, шытыр жеген түйедей ішім шығанақтап өліп кете жаздағаным!

А н т о н и я: *(Көпшілікке)*. Айтуға ұмытып барады екем... Менің күйеуімнің “Жүйке аэрофагиясы” дейтуғын ел естімеген ауруы бар. Сөл ашуланса болды, үрген тұлыптай іші кеуіп сала береді...алғаш үйленген күні-ақ қатты шошынғаным есімде... дым сызбай, тым-тырс серейіп қалғаны... әлден уақытта бүрк-бүрк желдетсін келіп... тырк-тырк-тырк-тырк!..

К ү й е у і: *(Ашуланып плащын диванға лақтырып жібереді, шарф салақтап мойнында қалады)*. Иә, өндет, өндет, тыңдасын бәрі де көмейінде қалған тамаша өуенді! *(Әндетіп)*. Пук-пук, тырк-тырк!..

А н т о н и я: *(Күйеуіне)* Жетістің! Онанда сол бір сәтті мына жұртқа ойнап берейік те. Ұмытқан жоқсың ба?

К ү й е у і: Иә, карта ойнадық білем. Мен таратып отырғам...

*(Аласа үстелге кеп отырысады. Күйеуі ызаға булығып карта үлей бастайды)*

А н т о н и я: Сөзді бастаған мен. “Қымбаттым, мен де бір еркекті тапқан сияқтымын”.

К ү й е у і: А-а?! Тамаша болды десенші!.. Рас айтам, мен де қуанып отырмын! *(Қолы дірілдеп, картасын шашып ала-*

---

ды). Еркек таптым дейсің ө?! Жақсы болыпты! Кім болды екен? Мамандығы қандай?

А н т о н и я: Өлсең де таба алмайсың! Өйткені ол біздің төңіректен емес.

К ү й е у і: Ах, солай де! Тіпті жақсы!

А н т о н и я: Профессор... физик.

К ү й е у і: (*Иштей өшпенділікпен*) Оқытушы болды ғой? Ол да кәсіп!

А н т о н и я: Сен өйтіп кемсітпе! Ол университетте кафедра меңгерушісі!

К ү й е у і: Доцент деші? Ұрғаным бар!

А н т о н и я: Оның үстіне Евроатомда ғылыми жұмысқа жетекшілік етеді — европалық атом зерттеу орталығында.

К ү й е у і: Атомды зерттеу? (*Картасын төгіп алып, қайта жинап таратады*). Қайраткер де!.. Атом электростанциясын қолдайтын үндеуге қол қойдырып алған шығар?!

А н т о н и я: Жоқ-ө. Керісінше, атом электростанциясына қарсы. Дүние жүзіне қауіп төндіретін сол дейді. Соң соң да саяси қарсылық көрсетуде. Ақжарқын адам! Езуінді жиғызбайды. Тағы бір білгенім, оны Нобель сыйлығына ұсыныпты.

К ү й е у і: Менің аялымның ашынасы — бес минутсыз Нобель сыйлығының лауреаты!.. Миы жұмыс істейтін болды ғой!

А н т о н и я: Шынымды айтсам, ондағы жұмысым қанша... Мүмкін істейтін шығар... Оның басынан бақайына дейін ми.

К ү й е у і: Бір отбасында бір данышпанның болғанына не жетсін! Үлкен жетістік!

А н т о н и я: (*Көпшілікке*) Осыны естігенде байқұстың астыңғы еріні салбырап түсіп кетті... Жүйке параличі ғой, содан үш күн бойы салақтады да жүрді.

К ү й е у і: (*Жүрексініп*) Кешір, ұят та болса сұрайын... сендер... бірге болдыңдар ма?.. Енді... былай... Көрпе астында дегенім ғой?..

А н т о н и я: (*Көпшілікке*) Менің өбестіктен аулақ жүретін... басы бос байым осы сұрақтан соң тағы да тырқ-тырқын бастады дейсің...

К ү й е у і: Жә, ол жағын қазып қайтесің! Сұраққа жауап бер!

А н т о н и я: Болдым десем қайтер едің? Болмадым десем қайтесің?

К ү й е у і: (*Көңілі орнына түсіп*) Әйтеуір, ғашықтықтан амансыңдар ғой? О несі? Бірдемесі жетіспей ме?

А н т о н и я: Жоқ-ө, бәрі де бар... Құмарлық менде де жетеді, тек соған дайын емеспін. Ол мұны да бірден түсінді.

К ү й е у і: Түсінді? Нені түсінді?

А н т о н и я: Менің дайын емес екенімді. “Эурения” деді.

К ү й е у і: (*Кекетін*) Эурения? Сен Антония емес пе едің?

А н т о н и я: Жоқ-ө, өзiрге Антониямын ғой. Бірақ ол мені Эурения деп еркелетеді... Плутонияның бір бөлшегі... Ол физик деп айтқам жоқ па... Қайдағы бір қармақшы сияқты мені “шабағым” деп атамайтын шығар.

К ү й е у і: Ал қармақшылар сені шабағым деп шақыратын ба еді? Сені шабағым деп шақыратын ба еді?

Антония: Оне дегенің! Ол сен секілді бөдік емес! “Эурения, біздің бір-бірімізге деген сезіміміз тереңдеп кеткен сияқты, оны шайқап-төгуге болмайды, — дейді. — Біз қанаттанып, биікке самғауымыз керек”.

К ү й е у і: Демек, атом екеуіңнің араларың шығандап кеткен екен-ау?

А н т о н и я: Солай-ау деймін. Несі бар? Сеніңше өмпей-жөмпейден аспау керек пе?

К ү й е у і: (*Сабырлы, ақылмен*) Неге? Саған кеңес берген өзім ғой... өзім үйреттім, өзім баулыдым. Мен де өжептәуір сауатым бар демократпын... (*Өзін өзі ұстай алмай айқайлап*) А-а-а-а! Ақымақ басым! Мүйізі қарағайдай теке болдым-ау!..

А н т о н и я: Көрдің бе... Ерікті қосақтың да өзінше кемістігі бар: ұрғашының еркекке төсер жағы ғана жалаңаш болуға тиіс! (*Күлкісін зорған тиып*) Егер екі жағы бірдей ашық болса самал тиеді! (*Қарқылдап күледі*).

К ү й е у і: Гөп осында. Мен өзімді өзім кемсітіп, өзімді өзім қорлап, іске алғысыз етіп түкіріп тастасам ғана бәрің

ризасындар! Бірақ сен ешкімге қолжаулық болмауға тиіссің! Егер, әлі де ажары тозбаған сенің өйеліңе әлдебір өумесердің көзі түсіп, содан ләззат іздейтін болса асылып өлуге болады! Ал ол немен өрі сыйлы, өрі лауреат, ақжарқын да өзілқой болса...

А н т о н и я: Қой, шала бүлінбе...

К ү й е у і: О, Жаратқан! Ендігі жетпегені, оның гитарада ойнап, "рок" мәнерінде өн салуы еді!

А н т о н и я: *(Паузадан соң таңырқан)* Қалай, сен оны танысың ба?

К ү й е у і: Кімді?

А н т о н и я: Альдоны, профессорды?.. Сен мені андып жүр ме едің?

К ү й е у і: Андып? Не оттап отырсың?

А н т о н и я: Оның гитарада ойнап, өн салатынын қайдан білесің?

К ү й е у і: *(Есі кетін)*. Немене... ол немен гитарада ойнап, "рок" айтатын пәле ме еді?

А н т о н и я: Әрине. Саған оны кім айтты?

К ү й е у і: Ешкім де. Өзім айттым, аузыма түскен соң... Демек, дәл үстінен түскен екем ғой! Албасты басқыр! Атом физигі өн салады! Немене, менің құлағымды аю таптап кетіп пе?! *(Кекетін)* Дегенмен... Егде жастағы атом физигі Майкл Джексонға еліктегені ме...

А н т о н и я: Егдесі несі? Отыз сегізде. Сенен он жасы кіші. Джексонға еліктеп қайтсын. Оның өз мәнері бар... Рояльда ойнағанда періште дерсің, дауысымен кернейді де салады... Гитараны да шертеді... ағылшынша өн салғанда ес-ақылдан айрыласың. *(Армстронгке еліктеп өн салған болады)* Аи-ю-ша-ну-дан-олдгерл-ай-май-дринк...

К ү й е у і: Солай де?! Ағылшынша өн салады де... Доцент... профессор...Компьютер... Атом бөлшегі... Эта-бета!..

А н т о н и я: Ол өн де жазады.

К ү й е у і: Мен емді сұрайын деп отыр едім. Сөйтсем ол сазгер де екен ғой.

А н т о н и я: Иә, сөзін де өзі жазады... Оның тамаша өндері де бар. Бір өнін маған арнаған. Керемет өн!.. Әттен, айтып та берер едім, ашынам жазған өнді күйеуіме тындатқан ыңғайсыз ғой... Болмас, болмас! Онанда басқа амалын

табайын. *(Магнитофонды қосады)* Тамаша өн! Мінеки, тыңда!..

Е р а д а м н ы ң д а у ы с ы .

Телефонға асықтым  
Сөйлеспекке өзінмен,  
Өлердей саған ғашықпын  
Кетпей қойдың көңілден.  
Ылғи да сені көремін,  
Төсекте жатқан кезеңді  
Ынтық болып өлемін,  
Тежей алмай сезімді.

К ү й е у і : Тамаша өн. Тек мұны профессор емес, телефон бұзақысы жазған сияқты.

А н т о н и я : *(Рахаттанып)* Ха-ха-ха! Телефон мен төсектен шығарып тұрсын ғой. Рас айтасың. Менің ойыма да келмепті. Кездескенде айтайыншы.

К ү й е у і : *(Сезіктеніп)* Оны қашан көруші едің?

А н т о н и я : Осы қазір, түскі астың кезінде.

К ү й е у і : Түскі аста? Қазір ме? *(Саусағын шайнап)*

А н т о н и я : Иә, қазір. Демалыс күнді бірге өткізбекпіз. Сондықтан, қымбаттым, кешір, маған киінуге бір-ақ сағат уақыт қалды. *(Шомылу бөлмесіне кетеді)*.

К ү й е у і : Міне қызықтың көкесі! Егер ол соншалық қымбат болса, оны жанындай жақсы көрсең, соған біржола неге кетіп қалмайсың?

А н т о н и я : *(Ваннадан)*. Жо-жоқ! Айта көрме!.. Байдан шығып, тағы да байға тимекпін бе? Ондай ақымақтыққа енді бара алмаспын!

К ү й е у і : Егер мен... Жәй, айтқаным ғой... Егер мен рұқсат берсем ше?

А н т о н и я : Оның бетін өрі қылсын! Басыма тағы да азап тілеп...*(Жартылай киінген қалты есіктен сығалап)*. Сен неменеге күйіп-пісіп отырсың? Тырнағынды кеміргеніңе бір сағат болды. Көрдің бе, жарым саусағыңды жеп қойыпсың... Арақ ішсеңші, жеңілдеп қаларсың... *(Есікті жауып алады)*.

К ү й е у і : Борсыған неме!

А н т о н и я : Немене, арақ па?

К ү й е у і : Жоқ-ә, арақ жақсы ғой. Мен өзімді айтам да. *(Арақ құйып алады)* Бөріне өзім кінәлі... Босағаға байланбай

еркін жүр, басың бос дедім-ау. Енді кеш. Бір басыңа ие болу қасиетті борышың, маған ұнамайды екен деп еркіндіктен бас тартуға қақың жоқ! (*Өзіне өзі*) Осы мен не оттап кеттім! (*Антонияға*). Бірақ, рок-музыка десе сенің құсқың келетін еді ғой! Бұл жарымжандар мен жарыместердің музыкасы деп өзің айтатынсың. Өтірік деші?

А н т о н и я: (*Ваннадан шығады. Киінген. Таранады. Шашы едірейін түр*) Әрине. Бұған несін таңданадың. Ақымақ болыппын: жаңалық атаулыдан безіп, түсінбегеннің бәрін төрік етіппін... Марқұм өжем сондай еді.

К ү й е у і: Енді ғой, рок десе құтырасың - мода... Себебі қаныңды қыздырады, жасартады, профессор ұнатады. Шыныңды айтшы, бұл профессордың тәрбиесі ғой?

А н т о н и я: Әрине. Әйел кенет өзгере бастаса, ажары кірсе, ол тек еркектің әсері... Ежелгі нәрсені несіне езіп отырсың!..

(*Телефон шырылдайды*)

К ү й е у і: Егер мені іздеген әйелдердің бірі болса, кетіп қалғанде.

А н т о н и я: Неге?

К ү й е у і: Сол... Сөйлескім келмейді.

А н т о н и я: Гаремінен жеріп қалдың ба?! (*Трубканы көтеріп*) Алло! (*Қуанып*) Сәлем! Саумысың?! Құдай-ау, не боп қалды? Қатты шошыттың ғой! Кешіктім бе деп қорқып едім... (*Трубканы алақанымен жауып, күйеуіне*) Сол ғой!

К ү й е у і: Оның кім?

А н т о н и я: Адыра қал! (*Трубқаға*) Дайын тұрмын!.. (*Сасқалақтан*) Өзің келесің бе? Маған? Тура осы үйге? Қашан?.. Жарты сағатта?..(*Сасқалақтан*). Жоқ, жалғызбын... өзімнен басқа ешкім жоқ... Айтамын... (*Арақ ішіп жатқан күйеуі шашалып, аузындағысын бүркіп жібереді*) Жақсы, бастан-аяқ бәрін айтам. (*Күйеуінің көзінен аласа үстелдің астына тығылады*). Мен сені сүйемін, жанымдай жақсы көрем! Әзірге!.. Көріскенше! (*Нәзік үнмен*) Кездескенше! (*Трубканы аппаратқа лактырып жіберіп*) Албасты басқыр, маған сонша қадалмасаң да болатын еді ғой! Жыныма тиіп!..

К ү й е у і: Жалғызбын деп неге өтірік айттың? Байым да осында десең қайтетін еді?

А н т о н и я: Айтқым келмеді.

---

К ү й е у і: Е-е, солай ма? Біздің компьютер қызғаншақ екен ғой!

А н т о н и я: Қызғаншақ! Қырта бермей арағыңды іш те тай!

К ү й е у і: Неге кетемін?

А н т о н и я: *(Юбкасын киіп жатып)* Естіген жоқпысың? Қазір ол келеді!

К ү й е у і: *(Тұтығып)* Қалайша? Енді орын ауыстыратын болдық па? Әйелімнің ашынасы үстімнен түсіп қалма-сын деп күйеуі қашу керек пе? Демек, ол сені менен қызғанатын болғаны да.

А н т о н и я: Ол қызғаншақ емес. Әншейін, екеуін кездеспесе екен деп едім.

К ү й е у і: Антония, мен түсінейін дедім. Сен оны маған көрсетуден қорқып тұрсың. Ол тіпті де сен суреттегендей “феномен” емес шығар. Көңілім қолп етіп түсіп қалатын болар: “мақтағаның осы ма?!” деп... *(Қортық адамды көрсеткендей қолын төмен түсіріп)*

А н т о н и я: Қолыңды көтер, ол тіпті де тапал емес! Егер шынымды айтсам, ол сені көріп жеркеліп қала ма деп қорқамын.

К ү й е у і: Не дедің?

А н т о н и я: Сен дұрыс түсін... Осынша жасқа келгенімде мені бір жас жігіт өліп-өшіп сүйеді екен! Ғалым, атомник! Халықаралық бес сыйлықтың иегері! Колумбия университетінде, Нью-Йорк университетінде сабақ береді! Бес минутсыз Нобель сыйлығының лауреатына менің күйеуім инженер Мамбретти деп қалай ұялмай таныстырмақпын. Мен оған сенің портретінді де суреттеп қойған едім... керемет ақылды, керемет әзілқой, керемет жомарт деп...

К ү й е у і: Демек, сонда мен сеніңше...

*(Күйеуі теріс бұрылып, үстелге барады да үлкенірек рюмкаға арақ құйып алып ішіп салады)*

А н т о н и я: Сен бе?.. Қымбаттым, босқа ашуланба... Сенің де жақсы қасиеттерің толып жатыр... Байға тиген кезде алды-артымды аңғармаған ақымақ қыз едім... Ал қазір мен мүлдем басқамын. Көрген жұрт, осындай көрікті әйел сен секілді көргенсізбен қаншама жыл қалай өмір сүрген деп таңқалады! *(Күйеуі тағы да шашалып аузындағы арақты*

бүркіп жібереді) Жыныңды бүрікпе! Тағы үтіктеймін бе!  
(*Ваннаға кіріп кетеді*).

К ү й е у і: (*Есі кетін*) Сен мені масқара қорлағаныңды түсінесің бе?!

А н т о н и я: (*Ваннадан*) Алдымен өзің түсін, қымбат-  
тым...

К ү й е у і: Соншалық сен кім едің?!

А н т о н и я: (*Ваннадан екі етігін ұстап шығып*) Мен басқа әйелмін деп айттым ғой!

К ү й е у і: (*Ашуын баса алмай*) Иә, мүлдем басқа, жын-  
данған қатынсың! Жындандырған дос-жарандарың шетінен  
жарымес, рок-гитарист, кіл сасықтар! Шоколадқа ораған  
нежістер! Боқтар!

А н т о н и я: (*Көпшілікке*) Қандай инабатты! Нағыз лорд!  
(*Күйеуіне*) Менің басы бос қымбатты байым, сенің өститініңді  
біліп едім! Мойнына ақ жібек ораған адамнан мұны күтпеп  
едім. Қарасам — күлкім келеді. (*Күлкісін зорға ұстап*) Пас-  
хада жүрген поп секілдісің!..

К ү й е у і: Жә, болды! Жетер! Төзім таусылды! Бұйткенше  
сені өлтіріп тынайын! Қылғындырып!

(*Күйеуі Антонияға ұмтылып, мойнындағы шарфымен қыл-  
ғындырып өлтірмек болады. Алысып жүріп екеуі де еденге  
құлап түседі. Кенет күйеуі шошынып сеспей қалады.*)

К ү й е у і: Астапыралла, мен не істеп қойдым?!

А н т о н и я: (*Шошынып*) Есіңнен адастың ба? Мені  
шын өлтірмек болдың ба?!

К ү й е у і: Мінеки, не істегеніңді білемісің?!

А н т о н и я: Мен бе?

К ү й е у і: Бәріне сен кінәлісің!

А н т о н и я: Мен не істеппін?

К ү й е у і: Мені арандатып отырған сенсің!

А н т о н и я: Мен бе?

К ү й е у і: Иә, сен! Мен сені өлтіре жаздадым ғой,  
түсінемісің? (*Тізесі қалтырағаны байқалады*).

А н т о н и я: Мен де соны сездім!

К ү й е у і: Үнемі кеміту, қорлау, арандату... енді қол  
жұмсауға дейін апардың!

А н т о н и я: Арандатып мен не істеппін? Иә, поп  
секілдісің дедім. Сол үшін де кісі өлтіру керек пе?! Ал егер



епископ секілдісің десем ше? Әне, тізең қалтырап барады. Селкілдеме! Қарап тұрып қарының да қампайып кетті... Ақылға кел, ваннаға кіріп жеңілдеп шық та үйіңе қайт! *(Етігін кие бастайды да оң аяқ пен сол аяқты ауыстырып теріс киеді).*

К ү й е у і: *(Ашулы)* Доғар!

А н т о н и я: Егер ванна бөксеңе тар келсе, осы жерде-ақ желдетіп ал. Желде тұрған не бар! *(Көрермендерге нұсқап)* Мына жұртқа обал. Бұлар сені білмейді ғой... *(Қиқалаңдап проигрывательге зорға жетеді)* Көне, баяу бір нәрсе қояйыншы, ішіңнің тезірек босауына септігі тиер ме екен.

К ү й е у і: Жә, жетер! Сұмырай!

А н т о н и я: О, Жаратқан!.. Маған не болды?.. Аяқ-астынан албасты басты ма? Ішек-қарным ақтарылып қалған сияқты. *(Етігін теріс кигенін енді байқап, оңдап қайта киеді)* Осының бөрі сенің кесірің!.. Мені сұмырай дедің-ау, трагедияны жаным жек көреді!.. Шынымды айтсам, қорыққаннан жаным мұрнымның ұшына келді. Көзіңнен шошыдым... Бажырайған көзіңнен!.. Құдды, жатырдағы ұрықты өлтіретін дәріні естіген рим папасының жана-рындай...

К ү й е у і: Мені тастап кете ме деп менің де жаным шығып кете жаздаған жоқ па!.. Антония, мен сені сүйемін ғой! *(Құшақтағысы келеді)*

А н т о н и я: Не болды саған?.. Менің кетуім керек... босат...

К ү й е у і: Құлың болайын, шешінші... Көне, сүйісіп алайықшы... *(Күйеуінің құшағынан құтылып кетпек боп)*

А н т о н и я: Жібер деймін, кездесуге кешігіп қалам!

К ү й е у і: Мен сенің жалаңаш төсіңе шыққым кеп тұр, қазір, дөп осы жерде... өзім шешіндірем... *(Юбкасын, етігін сытырып алып үстелге шалқасынан жығады, телефон аппараты әйелінің қыр арқасында қап қояды)*

А н т о н и я: *(Ыңырысып, үстіне мініп алған күйеуінің сүйісінен түншығып)* Телефон!.. Телефон!..

К ү й е у і: *(Трубканы көтеріп)* Алло! Ешкім жауап бермейді! *(Әйеліне қайта бас салады. Әйелі тұрып кетеді)* Сен менің көзімді жеткізуің керек!

---

А н т о н и я: Неменеге?

К ү й е у і: Менің өлі де саған қажет екеніме!

*(Екеуі бір-біріне жақындасып).*

А н т о н и я: *(Күйеуін қатты құшақтап)* Түсіндім... Бұл намыс үшін ғой. Жақсы атақпен табысқың кеп тұр ғой.

*(Антония сөйлеп үлгергенше күйеуі жата-жабысып, жеңдімау деген үмітпен шалбарын ағытады, онысы аяғының басына сырғып түседі)*

А н т о н и я: Рас, мен сені сүйемін. Сен бұл дүниедегі таптырмайтын ең үлкен есуассың!

К ү й е у і: *(Әйелінен шошып шегініп)* Немене, есіңнен жаңылдың ба?! *(Бойын тежеп, пиджағын түймеленеді, шалбарсыз, дамбалшаң тұрғаны ойында жоқ).*

А н т о н и я: Осының дұрыс. Пиджағыңды түймелен... сосын өзіңе қара: дамбалсыз керім ашына!.. Тьфу! Масқара!

К ү й е у і: *(Қысылып киіне бастайды)* Бәрібір мен сені сүйемін! Соншалық мен саған не істедім? Көп болса ісінген шығарсың!..

А н т о н и я: *(Көпшілікке)* Бар болғаны сол-ақ па? Қаншама жыл — менің өлі-тірімді, бар-жоғымды байқадың ба?.. Енді келіп, атом профессоры — атом қатері пайда болғанда аяқ-астынан менің ақ төсіме құштар бола қалыпсың, дөп қазір, дөп осы жерде, жамбасыма телефон аппаратын төсеп қойып... *(Көпшілікке)* Сөйте тұрып төсек бостандығы деп мыңқылдайды! *(Күйеуіне)* Мен де түсіндім: сен өзіңе тиесілі, жеке меншігіңді заңды түрде қайтарып алғың келеді! Сен, қолыңнан келсе, мені уақытша біреуге прокатқа беріп, артынан қайтарып алуға да барсың! Сиыр секілді құйрығыма мөрінді қыздырып басып, жеке меншігім деп аты-жөніңді жазудан да тайынбайсың! *(Юбкасы мен етігін киіп алады).*

К ү й е у і: Е-е, сайра, сайра! Түп-тура көне заманның феминисткасы!.. Киініп алдың ғой? Демек, зауқың жоқ! Осымен бітті де! Бірақ айтшы, саған не болды?

А н т о н и я: Не болғанын қайдан білейін!

К ү й е у і: Сен баяғыдай емессің... Тіпті бөтенсің. Басқа бір дүниеден келгендей... Бірақ мен сені сол баяғыдай сүйемін. *(Мейірленіп)* Есіңді жый. Қайдасың сен? Бақырып-шақырып, ырылдасып, терезеден секірем, атып тастаймын деп айқайлайтын Антония қайда? Мен соны сүйемін!.. Есіңді жый, Антония! Есіңді жый!

А н т о н и я: “Есінді жый, Антония! Тағы да азаптан, аза түт... Дүйсенбіде оққа жүгір, бейсенбіде терезеге жүгір, жұмада асыламын деп айқайла, ал сенбі мен жексенбі — демалыс, сенбі мен жексенбіде мен қатындармен қаңғырам. Сондықтан, айырылып қалған “мен” дейтұғын атыңды қайтарып ал!” О, Жаратқан! Неткен пасықтық! Неткен надандық! Неткен бейшаралық! “Антония, айырылып қалған “мен” дейтұғын атыңды қайтарып ал!” “Мен” дейтұғын атымнан айырылып қап үйден шыға алмай отырмын! Менің “мен” дейтұғын атымды ұрлап кеткен кім?

К ү й е у і: Қалай, естідіңіздер ме? Неткен тіл, неткен шешендік, кекесіні кісі өлтіргендей! Осының бөрі профессордың тәрбиесі екенін айтсам, талағы айрылғандай тас-талқан болады.

А н т о н и я: Ал, қымбаттым, осымен доғаралық. Жарты сағат өтіп кетті. Енді тай! Босаған соң өзім телефон соғармын. *(Күйеуі есікке қарай беттейді)* Жо-жоқ... ас үй арқылы, артқы есіктен шық. Мен айттым емес пе, кездесіп қалмаңдар деп!

К ү й е у і: Не дейт?! Мені артқы есіктен лақтырмақсың ба?! Сонда мен саған бай емес, қасапшыда қарын-сұрын тасыған бала болғаным ғой!

А н т о н и я: Мейлі, өкпешіл екенсің, өзің білгенінді істеші. Тек тезірек жоғал!

К ү й е у і: Жоқ!

А н т о н и я: Жоғы несі?

К ү й е у і: Айныдым. Мен оны күтем, мен де оның бет-аузын көрейін де!

А н т о н и я: Уәде қайда?

К ү й е у і: Мен саған ешқандай уәде бергем жоқ! Әйелімнің ашынасын көруге менің де толық қақым бар! Көзіне бір қадалып қарайыншы, егер быржиып-тыржиып гитарасын тырқылдата бастаса, мен гитараны басына кептеймін!

А н т о н и я: Ең соңғы рет өтінем: менің өмірімді өксітпей жоғалшы.

К ү й е у і: Кетпеймін!

А н т о н и я: *(Аса байыппен, өкінішпен ыза аралас)* Мен біліп едім-ау. Білгем... Ерлі-зайыптының еркіндігі дейтұғын

нәжіске зорлап итерген сен болатынсың. Менің өліп-тірілгенімді сен білермісің, жындыханадан бірақ шыға жаздаған жоқпын ба... Жалғыздықтың құсасынан, сары уайымнан құтылу үшін ермек қылар еркек іздедім. Оны да таптым. Ол мені, мен оны сүйемін. Енді сен болсаң бәрін бүлдіргің келеді, мынау бәдік, дөкір де бейшара қалпыңмен. Онымен қоймай гитарамен басын жарам дейсің! Онан да бетіме тура айтпайсың ба: алда сен көретін рақат жоқ деп. Маған енді қалғаны — осында қамалып отырып, сен келгенде бөксені бүлтыңдатып қарсы алу... Жоқ, қымбаттым, қателесесің... Мен сенің аузыңды аңқитып кетемін... Көзімді біржола құртайын... Газ! Газды ашып тастайын... *(Ас бөлмеге ұмтылады)*.

К ү й е у і: *(Тоқтатып)* Тоқта! Газыңды сақта! Мына мен кетейін... Ашынаңмен таныстырам деп азаптанбай-ақ қой... Менен де құтыларсың, орныма егін ексең!..

А н т о н и я: Өзіңе өзің қол қатпақсың ба?

К ү й е у і: Сен қымс етсе өлемін деп комедия ойнап жүргенде мұның ұңғысында оқ та жоқ болатын, енді бұл шіркіннің өңешін тығындайын. *(Пистолетті оқтайды)*.

А н т о н и я: Өзінді өзің атпақсың ба?

К ү й е у і: Әрине. Көрмейсің бе, оқпаны оққа толған жоқ па!

А н т о н и я: Сен көздеуді де білмейсің ғой. Жүректің қайда екенінен хабарың бар ма?.. *(Көпшілікке)* Өлемін деп өкірендегенде мен де осындай мазақ болдым ба екен? *(Күйеуіне)* Бері өкел, жынданба! *(Тартып алмақ болады)*.

К ү й е у і: Жібер! Кедергі болма!

А н т о н и я: Әкел пистолетті!

К ү й е у і: Жолыма тұрма!

А н т о н и я: Шының ба? Ұстамай-ақ қояйын ба?

К ү й е у і: Шыным!

А н т о н и я: Ендеше атыл. Өле қал! Тек өтірік өліп жүрме. *(Көпшілікті нұсқап)* Мына жұрттың көзінше масқара боп жүрме. Бұлар ақша төлеп келді ғой... Сен өлерсің, ал маған актер жалдауға тура келеді... Болсаңшы енді... *(Қылжақты тоқтатып)*. Жә, осы да жетер! Әкел пистолетті!.. *(Пистолетті тартып алмақ болады, арпалысып жүргенде онысы атылып кетеді)* Нақұрыс! Сен ғой атқан?!

К ү й е у і: Мен бе... Мен өншейін... тигізе алғам жоқ...

А н т о н и я: Тигізбегенің осы ма... Тура аяқтан аттың!

К ү й е у і: Құдай ақын, атайын деген жоқ едім! *(Балдақ ұсынады).*

А н т о н и я: *(Көпшілікке)* Басқа болмаса да бұл үйден балдақ табылады. *(Күйеуіне)* Сорлы! Менің сорыма жаралған байқұс! Сенің қолыңнан не келуші еді! Қатынсыз өз қолыңмен өзіңді ата алмаған соң не қайыр! *(Отырып, жаралы аяғынан етігін шешеді).*

К ү й е у і: Дұрыс айтасың, мен сорлымын.

А н т о н и я: Әй, сорлы, естимісің, қан сорғалап барады. Орайтын бірдеме әкелші.

К ү й е у і: Қазір, қазір өкелем... Ештеңе етпейді, өншейін сызып қана кетіпті ғой. Ештеңе жоқ. *(Жүгіріп шомылу дүңгіршегіне кіреді де дереу Антонияның киіп жүрген шұлығын алып келіп аяғын орай бастайды. Судың сарылы естіледі).*

А н т о н и я: Әрине, ештеңе етпейді. Аяқ менікі ғой. Өзіңдікі болса қайтер едің?!. *(Аяғын ораған шұлықты байқап)* Ой, құдай-ай! Кір-кір шұлықты жараға жапсырғаны несі! Саған қарғыс та жүрмес! Ушығып кетсе қайтесің?! Суды ағытып қойған сен бе?

К ү й е у і: Иә, мен.

А н т о н и я: Шомылуға асығып тұрсаң үйіңе неге кетпейсің?

К ү й е у і: *(Әдейі оспақпен)* Үйде астау жоқ. Тек жаңбырлы шүмек, одан нәтиже шамалы.

А н т о н и я: Тағы нені жұмбақтап тұрсың? *(Ашуга булығып)* Кетемісің, жоқ па?! Ұрып өлтірем! *(балдақты жіберіп қалады).*

К ү й е у і: Мен сендерді көп әуреге салмаспын. Әлгі компьютерің келген соң мені астаудан екеулеп суырып аларсыңдар. *(Жол жөнекей шешініп ваннаға кетеді).*

А н т о н и я: Біз сені астаудан неге суырып алуымыз керек?

К ү й е у і: *(Кеудесі жалаңаш, есіктен сығалап)* Жалғыз өзің өлікті көтере алмассың: дүниеде өліктен ауыр нәрсе жоқ! *(Есікті жауып алады).*

А н т о н и я: *(Жорта қиналған болып)* О-о-о-! Неткен қасірет! Неткен қайғы! Менің байым, менің қызыл телпетімді

киіп, менің астауымда өліп қалыпты! *(Дауысын өзгертін)* Есінде болсын, менің оймақтай астауымда тұншығып өлу үшін ерекше төзім мен жігер керек, ол шіркінді саған кім беріпті. Өзің ойлашы, танауды тарс бітеп, басты суға батырып тұншығып жату үшін қаншама күш-жігер қажет! Бұл сенің қолыңнан келмейтін ерлік!

К ү й е у і: *(Қолында электрофен, басын қылтитып)* Сен оған қам жеме, қоян жүрегің мен емес. Астауға отырам, қолыма электрофенді алам да тоққа қосып, мына шүріппені басып қалсам болды, сатыр-күтір, жарқ-жүрқ ұшқын... бітті, байың бұл дүниеде жоқ!..

А н т о н и я: Америка фильмдерін тілбезерден көріп тойған екенсің!

К ү й е у і: Америка фильмдеріне де, атом профессорына да, біреудің ақылына да түкіргенім бар! Өз ақылым ақыл-ақ, кісі ақылы шоқырақ!

А н т о н и я: Ақымақсың ғой, ақымақтың ақылы да ақымақ!

К ү й е у і: Жә, болды, менің шешінуім керек. *(Есікті жауып алады)*.

А н т о н и я: *(Есікті ұрғылап)* Жарайды, мен сені ренжіткен шығармын, көңіліңді таппаған да болармын. Болды енді. Шықсаңшы! Естияр адамдарша ақылдасып көрелік. Шық деймін! *(Құлыптың саңылауынан сығалап қарайды)*.

К ү й е у і: Жоқ, қымбаттым, кешігіп қалдың!.. Саңылаудан сығалама. Әдепке жатпайтын өдет!

А н т о н и я: *(Саңылаудан сығалаған қалпы)* Есің дұрыс па! Мынау электрофенді тоққа қосып қойды ғой! Тоқтат!

К ү й е у і: Қиналма! Көп болса қорлайтын, мазақ қылатын бай таппай өкінерсің! *(Айқайлап)* Өлгім келеді! *(Дауысын өзгертін)* Бр-р-р! Неткен мұздай су! Осы үйдің суы ығи тастай боп тұратыны несі?!

А н т о н и я: Қой деймін! Жынданба! Бәрі де өтірік. Ешқандай профессор жоқ, бәрін ойдан шығарғанмын!

К ү й е у і: *(Есіктен басын қылтып)* Ойдан шығардым деймісің? Ал телефонмен сөйлескен кім? Оны да өтірік демексің бе? *(Орамалмен бөксесін орап тысқа шығады, қолында электрофен, онысын әйеліне оқтанып-оқтанып қояды)*

---

А н т о н и я: Номерден шатаسقан әлдебіреу ғой, трубканы іліп қойды. Ал мен өтірік профессормен өтірік сөйлескен болдым.

К ү й е у і: Ойпырай, әртіс екенсің-ау! Бірақ сен уақытты бекерге созып тұрсың. Қозғалма! Маған жақындасаң оңбайсың! Білем ғой сендерді! Профессорың келісімен екеуің жабылып мені байлап тастайсыңдар.

*(Антония оның қолынан электрофенді тартып алғысы келеді, бірақ күйеуі оны пистолетше кезеніп шегіне береді).*

А н т о н и я: *(Расында қауіптеніп)* Тасташы андағы электрофенді. Онанда университетке телефон соғалық. “Менің өйелімнің ашынасы, гитаршы профессорды шақырып жіберіңіз” де. Керемет күлкі болсын! *(Телефон трубкасына)* Але, қызым, университетті қосып жіберші. *(Күйеуі рычагті басып қалады).*

К ү й е у і: Солай... бәрін ойдан шығарып едім де. Ал мен, ақымақ басым. Соған сендім-ау.

А н т о н и я: Ойпырай, сен мені қатты қорқыттың ғой! Қымбаттым, екеуміз салтанатпен серттеселікші: енді бұл үйде аузымыздан өлемін деген сөз шықпайтын болсын! Енді көңілің орнына түсті ме? Рас, менің қаншалықты қиналып жүргенімді сен түсінсе екендеп бәрін де жорта істеп едім... Ал сен ақымақ соған сендің-ау. Көр де тұр, бәрі де жақсылықпен орнына келеді, менің ашынам сенсің, сен жаңа өмірді бастайсың! Жаңаша бастайсың!

К ү й е у і: Менің өлемін дегеніме сеніп қалған сен де ақымақсың!

А н т о н и я: Қалайша? Бұл да өншейін ертегі ме?

К ү й е у і: Анау электрдің есепші қорабына қарашы. Селт етпей тұрған жоқ па. Мен үйдегі бүкіл жарықты сөндіріп тастағанмын. Қайдағы бір профессор үшін будда монағы секілді мен жарық дүниемен қоштаса салады деп пе едің? Жарық дүниеге не жетсін! *(Тегершікті басып, жарықты жағады).*

А н т о н и я: Демек, сен де жорта жасаған екенсің ғой?

К ү й е у і: Иә. Рақмет, мені өбден қызыққа батырдың! *(Теңселіп, өңдетіп).* Әлгі бір әнінде не деуші еді? “Телефонға асықтым, сөйлеспекке өзіңмен...”

---

А н т о н и я: Оңбаған сүмелек! Тағы да алдадың ба! Мен де саған көрсетермін! *(Көпшілікке)* Шындығында ешқандай профессор жоқ дегенге мұны сендірмек боп едім ғой! Мөлгүн, жексұрын!!!

К ү й е у і: Жә, болды енді, Эурения, доғар! *(Қарқылдан күліп, өндете береді).*

*(Қоңырау шылдырайды).*

К ү й е у і: Бар, аша салшы, мен күлкіден құлайын деп тұрмын. *(Антония есікті ашқанша мазақи дауыспен өн сала береді).*

*Қырықтар шамасындағы ер адам — профессор кіреді.*

П р о ф е с с о р: Кешір, сәл кешігіп қалдым...

К ү й е у і: Мынауың кім?

П р о ф е с с о р: Бұл сенің күйеуің бе? Құлағым қағыс естіді ме, әлде бұл менің өнімді айтып тұр ма еді?

К ү й е у і: *(Сасқалақтап)* Кешіріңіз, сіз кім боласыз?

А н т о н и я: Кім болушы еді, қымбаттым, өрине Профессор-рок-гитарист. -

К ү й е у і: Сол ма? А-а-а-а!!! Эта-бета! Компьютер! Демек, өтірік болмағаны ғой! Рас екен ғой! Рас болды ғой! *(Электрофенді алып жын қаққандай ваннаға жүгіріп кіріп есікті тарс жауып алады).*

*Судың салдыры естіледі, сатыр-сұтыр дыбыс, жарқылдаған жалынды ұшқын көрінеді.*

А н т о н и я: Тоқта! То-о-о-оқ-та-ат! Ойба-а-ай!!!

*Қараңғылық. Музыка.*



## МАЗМҰНЫ

<i>Хосе Эчегарай-и-Эйсагирре. Даньшпан Галеотто.....</i>	8
<i>Герхарт Гауптман. Күн батар алдында.....</i>	46
<i>Хасинто-Бенавенте-и-Мартинес. Оспақ ойын.....</i>	102
<i>Юджин О' Нил. Шырмауық астындағы шырғалаң.....</i>	146
<i>Сэмюэль Беккет. “Годоны күте-күте...” .....</i>	194
<i>Дарио Фо. “Байы бар, басы бос” .....</i>	272

## **ДРАМАТУРГИЯ**

**Аударған Қалихан Ысқақ**

*/Қазақ тілінде/*

Редакторы *О. Кенжебек*  
Көркемдеуші редакторы *Ш. Байкенова*  
Техникалық редакторы *С. Бейсенова*  
Корректорлары *Ж. Құжыманова,*  
*Г. Әмірешева*

ИБ №198

Теруге 9.03.2007 ж. жіберілді. Басуға 23.04.2007 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times». Басылымы офсеттік.  
Шартты баспа табағы 15,96 б.т. Есентік баспа табағы 16,01 б.т. Таралымы  
2000 дана. Тапсырыс № 258

---

«Ауларма» баспасы,

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1.

Лайын диапозитивтерден ЖШС “Жедел басу баспаханасында” басылды,  
Алматы қаласы, Красногорская көшесі. 71.

ISBN 9965-18-190-X



9 789965 181900



